Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

ӘОЖ 811.512.122’1(043) Қолжазба құқығында

КОЖАХМЕТОВА АКТОТЫ КОЖАХМЕТКЫЗЫ

Поэтикалық мәтіннің лингвосинергетикалық маркерлер жүйесі

«8D02303 – Лингвистика»

Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші:
филология ғылымдарының докторы,
профессор Ж.А. Манкеева
(Алматы, Қазақстан)

Шетелдік ғылыми кеңесші:
PhD, профессор
Мехмет Курудайоғлы
(Анкара, Түркия)

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2026

МАЗМҰНЫ

	АНЫҚТАМАЛАР……	3
	КІРІСПЕ.....	5
1	**ҒАЛАМНЫҢ ТІЛДІК БЕЙНЕСІНІҢ ЛИНГВОСИНЕРГЕТИКАЛЫҚ ЖҮЙЕСІ.....**	13
1.1	Лингвосинергетика – тілдің жасампаздық қабілетін танудың жаңа платформасы.....	13
1.2	Антропоөзектік бағыттағы зерттеулердің интеграциясындағы лингвосинергетикалық парадигманың алғышарттары.....	22
1.3	Поэтикалық дискурстың синергетикалық сипатын танудың ғылыми-әдістемелік жүйесі.....	30
2	**ӨЛЕҢСӨЗ – ЛИНГВОСИНЕРГЕТИКАЛЫҚ ЖҮЙЕНІҢ ӨЗЕГІ..**	61
2.1	Поэтикалық дискурс: ашық жүйе және өзін-өзі ұйымдастыру үдерістері.....	61
2.2	Көркем мәтіндегі поэтикалық тілдің лингвосинергетикалық маркерлерін анықтау.....	73
2.3	Метафоралану үдерісінің синергетикалық тұрғыдан қалыптасқан модельдері.....	84
3	**ПОЭТИКАЛЫҚ МӘТІННІҢ СИНЕРГЕТИКАЛЫҚ МОДЕЛІ: АТТРАКТОРЛАР МЕН ФЛУКТУАЦИЯЛАР, БИФУРКАЦИЯЛАР.....**	97
3.1	М.Мақатаевтың поэтикалық мәтіндеріндегі синергетикалық маркерлер.....	97
3.2	М.Мақатаевтың жиілік сөздігі негізінде лингвосинергетикалық талдау жасау.....	111
3.3	М.Жұмбаевтың поэтикалық синергетикалық кеңістігі: аттрактор, флуктуация және бифуркация жүйесі.....	122
	ҚОРЫТЫНДЫ.....	132
	ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	135
	ҚОСЫМША А - Мұқағали Мақатаевтың поэтикалық мәтіндеріндегі лингвосинергетикалық маркерлер.....	144
	ҚОСЫМША Ә - Мағжан Жұмабаевтың поэтикалық мәтіндеріндегі лингвосинергетикалық маркерлер.....	155

АНЫҚТАМАЛАР

Антропөзектік бағыт – тілдік құбылыстарды адам факторымен, яғни тіл иесінің танымы, санасы, мәдениеті, эмоциясы және коммуникативтік әрекетімен бірлікте қарастыратын қазіргі тіл біліміндегі жетекші ғылыми парадигма.

Аттрактор – лингвосинергетикада поэтикалық мәтіндегі мағыналық қозғалысты өзіне тартып, жүйенің даму бағытын айқындайтын тұрақты семантикалық өзек; мәтіннің мағыналық тұтастығын қамтамасыз ететін орталық категория.

Ассиметрия – жүйенің «араластырушы» қабатындағы хаос нәтижесі, жүйенің ішкі күштерінен (қозғалысынан) туған тұрақсыздық.

Ашық жүйе – сыртқы ортамен үздіксіз ақпараттық алмасуда болатын, өзін-өзі ұйымдастыру қабілетіне ие динамикалық жүйе.

Бейсызықтық – жүйенің дамуы бір бағытта ғана емес, күрделі әрі көпбағытты түрде жүзеге асатын қасиеті.

Бифуркация – жүйенің тұрақсыз күйге өтіп, бірнеше даму бағытының бірін таңдайтын шешуші нүктесі; поэтикалық мәтінде мағынаның жаңа сапалық деңгейге өту сәтін білдіреді.

Дискурс – мәтін мен экстралингвистикалық факторлардың (оқырман қабылдауы) бірлігінен тұратын күрделі коммуникативтік құбылыс.

Диссипация – жүйеде жинақталған мағыналық немесе энергетикалық ресурстардың таралуы нәтижесінде жаңа тәртіптің қалыптасу үдерісі; поэтикалық мәтінде эмоциялық немесе мағыналық бәсеңдеу сәттерімен көрінеді.

Ғаламның тілдік бейнесі – тіл иесінің дүниені қабылдау, тану және бағалау нәтижесінде қалыптасқан, тілдік бірліктер арқылы объективтенген шындық бейнесі.

Когнитивтік лингвистика – тіл мен ойлау, тіл мен таным арасындағы байланысты зерттейтін тіл білімінің саласы; лингвосинергетикамен пәнаралық сабақтастықта дамиды.

Коэволюция – өзара байланысты жүйелердің немесе жүйе элементтерінің бір-біріне ықпал ете отырып, қатар және бірлесе дамуы.

Лингвосинергетика – синергетика қағидаларына сүйене отырып, тілдік жүйелердің бейсызық дамуын, мағынаның қозғалысын, флуктуация, бифуркация арқылы қалыптасуын зерттейтін ғылыми бағыт.

Лингвосинергетикалық маркерлер – поэтикалық мәтінде синергетикалық үдерістерді (аттрактор, флуктуация, бифуркация, диссипация) айқындайтын тілдік бірліктер.

Өзін-өзі ұйымдастыру – құрамдас бөліктердің арасында келісілген тәртіп бойынша жаңа байланыстардың туындауы, күрделі жүйелердің өзінің ішкі құрылымын реттеу қабілеті.

Семантикалық энергия – поэтикалық мәтіндегі тілдік бірліктердің мағыналық әлеуетін іске қосып, олардың мәтін ішіндегі және мәтінаралық кеңістікте динамикалық түрде қозғалуын, түрленуін және жаңа мағыналық құрылымдардың қалыптасуын қамтамасыз етуі.

Симметрия – жүйенің немесе құрылым бөліктерінің өзара үйлесіп, ұйымдасуын білдіретін қасиет.

Синергетика – күрделі жүйелердің өзін-өзі ұйымдастыру және даму заңдылықтарын зерттейтін пәнаралық ғылыми бағыт.

Синергетикалық жүйе – хаостан тәртіпке өтетін, өзін-өзі ұйымдастыратын құрылым.

Синергетикалық мәтін – бірден байқалмайтын мағыналарды және мәтінішілік сызықтық емес (нелинейный) қатынастар мен үдерістердің жиынтығын білдіретін көп кодталған мәтін.

Фрактал – тұтас құрылымның жекелеген бөліктерінде қайталанып отыратын ұқсас мағыналық модель; поэтикалық мәтіндегі көпқабаттылықты сипаттайды.

Флуктуация – жүйеде пайда болатын уақытша ауытқу, тербеліс; поэтикалық мәтінде эмоциялық немесе мағыналық тұрақсыздықты білдіреді.

Хаос – жүйедегі ретсіздік күйі, бірақ жаңа тәртіптің бастау көзі.

Энтропия – синергетикада жүйедегі ретсіздік пен тұрақсыздықтың деңгейін көрсететін ұғым.

Эмердженттілік – жүйе элементтерінің өзара әрекеттесуінен олардың жеке қасиеттеріне тән емес жаңа сапаның пайда болуы; поэтикалық мәтіндегі жаңа мағыналардың туындауын сипаттайды.

КІРІСПЕ

Зерттеудің өзектілігі. Қазіргі тіл білімінде тілдік құбылыстарды тек құрылымдық немесе коммуникативтік жүйе ретінде ғана емес, үнемі қозғалыста болатын, ішкі және сыртқы ықпалдар арқылы жаңарып, өзін-өзі ұйымдастырып отыратын күрделі ашық жүйе ретінде қарастыру үрдісі күшейіп келеді. Бұл бағыт XX ғасырда жаратылыстану ғылымдарында қалыптасқан синергетикалық парадигманың гуманитарлық ғылымдар кеңістігіне енуімен тығыз байланысты. Синергетика күрделі жүйелердің даму, өзгеру, өзін-өзі реттеу, жаңа сапаға көшу заңдылықтарын зерделесе, лингвосинергетика осы ұстанымдарды тіл, мәтін, дискурс, мағына түзу үдерістерімен сабақтастыра қарастырады.

Поэтикалық мәтін – лингвосинергетиканың аясында талданатын зерттеу нысанасы. Өйткені поэтикалық мәтін – тілдік бірліктердің қарапайым жиынтығы емес, мағына, образ, эмоция, ырғақ, ассоциация, ұлттық таным, авторлық дүниетаным және оқырман қабылдауы өзара ықпалдасатын көпқабатты көркем жүйе. Онда сөз ақпарат жеткізу құралы деңгейінен көтеріліп, эстетикалық, танымдық, коммуникативтік және рухани мән тудыратын жасампаз «күшке» айналады. Поэтикалық мәтіндегі жеке сөз, бейне, символ, метафора, қайталау, интонациялық құрылым немесе концептілік тірек бірлік мәтін ішінде өзара байланысқа түсіп, жаңа мағыналық өріс қалыптастырады. Мұндай құбылыс мәтіннің ішкі синергетикалық табиғатын танытады.

Қазақ тіл білімінде көркем мәтін тілі, поэтикалық сөз табиғаты, бейнелі құралдардың қызметі, авторлық қолтаңба, тілдік тұлға, сөз қуаты мен сөз құдіреті мәселелері лингвостилистикалық, когнитивтік, мәтінтанымдық және антропоөзектік бағыттар аясында қарастырылып келеді. Алайда поэтикалық мәтінді өзін-өзі ұйымдастыратын ашық динамикалық жүйе ретінде танып, оның ішкі мағыналық қозғалысын лингвосинергетикалық маркерлер жүйесі арқылы арнайы сипаттау қазақ тіл білімінде әлі де кешенді зерттеуді қажет етеді. Осыған байланысты поэтикалық мәтіндегі лингвосинергетикалық маркерлердің табиғатын, түрлерін, мәтін түзудегі және мағына қалыптастырудағы қызметін айқындау зерттеудің теориялық әрі әдіснамалық өзектілігін күшейтеді.

Зерттеу тақырыбының маңыздылығы қазіргі тіл біліміндегі антропоөзектік парадигмамен де тікелей байланысты. Антропоөзектік бағыт тілді адам санасы, танымы, мәдениеті, рухани тәжірибесі және шығармашылық қабілетімен бірге қарастырады. Бұл ретте ақынның поэтикалық мәтіні оның тілдік тұлғасын, дүниені қабылдау ерекшелігін, ұлттық және жеке танымын, эстетикалық ұстанымын танытатын көркем кеңістік ретінде бағаланады. Әрбір ақын сөзді өзінше ұйымдастырып, тілдік бірліктерге жаңа мағыналық реңк үстейді, дәстүрлі образдарды жаңғыртады, авторлық қолданыстар арқылы поэтикалық әлем қалыптастырады. Академик Рәбиға Сыздықтың тіл көркем мәтінде «өзін емес, өзінің мүмкіншілігін» танытады деген ғылыми пайымы осы мәселенің мәнін тереңдете түседі.

Осы бағытта М. Жұмабаев мен М. Мақатаев поэзиясын лингвосинергетикалық тұрғыдан зерттеудің маңызы ерекше. М. Жұмабаев

поэзиясында символдық тереңдік, ұлттық рух, романтикалық таным, мифопоэтикалық сана мен түркілік дүниетаным қабаттары айқын көрінсе, М. Мақатаев поэзиясында адам жанының сыршылдығы, табиғат пен адам тұтастығы, ұлттық болмыс, лирикалық «меннің» ішкі драматизмі және қарапайым сөздік көркемдік қуатқа айналу мүмкіндігі басым танылады. Бұл екі ақынның поэтикалық жүйесін лингвосинергетикалық тұрғыдан қарастыру қазақ поэтикалық тілінің мағына тудыру, мәтіндік ұйымдасу, авторлық стиль және көркем әсер қалыптастыру тетіктерін тереңірек ашуға мүмкіндік береді.

Поэтикалық мәтіндегі лингвосинергетикалық маркерлер қатарына бейнелі сөздер, метафоралар, символдар, қайталау, ассоциативтік өрістер, концептілік тірек бірліктер, қарама-қарсылыққа құрылған семантикалық жұптар, ырғақтың-интонациялық құрылымдар, эмоционалды-экспрессивті тілдік бірліктер, ұлттық-мәдени кодтар мен авторлық қолданыстар жатқызылады. Бұлар мәтін ішінде дара күйінде ғана қызмет етпей, өзара байланысқа түсіп, мағыналық қозғалыс тудырады, көркем жүйенің ішкі тұтастығын қамтамасыз етеді. Демек, лингвосинергетикалық талдау поэтикалық мәтіндегі жеке тілдік құралдарды сипаттаумен шектелмей, олардың мәтіндік жүйедегі өзара ықпалдасуын, жаңа сапалық мағына қалыптастырудағы қызметін анықтауға бағытталады.

Сонымен қатар қазіргі ғылыми таным дүниені тұрақты әрі бірсызықты құбылыс ретінде емес, өзгермелі, күрделі, ашық және көпөлшемді жүйе ретінде түсіндіреді. Бұл көзқарас тіл мен мәтінді зерттеудің әдіснамасына да ықпал етті. Соған сәйкес поэтикалық мәтін дайын құрылым ретінде емес, мағына тудыратын, қайта ұйымдасатын, оқырман қабылдауында жаңаша мән иеленетін динамикалық көркем жүйе ретінде танылады. Мұндай ұстаным қазақ поэзиясындағы сөздік жасампаз қуатын, ұлттық танымммен астасқан бейнелілік жүйесін, авторлық поэтикалық әлемінің ішкі ұйымдасу заңдылықтарын жаңаша пайымдауға мүмкіндік береді.

Зерттеу поэтикалық мәтінді ашық, күрделі, өзін-өзі ұйымдастыратын көркем-тілдік жүйе ретінде қарастырып, оның ішкі семантикалық динамикасын, авторлық стиль түзудегі тілдік тетіктерін, ұлттық таным мен жеке шығармашылықтың поэтикалық мәтіндегі көрінісін лингвосинергетикалық маркерлер арқылы сипаттауға бағытталады. Осы тұрғыдан М. Жұмабаев мен М. Мақатаев өлеңдеріндегі лингвосинергетикалық маркерлер жүйесін зерттеу қазақ поэтикасының тілдік табиғатын жаңа ғылыми парадигма негізінде тануға және көркем мәтінді талдаудың әдіснамалық мүмкіндіктерін кеңейтуге елеулі үлес қосады.

Зерттеу нысаны: Поэтикалық мәтіндегі көркемдік-тілдік маркерлердің лингвосинергетикалық жүйесі.

Зерттеу пәні: Ашық, күрделі, динамикалық, өзін-өзі ұйымдастыратын жүйе ретінде поэтикалық мәтіндердегі лингвосинергетикалық үдерістер.

Зерттеудің мақсаты: М. Жұмабаев пен М. Мақатаева өлеңдері арқылы қазақ сөзінің поэтикалық мәтіндегі коммуникативтік үрдерісін лингвосинергетикалық маркерлер арқылы анықтап, поэтикалық мәтінді ашық, күрделі, динамикалық және өзін-өзі ұйымдастыратын жүйе ретінде сипаттау.

Аталған мақсатына қол жеткізу барысында төмендегідей **міндеттер** жүзеге асырылды:

– қазіргі тіл біліміндегі жаңа ғылыми парадигма ретінде лингвосинергетиканың теориялық-әдіснамалық негіздеріп айқындау арқылы поэтикалық мәтіннің тілдің жасампаздың қабілетін, мағына тудыру әлеуетін және өзін-өзі ұйымдастыратын ашық жүйе ретіндегі табиғатын танудың ғылыми мүмкіндіктерін сипаттау;

– антропоөзектік бағыттағы тілтанымдық зерттеулер аясында лингвосинергетикалық парадигманың қалыптасу алғышарттарын негіздей отырып, ғаламның тілдік бейнесі, тілдік тұлға, көркем таным, поэтикалық сана ұғымдарымен сабақтастығын айқындау;

– лингвосинергетиканың негізгі категориялары – аттрактор, флуктуация, бифуркация, диссипация, фрактал ұғымдарының поэтикалық мәтінді талдаудағы мазмұны мен қызметін ашу және олардың мәтіндегі мағыналық қозғалыс пен жаңа семантикалық құрылым түзу үдерісіндегі рөлін анықтау;

– поэтикалық дискурсты ашық, бейсызық, динамикалық және өзін-өзі ұйымдастыратын көркем-тілдік жүйе ретінде сипаттай отырып, өлеңсөздің ішкі мағыналық байланысын, мәтіндік тұтастығын және өзін-өзін ұйымдастыру тетіктерін көрсету;

– поэтикалық мәтіндегі лингвосинергетикалық маркерлер жүйесін анықтап, олардың құрылымдық-семантикалық, бейнелік-ассоциативтік және коммуникативтік қызметін жүйелеу арқылы синергетикалық әлеуетін талдау;

– М. Жұмабаев пен М. Мақатаевтың поэтикалық мәтіндеріндегі лингвосинергетикалық маркерлері нақты тілдік деректер негізінде талдай отырып, аттрактор, флуктуация, бифуркация, диссапация және фракталдар арқылы ақындар поэзиясындағы мағыналық динамиканы, авторлық поэтикалық кеңістікті және сөзінің коммуникативтік қуатын айқындау.

Зерттеуде қолданылған әдістер: Тақырыптың теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындау мақсатында талдау, жинақтау, жүйелеу, салыстыру және сипаттау әдістері пайдаланылды. Сонымен қатар поэтикалық мәтіннің көркемдік-тілдік табиғатын ашу үшін *лингвостилистикалық талдау әдісі*; өлеңсөздегі авторлық интенция, поэтикалық сана, тілдік тұлға болмысы және мәтіннің коммуникативтік-прагматикалық әлеуетін анықтауда *дискурстық талдау әдісі*; аттрактор, флуктуация, бифуркация, диссипация, фрактал сияқты лингвосинергетикалық категориялардың мәтін ішіндегі қызметін пайдымдауда, поэтикалық мағынаның тұрақтылық пен өзгермелілік арасындағы қозғалысын, поэтикалық мәтіндегі терең мағыналық қабаттарды, астарлы мәтіндерді, символдық және ассоциативтік байланыстарды түсіндіруде *герменевтикалық әдіс*; белгілі бір тілдік бірліктердің мәтіндік жүйеде қалай аттракторға айналатыны және өзге бірліктерді мағыналық өріске қалай шоғырландыратынын көрсету үшін *семантикалық талдау әдісі;* М. Жұмабаев пен М. Мақатаевтың поэтикалық мәтіндеріндегі лингвосинергетикалық маркерлердің ортақ және дара белгілерін айқындауда *салыстырмалы талдау әдісі* және поэтикалық мәтіндердегі лингвосинергетикалық маркерлердің жиілігін, қайталану сипатын,

мәтін ішіндегі шоғырлану деңгейін анықтау үшін *статистикалық әдіс* қолданылды. Зерттеуді қолданылған әдістер поэтикалық мәтінді бір ғана құрылымдық деңгейде емес, оның мағыналық, бейнелік, коммуникативтік, дискурстық және, ең бастысы, синергетикалық тұтастықта қарастыруға мүмкіндік берді. Сондай-ақ қазақтың классик ақындары М. Жұмабаев мен М. Мақатаев поэзиясындағы лингвосинергетикалық маркерлер жүйесінің мәтін түзуші, мағына ұйымдастырушы және авторлық поэтикалық кеңістікті қалыптастырушы қызметін синергетикалық парадигма аясында сипаттауға негіз болды.

Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері: Зерттеу нысаны мен мақсат-міндеттеріне сәйкес жұмыстың маңыздылығы мен өзектілігін дәлелдеу, теориялық-әдіснамалық негізін қалыптастыру барысында синергетика ілімі бойынша шетелдік және отандық ғалымдардың іргелі теориялық тұжырымдары басшылыққа алынды. Атап айтқанда:

– синергетиканың жалпы ғылыми және пәнаралық негіздері **(**Г. Хакен, И. Пригожин, И. Стенгерс, Е.Н. Князева, С.П. Курдюмов, Д.С. Чернавский, В.Г. Буданов, В.И. Аршинов, Я.И. Свирский);

– лингвосинергетика және тілдік өзін-өзі ұйымдастыру теориясы (Р.Г. Пиотровский, И.Ю. Моисеева, Г.Г. Москальчук, Н.Л. Мышкина, Герман, В.А. Пищальникова, Н.В. Дрожащих, Н.В. Мамонова, Н.Ф. Алефиренко, С.К. Гураль, Л.В. Бронник, Е.В. Пономаренко, Т.И. Домброван);

– қазақ тіл біліміндегі тіл синергиясы және лингвосинергетикалық ізденістер (Ж.Манкеева,. А. Қайыржанов, А.Тымболова, А.Бейсембаев, Қ. Алдашева):

– антропоөзектік бағыт, тілдік тұлға және ғаламның тілдік бейнесі теориясы (В. фон Гумбольдт, А.А. Потебня, Ю.Н. Караулова, В.А. Маслова, А. Вежбицкая, Ә. Қайдар, Р. Сыздық, Н. Уәли, Ж. Манкеева, Ф. Оразбаева, Э. Сүлейменова, Б. Хасанов, Б. Момынова, А. Салқынбай, А. Әмірбекова және т.б.);

– лингвостилистика, лингвопоэтика және көркем мәтін теориясы (В.В. Виноградов, Ю.М. Лотман, Р. Сыздық, Н. Уәли, А. Алдаш, Б. Шалабай, Г. Әзімжанова, Ж. Ермекова және т.б.).

Зерттеудің дереккөздері мен материалдары: Зерттеудің дереккөздері ретінде қазақ поэзиясының көрнекті өкілдері Мұқағали Мақатаев пен Мағжан Жұмабаевтың поэтикалық мәтіндері алынды. Зерттеу материалдарын ақындардың поэзиясынан іріктелген лингвосинергетикалық маркерлер – метафоралар, символдар, қайталаулар, этномәдени атаулар, синтагмалық байланыстар, дискурсивтік бірліктер, тірек сөздер мен авторлық қолданыстар құрайды. Аталған тілдік деректер поэтикалық мәтіндегі аттрактор, флуктуация, бифуркация, диссипация, фрактал сияқты синергетикалық үдерістерді анықтау және олардың мәтін түзуші, мағына ұйымдастыруғы, коммуникативтік-эстетикалық қызметін сипаттау мақсатында талданды. Зерттеу материалы қазақ поэтикалық мәтінінің ашық, динамикалық, өзін-өзі ұйымдастыратын көркем-тілдік жүйе ретіндегі табиғатын айқындауға бағытталды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы:

– қазақ тіл білімінде поэтикалық мәтін алғаш рет лингвосинергетикалық парадигма аясында ашық, бейсызық, динамикалық және өзін-өзі ұйымдастыратын көркем-тілдік жүйе ретінде кешенді түрде алғаш рет сипатталды;

– поэтикалық мәтіндегі лингвосинергетикалық маркерлер жүйесінің теориялық моделі ұсынылып, олардың мағына түзу, мәтіндік тұтастық қалыптастыру және көркемдік-эстетикалық әсер тудыру қызметі ғылыми тұрғыдан айқындалды;

– лингвосинергетиканың аттрактор, флуктуация, бифуркация, диссипация және фрактал тәрізді категориялары қазақ поэтикалық мәтінін талдаудың нақты әдіснамалық құралдары ретінде жүйеленді;

– М. Жұмабаев пен М. Мақатаев поэзиясындағы авторлық поэтикалық кеңістіктің синергетикалық сипаты алғаш рет мағыналық аттракторлар, флуктуациялық ауытқулар, бифуркациялық шешім нүктелері және диссипативтік үдерістер арқылы талданды;

– қазақ поэтикалық мәтінін лингвосинергетикалық тұрғыдан талдаудың ғылыми-әдістемелік жүйесі негізделіп, оны лингвостилистика, лингвопоэтика, мәтінтану, дискурс талдауы және қазақ тіл біліміндегі жаңа бағыттар аясында қолданудың теориялық мүмкіндіктері көрсетілді;

– поэтикалық мәтіндегі лингвосинергетикалық маркерлерді анықтаудың сандық-сапалық талдау үлгісі ұсынылып, жиілік көрсеткіштері негізінде көркем сөздік синергетикалық әлеуетін сипаттаудың жаңа әдістемелік мүмкіндіктері негізделді.

Зерттеу жұмысының теориялық және практикалық маңызы: Зерттеу жұмысының нәтижелері қазақ тіл біліміндегі лингвосинергетика, лингвостилистика, лингвопоэтика, мәтін лингвистикасы, дискурс теориясы және антропоөзектік бағыттардың теориялық негіздерін нығайтады. Поэтикалық мәтіндегі аттрактор, флуктуация, бифуркация, диссипация, фрактал сияқты синергетикалық категориялардың қызметін анықтау көркем мәтіндегі мағына қозғалысын, семантикалық тұрақтылық пен өзгермелілікті, атворлық поэтикалық кеңістіктің ұйымдастуын жаңа ғылыми тұрғыдан түсіндіруге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар алынған нәтижелерді жоғары оқу орындарында «Қазақ тіл біліміндегі жаңа бағыттар», «Лингвопоэтика», «Лингвосинергетика», «Көркем мәтінді лингвистикалық талдау», «Мәтін лингвистикасы», «Дискурстық талдау» сияқты пәндер мен арнайы курстарды оқытуда пайдалануға болады және М. Жұмабаев пен М. Мақатаев поэзиясын талдауға арналған оқу-әдістемелік құралдарды әзірлеуде, поэтикалық мәтіннің лингвосинергетикалық маркерлерін анықтау тәжірибесінде, жиілік сөздік пен поэтикалық ішкорпус жасау жұмыстарында, көркем мәтінді сандық-сапалық тұрғыдан талдау бағытындағы зерттеулерде қолдануға болады.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:

1. Лингвосинергетика қазіргі тіл біліміндегі пәнаралық интеграциядан туындаған жаңа ғылыми парадигма ретінде тілдік құбылыстарды статикалық құрылым аясында емес, ашық, бейсызық, динамикалық және өзін-өзі ұйымдастыратын жүйе ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан тіл, мәтін және дискурс ішкі мағыналық қозғалысы, тұрақтылық пен өзгермелілік қатынасы, семантикалық ауытқуы және жаңа сапалық құрылым түзу қабілеті арқылы сипатталатын күрделі жүйе ретінде танылады. Сондықтан лингвосинергетикалық ұстаным – поэтикалық мәтіннің жасампаздық табиғатын, сөздің мағына тудыру қуатын және көркем мәтіндегі ішкі ұйымдасу заңдылықтарын түсіндірудің тиімді әдіснамалық негізі.

2. Поэтикалық мәтін – өзін-өзі ұйымдастыратын, мағынасы үнемі қозғалыста болатын, көпқабатты көркем-тілдік жүйе. Ондағы сөз, образ, символ, қайталау, метафора, этномәдени атау, интонациялық-ырғақтық құрылым және авторлық қолданыс жеке тілдік бірлік деңгейінде ғана қызмет етпей, өзара ықпалдаса отырып, тұтас поэтикалық кеңістіктің мағыналық жүйесін қалыптастырады. Осыған байланысты поэтикалық мәтіннің синергетикалық табиғаты оның ашықтығынан, бейсызық дамуынан, мәтінішілік мағыналық байланыстардың көпбағыттылығынан және оқырман қабылдауында жаңа интерпретациялық өріс тудыруынан көрінеді.

3. Поэтикалық мәтіндегі лингвосинергетикалық маркерлер жүйесі – көркем мәтіннің ішкі семантикалық динамикасын, мәтіндік тұтастығын және авторлық поэтикалық әлемін ұйымдастыратын негізгі тілдік тетіктердің бірі. Бұл маркерлер поэтикалық мәтіндегі жаңа мағыналық құрылымның қалыптасуына, сөздің коммуникативтік-эстетикалық әлеуетінің күшеюіне, бейнелік-ассоциативтік өрістің кеңеюіне және ұлттық дүниетанымның көркем мәтін кеңістігінде жаңаша өзектелуіне ықпал етеді. Сондықтан лингвосинергетикалық маркерлерді анықтау поэтикалық мәтінді дәстүрлі стилистикалық сипаттаудан тереңірек, оның ішкі мағына түзу механизмдерімен бірлікте талдауға жол ашады.

4. Аттрактор, флуктуация, бифуркация, диссипация және фрактал категориялары поэтикалық мәтіндегі мағыналық қозғалысты сипаттайтын негізгі лингвосинергетикалық өлшемдер ретінде қызмет етеді. Аттрактор мәтіндегі мағыналық өзекті шоғырландырып, поэтикалық жүйенің даму бағытын айқындаса, флуктуация семантикалық ауытқу мен эмоционалдық тербелісті көрсетеді; бифуркация мәтіндегі мағынаның жаңа сапалық деңгейге өту нүктесін танытады; диссипация мағыналық энергияның таралуы мен қайта ұйымдасуын сипаттайды; фрактал поэтикалық құрылымдағы қайталанушы бейнелік-ассоциативтік модельдердің тұтастық түзудегі қызметін айқындайды. Аталған категориялар поэтикалық мәтіннің ішкі табиғатын ашудың әмбебап құралдары ретінде қарастырылады.

5. М. Жұмабаев пен М. Мақатаев поэзиясындағы лингвосинергетикалық маркерлер ақындық тілдің авторлық қолтаңбасын, ұлттық танымға негізделген поэтикалық әлемін және қазақ сөзінің коммуникативтік қуатын айқындайды. М. Мақатаев поэзиясында өмір, жүрек, тіл, қара өлең, табиғат, туған жер, ұлттық болмыс сияқты мағыналық өзектер поэтикалық аттрактор

қызметін атқарып, мәтіндегі бейнелік құрылымдарды өзіне шоғырландырады. М. Жұмабаев поэзиясында рух, от, күн, түн, жан, махаббат, түркілік сана, еркіндік сияқты символдық-метафоралық өрістер поэтикалық кеңістіктің синергетикалық сипатын танытады. Екі ақын поэзиясындағы бейнелі қолданыстар, қайталаулар, этномаркерлер мен метафоралық құрылымдар поэтикалық мәтінді ішкі мағыналық энергиясы бар тұтас жүйе ретінде тануға негіз болады.

6. Поэтикалық мәтіндегі лингвосинергетикалық маркерлер – авторлық таным мен ұлттық-мәдени мазмұнның мәтін ішінде өзара ықпалдасып, жаңа семантикалық сапаға көшуін қамтамасыз ететін жүйеқұраушы тетік. Поэтикалық мәтінде жеке тілдік бірліктердің мағынасы дайын күйінде берілмейді, керісінше, олардың бейнелік, ассоциативтік, символдық, экспрессивтік және этномәдени қабаттарының өзара әрекеті нәтижесінде қалыптасады. Сондықтан лингвосинергетикалық маркерлер жүйесі өлеңсөздегі мағынаның тұрақты өзекке шоғырлануын, одан ауытқуын, қайта құрылуын және жаңа көркемдік тұтастыққа айналуын түсіндіретін негізгі семантикалық тетік ретінде танылады.

Зерттеу жұмысының мақұлданымы. Диссертация бойынша алынған нәтижелер мен қорытындылар 9 мақала түрінде төмендегі басылымдарда жарық көрді. Оның ішінде 2 мақала Scopus деректер базасына енетін журналдарда; 3 мақала ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда; 4 мақала халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдарында жарияланды:

1. Kozhakhmetova A.K. The Linguosynergetic System of Markers in the Communicative Process of Literary Texts: The Example of Abai Qunanbaiulys Poetry. Xlinguae, 18(2), P. 28-41. DOI: 10.18355/XL.2025.18.02.03 (Бірлескен авторлар: A., Mankeyeva, Zh., Kairbaeva, K., Seilkhan, A. & Yergubekova, Zh.);

2. Kozhakhmetova A.K. Studying the kazakh poetic text from the linguosynergetic aspect // Educational Sciences Theory and Practice. January 2025. 25(1) – P. 227-240. (Бірлескен авторлар: Mankeyeva Zh. A., Khabiyeva A. A., Ramazanov T. B., Iskakova Sh. G., Yermekova A. B.).

3. Қожахметова А. Тіл біліміндегі синергетика ғылымы. // Тілтаным №4, 2022. – Б. 41-50. https://doi.org/10.55491/2411-6076-2022-4-41-50

4. Қожахметова А.Қ. Өлеңсөздің дискурстық синергиясы // Ясауи хабаршысы, Филология сериясы, №1 (127), 2023. – Б. 156-166. (Бірлескен авторлар: Ж.Манкеева)

5. Қожахметова А.Қ. Өлеңсөз дискурсын лингвосинергетикалық зерттеу // Тілтаным №2 (98) 2025 – Б. 86-93 (Бірлескен авторлар: Манкеевамен Ж., Хабиева А.)

6. Қожахметова А. Синергетика парадигмасы туралы түсінік. // «Ахмет Байтұрсынұлы және ғылым тілі» атты халықаралық конференцияның материалдары. – Алматы, 2022 ж. – Б. 393-397;

7. Қожахметова А. Поэтикалық мәтіннің лингвосинергетикалық интерпретациясы. // Қазақ тілінің ақпараттық кеңістігі және Ұлттық корпустар

құрастыру тәжірибесі атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. – Алматы, 2022. – Б. 182-185;

8. Қожахметова А. Поэтикалық мәтін тіліндегі сөз синергиясын тану. // «Әлемнің этнотілдік бейнесі және түркі мұрасы» I Халықаралық ғылыми конгресс. – Алматы, 2022 жыл. 23-24 желтоқсан.

9. Қожахметова А. Абай поэтикалық тілінің лингвосинергетикалық ерекшеліктері (жиілік материалдары негізінде) // «Абай мұрасы және цифрлық дәуір» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалы. – Алматы, 2025. Б. 104-113.

Зерттеу жұмысының құрылымы. Диссертация кіріспеден, негізгі үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттерден және қосымшалардан тұрады.

1 ҒАЛАМНЫҢ ТІЛДІК БЕЙНЕСІНІҢ ЛИНГВОСИНЕРГЕТИКАЛЫҚ ЖҮЙЕСІ

1.1 Лингвосинергетика – тілдің жасампаздық қабілетін кешенді танудың жаңа платформасы

Лингвосинергетика мәселесін жан-жақты сипаттауды «постклассикалық емес» деп аталатын жаңа ғылыми парадигма аясында қарастыруға болады. Егер классикалық ғылым жабық жүйелердегі үдерістерді зерттеумен айналысса, қазіргі ғылымның басты бағыты – оны ғылыми үдеріс барысындағы ғана емес, сонымен қатар даму үстіндегі ашық, өздігінен іштей дамитын жүйелер әлемінде тану. Постклассикалық емес дәуірдің ғалымы күрделілік, жүйелілік, дербестік, мақсаттылық, турашылдық, ашықтық сияқты маңызды ұғымдармен әрекет етеді. Өзін-өзі дамытатын жүйелер өзін-өзі реттейтін жүйелерге қарағанда жүйелік тұтастықтың одан да күрделі түрін білдіреді. Постклассикалық емес ғылымның зерттеу нысаны – өзін-өзі реттеудің нәтижесіндегі дамушы жүйенің тұрақты күйі, екінші түріне ауысудағы даму үдерісі жүйені дамыту барысында ұйымның деңгейлері қалыптасады, олар жаңа мағыналарды қамтиды және бұрын қалыптасқан деңгейлерге кері әсер етеді, соның арқасында жүйе басқа тұтастыққа ие болады.

Осылайша, XX ғасырдың ғылымы ғылыми зерттеулердің интегралды бағытына сәйкес өзін-өзі дамыту арқылы жаңа парадигмасын біртіндеп қалыптастырып келеді, оны 70-жылдардың басында Г.Хакен «синергетика» деп атады. Бұл термин грек тіліндегі екі ұғымның бірлігінен шыққан: «бірлесіп» және «белсенді». Күрделі жүйенің барысында «өзін-өзі ұйымдастыруы, жаңа құрылымдардың пайда болуы» оның жеке бөліктерінің бірлескен әрекетін көрсетеді. Тепе-тең емес физикалық, биологиялық және химиялық жүйелердің фазалық ауысуын зерттеу барысында, Г.Хакен өзінің әйгілі «Синергетика» еңбегінде осы үдерістің дәйегін жан-жақты түсіндіріп, «абсолютті әртүрлі жүйелер дамудың бірдей іргелі қағидасына бағынып, дәл осылай әрекет етеді» деген қорытындыға келеді [1, 2].

Е.Н. Князеваға берген сұхбатында Г.Хакен синергетиканың мәнін ашқан келесі ережелерді атап көрсетеді:

– синергетикамен зерттелген жүйелер бір-бірімен өзара әрекеттесетін бірдей немесе гетерогенді бөліктердің белгілі бір санын қамтиды;

– физикалық, химиялық, биологиялық жүйелердің ерекше қасиеттері олардың сызықтық емес дамуы мен ашықтығы болып табылады, бұл жылу тепе-теңдігінің болмауын қамтамасыз етеді.

– олардың дамуының белгілі бір кезеңдерінде зерттелетін жүйелер ішкі және сыртқы ауытқуларға ұшырайды, нәтижесінде олар тұрақсыз болуы мүмкін.

– егер жүйелерде сапалық өзгерістер орын алса, онда жаңа қасиеттер пайда болады және кеңістіктік, уақытша, кеңістіктік-уақытша немесе функционалды құрылымдар пайда болады. Олар реттелген немесе хаотикалық болуы мүмкін.

– бұл үдерістерді сипаттау үшін көптеген жағдайларда «математикалық талдау» әдістерін қолдануға болады [2, 55].

Синергетика немесе өзін-өзі ұйымдастыру теориясы, бастапқыда физикалық құбылыстарды зерттеу аясында дамығанымен, қазіргі таңда пәнаралық ғылыми парадигмаға айналды.

Бүгінгі таңда синергетика интеграцияланған гуманитарлық ғылымдар саласында белсенді түрде қолданыла бастады. Г.Хакеннің пікірі бойынша, синергетиканың психология және философия сияқты жаратылыстану кеңістігінен алыс ғылым салаларына әсерінің таралуы ол үшін күтпеген жағдай болды [2,59]. Шын мәнінде, бұл салада пайда болған синергетикалық білімге деген қызығушылықтың әлемнің эволюциялық бейнесін күрделі жаратылыстану ғылымдары әлемінде қарастыратын жаңалығымен түсіндірілуі маңызды рөл атқарады. Сонымен қатар «адам мен табиғат арасындағы жаңа диалогқа» негізделген әлемдік үрдіс адамның өзін сыртқы әлеммен бірлесіп жаратылудағы рөлін түсінуіне көмектесіп, соның нәтижесінде бірлескен эволюцияның біркелкі заңдарына бағыну қажеттілігін қабылдайды.

Сонымен бірге лингвосинергетика тілді өзін-өзі ұйымдастырушы, коммуникация субъектілерінің танымымен өзара әрекеттесетін жалпы коммуникативтік жүйе ретінде қарастырады [3, 232]. Осыған орай, лингвосинергетика – жай ғана жаңа кезең емес, лингвистика жүйесінің негізінде өзін-өзі реттейтін динамикалық жүйе ретінде тілге/сөйлеуге/дискурсқа қатысымы бар [4, 84]. Демек, тіл коммуникативтік жүйе ретінде өзін-өзі ұйымдастырып, ішкі заңдылықтары негізінде үнемі дамып отыратын дербес әрі белсенді парадигма болып табылады.

Демек, «синергетика – интеграциялық өрістегі біртұтастық даму заңдылығына бағынатын күрделі динамикалық жүйе және сыртқы әлемнің тұтас моделін тілдің ішкі синтаксистік, семантикалық заңдылықтары арқылы бейнелейтін ақпараттық ашық жүйе. Осы тұрғыдан синергетика түрлі тектердің күрделі құрылымдық жүйеде коэволюциялық қағидаға сай ұйымдастырылуын сипаттайды. Синергетика парадигмасы эволюция, коэволюция (бейімделіп даму), өзін-өзі ұйымдастыру, реттеу, күрделі жүйе, хаос, тұрақсыздық, айнымалы сипат, ашықтық, біркелкі емес т.б. сипаттар мен ұғымдар арқылы өзектеледі» [5, 17].

Осыған орай, қазіргі таңда тіл білімінде өзін-өзі реттеу, өзін-өзі басқару, өзін-өзі ұйымдастыруды қарастыратын жаңа ғылым саласы, яғни лингвосинергетика бағыты қалыптасуда.

Жоғарыда көрсетілгендей, «синергетика» термині (грек тілінен аударғанда – «ықпал», «келісілген әрекеттер») ғылымға неміс физигі Г.Хакен енгізген. Ғалымның пікірінше, синергетиканың негізі – ашық түсініктер, бейсызықтық жүйе мен үдерістер, хаостың детерминдік үдерісі, диссипатты құрылымы [2, 53].

Г. Хакен синергетиканы «физикадан әлеуметтануға дейінгі әртүрлі салалардағы күрделі жүйелердің кең класы үшін өзін-өзі ұйымдастыру және фазалық ауысулар нәтижесінде кеңістіктік, уақытша және функционалды

құрылымдардың және (немесе) функциялардың пайда болуын басқаратын жалпы принциптерді зерттейтін пәнаралық бағыт» деп анықтайды [6, 19].

Басқаша айтқанда, ғалымның түсініктемесіне сай бұл – оның бөліктерінің өзара әрекеттесуі кезінде бүкіл жүйеде жаңа қасиеттердің пайда болу теориясы. Осы тұжырымға сәйкес, синергетиканың ғылыми-әдіснамалық қағидаларының жаратылыстануда негізделуінің басында И. Пригожин, И. Стенгерс т.б. ғалымдар тұрса, филология ғылымында – Н. Алефиренко, Д. Чернавский, А. Бакиев, К. Калашникова, Н.В. Мамонова, В.А. Пищальникова, И.А. Герман, И.В. Сергодеев т.б. жалғастыруда.

Д.С. Чернавский синергетиканы әртүрлі табиғат жүйелеріндегі тұрақсыздықтың жалпы теориясы ретінде анықтайды [7, 78], ал С. П. Курдюмов пен Е.Н. Князева «синергетика» терминін әлемнің күрделі жүйелерінің эволюциясы мен өзін-өзі ұйымдастыру теориясы ретінде түсіндіреді. Зерттеушілердің пікірінше, берілген теория аясында тиімді әзірленген тура емес сызықтық талдау, математикалық модельдеу және есептеу эксперименті әдістерін қолдана отырып, қазіргі ғалымдар күрделі әлеуметтік жүйелердегі үдерістерді ғылыми іздеу, болжау және модельдеуге бағыт алады [8, 5].

Синергетикалық идеялардың қолжетімділігі мен жаңашылдығы, сондай-ақ оларды жүзеге асырудың қарапайымдылығы синергетикалық әдіснаманың кеңінен таралуына мүмкіндік беріп, гуманитарлық салаларда да синергетика терминін қолдану кеңінен үрдіс ала бастады.

Дегенмен, көптеген ғалымдар (олардың ішінде синергетикалық әдіснаманың бастауында тұрғандар: И.Р. Пригожин, Е.Н. Князева, С.П. Курдюмов және т. б. синергетика тек пәнаралық бағытқа ие жаңа ғылыми парадигмаға ғана емес, сонымен қатар ойлау мен дүниетанымның жаңа түріне айналды деп санайды [9, 273]. Синергетиканың әдіснамалық негізі мен оның қолданылуына қатысты мақсатын Д.С. Чернавский жаратылыстану және гуманитарлық ғылымдарды біріктіру, ғылымдағы Ренессанс дәуірін жандандырумен байланыстырады [10, 7].

Тіл білімінде синергетикалық тәсілдің қалыптасуы, ең алдымен, тілдік құбылыстар мен тілдің өзінің тепе-теңдіксіз жағдайда өзін-өзі ұйымдастыруға, өзін-өзі реттеуге қабілетті ашық, диссипиативті, сызықтық емес жүйелер деген ұстанымға байланысты екенін байқауға болады. Синергетиканың лингвистикадағы зерттеуінің алғашқы кезеңін «лингвистикалық синергетика» деп шартты түрде аталған. Германияда 80-ші жылдары басталған бағыттың негізін салушылар деп неміс зерттеушілері Г. Альтман, Р.Келер, В.Вилдгеннен деп көрсетуге болады. Лингвистикадағы синергетиканың дамуының бұл кезеңі зерттеудің қолданбалы сипатта болғандығымен ерекшеленеді. Синергетикалық лингвистика біртұтас жүйелелік парадигмасын ұстануды мақсат етеді, тілдегі жүйелерді біртұтас іс-әрекет ретінде анықтайтын тілде бар барлық заңдылықтардың (реттілік параметрлері) өзара әрекетін эмпирикалық түрде сипаттауға болады, ол өз кезегінде тұтас бір жүйенің әрекетін анықтайды.

В.Г. Буданов синергетиканың сұранысқа ие болуы мынадай жағдайларға байланысты деп санайды: бейімділік және адам өлшемділігі, математикамен генетикалық байланыс, оның әдістерінің жаңғыруы, синергетиканың үздіксіздігі, жаңа әдістер мен болжамдарға ерекше пәнаралық төзімділігі, олардың синергетика үшін өзін-өзі бағалауы, философиялық диалогтілігі, синергетиканың өзін-өзі қолданушылығы [11].

Синергетика әдіснамасын лингвистикаға интеграциялау И.А. Бодуэн де Куртенэ, А.А. Потебня, Ф.Ф. Фортунатовтың, XX ғасырда В.Г. Адмони, Н.Д. Арутюнова, В.В. Виноградов, Е.С. Кубрякова, Ю.М. Лотман, В.Г. Арутюнова, А.А. Реформатский, Б.А. Серебренникова, Ю.С. Степанова, Л.В. Щерба, Р.О. Якобсон және т. б еңбектерінде тілдік және сөйлеу процестеріне жүйелік идеяларды енгізу түрінде өз алғышарттарына ие болды. Алайда лингвистер тіл жүйесінің жекелеген бөліктерін ғана зерттеді [12]. Синергетиканың лингвосинергетикаға ұласуына қатысты С.Гураль тілге жүйелі көзқарас философияда дамып келе жатқан әлеуметтіліктің коммуникативті теориясы аясында одан әрі дамып, функционалды және онтологиялық сипатқа ие болады, бірақ зерттеу әдістемесі статикадағы тіл жүйесінің сипатын зерттеуге бағытталған деп санайды [13, 7].

Осының нәтижесінде тіл білімінде синергетикалық сипаттағы теориялық және практикалық зерттеулер пайда болып, синергетикалық лингвистика немесе лингвосинергетика қалыптаса бастады. Соның ішінде мәтін синергетикалық жүйе ретінде лингвосинергетиканың нысаны болып табылатыны В.Н. Базылев, И.А. Герман, Л.В. Кушнина, И.Ю. Моисеева, Г.Г. Москальчук, Н.Л. Мышкина т.б. ғалымдардың зерттеулерінде негізделді. Соның барысында лингвосинергетиканың міндеті – біртұтастықта әрекет ететін жүйелердің тілдің интегралды концепцияларын құруда ортақ қасиеттерді сөйлеу, ментальділік, физикалық, нейрофизиологиялық үдерістер негізінде ашудың байланыстардың сызықтық түрі осы тұтастықпен ауыстырылады.

Мәдениаралық коммуникацияның синергетикалық аспектілерін зерттеген ғалым Н.В. Дрожащихтың пікірінше, лингвистикалық зерттеулерде мәтінді бір орында қатып қалған құрылым емес, тепе-теңдігі толық емес болса да, өз тұрақтылығын сақтайтын әрі жағдайға қарай өзгеріп, қайта құрылып отыратын жүйе деп қарайды. Мәтін – ішкі синергетикалық үдерістердің нәтижесінде қалыптасқан тұтас құрылым. Адам табиғаттың бір бөлігі болғандықтан, оның ойлауы мен сезімі физикалық және биологиялық заңдарға бағынады, ал бұл мәтіннің қалай құрылатынына тікелей әсер етеді [14, 276]. Демек, мәтін дайын күйінде пайда болатын құрылым емес, адамның ойы, сезімі мен танымының ықпалымен қалыптасатын, үнемі қозғалыста болатын динамикалық жүйе.

И.Ю. Моисееваның «Мәтінтүзушіліктің синергетикалық моделі» диссертациялық зерттеуінде мәтін өзін-өзі ұйымдастырушы жүйе ретінде қарастырылып, анықталады. Ғалым мәтінтүзушіліктің тетіктерін үдерісті-динамикалық аспектіде қарастырып, мәтінтүзушіліктің синергетикалық моделін ұсынады. Бұл моделді пайдалана отырып автор мәтіннің тұтас нысан ретінде

қалыптасуы кезінде болатын үдерістерді сипаттап, статика мен динамикадағы лингвистикалық құрылымдардың өзара әрекетін көрсетеді [15].

Сол сияқты Т.В. Андрусенконың «Мәтіндік кеңістікті синергетикалық аспектіде жүйелі-динамикалық ұйымдастыру» атты зерттеуінде мәтінді ұйымдастырудың физикалық және семантикалық параметрлері сипатталады. Ғалым мәтіннің жүйелік-динамикалық ұйымдастырылуын бағалау критерийі ретінде симметриялы және асимметриялы үдерістерді (сөйлем көлемін талдау кезінде белгіленген) пайдаланады. Сондай-ақ автор мәтіндік инварианттың физикалық кеңістігінің сипаттамаларын, мәтіннің гармоникалық орталығын, мәтіндік дискреттілікке ұмтылысты, мәтін кеңістігінің семантикалық орталығы мен тақырыптық компонентін талдайды [16, 167].

Осылайша, синергетика ұғымы туралы әртүрлі ғылыми көзқарастарды талдау оның пәнаралық сипатқа ие кешенді теориялық бағыт екенін көрсетеді. Зерттеушілердің еңбектерінде синергетика күрделі жүйелердің өзін-өзі ұйымдастыру заңдылықтарын, олардың динамикалық даму ерекшеліктерін және элементтер арасындағы өзара әрекеттесу тетіктерін түсіндіретін әмбебап ғылыми парадигма ретінде қарастырылады.

Д.А. Ивановтың еңбегінде «синергия» және «синергетика» ұғымдарының ара-жігін ажырату мәселесіне ерекше назар аударылады. Автордың көрсетуінше, бұл екі термин түбірлес болғанымен, мазмұны мен қолданылу аясы жағынан бірдей емес. Синергия жүйе элементтерінің өзара әрекеттесуі нәтижесінде туындайтын интегративті құбылыс ретінде сипатталады, яғни оның мәні – бірлескен ықпалдың жеке әсерлердің жиынтығынан артық болуында. Ал синергетика күрделі, бейсызық және тепе-тең емес жүйелердегі өзін-өзі ұйымдастыру заңдылықтарын зерттейтін пәнаралық ғылыми бағыт ретінде қарастырылады. Осыған байланысты автор синергетиканы синергия ұғымымен теңестіру ғылыми тұрғыдан қате екенін атап өтеді [17]. Демек, синергетика күрделі жүйелердің даму заңдылықтарын түсіндіруге бағытталған теориялық негіз болса, осы жүйелердегі нақты өзара әрекеттесу нәтижесі синергия ұғымы арқылы сипатталады.

Синергия (грек. Synergia – «ынтымақтастық, өзара әрекеттесу, көмек, қатысу» көне грек. syn «бірге» + ergon «іс, еңбек, жұмыс, әсер») – екі немесе одан да көп факторлардың өзара әрекеттесуі немесе энергия түрлерінің өзара ықпалдасуы, өзара әрекеттесуі [18]. Бұл құбылыс олардың бірлескен ықпалы әрқайсысының жеке әсерлерінің жай қосындысынан едәуір артық болуымен сипатталады.

Ж.Манкеева ғылыми еңбегінде: «синергия – тілдік бірліктердің бірегейлігі мен әркелкілігін семантикалық тұрғыдан тоғыстырып, көпмағыналылық пен мағынаның шексіз ұлғаюын қалыптастыратын үдеріс» деген тұжырым жасайды [19, 17]. Демек, тілде синергия әртүрлі тілдік бірліктердің тоғысуы арқылы мағынаның кеңеюіне, көпқабаттылықтың пайда болуына негіз болады.

XX ғасырдың аяғында лингвистикада Ресей ҒА-ның философия институтының профессорлары В.И. Аршинов пен Я.И. Свирскийдің жетекшілігімен «Тілдегі синергетикалық қозғалыс» жобасы жұмыс істей

бастаған кезден бастап, тілді сызықтық емес ашық динамикалық жүйе ретінде зерттеуге бет бұрылды. Зерттеушілер тіл арқылы жүзеге асатын қатынастардың табиғатын синергетика нысаны ретінде зерттелетін құбылысты сипаттау үшін қажетті метатілді сызықтық емес ортада ғана емес, ол арқылы ойлайтын және сезінетін субъектіні зерттеу арқылы түсінуге тырысады [20].

Филолог емес адамдардың тілді синергетикалық зерттеуге деген қызығушылығы сана мен тілдегі мағыналарды қалыптастырудың философиялық идеясын жасау ісі В.В. Налимовтың «Вероятностная модель языка» (Налимов, 1974), «В поисках иных смыслов» (Налимов, 1993) еңбектерінде көрініс табады [21, 22]. Г.Г. Москальчуктің өзін-өзі ұйымдастыратын құбылыс ретіндегі мәтін құрылымының мәселелеріне арналған «Структурная организация и самоорганизация текста» атты зерттеуінде негізделген. Авторлар мәтіннің формасы құрылымдық және мазмұндық тәртіптің өзіндік ерекшелігіне ие екендігіне, ал мәтіннің қалыптасуы физикалық заңдарға сәйкес жүретініне, сондықтан оны жүйелеуге болатындығына назар аударады. Нақты айтқанда, Г.Г. Москальчук мәтін көлемі, мәтін элементтерінің реттілігі, мәтін позицияларының қайталануы және функционалдық айырмашылықтары сияқты физикалық өлшемдермен орындалатын мәтін құру функциясын сипаттауға ерекше назар аударады [23, 68-69].

Мәтін құру үдерісін синергетикалық зерттеуге айтарлықтай үлес қосқан ғалым И.Ю. Моисееваның жоғарыда көрсетілген «Синергетическая модель текстоообразования» (2007) тақырыбындағы диссертациясында зерттеуші мәтіннің тұтас құрылым ретінде қалыптасуына әкелетін мәтінішілік кеңістіктегі тілдік құрылымның туынды қабілетін сипаттау моделін жасады.

Мәтіннің мазмұндық аспектісіне қатысты психолингвистикалық бағыттың негізін қалаушылар ретіндегі зерттеушілер И.А. Герман және В.А. Пищальникова еңбектерінде синергетика тұрғысынан сөйлеу әрекетіндегі мағынаның физиологиялық, нейролингвистикалық және психолингвистикалық аспектілері зерттеледі. Белгіленген мәселелер олардың келесі жұмыстарында толық көрсетілген: И.А. Герман, В.А. Пищальникова «Введение в лингвосинергетику» (1999); В.А. Пищальникова «Психопоэтика» (1999); И.А. Герман «Лингвосинергетика» (2000).

Филологиялық парадигмадағы синергетикалық бағыттың дамуына, әдіснамасының қалыптасуына профессор Р.Г. Пиотровский баға жетпес үлес қосты. Филологиядағы теориялық және қолданбалы компьютерлік зерттеулердің университетаралық орталығын басқара отырып, ғалым өз еңбектерінде («Лингвистическая синергетика: исходные положения, первые результаты, перспективы», 2006 және т. б.) лингвистикалық синергетика әдіснамасын жүйелейді. Р.Г. Пиотровский лингвистикалық синергетика ұғымдарын ретке келтіру мақсатында синергетикалық парадигмада зерттеу технологиясын, атап айтқанда модельдік гипотезалық эксперимент жүргізу алгоритмін жасайды. Ғалым үнді-еуропалық тілдерінен жиналған көлемді мәтіндерді талдау барысында «синергетикалық механизмдер жұмысының ішкі белгілерінің сапасы ретінде қарастыруға болатын» белгілі бір тәуелді модельдер екенін айқындайды.

Бұл механизмдерге (тетіктерге) «диахрониялық секіріс, яғни тілдің бір типологиялық күйден екінші күйге ауысуы кезінде кейбір лексикалық бірліктер мен грамматикалық формалардың қолданысының артуы (Пиотровский заңы), сондай-ақ мәтін энтропиясы және оның сол немесе басқа сөйлеу стиліне жататын деңгейлерінің арасындағы тәуелділікті жатқызуға болады» [24, 17-18].

Бұл бағыттағы зерттеушілердің тереңдеп дамуы когнитивтік-синергетикалық көзқарас тұрғысынан айқындалатын принциптерді анықтауды қажет етті. Сондықтан ғалым Л.В. Бронник модельдеу әдісін қолдана отырып, тілдің когнитивті-синергетикалық бейнесін құрып, сонымен қатар эволюциялық-синергетикалық және лингвокогнитивті зерттеулердің нәтижелерін біріктіру негізінде жеке жағдайды (кейс-стади) зерттеу алгоритмін жасайды [25, 42].

Қазіргі лингвосинергетикалық зерттеулерде метафораның танымдық, семиотикалық және фракталдық табиғатын қарастыруға ерекше назар аударылуда. Атап айтқанда, метафораның әлемді қабылдаудағы қызметі мен фракталдық модельдері С.А. Хахалованың еңбектерінде («Метафора как стимул к восприятию мира: модель фрактального древа», 2007), когнитивтік-семиотикалық қырлары А.С. Самигуллинаның зерттеуінде («Метафора в когнитивно-семиотическом освещении», 2008»), ал лингвосинергетикалық тұрғыдан көркем метафора табиғаты А.Г. Бакиевтың Пратчетт шығармалары негізіндегі еңбектерінде («Лингвосинергетическая интерпретация метафорики Т. Пратчетта (на материале произведений из цикла «плоский мир»)», 2015), В.Н. Базылевтің зерттеуінде «Новая метафора языка (семиотико-синергетический аспект, 1999) қарастырылады. Сонымен қатар интермәтінділік пен интердискурсивтілік мәселелері де қазіргі тіл біліміндегі өзекті мәселелердің бірі ретінде зерттеушілер назарын аударуда. Бұл бағыттағы зерттеулердің қатарына Н.С. Олизьконың «Интертекстуальность постмодернистского художественного дискурса (на материале творчества Дж. Барта» 2009) атауға болады [26-29].

1975 жылы Б. Мандельброт «фрактализм» ұғымын енгізгеннен бері фракталдық геометрия принциптері лингвистикалық зерттеулер саласына да еніп келеді. Мәселен, С.Н. Плотниковaның еңбектерінде (мысалы, «Фрактальность дискурса как новое лингвистическое понятие», 2011) дискурстың фракталдылығының жаңа теориясы дамып, оның талдау әдістемесі сипатталған [30]. Жоғарыда көрсеткеніміздей, метафоралық мағынаны өндіру процестерін фракталдық модельдеу принциптері Р.З. Мурясов, А.С. Самигуллина және А.Г. Бакиевтің еңбектерінде тұжырымдалған: атап айтқанда, «ағаш», «ризома» және «спираль» фракталдарының көмегімен екі және төрт өлшемді метафораның моделін құру мүмкіндігі негізделген [31, 136].

В.Э. Войцехович фракталды жалпы ғылыми ұғым ретінде қарастырып, оның негізгі қасиеттерін анықтайды. Ғалымның пікірінше, фрактал – өзіне ұқсас құрылымдармен байланыста болатын, тұрақсыз әрі үнемі өзгеріс үстіндегі жүйе [32].

Тілді өзін-өзі ұйымдастырушы жүйе ретінде қарастыратын ғалымдардың еңбектерінде тілдік жүйелердің даму ерекшеліктерін зерттеуге қатысты

синергетикалық тәсілдің қазіргі уақытта бірнеше бағыты көрсетіледі: когнитивті лингвосинергетика, психолингвосинергетика (К.И. Белоусов 2006), (Л.В. Бронник 2012), функционалды лингвосинергетика (Е.В. Пономаренко 2004), контрадикті-синергетикалық тәсіл (Н.Л. Мышкина 1999), мәтін симметриясы (А.Ю. Корбут 2005), (Г.Г. Москальчук 1998, 2011, 2014), гештальт-синергетикалық тәсіл (Л.В. Кушнина 2003), синергетикалық этнолингвистика (Н.В. Дрожащих 2010), лингвомәдени синергетика (Н.Ф. Алефиренко 2006, 2009), эволюциялық лингвосинергетика (А.М. Аматов 2009), (Ю.В. Мишанова, И.В. Сопова 2015), (Д.Д. Старикова, 2023) және т. б. Көрсетілген зерттеудің үрдісі ғылыми білім жүйесіндегі лингвосинергетиканың мәртебесі қандай болмасын, алдыңғы зерттеулердің тәжірибесі тілдік және сөйлеу құбылыстарын талдау және тіл жүйесіндегі өзін-өзі ұйымдастырудың динамикалық үдерістерін түсіндіру үшін лингвистикада синергетикалық әдіснаманы қолданудың тиімділігі мен болашағы туралы айтуға толық негіз береді [33-40].

Мысалы, Н.Л. Мышкинаның «Внутренная жизнь текста» (1998) атты монографиясында мұнда мәтіндегі мағынатуындаушылық үдерістері өзін-өзі дамытушы және өзін-өзі ұйымдастырушы (синергетикалық) жүйе ретінде қарастырылады. Мәтінді синергетикалық жүйе ретінде талдай отырып, ғалым оның сапасын – мәтіндік жүйенің ашықтығы, динамикалық жүйелілік-жүйелілік емес (системность-асистемность), «өздігінен қозғалатын үдерістер» тудыратын, «мәтіннің «креациялық» мағына туындату қабілетін «жүзеге асыратын» деп анықтайды. Зерттеуші «симметрия-ассиметрия әдісімен мәтінді зерттей отырып», жүйеде пайда болатын түрленуді «симметризация-ассиметризация үдерісі ретінде» сипаттайды [41, 17].

Демек, лингвосинергетика мәтіндегі/дискурстағы мағына туындату мен мағынаны қабылдау үдерістерін басқаша қарауды жөн санайды. И.А. Герман мен В.А.Пищальникова атап көрсеткендей, «синергетикалық тәсіл лингвистикалық және психолингвистикалық объектілерді зерттеудің дискретті-құрылымдық және континуалды-құрылымдық принциптері біріктіретін, тілдің қасиеті/сөйлеу әрекеті объектінің өзіне тән, оның өмір сүруі мен сипаттамасына қарай қасиеттерінің қалыптасу тәсіліне байланысты құрылып, тілдің тұтас концепциясын құрайды» [42, 9].

Мәтінді динамикалық жүйеде қарайтын Н.В. Дрожащихтың пікірінше, мәтін – бірінші кезекте лингвосинергетиканың тікелей нысаны болып табылатын адам мен қоршаған ортаның өзара әрекетін жүзеге асыратын үлкен тілдік бірлік. Лингвосинергетика тұрғысынан мәтін жеке өмір сүрмейді, ол үнемі өзгеріп отыратын әлеуметтік контекстпен тікелей байланысты [43, 15].

Е.Н. Поснова мәтінді лингвосинергетиканың негізгі зерттеу нысандарының бірі ретінде қарастырып, оны өзін-өзі ұйымдастыратын, ашық әрі динамикалық жүйе ретінде сипаттайды. Автордың пікірінше, мәтіннің құрылымы кеңістік ұйымдасу, тұтастық, функционалдық және өзін-өзі ұқсастыру қағидалары арқылы анықталады. Сонымен қатар синергетикалық тәсіл мәтіндегі симметрия, ассиметрия, қайталану және ұйымдасу тетіктерін тереңірек түсіндіруге мүмкіндік береді [44].

Осы тұрғыдан мәтінді зерттеуші лингвистер мәтіннің құрылымына да назар аударып, ол жүйенің тепе-тең емес, тұрақты күйі ретінде берілген, қоршаған ортада қозғалып, онда қайта реттелуге қабілеті бар екендігін айтады. Ғалым В.А.Пищальникова көрсеткендей, «мәтін – бұл тілдік элементтердің сызықтық тізбегі емес, бірақ белгілі бір мағыналық сызықтық емес, күрделі, иерархиялық ұйымдасқан тұтастықтың өкілі (репрезентант)» [42, 12].

Сонымен, лингвосинергетика динамикалық жүйелердің белгілі бір тобын қарастырады. Ал, динамикалық жүйе – бұл «кейбір ұғымдардың күйін осы жүйенің сипаттамасы ретінде анықтауға болатын кез келген объект немесе үдеріс» [13, 7].

Н.Ф. Алефиренко лингвомәдениеттануда «өзара әрекеттесу» ұғымы әр түрлі құнды-мағыналы құбылыстарда «оларға осындай синергетикалық үдерістерді қосу арқылы» толықтырып отырады деп көрсетеді:

- күрделі динамикалық ішкі жүйелердің бейсызық дамуы (тіл, дискурс, мәдениет);
- қажеттілік немесе кездейсоқтық заңдылықтарын тудырған құбылыстар;
- бифуркация үдерістері (бифуркация – жүйенің жаңа сапалы күйге өту жолдарының тармақталу аймағы; лингвомәдениеттану құбылыстарының жүйелі ұйымдасқан дамуындағы жолдардың тармақталуының нүктесі);
- диссипативті құрылымның өздігінен туындауы (бифуркация аяқталғаннан кейін белгілі бір лингвомәдениеттанудың салыстырмалы түрде тұрақты құрылымдарының бұрынғы ретсіз түзілімдерінен пайда болуы [45, 7-8]. Демек, мәтін құрылымы синергетикалық үдеріс ретінде Г.Г. Москальчук, И.Ю.Моисеева, Н.Э.Мышкина және т.б. ғалымдардың зерттеулерінде сипатталады.

Қазақ тіл білімінде Ж. Манкеева «Қазақ сөзінің синергиясы» атты зерттеу еңбегінде тілдің іштей дамуы, өзін-өзі ұйымдастыруы мен реттелу заңдылығымен тығыз байланыста тілдің жүйелілігі қарастырылады (Манкеева, 2021). Каиржанов А.К. «Синергия языка» деген монографиясында орта грек және көне славян тілдерінің лингвистикалық жүйесін синергетикалық түсінуге арналған (Каиржанов, 2007). Сондай-ақ А.О. Тымболова, Л.Ә. Ибраймова «Синергетика – лингвомәдени шиеленістерді шешуші құрал» мақаласында лингвомәдениеттанудағы синергетика мәселелері қарастырылса, (Тымболова, Ибраймова, 2017), К.С. Алдашева «Тіл синергетикасы және лексикалық жаңалықтар» атты монографиясында тіл синергетикасы, лингвистикадағы синергетикалық бағыттың қалыптасу ерекшеліктері талданады (Алдашева, 2022). Ал А.С. Серикова, Қ.Т. Рысалды мақалаларында синергетиканың негізгі ерекшеліктері мен зерттеу әдістерін сипатталады (Серикова, Рысалды, 2023), Б.Б. Динаева зерттеу мақаласында қазақ және түрік мақал-мәтелдерінің өзара синергиялық байланысын, олардың ортақ және ерекше белгілерін қарастырады (Динаева, 2024) [46-50].

Ғалымдардың пікірінше, тілдік элементтердің үйлесімділігін, олардың арасындағы өзара байланысқа назар аударады. Бұл бағыт тіл зерттеулеріне жаңа серпін беріп, тілдің құрылымы мен дамуын жан-жақты түсінуге айтарлықтай

үлес қосады. Осы зерттеулерге сүйеніп, диссертациялық жұмыста қазақ поэтикалық мәтін күрделі динамикалық, бейсызықтық, ашық, өзін-өзі ұйымдастыру қасиеті бар жүйе ретінде қарастырылады, поэтикалық мәтіннің негізгі лингвосинергетикалық қасиеттері мен белгілері анықталады.

1.2 Антропөзектік бағыттағы зерттеулердің интеграциясындағы лингвосинергетикалық парадигманың алғышарттары

Қазіргі ғылыми зерттеулерде еүрделі жүйелерді сипаттау үшін олардың ішкі құрылымы мен даму заңдылықтарын кешенді түрде қарастыру қажеттілігі туындайды. Кез келген жүйе сыртқы ортамен үздіксіз байланыста болып, динамикалық сипатта қызмет етеді, сондықтан оның элементтері арасындағы өзара әрекеттесу ерекше мәнге ие. Мұндай өзара әрекеттесу нәтижесінде жүйеде жаңа сапалық қасиеттер қалыптасып, оның құрылымы күрделене түседі. Осыған байланысты синергетикалық талдау жүйенің бейсызық даму сипатын, тұрақсыздық кезеңдерін және жаңа құрылымдардың пайда болу тетіктерін түсіндіруге бағытталады. Осы теориялық негіздерге сүйене отырып, синергетиканы сипаттайтын негізгі ұғымдарға ашық жүйе, бейсызық, өзін-өзі ұйымдастырушылық, диссипиативтілік, флуктуация, бифуркация, фрактал, хоас, аттрактор жатады. Бұл ұғымдарға жеке-жеке тоқталар болсақ:

Ашық жүйе. Жүйе иерархиялық ұйымдасқан компоненттер (элементтер, бөліктер, ішкі жүйелер т.б.) жиынтығын құрайды және олардың байланыстары кеңістіктік және уақыт шектеулері бар, белгілі бір ортада өмір сүреді. Жүйелердің және олардың компоненттерінің сыртқы ортамен өзара әрекеттері ол жүйені ашық етеді. Ашық жүйелердің қызметі ішкі ортадан түскен ақпараттардан (энергиялар) пайда болады [51, 28].

Жүйе өзінің қалпы мен қызметін сақтау үшін ішкі және сыртқы тербеліске, компоненттерінің динамикалық ауытқууына, тіпті кейбір хаос тууына жол берсе де, олар компоненттердің тұтастыққа бағынынушылығын сақтап қалады.

Көптеген жүйелер ашық және үнемі өзгеріп отырады. Р.Г.Пиотровскийдің пайымдауынша, жүйелердің қай жаққа қарай өзгеретінін алдын ала болжай алмаймыз. Жүйе бастапқыда көптеген жолдардың бірімен бұзылуы немесе дамуы мүмкін. Соңғы жағдаятта хаостың ішінде жаңа жүйелі тәртіп туындауы мүмкін [24, 176].

Өзін-өзі ұйымдастырушылық (самоорганизация). Күрделі жүйелердің өзін-өзі реттеу кезеңдеріндегі реттілік сол жүйелердің динамикасын, оның дамуын құрайды. Синергетикада өзін-өзі ұйымдастырушылық бір уақытта көптеген компоненттері мен осы жүйенің ішкі құрылымын реттеуге бағытталған жүйе бөліктерінің дәйекті өзара ұйымдасуының нәтижесі болып табылады. Сыртқы ортаның араласуынсыз ішкі үдерістердің нәтижесінде функционалды ауысым мен кеңістіктік-уақытқа ұшыраған жүйелерді «өзін-өзі ұйымдастырушы жүйелер» деп атайды [52].

Ғалым Н.Л.Клячкина өзін-өзі ұйымдастыруды өзгермелі жүйелердің ішкі және сыртқы ортамен өзара әрекеттесу нәтижесінде жаңа құрылым мен тәртіп

қалыптастыру қабілеті ретінде сипаттайды. Автордың пікірінше, өзін-өзі ұйымдастыру үдерісінде жүйе хаостан тәртіпке өтеді және бұл құбылыс күрделі эволюциялық өзгерістердің негізін құрайды [53].

Синергетика тілдік жүйені өзін-өзі ұйымдастыратын күрделі құрылым ретінде қарастырады. Мұндай көзқарас бойынша тілдегі барлық өзгерістер, мағыналық кеңеюлер мен жаңа дискурстық бірліктердің қалыптасуы кездейсоқ емес, тілдің ішкі эволюциялық қозғалысының нәтижесі болып саналады. Тілдік жүйенің өзін-өзі ұйымдастыруы оның мәдениетпен, когнитивтік санамен және коммуникациялық ортамен үздіксіз байланысы арқылы жүзеге асады. Осыған байланысты тіл үнемі жаңарып, жаңа семантикалық құрылымдарды қалыптастырып отыратын ашық әрі динамикалық жүйе ретінде танылады [54].

Осыған байланысты синергетикалық парадигма тілдің табиғатын тереңірек тануға мүмкіндік береді. Тіл үнемі қозғалыста болатын, қоғамдағы мәдени-әлеуметтік өзгерістерге бейімделіп отыратын, өзін-өзі жаңартушы әрі дамытушы күрделі жүйе ретінде танылады. Сондықтан синергетика тілдік бірліктердің қалыптасуы мен дамуын, мағыналардың жаңаруын және дискурстық өзгерістерді зерттеуде маңызды теориялық-әдіснемалық негіз болып табылады.

Лингвосинергетика ілімі кез келген синергетикалық жүйенің өзін-өзі ұйымдастыру жолында белгілі бір даму кезеңдерінен өтуін келесідей категориялармен түсіндіреді: тепе-теңдік/тұрақтылық; реттілік параметрі; аттрактор; тепе-теңсіздік; энтропия; флуктация; бифуркация нүктесі; кездейсоқтық; хаос; диссипация; эмердженттілік; өзін-өзін ұйымдастыру. Аталған тарауда мәтінді/дискурсты динамикалық, өзін-өзі дамытатын ашық жүйе ретінде қабылдау кезінде пайда болатын синергетикалық үдерістерді зерттеу үшін синергетиканың әмбебап категориялық аппаратын лингвистика тұрғысында қарастыруға бағытталады.

Динамикалық сипаттағы синергетика жүйесіндегі негізгі ұғымның бірі – аттрактор. Осы жүйедегі өзінің тартылыстық қызметіне орай ол көптеген тілдік үдерістерде орын алады (грамматикалық формаларда, тіл үйренудегі лексиконның өзегінде, дискурстың мақсаттарында, фразеологиялық жүйеде т.б.). Яғни, коммуникативті тұлғаның мақсат-діттеміне сай ықпал етуші, дамытушы өзек ретінде қызмет етеді.

Е.В.Пономаренконың пікірінше, аттракторды тікелей мәтіннің шығарма авторы анықтайды және оның коммуникативтік ниетімен байланысты жүзеге асады. Негізінде, аттрактор – бұл автордың өз шығармасында оқырманға жеткізуге тырысатын идеясы [4, 150]. Зерттеуші аттракторға қарай жылжуды эксплицитті, сондай-ақ имплицитті болуы мүмкін деп көрсетеді. Бірінші жағдайда тартылыс аймағы реципиенттер үшін мағына қозғалысының «бағытты көрсетушілері» ретінде қызмет атқаратын нақты сөз тіркестерімен ұсынылған. Екінші жағдайда, аттрактор тікелей тілдік бірлік түрінде көрсетілмейді, бірақ шумақтар арасында жасырын тұрады. Аттрактордың бұл түрін мәтінде анықтау оқырманға оның шығармашылық ойлауын ынталандыратын қиын міндеттер тудыруы мүмкін. Аталған іздеу реципиенттің дүниетанымы мен тәжірибесі арқылы жүзеге асырылады, сонымен қатар көбінесе оны қабылдау мен ойлаудың

ерекшеліктеріне байланысты. Тиісінше, бұл көптеген нұсқаулардың ішінен таңдау субъективті болуы мүмкін және автордың ұстанымына сәйкес келмеуі мүмкін. И.А.Герман және В.А.Пищальникова атап көрсеткендей, креативті аттрактор ретінде жеке тұлғаның «тұлғалық мағынасы» көбінесе шығармашылық тартылыс ретінде әрекет етеді, бірақ «өзегін толық түсінбейді». Осылайша, аттракторлар мәтіндегі/дискурстағы мағыналық жүйені дамытудың ықтималдық траекторияларын таңдауды тарылтады және «адамның қабылдауы үшін ең қолайлы бүтінді орналастырудың функционалды режимдерін бағыттайды» [42, 130]. Соның нәтижесінде жүйе аттракторлары бүкіл жүйенің әрекетін реттейтін «жасырын механизм» болып табылатын реттілік параметрлеріне сәйкес әрекет етеді.

Жоғарыда айтылғандай, бастапқы кезеңде кез келген тұжырымдамалық жүйе эволюцияның белгілі бір түпкі мақсаты түрінде ұсынылған аттракторға қарай жылжып, дамудың тұрақтылығымен сипатталады.

Поэтикалық мәтінді лингвосинергеткиалық тұрғыдан зерттеу барысында мағынаның ұйымдасуында аттрактор ұғымы маңызды орын алады. Аттрактор поэтикалық мәтінде авторлық идеяны шоғырландырып, мәтіннің мағыналық бағытын айқындайтын жетекші элемент ретінде танылады.осы тұрғыдан алғанда, аттракторлар эксплицитті және имплицитті түрлерде көрініс табады. Эксплицитті аттракторлар негізгі ұғымдардың тікелей атауы арқылы жүзеге асса, имплицитті аттракторлар символдық құрылымдар негізінде қалыптасады. Мысалы: М.Мақатаев «Пай, пай, өмір!» атты өлеңін талдар болсақ:

Пай, пай, өмір!
Өтесің-ау бір күні.
Тыясың-ау қуанышты, күлкіні.
Өмір деген – бір жарқ еткен найзайғай,
Өмір деген – көк аспанның күркірі.
Пай, пай, өмір,
Өтесің-ау бір күні!

Бұл өлеңде көріп отырғанымыздай «өмір» негізгі мағыналық орталық ретінде көрініс табады. «Өмір деген – бір жарқ еткен найзағай», «Өмір деген – көк аспанның күркірі» деген жолдарда өмір лексемасы эксплицитті түрде беріле отырып, салыстырулар арқылы оның өткіншілігі мен қуаттылығы сипатталады. Осы тұрғыда алғанда, «өмір» ұғымы өлеңдегі эксплицитті аттрактор ретінде мағыналық кеңістікті ұйымдастырып тұр.

М.Мақатаевтың «Мұздама, жылы жүрегім» өлеңіндегі «Дариям бітіп, тартылып» деген жолдарда «өмір» ұғымын тікелей атамай, өмірдің уақытша сипатын көрсететін имплицитті аттрактор деуге болады.

Г.Г. Москальчук аттракторлар мәтіндегі/дискурстағы мағыналық жүйені дамытудың ықтимал траекторияларын таңдауды тарылтады (және «адамның қабылдауына ең қолайлы тұтастық ретінде орналастырудың функционалды режимдерін бағыттайды» деп көрсетеді [23, 132].

Жүйенің аттракторлары бүкіл жүйенің әрекетін реттейтін терең, «жасырын тетік» болып табылатын тәртіп өлшемдеріне сәйкес өзінше әрекет етеді. Демек,

тәртіп өлшемдері «(мақсатты) – аттрактордың мазмұнына сәйкес келетін дискурс элементтерінің әлеуетті мүмкіндіктері арасында таңдауды ұйымдастыратын когнитивті, прагматикалық, лингвистикалық-стилистикалық деңгейде жүргізілетін қарама-қарсы үрдістерді реттеуші құрал.

Тілдік құралдардың энергетикалық қасиеттерінің көрінісі, олардың синергиясы семантикалық, синтаксистік және прагматикалық өлшемдерге ұқсас қалыптасатын энергетикалық өлшемнің қалпына келуіне әкелетінін атап өткен жөн. Энергетикалық өлшеу функциясы мәтіндік кеңістіктегі мағыналарды жаңартуда көрінеді. Сондықтан мәтіннің семантикалық жүйесін энергетикалық жүйе ретінде қарастыру заңды болып табылады. Ол мағынаны белсендендіреді, оны өзекті етеді, оған энергетикалық қасиеттер береді. Ағымдағы мағына мәтіндегі энергия ағындарының өзара әрекеттесуіне байланысты туындайды. Мәтіндегі энергетикалық үдерістерді және оларды жүзеге асыру құралдарын зерттей отырып, біз мәтіндік жүйенің энергетикалық қасиеттері мен сипаттамаларының қалыптасуының мәні мен шарттарын өзектендіру заңдарын белгілейміз [55, 210].

Сонымен, мәтін – бұл синергетикалық жүйе. Оның ерекшелігі мәтіндік бірліктердің өздігінен қозғалу энергиясының бірігу ерекшеліктерімен анықталады. Сондықтан мәтіннің лингводинамикасын зерттеуші ғалым Н.Л.Мышкинаның пікірінше, мәтіннің энергия өмірінің заңдылықтарын орнатудың алғышарты оның өзін-өзі қозғалу аспектілерін зерттеу және мәтіндік кеңістіктің энергетикалық қасиеттерінің қалыптасу жағдайларын анықтау болып табылады. Себебі мәтінде тосын және детерминистік-мақсатты үдерістер байқалады. Ал, олардың бірігуі, мәтіндік бірліктердің кейбір жиынтықтарын басқа жиындарға, кейбір семантикалық ағындарды басқа семантикалық ағындарға тарату арқылы көрінеді. Бұл әрекет жаңа мағыналардың пайда болуына және мәтіндік кеңістіктің ерекше энергетикалық қасиеттерінің қалыптасуына әкеледі. Осы жағдайда мәтін өзінің де, қоршаған ортаның да энергиясымен өмір сүреді [55, 204].

Лингвосинергетикалық тәсіл тәртіп параметрлерін жаңартудағы ретсіздіктің рөлін анықтау арқылы көркем мәтінді құру барысында фазалық ауысуларды мүлдем жаңа тұрғыдан көрсетуге, сондай-ақ көркем мәтіндерді өзін-өзі ұйымдастыру арқылы мәдени алмасу саласындағы күрделі динамикалық жүйені қарастыруға мүмкіндік береді.

Көркем мәтіндегі мағынаны қалыптастыру тетіктері сызықтық қана емес, сонымен қатар сызық үсті түрінде де жүзеге асырылады, онда мағынаны қалыптастыру лингвистика аясында сипатталуы мүмкін емес. Себебі лингвосинергетика мәтінді күрделі, динамикалық өзін-өзі ұйымдастыратын жүйе ретінде қарастырады. Осыған орай, синергетикалық талдау коммуникативті жүйе ретінде тұтас мәтін деңгейінде семантикалық креация үрдісі туралы жаңа білім алуға мүмкіндік береді. Ғалымның пікірінше, лингвосинергетиканың артықшылығы: ол сызықтық және сызықтық емес сипаттағы динамикалық жүйелерді зерттейді, бұл сызықтық құрылыс деңгейінде де, бір әдістемелік жүйе шеңберіндегі сызықтық емес жиынтық қозғалыс

деңгейінде де мағыналарды құру үрдісін талдауға көзқарасты біріктіруге мүмкіндік береді [56, 58].

Бифуркация. Флуктуацияның ықпалымен жаңа бір күйге өту нәтижесінде синергетикалық жүйе тәртібінің өзінше тарамдалуы. Демек, бифуркация – жүйенің тұрақсыздығының арту күйін тұрақсыз да күрделі ашық сипатта дамушы жүйенің ерекше күйі. Талдау барысында оның сыртқы ықпалға өте сезімталдығы болмашы флуктуацияның қайтарымсыз өзгерістерге әкелуі мүмкін екенін көрсетеді [19, 51]. Демек, бифуркация тіл жүйесіндегі өзгерістердің әсерінен мағынаның жаңа бағытқа ауысуын білдіретін, мазмұнды күрделендіріп, жаңа семантикалық құрылымдардың қалыптасуына ықпал ететін маңызды кезең болып табылады.

Флуктуация «жүйенің белгілі бір орташа позициядан кездейсоқ ауытқуын» білдіреді [57, 272]. Жүйенің белгілі бір сәтіндегі флуктуациялар жүйені шекті күйге келтіруі мүмкін. Бифуркация нүктесінде жүйе ретсіз күйге ауысады немесе реципиентті қабылдау мәтіндегі мағыналардың мақсатты қозғалысына оралады, ал жүйе қайтадан тұрақтылыққа ие болады және реттіліктің жоғары деңгейіне ауысады. Жүйенің ретсіз күйі тәртіпсіздік пен болжамсыздықпен, «дамып келе жатқан жүйенің бастапқы жағдайларға сезімталдығымен» сипатталады. Тіпті кішігірім ауытқулар «мұндай параметрлердің немесе тұтастай жүйенің мүлдем жаңа параметрінің» пайда болуына әкелуі мүмкін [58, 159].

К.С. Алдашева зерттеуінде «флуктуация – динамикалық жүйелердегі маңызды құбылыс және жүйеде даму, эволюция жүретіндіктен флуктуацияның болуы – заңдылық. Динамикалық жүйе ретінде тілге және ішкі жүйелеріне де флуктуацияның тән болуы – тіл синергетикасының ғылыми және әдіснамалық негіздерін нығайта түсетін құбылыс» деген тұжырым жасайды [48, 36]. Демек, флуктуацияның тілдік жүйеге тән табиғи әрі заңды құбылыс екенін дәйектейді, өйткені тіл динамикалық даму үстінде болатын жүйе ретінде үнемі өзгеріске ұшырап, мағыналық ауытқулар арқылы жаңарып отырады.

Симметрия/асимметрия қағидаты семантикалық деңгей элементтерінің және жалпы семантикалық жүйенің жұмысында маңызды рөл атқарады. Симметрия қағидаты семантикалық сызықты тұрақсыз тепе-теңдік күйінде ұстайды, симметриядан кез келген ауытқулар оның жүйесінде тербелістер тудырады және диссипацияға әкелуі мүмкін. Н.В. Мамонова айтқандай «асимметрия семантикалық компоненттердің диссипациясына және олардың интерпретациясына әкеледі, бұл жүйе күйінің өзгерісіне әкеледі» [59, 53].

Диссипация дегеніміз – ақпараттың таралуы, жүйе энергиясының неғұрлым реттіліктен аз реттелген формаларға ауысуы. «Диссипация» термині «затты, энергияны, ақпаратты тарататын жүйелер класына» сілтеме жасау үшін қолданылады [13, 7-9]. Ал, осымен байланысты диссипативтілік құбылыс Н.Ф.Алефиренко «Ашық тепе-теңсіздік жүйелердің белсенді өзара әрекеттерінің нәтижесіндегі лингвомәдениеттің ерекше динамикалық күйі ретінде» қарастырады. Ғалым: «Динамика кездейсоқ ішкі факторлардың өзара әрекеттесу жолдарының дамуындағы бифуркация барысында пайда болған жаңа сапалы

құрылымдардың динамикасы өзін-өзі ұйымдастырушы күрделі ашық тепе-теңсіз, тұрақсыз, бейсызық жүйелер» екендігін көрсетеді [45, 7-12].

Сонымен, қазіргі уақытта лингвистикалық парадигмада тілге зерттеу нысаны ретінде жаңа көзқарас қалыптасуда. Шындықты қабылдаудың синергетикалық тұжырымдамасын ескере отырып, тілді көптеген ғалымдар өзін-өзі ұйымдастыратын үдеріс, ашық сызықтық емес диссипативті жүйе ретінде зерттейді.

Пәнаралық білім бола отырып, синергетика зерттеудің әдістері мен нәтижелерін лингвистикадан алыс ғылым салаларынан алады және оларды тілдік салаға ауыстырады. Тілдегі динамикалық үрдістерді түсіндіру үшін түрлендірілген синергетика идеялары қазірдің өзінде өнімділігін дәлелдеді және жаңа бағыт – лингвистикалық синергетика аясында кеңінен қолданылады. Тіл күрделі дамып келе жатқан жүйе бола отырып, сыртқы ортамен және басқа ақпараттық жүйелермен үнемі өзара әрекеттеседі және теңсіз күйде болады. Тілде ауытқулар ондағы ішкі және сыртқы үрдістерге байланысты жүреді. Тілге коммуникативті қарым-қатынаста қатысушылардың санасы, әлеуметтік және басқа үрдістер әсер етеді. Осылайша, тілдің тұрақтылық пен өзгеріс, ұйымдастырылу мен энтропия, тәртіп пен ретсіздік күйлері ауысып отырады. Р. Келердің тұжырымына сәйкес, тілдің ішкі жүйелері өздігінен реттеліп отыратын тетіктер арқылы үйлесімділігін сақтайды. Бұл тетіктер тұрақты күйге жақындатып, оны қоршаған ортаға бейімдейді және тлдік орта талаптарына сай келетін құрылымдардың сақталуына мүмкіндік береді [60].

Тіл негізгі синергетикалық қағидаларға сәйкес дамиды және барлық синергетикалық жүйелерге тән қасиеттердің тасымалдаушысы болып табылады. Лингвосинергетикалық тәсіл тілдің шексіз әлеуметтік, психофизиологиялық және психофизикалық факторлардың әсерінен өзгеру қабілетінің және осы салаларға кері әсер ету қабілеті ретінде сызықтық еместігін білдіреді [61, 73]. Тіл өзгерістерге оңай бейімделе алады, бірақ соған қарамастан өз болмысын жоғалтпайды. Мысалы, қоғамдағы мәдени немесе әлеуметтік өзгерістерге байланысты жаңа сөздер пайда болғанымен, тілдің негізгі құрылымы мен ерекшелігі сақталып қалады [62, 134]. Синергетик-ғалымдардың пікірінше, тілдің ашықтығы оның басқа жүйелермен, мысалы, ноосферамен, қоғаммен, мәдени құндылықтар жүйелерімен, басқа тілдік жүйелермен және т. б. өзара әрекеттесуінен көрінеді [63]. Осымен байланысты тілдің диссипативтілігі сол әсерлердің әсерінен тілдік бірліктердің көп бағытты өзгеруіне байланысты көрінеді.

Алдыңғы зерттеулердің тәжірибесі көрсеткендей, лингвистикадағы синергетикалық әдістеме когнитивті деңгейде орын алатын және нәтижесінде табиғи тіл жүйесінде сапалы жаңа өзгерістер пайда болатын динамикалық үдерістерді түсіндіруде тиімді. Бұл тәсіл тілдік бірліктердің өзара ықпалдасуын, олардың өзгермелі әрі бейсызық даму сипатын кешенді түрде талдауға мүмкіндік береді. Аталған әдіснамалық негіздің жақтаушылары атап өткендей, осы модификациялардың ерекшеліктерін синергетиканың қалыптасқан категориялық аппаратын қолдану арқылы айқындауға болады. Сонымен қатар,

мұндай талдау тіл жүйесінің ішкі заңдылықтарын, оның эволюциялық даму бағыттарын және коммуникативтік қызменітінң кеңею мүмкіндіктерін тереңірек ашуға жағдай жасайды.

Д.С.Храмченконың пікірінше, «сөйлеу тізбегіндегі мәлімдемелер арасындағы мағыналық-семантикалық өзара әрекеттесу, яғни олардың жұмысындағы семантикалық байланыстар (логикалық-семантикалық, прагмасемантикалық)» дискурс тәртібінің өлшемдері функционалды болып табылады [64, 117]. Бұл тұжырымдама деңгейінде белгілі бір психикалық тіректер, белгілі бір нысан туралы жеке идеялар тәртіп өлшемдері ретінде әрекет ете алады. Бір жағынан, тәртіп өлшемдерінің объектімен байланысты жеке тұлғаның жеке тәжірибесіне (қабылдау сезімдері, эмоциялар, тәжірибелер, әсерлер) негізделуінің нәтижесінде адамның тұжырымдамалық көрінісінде басқа адамдардың идеяларына сәйкес келмейтін объект туралы субъективті түсінік қалыптасады. Екінші жағынан, тәртіп өлшемдері жалпы адамзаттық категорияларды, тақырыпты, оқиғаны, құбылысты баяндау туралы қабылданған түсініктер мен әсерлерді қалыптастыратын адамдардың ұжымдық тәжірибесімен байланысты [65, 12-13].

Осы бағыттағы зерттеулерде тәртіп өлшемдерінің микро деңгейдің жеке элементтерін өзіне бағындырып, олардың сипатын анықтайтынын, бірақ сонымен бірге олар ортақ сипат нәтижесінде микро деңгейдің ең кішкентай құрылымдарынан туындайтыны атап көрсетіледі. Мысалы, Н.Ф.Алефиренко дискурсивті кеңістіктегі тәртіп өлшемдерін тудыратын ең кішкентай элементтерді наномағыналар (қосалқы мағыналар) деп атайды. «Наномағыналар – бұл тұрақты диффузияда болатын және басқалармен, масштабты түрде осындай наномағылармен байланысу қабілеті бар ең шағын мағыналар-атомдар» [66, 67]. Олардың қозғалысының сипаты мен қозғалыс жолы постмодернистік тұрғыдан өсімдіктің шатастырылған тамыр жүйесіне ұқсастырылады. Себебі тамыр сабақтың ерекшелігі – оның сабағы кез келген жерге бағытталып, әртүрлі пішіндерге үйлесіп қабылдана алады. Наномағыналардың осылайша сызықтық емес және оны болжау мүмкін емес түрде дамуын сөздің семантикалық құрылымының өзгеруінен және белгілі бір дискурста күтпеген, терең мағыналардың өзектілігінен көруге болады.

Осылайша, микро деңгей жүйесінің ең кішкентай элементтері жоғары деңгейде орналасқан үлкен когнитивті бірліктер, толығымен анықталған, қалыптасқан идеялар, мағыналар түріндегі тәртіп өлшемдерін тудырады. Осымен байланысты Г. Хакен атап көрсеткендей, жүйеде бірден бірнеше тәртіп өлшемдері қалыптасуы өз кезегінде олардың бәсекелестігіне, жеке идеялардың қақтығысына, қарама-қарсы бағыттардың қозғалысына әкелуі мүмкін. Ашық жүйедегі тәртіп өлшемдерінің соқтығысуы мағынаны түсінудің тұрақсыздығына, сондай-ақ оның ең аз сыртқы тербелістердің, флуктуациялар осалдығына әкеледі. Функционалдық жоспардың жаңа элементтері түрінде танылатын белгілі бір флуктациялар мағынаның пайда болу үдерісіне қатты әсер етіп, соның нәтижесінде тұрақсыздық кезінде ең аз тербеліс кездейсоқтыққа байланысты шешуші болуы мүмкін.

Ашық жүйедегі дамудың жоғары нүктесінде қалыпты тәртіптің бұзылып, энтропиялық деңгейдің үнемі өсуі айрықша мән туғызады. Осылайша, жүйе біртіндеп ретсіз күйге ауысады, яғни адамның санасында семантикалық аттрактордың жоғалуы, яғни автордың позициясын, ойын түсінбеуі, бұрын айқын болып көрінген бұрынғы мағыналардың түсініксіздігі және т.б. орын алады. Нәтижесінде тұжырымдамалық жүйенің бұрынғы құрылымдық жүйесі бұзылып, қолданыстағы байланыстар үзіледі және реципиенттің санасында белгілі бір дискурстық кеңістіктегі мағынаны түсінбеумен байланысты «ретсіздік» пайда болады. Синергетик-ғалымдар мұндай ретсіздікті жүйенің бұзылуы деп емес, қажетті кезең, жаңа тәртіптің алғышарты деп санайды. Атап айтқанда, тепе-теңдіктің шекті деңгейіне, бифуркация нүктесіне жеткенде, жүйе одан әрі даму жолын таңдауға тап болады да, осы кезде тәртіп өлшемдері, мағынаны қалыптастыру бағыттарымен соқтығысады. Сөйтіп, «Тәртіп параметрлерін өзектендіру кезеңінде жүйенің берілген өлшемдерден ауытқуы кезінде оның даму бағытын өзгертуді көздейтін бифуркациялық тетігі іске қосылады» [65, 12]. Сол кезде ассоциация, сурет, әсер түріндегі ең кішкентай ауытқулардың өзі белгілі бір дискурстық кеңістіктегі мағынаның бүкіл даму барысына әсер етуі мүмкін. Осылайша, өзінің дамуының жаңа деңгейіне бейімделіп, қайта құрылған жүйенің дисипатты қабілеті арқасында оның даму үрдісіне тән емес артық ақпарат пен мағыналардан арылады. Соның негізінде кейбір сыртқы әсерлердің егжей-тегжейлері ұмытылып, көптеген микроүдерістер арасында «табиғи сұрыпталуы» дамудың жалпы бағытына сәйкес келмейтін нәрсені бұзады және микроүдерістердің когеренттілігінде, үйлесімділігі (когеренттілігі) арқылы белгілі бір даму қарқынын белгілейді т.б.» [4, 70].

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, дискурстың күрделі, ашық, динамикалық кеңістігінде өзін-өзі ұйымдастыруы негізінде мағынаны қалыптастыру үдерісі сырттан келетін ақпарат пен мағыналар түрінде келетін энергияның арқасында емес, жүйенің табиғатынан берілген ішкі тетіктерінің арқасында жүзеге асырылады деген қорытынды жасауға болады. Осыны лингвосинергетика теориясында жаңа сапа мен жаңа семантикалық ұйымның пайда болуын анықтайтын жасырын тетік – бұл жүйені аттрактор мақсатына қарай жылжытатын көптеген тәртіп өлшемдерінің өзара әрекеттесуі деп тұжырымдалады.

Әртүрлі бағыттағы тербелмелі қуаттың артып, соның нәтижесінде «қарама-қайшы мағыналар», бұрын анықталмаған қосымша қосалқы мағыналардың туындауы тұрақсыздықтың ең жоғары нүктесін сипаттайды. Бұрынғы тәртіппен ұйымдастырылып қалыптасқан бұрынғы түсініктің бұзылуы және артық қуаттың, ақпараттың, жаңа шарттарға сәйкес келмейтін мағыналардың диссипациясы орын алады. Бұл жағдайдағы бифуркация нүктесін адамның санасында мағынаны дамытудағы бағытты таңдау жүзеге асырылатын сәт деп санауға болады. Бұл таңдауға кез келген ауытқу әсер етуі мүмкін (наномағына, ассоциация, әсер және т.б.). Осылайша, синергетика тұрғысынан мағынаны

дамытудың жаңа бағыты жүйенің сапалы өзгеруімен және жаңа ұйымдастырылуымен байланысты.

1.3 Поэтикалық дискурстың синергетикалық сипатын танудың ғылыми-әдістемелік жүйесі

Қазіргі заманғы тіл ғылымында тілдің қатынас құралы қызметімен қатар оның кумулятивтік, танымдық қызметтеріне де айрықша назар аударылып отыр. Осыған орай, тілді зерттеудің антропоөзектік бағытына сәйкес тіл ғылымын психология, мәдениеттану, тарих, әлеуметтану, этнография сияқты салалармен байланысты зерттеу нәтижелері қазақ тіл білімі үшін де маңызды. Осы тұрғыдан қазақ тіл білімінде соңғы жылдары психолингвистика, лингвомәдениеттану, әлеуметтік лингвистика, когнитивтік лингвистика сияқты ғылым салаларымен тоғысатын тіл білімінің жаңа бағыттары бойынша көптеген ғылыми-зерттеу жұмыстары тілдік бірліктерді әртүрлі қырынан зерттеп келеді. Сондай бағыттардың бірі – лингвосинергетика ғылымы.

Синергетиканың пәнаралық парадигма ретіндегі басты ерекшелігі – күрделі жүйелердің өзін-өзі ұйымдастыру заңдылықтарын әмбебап тұрғыда түсіндіруінде, бұл оның басқа ғылыми бағыттардан негізгі айырмашылығын айқындайды. Осы парадигмалық мәнін З.Т.Фокина былайша сипаттайды: «Егер жүйелердің жалпы теориясы, кибернетика жүйелердің жеткілікті түрдегі жоғары ұйымдастырушылық деңгейін қарастырса: биологиялық, әлеуметтік, техникалық және жансыз табиғаттың жүйелі ұйымдасуын қарастырмайды, ал синергетика қарапайымнан ең күрделі жүйелерді қарастырады» [67, 423-427].

Осы саладағы ғалымдардың беделді пікірлері тоқайласып, «синергетика» терминін күрделі жүйелердің өзін-өзі ұйымдастыруы саласындағы пәнаралық зерттеулердің жалпы атауы деген түйінге келеді. Демек, синергетиканың қағидасына сай кез келген жүйе тұрақсыз, тепе-теңсіз, ашық, динамикалық, бейсызықтық өзін-өзі ұйымдастырушы сипатта дамиды.

Синергетиканың объектілері динамикалық, ашық, диссипативті жүйелер болып табылады. Осыған орай, көптеген зерттеушілер тіл де осы қасиеттердің бәрін иеленетіндіктен синергетика объектісі бола алады деп санайды. Синергетика объектілері мен үрдістері жалпы ғылыми феномен бола отырып, көптеген жеке ғылымдардың нысандарын зерттеуде қолданыс тауып отыр. Сондай-ақ тілтанымдық зерттеулерге де біртіндеп еніп келеді.

Осылайша синергетиканың пәнаралық бағыты аясында ашық, диссипативті жүйелердің өзін-өзі ұйымдастыру үдерістерін зерттеуге арналған тиімді әдіснамалық негіз қалыптасты. Бұл мәселені алғашқы зерттеушілердің бірі Б.Г.Юдин өзін-өзі ұйымдастырушы жүйеге былай деп анықтама береді: «Өзін-өзі ұйымдастыратын жүйелер – бұл қоршаған ортамен белсенді өзара әрекеттесу барысында өзінің құрылымын өзгерте отырып, тұтастығын сақтайтын және сол ортаның заңдылықтарына сәйкес әрекет ете отырып, ықтимал мінез-құлық нұсқаларының бірін таңдай алатын жүйелер ретінде сипатталады. Мұндай жүйе көптеген факторларды ескере алады, олардың әрқайсысы кең ауқымда өзгеруі

мүмкін, яғни ол аса күрделі үдерістерді бақылауға, реттеуге немесе басқаруға қабілетті [68, 360-361]. Демек, синергетика – күрделі жүйелердің өзара ұйымдасуына алып келетін үдерістерді зерттейтін жаңа пәнаралық бағыт.

Синергетика ғылымының негізін қалаушы Г. Хакеннің айтуынша, өзін-өзі ұйымдастыратын жүйе сырттан арнайы басқарусыз-ақ уақытша функционалдық құрылымдар құра алады. Яғни мұндай жүйелерде сыртқы әсер негізгі себеп емес, тек қосымша ықпал ретінде ғана көрінеді [52, 28].

В.Г. Буданов синергетиканың жеті әдістемелік қағидасын (принциптерін) көрсетеді:

1. Гомеостатикалық – жүйенің қызмет ету бағдарламасын және ішкі сипаттарын белгілі бір шектерде тұрақты сақтап, сол арқылы өзінің мақсатына, яғни аттракторына қарай қозғалуын қамтамасыз ететін қасиет.

2. Иерархиялық жоғары деңгейлердің төменгілерге қатысты құрылымының сипаты. Төменгі деңгей үшін ғарыш құрылым болса, жоғары деңгей үшін ол – хаостың құрылымсыз элементі, құрылыс материалы. Тілді иерархиялық тұрғыдан суреттеу үшін мынадай мысалдарды келтіруге болады: фонемалар, морфемалар, сөздер, фразалар, мәтіндер.

3. Сызықтан тыс, тура емес кейбір құбылыстардағы басты тұғырдың қағидаларының бұзылуы: Ықпалдың нәтижесінің қосындысы нәтижелердің қосындысына тең емес. Гуманитарлық, сапалық мәнде: нәтиже күш салынған әрекетке сәйкеспейді. Тұтастық – олардың бөліктерінің қосындысы емес; қосындының сапасы қосылғыштардың сапасына тең келмейді.

4. Тұрақсыздық. Тұрақсыздық нүктесінде жүйе бұрын қол жетпеген ақпаратқа қол жеткізеді. Тұрақсыздықтың, таңдаудың күйі бифуркация нүктесі деп қабылданады (екі тісті айырды дәлме-дәл түсінсек, оның баламаларының санына қарай көбірек тісті болуы мүмкін). Олар жаңа сапа туатын кез келген жағдаятта қолданылып, ескі мен жаңаның шегін сипаттайды.

5. Ашықтық – гомеостаздың бір күйінен басқаға ауысуы кезінде күшті сызықтық емес аймақта жүйе тұрақсыздық нүктесіндегі ашық жүйеге айналады. Тілдік ортада мәтіннің ашықтығы сөзжасам үдерісінде де интерпретацияда да көрініс табады. Бұл ашықтық тілге тән және мәдени әрі ерекшеліктерімен түрлендірілетін көптеген ассоциациялар арқылы жүзеге асады.

6. Динамикалық иерархиялық қағида – жүйенің бифуркация нүктелерінен өтуінің, қалыптасуы және иерархиялық деңгейлердің пайда болуының негізгі принципі. Бұл принцип жүйенің жаңа сапада бір деңгейдің өз ішінде пайда болуын сипаттайды, яғни мегадеңгейдегі басқарушы параметрлердің баяу өзгеруі бифуркацияға, жүйенің тұрақсыздануына және макродеңгейде құрылымның қайта ұйымдасуына алып келеді.

7. Бақылаушының жүйе туралы соңғы тәжірибе негізіндегі түсінігін іздеу шектеулігінің және салыстырмалылығын көрсететін принцип. Синергетикада бұл ұстаным алынған түсіндірмелердің бақылау көлеміне жіне бастапқыда күтілген нәтижеге тәуелді болатынын білдіреді [69, 312].

Синергетиканың негізін құрайтын жоғарыда көрсетілген принциптер жеке ғылыми теорияларға да қатысты анықталады.

Семантикалық тұрғыдан поэтикалық мәтіндер өзін-өзі ұйымдастырудың құралы ретіндегі интертекстуалдылықтың зерттелуі негізінде поэтикалық мәтіннің мынадай белгілері анықталады: ашықтық, тұрақсыздық, сызықтық емес, иерархиялық, симметриялық/ассиметриялық, бақылауыштық.

Осы зерттеулерге сүйеніп, мысалы, ашықтық деп жүйенің өзін қоршаған ортамен ықпалдасуын түсінеміз. Ол қарапайымнан күрделіге қарай дамуды түсінуге көмектеседі. Себебі мәтіндегі әрбір иерархиялық деңгейдің дамуы басқа деңгейдегі ақпараттың алмасу жағдайында ғана мүмкін болады.

Бұл арада поэтикалық мәтіннің ашықтығы деп оның интертекстуалды байланыстар арқылы басқа мәтіндердегі ақпаратпен бөлісу қабілеті түсініледі. Зерттеушілер тұрақсыздық белгісін бейнелеу үшін поэтикалық мәтінді лингвосинергетикалық жүйе ретінде қарастырады. Оқиғалардың тізбегі графикалық сызықпен мәтіндік оқиғалар берілген мәтін. Ол оқиғалар мәтіннің бағыты өтетін нүкте. Осымен байланысты тұрақтылық нүктесін зерттеушілер мән-мәтіндік мағыналар туған мәтіндік бірліктер (сөз, сөз тіркесі, сөйлем) арқылы анықтайды. Осы тұрақтылық нүктелерінің жиынтығы негізінде мәтіннің құрылымы мен логикасы құрылады.

Ал, тұрақсыздық нүктелері ретінде бір шығарманың немесе әртүрлі шығармалардың сыртқы және ішкі мәтіндік кеңістігі шегінде интермәтіндік бірліктері (сөз, сөз тіркесі, сөйлем) анықталады. Осы мәселеге қатысты И.В.Сергодеев тұрақсыздық нүктелерін мәтіннің бастапқы шарты деп санайды. Талдау барысында кейбір тұрақсыздық нүктесі бұған дейін өзіне тән емес мәнмәтіндік мағынасы арқылы анықталса, мәтіннің бастапқы шарттары өзгереді, яғни оның семантикасы да өзгереді, сондықтан поэтикалық мәтіннің лингвосинергетикалық жүйесінде ауысу қозғалысының, бағытының бірнеше нұсқасы әрекет етеді. Яғни сол мәтіннің тұрақсыздық нүктесі қанша мағынаны қабылдай алатынын көрсетеді [56, 41].

Поэтикалық мәтіннің жүйе ретіндегі тұрақсыздығы оның сызықтық еместігімен тығыз байланысты. Егер жүйе флуктацияларға, яғни әртүрлі мәдени байланыстарға қатысты жаңа мән туғызуға қабілетті. Сондықтан синергетикада жүйенің орташа жағдайда кездейсоқ ауытқуы флуктация деп ұғынылады [57, 272].

Соның барысында хаос күрделі құрылымның жекелеген бөліктерінің эволюциялық қарқынын үйлестіреді, сондай-ақ қарапайым құрылымдарды біріктіру арқылы жүйенің ұйымдасуын күрделендіру тетіктерін іске қосады. Сонымен қатар дәл осы хаостық тұрақсыздық кезеңінің жүйе дамуы барысында орын алуы – режимдердің ауысуына, жүйе құрылымының келіспеушілігіне және қарапайымдалуына алып келеді. Хаостың бұл «қосарлы» (дуальная) табиғаты күрделі бейсызықты жүйелердің динамикалық өзін-өзі ұйымдастыруын айқындайды [70, 84-85].

Жүйе өзін-өзі ұйымдастыру үдерісінде өтетін фазалар синергетиканың көрсетілген жеті қағидатына сәйкес келеді: тәртіп фазасын сипаттайтын Болмыс қағидаттары (екі қағидат: гомеостатикалық және иерархиялық), сондай-ақ жүйенің жаңару сатысын сипаттайтын Болу (Становление) қағидаттары (бес

қағидат: үш туындаушы қағидат – бейсызықтылық, ашықтық, тұрақсыздық; екі құрылымдаушы қағидат – эмерджеттілік және бақылаушылық) [69, 51].

I. Жүйенің гемоестатикалығы

Гомеостаз – бұл жүйенің өз мақсаттарына жету жолында қажетті шектер аясында өзінің қызметін сақтап тұруына мүмкіндік беретін құбылыс. Норберт Винердің пайымдауынша, кез келген жүйе телеологиялық сипатқа ие, яғни оның өмір сүруінің белгілі бір мақсаты болады. Бұл мақсат эталон рөлін атқара отырып, жүйенің мінез-құлқын сыртқы ортаның әсерінен туындайтын ауытқуларды басып отыратын кері байланыс механизмдері арқылы түзетіп отырады. Осылайша, кез келген күрделі өзін-өзі реттейтін жүйенің түпкі мақсаты өзін-өзі тұрақтандыру, яғни ішкі ортасын тепе-тең күйде сақтау болып табылады. Осы мақсатқа жету үшін жүйе жағымсыз үрдістердің артуына тосқауыл қоятын тетіктерді қалыптастырады, бұл табиғи сұрыпталу қызметін атқарады [71, 14].

Гемеостаз жағдайын сақтауға ерекше үлесті жанды организмдердің барлық ұйымдасу деңгейлерінде әрекет ететін кері байланыс тетіктерін қосады. Кері байланыс екі түрлі болады – жағымды (позитивті) және жағымсыз (негативті). Жағымсыз кері байланыс жүйенің тұрақтылығын сақтауға ықпал етеді, себебі бұл байланыс басқарушы деңгейге төменгі деңгейлерге әсерді өзгерту қажеттілігін білдіреді. Ал жағымды кері байланыс кезінде басқарушы параметрдің ықпалы күшейіп, бұл өз кезегінде жүйенің бұзылуына алып келеді [8, 3].

Осылайша, өзін-өзі ұйымдастыру үдерісінде жүйе тепе-теңдікке ұмтылады, ал оның синергетикада «аттрактор» деп аталатын соңғы күйі (латынша attraho – «өзіме тартамын») – жүйенің әртүрлі бастапқы жағдайлармен айқындалатын барлық ықтимал эволюциялық траекторияларын өзіне тартып тұратын күй болып табылады [72, 86].

II. Жүйенің иерархиялық қағидаты. Ол ішкі құрылымының деңгейлік ұйымдасуын білдіреді. Әрбір деңгей келесі деңгейдің пайда болуы мен дамуы үшін қажетті алғышарт болып табылады және сонымен қатар тұтастықпен әрі өзіндік даму әлеуетімен сипатталады [70, 16].

Тәртіп параметрінің өзгеруі төменгі деңгейдегі жүйе элементтерінің бірізді, синхронды әрекет етуіне алып келеді, бұл бағыныштылық қағидатымен түсіндіріледі. Өзін-өзі ұйымдастыру құбылысында, яғни жүйе элементтерінің келісімді, когерентті өмір сүруінде, сонымен қатар шеңберлі себептілік қағидаты да әрекет етеді. Бұл қағидат көршілес екі деңгейдің элементтері арасындағы өзіндік келісім ретінде түсіндіріледі: бір деңгейдің элементтері басқарушы рөл атқарып, тәртіпті ұйымдастырады, ал екіншісінің элементтері оларға бағына отырып, өздерінің еркіндік дәрежесінің бір бөлігін тапсырады [11, 53]. Иерархиялық жүйелердің маңызды қасиеттерінің бірі – толық редукцияның мүмкін еместігі, яғни күрделірек иерархиялық деңгейлерді оларды құрайтын элементтердің тілімен толық сипаттау мүмкін болмайды. Әр жолы құрылымға біріге отырып, элементтер өздерінің кейбір функцияларын (еркіндік дәрежелерін) осы құрылымға тапсырады, бұл функциялар кейін бүкіл жүйені

сипаттайды. Алайда бұл ұғымдар жүйенің төменгі деңгейінде болмауы мүмкін [11, 52-53].

Жүйеде жаңа сапаның пайда болуы үшін міндетті шарт – даму (қалыптасу) үдерісінің туындаушы қағидаттарының әрекет етуі, яғни мынадай үш түрге бөлінеді: бейсызықтылық, ашықтық, тұрақсыздық:

III. Бейсызықтылық қағидаты. Соның негізінде жүйенің ішкі құрылымының күрделілігін түсіну жатыр, осыған байланысты оның даму бағытын себеп-салдарлық байланыстарға сүйене отырып қатаң әрі бірмәнді түрде алдын ала бағдарлау мүмкін емес. Жүйенің дамуы көпнұсқалы сипатқа ие болып, көптеген оқиғалық ағымдардың күрделі тоғысуының нәтижесі ретінде көрінеді. Бұл ағымдар бірін-бірі күшейтуі, өзгертуі немесе жүйе эволюциясындағы белгілі бір үрдістерді сақтап қалуы мүмкін [71, 14].

И. Р. Пригожиннің пікірінше, тепе-теңсіз күйде тұрған жүйе белгілі бір шекті нүктеге – бифуркация нүктесіне қарай қозғалады. Бұл нүктеде бейсызық жүйенің әрқашан «таңдау» мүмкіндігі болады: ол ары қарай қай бағытта дамитынын өзі айқындайды [73, 216].

Соның нәтижесінде жүйе не бұрынғы аттракторға «қайта оралады», не шекті өзгеріс межесінен өтіп, басқа аттрактордың тартылыс аймағына түсіп, даму бағытын өзгертеді. И.Р.Пригожиннің ізімен С.П.Курдюмов пен Е.Н.Князева бұл құбылысты жүйе дамуының «эволюциялық тармақталуы» деп атап, бейсызықтылық жүйе дамуының бірегей сценарийін болжаудың сенімді еместігі мен жеткіліксіздігін білдіреді деп санайды. Себебі бифуркация нүктесіндегі таңдау кездейсоқтық арқылы жүзеге асады, ал кездейсоқтық, әдетте, қайта қайталанбайды [70, 22-24].

III. Ашықтық. Жүйенің өзін-өзі ұйымдастыру үдерісі оның сыртқы әлемге қатысты түбегейлі ашықтығын болжайды. Жүйе мен оны қоршаған орта арасындағы өтпейтін шекаралардың болмауы – энергия мен ақпарат алмасу үдерісін қамтамасыз етеді. Дәл осы алмасу нәтижесінде жүйе қалыптасады, күрделене түседі және өзін-өзі ұйымдастыру деңгейін арттырады.

Классикалық ғылымда кез келген жүйенің белгілі бір дәрежеде ашық болу фактісі мойындалмаған, сондықтан барлық жүйелер тұйық күйде зерттелген. Алайда термодинамиканың екінші заңы ашылғаннан кейін тұйық жүйеде хаос азаймайтыны, керісінше, арта түсетіні, демек, мұндай жүйенің хаосқа – жылулық өлімге ұшырайтыны туралы түсінік пайда болды. Осылайша, дәл ашықтық қасиеті жүйелерге қарапайымнан күрделіге қарай эволюциялануға мүмкіндік береді.

Алайда С.П.Курдюмов пен Е.Н.Князева жүйенің өзін-өзі ұйымдастыруы үшін ашықтық қасиеті жеткіліксіз екенін атап көрсетеді. Басқаша айтқанда, кез келген ашық жүйеде өзін-өзі ұйымдастыру үдерістері орын ала бермейді. Энергиямен, затпен, ақпаратпен сыртқы ортамен алмасу екі қарама-қайшы үдерістің нәтижесінде жүреді: бір жағынан, жүйеде жаңа құрылымдар пайда болып, әртектілер (гетерогенділік) қалыптасады, ал екінші жағынан, осы әртектілер жойылып, таралады, яғни жүйенің энергиясы сыртқы ортаға диссипацияланады [70, 20].

Жүйе тұрақсыздық нүктелерінде міндетті түрде ашық күйге көшетінін атап өту маңызды.

IV. Тұрақсыздық. Бейсызықтық пен ашықтық принциптерінің әсерінен жүйе міндетті түрде гомеостаз аймағын тастап, тұрақсыз күйге өтеді. Ұзақ уақыт бойы тұрақсыздық жүйенің кемшілігі ретінде қабылданған болатын. Тұрақсыздық пен динамикалық жүйелердің мінез-құлқының алдын ала болжанбайтынын түсіну біздің әлеміміздің күрделілігін тереңірек ұғынуға серпін беріп, динамикалық хаос, ерекше аттрактор және фрактал сияқты маңызды синергетикалық категориялардың ашылуына негіз болды. Синергетика тұрақсыздықты жүйенің тұрақты дамуының ең маңызды шарттарының бірі деп қарайды, ал хаостың шығармашылық потенциалы жүйенің жаңа ұйымдастырушылық формаларын құру факторы болып табылады [71, 18].

V. Жүйенің эмердженттілік принципі (динамикалық иерархиялық принцип) – басқарушы тәртіп параметрлерінің баяу өзгерісі, бифуркация нүктесінен өту және құрылымның қайта құрылуы арқылы жүйеде жаңа сапаның пайда болу үдерісін сипаттайды.

Жаңа күйдің бифуркация нүктесінде пайда болу үдерісін сипаттау үш деңгейлі тіл арқылы жүзеге асады: мега-, макро- и микродеңгейлер. Бифуркация нүктесінде макродеңгейдің тәртіп параметрлері – ұжымдық айнымалылар ретінде – өз еркіндік дәрежелерін қайтарып, микродеңгей хаосында еріп кетеді. Жаңа тәртіп параметрлері мега- және микродеңгейлердің өзара әрекеттесуі нәтижесінде туындап, жаңартылған макродеңгейді қалыптастырады. Макродеңгейде даму бағытын таңдау сәті дағдарыс күйімен сипатталады. Болмыстағы ең баяу болып саналатын тәртіп параметрі болмыстың қалыптасу сәтінде ең табанды және ең жылдам факторға айналады [11, 61].

VII. Бақылау принципі. Ол жүйе туралы білім алу үдерісінің салыстырмалы сипатын айқындайды. Бақылаушы зерттеліп отырған синергетикалық жүйелердің әрекетіне әсер ету мүмкіндігімен шектеледі, себебі бейсызық үдерістердің түрленулері алдын ала болжауға келмейді, ал бақылау құралдарының жүйемен өзара әрекеттесуі бақыланбайды. Синергетикада зерттеу нәтижелерін түсіндіру бақылау ауқымына тәуелді: макродеңгей тұрғысынан хаосты болып көрінген нәрсе микродеңгейде реттелген құрылымға айналуы мүмкін [11, 64].

Жоғарыда баяндалған синергетиканың принциптері күрделі жүйелердің дамуын тұрақты күйден тұрақсыздыққа, хаос арқылы тәртіпке өту үдерісі ретінде түсіндіруге мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан алғанда, синергетика қоршаған әлемді, соның ішінде тіл мен дискурсты дайын күйіндегі құрылым емес, үздіксіз қалыптасу мен жаңару үстіндегі ашық жүйе ретінде тануыдың тиімді әдіснамалық негізін ұсынады.

Тілді халық арқылы, халықты тілі арқылы, сондай-ақ адамды тілі (сөзі) арқылы, сөзі арқылы адамды тану идеясы туралы пікірлер әр дәуірдегі ұлы ойшылдардың еңбектерінде кездеседі. Мысалы, зерттеуші Н.Уәли «Адамына қарап сөзін алма, сөзіне қарап адамын ал» дейтін Абайдың философиялық ойы субъектінің сөзі арқылы оның әлеуметтік, білімдік, психологиялық тұлғасын

тану жөніндегі антропоцентристік идеямен үндес екені айқын аңғарылып тұрады» деген Абай танымын көрсетеді [74, 16].

Лингвомәдениеттанушы ғалым В.Маслова: «Адамзат мәдениетінің кез келген құбылысы тек ойлау мүмкіндіктерінің іске асуы ғана емес, сонымен бірге әлемді көрудің белгілі бір тәсілі, оны түсіну әдісі болып табылады» – деп тұжырымдайды. Мәдениет әлем көрінісімен тығыз байланысты; мәдениет, бір жағынан, тілге тәуелді болса, екінші жағынан, оған әсер етеді. «Тіл – мәдениет фактісі» деген тұжырымдарын В.А. Маслова мынадай ұстанымдармен белгілейді: «1) ол – ата-бабамыздан мұра болып келе жатқан мәдениеттің ажырамас бөлігі; 2) тіл мәдениетті игеретін негізгі құрал; 3) тіл мәдени тәртіптің барлық құбылыстарының ішіндегі ең маңыздысы, өйткені мәдениеттің, ғылымның, діннің, әдебиеттің мәнін түсінгіміз келсе, онда бұл құбылыстарды тіл сияқты қалыптасқан кодтар деп қарастыруымыз керек, өйткені табиғи тіл барлығынан жоғары» [75, 241]. Белгілі мәдениеттанушы ғалым А.Вежбицкаяның еңбегінде жоғарыдағы пікірдің жалғастығы көрінеді және бұл сабақтастықта таным негізінде әрі қарай ұластырған ғалымның тұжырымы назар аудартады. Атап айтқанда, ғалым: бірінші кезекте мәдениет пе, әлде тіл ме деген шешімі қиын (бәлкім, шешілмейтін) сұрақты ортаға салады. Мәдениетке біріншілік тән болса, мәдени құндылықтар осы күнге дейін тілсіз қалай сақталып келді, өйткені, мәдени құндылықтардың жинақтаушысы, «мәдениет сақтаушысы» тіл екені белгілі. Бірақ тілге біріншілік тән болса, демек, мәдениет тілдің пайда болуымен бір мезгілде пайда болады, сондай-ақ, тіл – адамдар арасындағы мәдени қарым-қатынастың өнімі болып табылады. Тіл мәдениетті айқындап немесе білдіріп қана қоймайды, ол белгілі бір дәрежеде мәдениет ретінде де қолданылады. Сонымен, тіл тек мәдениет фактісі ғана емес, сонымен бірге оны білдіру формасы және ішінара мәдениеттің өзі деп анықтайды. А.Вежбицкая сондай-ақ «әртүрлі тілдердегі сөздердің мағыналары сәйкес келмейді (тіпті олар сөздіктерде бір-бірімен жасанды түрде сәйкестендірілсе де), олар белгілі бір қоғамға (немесе тілдік қауымдастыққа) тән өмір салты мен ойлау тәсілін суреттейді және жеткізеді, олар мәдениетті түсінудің баға жетпес кілттері болып табылады» деп тұжырымдайды [76, 18].

Отандық тіл білімінде тілдегі антропоөзектік парадигма аясында Ә. Қайдар, Р. Сыздық, Н. Уәли, Ж. Манкеева, Ф. Оразбаева, Э. Сүлейменова, Б. Хасанов, Б.Момынова, А.Салқынбай, Г.Шоқым, Г.Смағұлова, Э.Оразалиева, Ш. Елемесова, А. Әмірбекова, А. Абасилов, Ж. Сұлтан сияқты ғалымдар тілді тіл тарихы, тілдік жаңа бағыттар (когнитивті лингвистика, этнолингвистика, психолингвистика, лингвоелтаным, лингвомәдениеттаным, нейролингвистика, прагмалингвистика, гендерлік лингвистика, лингвопалеонтология, эколингвистика, компьютерлік лингвистика және т.б.) тұрғысынан жан-жақты қарастырып, қазақ тіл білімін жаңа іліммен толықтыруда.

Осы парадигма аясында лингвосинергетика немесе лингвистикалық синергетика тілді зерттеудегі пәнаралық тәсіл болып табылады. Синергетикалық принциптерді тілді зерттеуде қолданудың қажеттілігі туып отыр, өйткені тіл

ашық, динамикалық, сызықтық емес, өзін-өзі ұйымдастырушы жүйе ретінде синергия жүйесінің барлық критерийлеріне сәйкес болып тұр.

Лингвосинергетика – тілді адами, әлеуметтік, биопсихикалық, когнитивтік құбылыс ретінде танитын жаңа парадигма. Сондықтан да адам болмысы мен әрекетіне сәйкес күрделі жүйе құрылымының менталды лексиконы (этномаркерлі лексиканы) синергетика әдіснамасы арқылы іштей ұйымдасқан психолингвистикалық үрдістің динамикасын бейнелейтін адами жүйе ретінде танылады. Ал оның өзегі ретіндегі сөз, мәтін одан әрі дамып, өзгеруге апаратын қуат, ақпарат көзі ретінде өз ішінде ұйымдаса келіп, тұтастықты құрайды. Олай болса, лингвистиканың синергетика пәнін жоғарыда келтірілген ғалымдардың еңбектері мен тұжырымдарына сүйеніп, қысқаша түрде «тілдің өзін-өзі ұйымдастырушылық және өзін-өзі реттеушілік тетігін зерттеуге арналған ілім» деп анықтауға болатын сияқты [19, 23]. Демек, қазіргі таңда тіл осы синергетикалық бағытта өзін-өзі реттеуші сызықтық емес (нелинейный) динамикалық жүйе ретінде қарастырылуда. Лингвосинергетика – көптеген бағыттарды біріктіре отырып, мәтіндегі мағынаны ашық, диссипативті, динамикалық жүйе ретінде қарастырады.

Мәтінді зерттеуші лингвистер мәтіннің құрылымын қарастыру барысында, ол жүйенің тепе-тең емес, тұрақты күйі ретінде берілген, қоршаған ортада қозғалып, онда қайта реттелуге қабілеті бар екендігіне назар аударады: «мәтін – бұл тілдік элементтердің сызықтық тізбегі емес, бірақ белгілі бір мағыналық сызықтық емес, күрделі, иерархиялық ұйымдасқан тұтастықтың репрезентанты [77, 56].

Сонымен, қазіргі тіл білімінде зерттеудің жаңа аспектісі синергетикалық парадигма тұрғысынан зерттеуге бет бұрып келеді. Осымен байланысты тілді талдаудың синергетикалық әдісі мұқият назар аудара отырып қарастыруды талап етеді.

Қазіргі тілдің «жаңаша шынайылығын» ашуға мүмкіндік бере отырып, жаңа қырынан зерттеуге жол ашатын жаңа парадигмалардың бірі осы синергетика парадигмасы. Қазақ тіл ғылымында да жаңадан қалыптасып келе жатқан синергетикалық тәсіл постклассикалық ғылымның феномені ретінде ғаламның тілдік бейнесін зерттейтін тиімді әдіс болып табылады. Бүгінде ол табиғаттағы күрделі жүйелер мен үдерістерді зерттеудің қатарында тілді зерттеудің де әдіснамасы ретінде қолданыла бастады. Тіл білімінде салыстыру, салғастыру, топтастыру, жүйелеу сияқты дәстүрлі әдістермен қатар басқа да эксперименттік әдістердің де қолданылатыны белгілі. «Синергетика» ұғымы, негізінен, физика-химиялық құбылыстардың іштей өзіндік ұйымдасуын зерттеуге қатысты қолданылып, қалыптасқан термин.

Сөздің құдіреті, оның оқырманға әсер ету күші поэтикалық мәтіндерде ерекше көрініс табады. Синергетика тәсілі арқылы поэтикалық мәтіннің терең мағынаның пайда болуының тетіктерін табуға мүмкіндік береді. Синергетика теориясының негізін салушылардың бірі Г.Хакен күрделі сызықтық емес жүйенің әрекеті қоршаған ортаның жағдайына байланысты деп көрсетеді.

Поэтикалық мәтін үшін «қоршаған ортаның жағдайы» болып мыналар табылады:

1) тудырушы сана, ақынның түйсігі мен талантына байланысты туындаған өлеңдер.

2) қабылдаушы сана, поэтикалық мәтіннің кодын ашуды жүзеге асырады.

Поэтикалық мәтіндердің синергиялылығы контексте маркерлердің сапасы мен саны арқылы анықталады. Осы мақсатта поэтикалық мәтіндерге зерттеу жүргізген Е.Ю.Муратованың пікірінше, синергетикалық тәсіл поэтикалық мәтіндегі терең құбылыстардың тетіктеріне жаңаша қарауға жол ашады. Ғалым мәтіннің синергетикалық коэффицентін анықтау үшін мынадай формула енгізген: СК = A/N, мұндағы А – маркер саны, N – шумақ саны [78].

Поэтикалық мәтіндерге синергетикалық зерттеу жүргізген Е.Ю.Муратованың пікірінше, лингвопоэтикалық құрылымдық жүйеге сәйкес зерттеулерде мәтінді қабылдау және түсіндіру барысында оның «күрделілігі, жеңілділігі, қиындығы» маңызды мәселелердің бірі болса, синергетикалық тәсіл поэтикалық мәтіндегі терең құбылыстардың тетіктеріне жаңаша қарауға мүмкіндік береді. Ғалымның анықтауынша: «Синергетикалық мәтін – бұл бірден байқалмайтын мағыналарды және мәтінішілік сызықтық емес (нелинейный) қатынастар мен үдерістердің жиынтығын білдіретін көп кодталған мәтін» Сондықтан Е.Муратова мәтіннің синергетикалық коэффицентін анықтау үшін мынадай формула енгізген: СК = A/N. Мұндағы СК – синергетикалық коэффициент, А – маркер саны, N – шумақ саны. Бұл формула бойынша A/N қатынасы жоғары болса, соғұрлым мәтіннің синергетикалық күші жоғары болады. Ғалым осындай мыңдаған поэтикалық мәтіндерді зерттей отырып, мынадай тұжырымға келген: СК = 0,25 (яғни 4 шумақтағы бір маркер: 1/4 = 0,25). Демек, синергетикалық мәтін – бұл мәтіннің 0,25 кем емес синергетикалық коэффиценті бар мәтін. Бұл коэффицент жоғары болған сайын мәтіннің синергетикалық сипаты күштірек болады [77, 54-55].

Е.Ю.Муратова зерттеуінде поэтикалық мәтіннің синергетикалылығы арнайы тілдік маркерлер арқылы айқындалатыны көрсетілген: «Поэтикалық мәтіннің синергетикалылық грамматикалық және мәтіндік маркерлеріне мыналар жатады:

1. Лексемалардыңстандарттан тыс синтагмалық байланыстары;

2. грамматикалық категориялардың өзіндік, ерекше көрініс табуы мен рәсімделуі;

3. таңбаланушының (сөздің фонетикалық бейнесінің) таңбаланушыға (лексикалық мағынаға) ықпалы;

4. интертекстуалдылық;

5. дискурсивтілік;

6. лексикалану» [77, 55].

Осы тұрғыдан алғанда, Е.Ю. Муратова ұсынған синергетикалық маркерлер поэтикалық мәтіндегі мағынаның тұрақсыздануынан бастап, оның қайта ұйымдасып, жаңа сапаға көтерілуіне дейінгі барлық кезеңдерді қамтиды. Бұл

маркерлер поэтикалық мәтінді дайын құрылым емес, мағыналық жүйесі үнемі қозғалыста болатын синергетикалық жүйе ретінде сипаттауға мүмкіндік береді.

Демек, синергетикалық маркерлердің басқа тілдік маркерлерден айырмашылығы – олардың поэтикалық мәтіндегі мағынаны дайын күйінде емес, өзін-өзі ұйымдастыру үдерісінде қарастыруында.

Мысалы, Мұқағали ақынның «Біздің таулар керуендей шұбалған» деген өлеңін алар болсақ:

Біздің таулар керуендей шұбалған,
Күнді өздері батырған да шығарған.
Тұлғаларын тұңғиыққа суарған,
Олар биік тұманнан да мұнардан.

Сенсең бөрік, сәлде шалған – атамдар,
Желкен бұлттар – желкілдеген сақалдар.
Өркеш-өркеш маң-маң басқан атандар,
Біздің таулар – аяқталмас сапарлар.

Көшін тартып, көше-көше сабылып,
Көш бастаушы бағытынан жаңылып.
Біздің таулар – тоқтап қалған керуен,
Сахараның сағымына аңырып [78, б 229].

Жоғарыда берілген өлең 12 жолдан тұрады, 11 маркер қолданылады. 3 стандарттан тыс комбинация бар: (Күнді өздері батырған да шығарған, Тұлғаларын тұңғиыққа суарған, сахараның сағымына аңырып), дискурсивтік маркерлер (Біздің таулар – аяқталмас сапарлар, Біздің таулар – тоқтап қалған керуен) салыстырмалы маркерлер (таулар керуендей шұбалған, таулар – аяқталмас сапарлар, көш бастаушы, тоқтап қалған керуен), этномаркерлер (сенсең бөрік, сәлде шалған – атамдар, өркеш-өркеш маң-маң басқан атандар). Жол саны – 12. Мәтіннің синергетикалық коэффиценті – 0,91.

Мысалы Мұқағали ақынның 12 жолдан тұратын «Жыр-ошақ» деген өлеңін алар болсақ:

Күмілжіп, күйің келмей тұр ма, жаным?..
Қояйын бір сапырып жыр қазанын.
Біле ме жұрт, білмей ме, бимағлұм,
Тарғыл тасты таулардың бір қазағын.

Бәрібір, сенсін мейлі, сенбесін көп,
(Менің ойым менімен жерге сіңбек...)
Жыр-ошақтың өтемін отын үрлеп,
Қара өлеңі қазақтың сөнбесін деп.

Батар, кетер келмеске күнім менің,
Қалар бірақ киелі тілім менің.
Қасіретті шақтардан түңілгенде,

Қасиетті тілімнен түңілмедім [78, 67].

Жоғарыда берілген өлең 12 жолдан тұрады, 8 маркер қолданылады. Шумақтағы жол саны – 12. Мәтіннің синергетикалық коэффиценті – 0,66. Демек бұл өлеңнің жоғарыдағы өлеңге қарағанда мәтін синергетикалылығы төмен деуге болады. Аталған формула арқылы синергетикалық мәтінде терең кодталған маркерлерді толық көрсете алмауы да мүмкін.

М.Мақатаевтың «Өкпе-наз» өлеңіне синергетикалық талдау жасай отырып, оның синергиялық коээфициентін анықтай аламыз. Мысалы:

Мына алла шыныменен қарғады ма?
Рахымсыз тұрмысым алдады ма?
Өмірлік досым деген мына адамға,
Беделім бес тиындық қалмады ма? Яу!

Көңіл қымбат алтыннан,
Білмес оны қандай жан.
Мен – бақытсыз бала құс,
Қанаты отқа шарпылған!

Ойым – өріс, жүрегім – жаз, көңілім – көктем,
Басым – бұлт қар жаудырып, нөсерлеткен.
Қамқоршым – қағаз, қалам, жүйрік қиял,
Жабырқау жас жүректі еңіреткен. Яу!..

Сайра, сайра, қызыл тіл!
Ерік сенде, өзің біл!
Деуші едің ғой, қалқажан:
«Өмір – күрес, көңіл – гүл!» [78, 39].

Бұл өлеңде барлығы 15 маркер бар. Стандарттан емес комбинациялар саны – 11 (Көңіл қымбат алтыннан, Қанаты отқа шарпылған, Басым – бұлт қар жаудырып, нөсерлеткен, Жабырқау жас жүректі еңіреткен, Мен – бақытсыз бала құс, Ойым – өріс, жүрегім – жаз, көңілім – көктем, басым – бұлт, өмір – күрес, көңіл – гүл), дискурсивтілік маркерлер – 3. (Мына алла шыныменен қарғады ма?, Рахымсыз тұрмысым алдады ма?, Беделім бес тиындық қалмады ма?). Этномаркер – 1 (қалқажан). Жол саны – 16. Мәтіннің синергетикалық коэффиценті – 1. Бұл өлеңнің синергетикалық коэффициенті жоғарыдағы өлеңдермен салыстырған да өте жоғары деуге болады.

М.Мақатаевтың бұл өлеңін лингвосинергетикалық тұрғыдан талдай отырып, поэтикалық мәтіннің ішкі ұйымдасуын және динамикалық дамуын, тілдік бірліктердің өзара әрекеттесуін көре аламыз. Бұл әдіс арқылы поэзияда көрініс табатын аттракторлар, флуктациялар, бифуркациялық нүктелер және диссипативтік үдерістер анықталады. Мысалы, «Қара өлең» өлеңінің талдауы:

Қалқам,
Мен Лермонтов, Пушкин де емен,
Есенинмін демедім ешкімге мен,

Қазақтың қара өлеңі – құдіретім,
Онда бір сұмдық сыр бар естілмеген.
Жат жерді жастанғанда жазатайым,
Қанымен жазды, мүмкін, ағатайым.
...Қасиетіңнен, қара өлең, айналайын,
Қазақтың дәл өзіндей қарапайым.
Түзу-түзу тілінген таспадайын,
Қамшы өремін таспадан басқадайын.
Қаламасаң қамшымды аулақ жүргін.
Қараша үйдің есігін ашпа, ағайын!
Түзу-түзу жыртылған аңыздайын,
Аңызыма неге нәр тамызбайын.
Қара өлеңі қазақтың қаза болса,
Қара көзден неге қан ағызбайын.
Іздемпаздық менің де бар өнерім,
Будан жасап бидай мен тары егемін.
Қазан-миым бәрін де қайнатады.
Дара қойып қазақтың қара өлеңін.
Ақынмын деп қалай мен айта аламын,
Халқымның өзі айтқанын қайталадым.
...Күпі киген қазақтың қара өлеңін,
Шекпен жауып, өзіне қайтарамын... [78, б.123].

Бұл өлеңде қара өлең тіркесі – аттрактор. Ақын қара өлеңді тек әдеби стиль ретінде емес, ұлттық мәдени кодын сақтаушы жүйе ретінде қарастырады. Бұл аттрактор өзіне басқа құрылымдарды тартады: тарих, дәстүр, тіл, рух.

Жат жерді жастанғанда жазатайым,
Қанымен жазды, мүмкін, ағатайым.

Бұл жолда флуктуация бар. Ақын қазақ поэзиясының жазылуын кездейсоқ емес жаралы, қанмен жазды деп тарихтан хабар беріп отыр.

Қара өлеңі қазақтың қаза болса,
Қара көзден неге қан ағызбайын.

Бұл өлең жолдары бифуркациялық нүкте, яғни қара өлең жоғалса –ұлттық поэзияның күйреуі.

...Күпі киген қазақтың қара өлеңін,
Шекпен жауып, өзіне қайтарамын...

Бұл – энергияның сыртқа шығуы. Жүйе өзінің мағынасын толықтай ашып, «Шекпен жауып» ұлттық болмысты қайта жаңғыртып, жаңаша мағына да қолданыс тауып тұр.

Мысалдардағы өлең жолдарында кездескен «сеңсең бөрік, сәлде, қазан, ошақ, таспа, қамшы, күпі, шекпен» сияқты қазақ халқының тұрмысында кездесетін сөздерді орнымен қолдана білуі ақынның шеберлігін көрсетіп, оның сөз қуатын күшейтіп тұр. М.Мақатаев ұлттық сананы көтеру, ояту, жаңғырту үшін тілдік бірліктерді өте ұтымды қолдана білетін, ұлттық рухты жандандыратын ұлттық тілдік тұлға екені белгілі, елдің тұрмыс-тіршілігіндегі

сөздерді екшеп, іріктеп поэзиясында қолдануы қазақ сөз синергиясын айқындай түседі.

Мәдениеттің тілге қатысы жөнінде Ж.А. Манкеева «Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері» атты еңбегінде былай дейді: «Этномәдени атауларды талдау негізінде «мәдениет» ұғымының тілге қатысты мәнін былай түсіндіруге болады: кез келген ұлттық мәдениеттің негізі – ортақ тілде сөйлеп, ортақ мүдде мен қағидаларға сай өмір сүріп, әрекет ететін этноұжымда қалыптасқан шындық дүниенің тұтастығы, этностың материалдық және рухани кеңістігі. Олай болса, «тіл – ұлттың тірегі, ұлт мәдениеттің негізі» деген қағидаларға сәйкес тіл мен мәдениет арасындағы байланыстың арқауы сан ғасыр өтсе де, бар асылын өз бойында сақтап, еш шашусыз жиып, болашаққа жеткізетін тілдің құдіреті – кумулятивтік қызметі негізінде шешіледі. Нақты түрдегі оның тілдік көріністері: материалдық мәдениет (тұрақ, киім, тамақ, тұрмыс бұйымдары, еңбек құралдары т.б.) және ұлттық тіл арқылы ұрпақтан-ұрпаққа сақталып, жеткізілетін рухани мәдениет (салт-дәстүр, миф, өнер, дін, тәлім-тәрбие, көркем мәтін т.б.) және ұлттық психология, таным тұрғысынан жасалатын рәміздік жүйе, сакрализация тәсілімен сақталатын өнер, археология туындылары т.б. атаулары» [79, 14]. Өлеңсөзде кездесетін заттық мәдениет атауларының көбі жалпы адамзатқа тән. Бірақ оларға көзқарас білдіріп, баға беруде ұлттық ерекшеліктерді байқаймыз.

Қозыкөш жер қырғыннан ұзағанда,

Құлын дауыс естілді шырылдаған.

Өлеңсөздегі қозыкөш жер сөзін ақын өте ұтымды, тиімді қолдана отырып, тағы да қазақы дүниетанымнан ақпарат беріп отыр.

ҚОЗЫКӨШ: қозыкөш жер. э т н. Х а л ы қ т ы қ ө л ш е м. Тым шалғай емес, тез көшіп жететіндей жер [80, 660].

Бүгінгі күні бұл сөздер (этнографизмдер) күнделікті қолданыста өте сирек қолданылатын сөздерге айналып жатыр. Ал негізінде тілдің кумулятивтік қасиеті халықтың этномәдени өмірі туралы ақпараттарды беретін, жеткізетін осы этнографизмдер екені айдан анық.

Қазақ тіл білімінде этнолингвистика саласының негізін салушы, көшбасшы Ә. Қайдар былай дәйектейді: «Этнографизмдер дегеніміз – тұрмысымызда болған, әлі де қолданылып келе жатқан күнкөріс бұйымдардың белгілі бір кәсіпке, шаруашылыққа, салт-дәстүрге, әдет-ғұрыпқа, наным-сенімге, баспанаға, киім-кешекке, ішер асқа, туыстық қатынасқа, ел билеу ерекшелігіне, заң тәртібіне, әдеттік құқыққа байланысты қолданылатын, халқымыздың тұрмыстық және тілдік өзіндік ерекшелігін көрсететін арнаулы атаулар мен сөз тіркестері [81, 20].

Сонымен, этнографизмдер – тілдің «куммулятивтік» қасиетіне сай ғасырлар құпиясын бойына сақтап, синергиялық байланыстар арқылы жүзеге асыратын этнотілдік деректер мәңгілікке сақталатын сарқылмайтын асыл қазына. Шын мәнінде қазақ халқының өзіне ғана тән этномәдени тілдік бірліктер ретінде олардың ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу арқылы ұлтымыздың құндылықтарын өз деңгейінде ұстап тұруда, басқа халықтан ерекше екенінен хабар беретін, өзіндік

мәдениеті бар, өзіндік тілдік қоры бай халық екенін танытудағы таптырмас асыл қазынамыз екені қазіргі тіл арқылы ұлт болмысын танытатын этнолингвистика, лингвомәдениеттану т.б. пәндер арқылы анықталып отыр.

Адамдардың шындық дүниені қоршаған заттар мен құбылыстардың тілдегі атаулары арқылы объективті танитыны және танытатыны белгілі. Осы тұрғыдан көркем сөз авторының көркем ойлауы, шеберлігі, мәтінтүзуші бірліктерді ұтқыр қолдана отырып, оқырманға өз идеясын, ойын тиімді жеткізе алуы, яғни тілді толық игеріп, шебер қолдануы аса маңызды.

Демек, поэтикалық мәтіннің идеясын, оқырман түсіне алатындай, оқырманға ықпал ете алатындай, қандай тілдік бірліктермен бергенін, сол арқылы оқырманның эмоциясын, шығармашылық белсенділігін оятуға қалай бағытталғанын прагматикалық зерттеу анықтайды.

Бұл жайлы Г. Әзімжанова: «Автор оқырманның мәтінді қиындықсыз қабылдауын ескеріп, елеп-екшеп отырады. Бұл қағида – автордың көздеген прагматикалық бағдары деп аталады және де «Прагматиканың басты мақсаттарының бірі – сөздің қолданылу ережесін түсіндіру және қалай түсіндірілетінін анықтау» деп көрсетеді [82, 56].

Тілді зерттеудің қазіргі замандағы антропоөзектік парадигмасының шеңберінде көркем мәтін тілін лингвопрагматикалық аспектіде кешенді қарастыру суреткердің шығармашылық қолданысындағы тіл қызметіне сәйкес сөз әлеуетін сипаттайды. Соның нәтижесінде тіл тек символдар, паремиологиялық және фразеологиялық жүйе, прецеденттік, сакралды атаулар мен метафоралар құрылымдалған шығармашылық кеңістікте және автордың өзара танымдық көркем әлеміне сай окказионалдық сипатта әрі қарай дамитын ашық жүйе ретінде талданып, көркем коммуникативтік прагматикасы танылады.

Осыған орай, көркем кеңістікте (жырларда, тарихи шығармаларда т.б.) бейнеленіп, санамызда құрылымдалған мәдени бейненің бүгінге жалғасуына негіз болатын этноатаулардың қызметі ерекше назар аударады: «Қазіргі бәрі бір қалыптан шыққандай ұқсас, сұр да жұтаң дүниелер адам жанына ләззат беріп, еңсесін көтермейді, қарағанда санасына ұлттық сәуле құймайды. Сондықтан тіліміздегі сақталған, әсем жырлар арқылы жатталған киім атаулары арқылы жас ұрпақ халық мұрасы секілді сан ғасыр бұрын болған озық үрдісті танып біліп, тұнық бастауына қайта оралса, ұлттық мәдениетіміздің шын мәніндегі қайта жаңғыруына септігін тигізері сөзсіз. Тілдің танымдық, тәрбиелік мәнінің өзі де осында» [83].

Демек, лингвистердің көркем мәтін тілін талдау барысындағы зерттеушілік өрісі тілдің имманенттік құрылыс кеңістігімен шектеліп қоймайды. Антропоөзектік парадигмада, соның ішінде лингвосинергетика парадигмасы арқылы тіл қызметі статикалық күйде емес, динамикалық сөз үдерісінде, ашық жүйе ретінде кешенді сипатта талданады.

Сондықтан да тілдің өзіндік семантикалық базасында тілді меңгерген тіл иесінің қалыптастырған ғаламның тілдік бейнесінің әр тілде әртүрлі болуы заңдылық. Тілдегі мәдени құндылықтар сөздердің мәні арқылы ұлттық мінез бен ұлттық менталитетті қалыптастырады. Осы орайда фразеолог-ғалым

Г. Смағұлова былай дейді: «Тіл бір адамның меншігі емес десек те, сол тілде сөйлейтін жеке адам өз ұлтының бүкіл бітім болмысы, өмірлік тәжірибесін, дәстүрлерін меңгеру, сіңіру арқылы ол да аз тарапынан ұжымдық мәдениетке үлесін қосады. Осындай ерекшеліктер арқылы тұлға ретінде ұлт өкілі боп сақталады [84]. Мысалы, М.Мақатаев тіліндегі ғаламның тілдік бейнесінің ерекше болуы, ұлттық нақышта ұлтжандылық маркерлердің жиі кездесуі олардың өз ана тіліндегі барлық сөздердің мәнін терең байланысын түсініп, ұлттық таным тұрғысынан шегелеуінде, сол деңгейде өсіп-өнуінде жатыр деп ойлауға негіз береді.

Осымен байланысты Г.В. Колшанский ғаламның тілдік бейнесі мынадай анықтама береді: «Шынайы, тілдік емес, әртүрлі топтағы адамдардың тарихи, жағрафиялық, мәдени және басқа да факторлар ықпалымен біртұтас объективті әлем шеңберінде жүзеге асқан танымдық қызметінің көрінісі» [85]. Демек, «ғаламның тілдік бейнесі» адам санасында өмір сүру тәжірибесіне қатысты қалыптасып, соның әсерінен тілінде өзгеріске түсіп, дамып отыратын ақпараттар жүйесі.

М.Мақатаев тіліндегі қазақ ұлтының кейпі оның шығармаларындағы ғаламның бейнесі ретінде байқалады. Мұны, әрине, концептілік құрылымнан ерекше нақышта көруге болады.

Бұл жайт әрқашан даму үстіндегі күрделі жүйе ретінде бағаланатын поэтикалық мәтіндерді лингвосинергетикалық тұрғыда зерттеудің мақсатын белгілейді. Осыған орай қолданылған лингвосинергетикалық тәсіл арқылы поэтиканың дискурстық кеңістікте сызықтық емес үдерістегі мағыналық бейнелерінің энергиялық күші мен дискурстық кеңістіктегі қозғалысы анықталып, дискурс күрделі ашық сызықтық емес жүйелер аясында қарастырылады. Соның нәтижесінде синергетикалық тәсіл арқылы талданған Мұқағали Мақатаевтың поэтикалық мәтіндерінің көркемдік ерекшеліктерін айқындайтын көркем сөз қуатының қозғаушы күштері жаңаша көрсетіледі.

Мысалы, М.Мақатаев «Өмірге серт» өлеңін талдар болсақ:

Келдім, өмір, қойыныңды аш, енейін,
Ашты-тәтті тамағыңнан өбейін.
Тартылмаған талабымды қуат қып,
Соқпағыңмен мен де алысып көрейін.

Көрген күнім егерде қараң болса,
Оған менің жетпесе бойда күшім.
Қан орнына жүрекке қайғы толса,
Жас жанымды қиямын соның үшін!

Жас жанымды бере алмаспын бекерге,
Арпалысып азабыңды алармын.
Жер бетінде жақсы тіршілік етерге,
Өзіме лайық бақытымды табармын.

Бақыт іздеп соңғы сәулем сөнгенше,
Азабыңмен аянбай-ақ алысам!
Сенің түрткі күндеріңе көнгенше,
Мәңгі дымқыл төсегіммен табысам! [78, 14].

Өлеңдегі негізгі аттрактор – өмір. Флуктациялық маркерлер: өмір, қойыныңды аш, енейін, Ашты-тәтті тамағыңнан өбейін. Соқпағыңмен алысып көрейін, Көрген күнім егер де қараң болса, Қан орнына жүрекке қайғы түссе, Бақыт іздеп соңғы сәулем сөнгенше.

Жас жанымды қиямын соның үшін бұл өлең жолдарында құрбандық пен шешім нүктесі, яғни жүйенің бағыты күрт өзгереді. Мәңгі дымқыл төсегіммен табысам мұнда ақын түбегейлі шешімге келеді. Бұл дегеніміз бифуркация нүктесі.

Жалпы әр заманның өзіндік ғалам бейнесінің тілді қолданушыларға әсері, келесі дәуір көрінісін түсінудің баспалдағы іспетті адамның тілдік ерекшелігінен байқалатын тілдік бірлік. Осымен байланысты М.Мақатаевтың «ғаламның тілдік бейнесін» құратын оның өлеңсөздерінде қоршаған орта, әлемге деген баға ұлтжандылық тұрғысынан бейнеленетін ақын қолданысындағы қазақ кестелі сөзінің қуатына, құдіретіне сәйкес мәтіннің синергетикалық сипатын күшейте түседі.

Демек, синергетикалық тәсіл арқылы М.Мақатаев поэзия тілінің күрделі мағыналарын ашуға, бұрын-соңды ашылмай келе жатқан ақын поэтикасының жұмбақ тұстарын тереңдеп зерттей түсуге жол ашатын – ақынның тілдік тұлға ретіндегі тілінің синергиялық өзегін құрайтын ақын феномені – оның қазақы әлемі.

Осы ғаламды құратын тілдік кеңістік туралы ғалымдардың пікірі сан түрлі. Е.С.Яковлеваның тұжырымдауынша, тілдік кеңістік физикалық кеңістік сияқты ашылып, кеңеймейді және берілген қатынастар жүйесіндегі алысы, жақыны – бұл объектінің бар-жоқтығын сипаттаудың жанама тәсілі ретінде стеротиптік дайын бағалаулар болып табылады» [86].

Б.М. Гаспаровтың ойынша, сөйлеушінің санасында бастан өткізген коммуникативті тәжірибе арқылы көз алдында бейнеленген коммуникативті кеңістік бейнесі – сөйлеушінің санасында тілдік іс-әрекеттің осы жағдаятынан туындаған көптеген өзара әрекеттесетін және жиналған естеліктердің көптігінен қалыптасады [87].

Ю.М. Лотман тіл кеңістігін былай бағалайды: «Тілдік кеңістік ұғымы антропоцентристік көзқарас тұрғысынан қарастырылады. Осындай көзқарас арқылы тілде бейнеленген адам әлемінің бейнесі ерекше мәнге ие болады [88]. Сондықтан да «Тіл шын мәнінде лингвистикалық қауымдастықты құрайтын, бір тілде сөйлейтін адамдардың сөйлеуінде ғана көрініс табады, адам жалғыз өзі жалпы тілден өзгеше тіл жасай алмайды, алайда, жалпы тіл жеке тілдің арқасында өмір сүреді» [89]. Осымен байланысты өз кезегінде тілдің жеке адамның ғана емес, жалпы халықтың өзіндік ерекшелігін көрсететететіндігін түсінген көптеген зерттеушілер тілдің ұлттық көріністі әлемге танытатына және түсіндіретініне сенеді. Себебі, әлемнің бейнесі – адамның айналадағы

шындықты бейнелеу барысында пайда болатын тіл мен сананы байланыстырады, оның болмысының ерекшеліктерін, оның әлеммен қарым-қатынасын білдіреді де, тіл арқылы түсіндіріліп, тіл тұтынушылардың тілдік санасында бейнеленетін әлем бейнесі – әлемнің тілдік бейнесі болып табылады.

Осы тұжырымдарға сүйене отырып, белгілі мәдениеттанушы ғалым Ю.М.Лотман: «тілдік кеңістікті ана тілінде сөйлеушілердің тілдік санасында, сөйлеу шығармалары, мәтіндер жиынтығы мен бейнелі өріс арқылы шындықтың бір бөлігі ретінде бағытын, ең алдымен түсіну және сонымен бір мезгілде адамның әлемге қатынасын коммуникативті жүзеге асыру ретінде қарастыруға болады». Адам мен әлем арасындағы қарым-қатынастың тілдік моделі тілдік «заттар мен мағыналар кеңістігі» ретінде (В.П.Зинченко бойынша) сөйлеушілердің тілдік санасында өмір сүретін кеңістікте жүзеге асады. Кең мағынада тілдік кеңістік қала тұрғындарының ауызша және жазбаша шығармаларында, яғни тілдік материалда бекітілген өзіндік объективті «тіл болмысының формасы» ретінде кең ауқымды тілдік құбылыстарды қамтиды және оның өзіне тән екі белгісі бар – антропоцентристік және коммуникативтілік. Ол мәтіндер әлемнің тілдік бейнесін көрсетіп, кеңістіктердің (ішкі кеңістіктердің) барлық басқа түрлерін жүзеге асыру мүмкіндігіне ие. Ал тар мағынадағы тілдік кеңістік – ана тілінде сөйлеушілердің тілдік санасында өмір сүретін, «әлем туралы вербалды ойлардан» (Ю.Н.Караулов) құралған нақты кеңістіктің бейнесі. Тілде бекітілген кеңістіктің мұндай сипаттамасына ана тілінде сөйлейтіндер әлемінің тілдік бейнесінің құрамдас бөлігі болып табылатын ішінде сыртқы әлемдегі нақты объектілердің кеңістіктік сипаттамалары кіреді» деп түсіндіреді. Осылайша сараптай келіп, ғалым ойын былайша түйіндейді: «Сондықтан «Өмірдің және мәдениеттің дамуының сөзсіз негізі – әлем бейнесін, ғаламның кеңістіктік моделін жасау. Бұл жағдайда кеңістіктік модельдеу нақты әлемнің кеңістіктік көрінісін қайта құрастырады» [88, 136].

Демек, тілдік кеңістік, бір жағынан, тілдің болмысының кеңістігі болса, екінші жағынан, сөйлеушілердің тілдік санасындағы нақты кеңістіктің көрінісі. Осы түсінікке «Дүниенің тілдік суреті дүниенің вербалданған бейнесі» қағидаға сай ол негізгі тілде тілдік бірліктердегі (сөздер, мағыналар, мәтіндер және т.б.) әлемнің бейнесі тілдік кеңістіктің әлемнің жалпы тілдік бейнесінің бір бөлігі ретінде қабылдана алады. Бұл – тілдің болмыс кеңістігі де, кеңістіктік ұғымдардың вербалдануы да, яғни нақты кеңістіктің тілдік бейнесі. Сондықтан тілдік кеңістік пен әлемнің тілдік бейнесі тіл тұтынушының ой-пікірімен бірлікте салыстырылады. Көптеген зерттеушілер олардың мынадай ортақ белгілерін: антропоцентристік, коммуникативтілік және пейоративтілікті. Себебі тілдік кеңістік те, әлемнің тілдік бейнесі де сөйлеушілердің тілдік санасында мәтіндер арқылы объективтелген бейнесі. Осымен байланысты лингвомәдениеттанушы ғалымдар мәтіндерді мәдениеттің ажырамас бөлігі деп санайды. Бұл тұжырым А.Вежбицкаяның тіл, мәдениет және адам болмысының өзара байланысы туралы ғылыми көзқарастарымен сабақтасады [76].

Сол сияқты көрнекті мәдениеттанушы-ғалым Ю.М. Лотман мәдениетті «мәтіндер ішіндегі мәтін» иерархиясына ыдырайтын тұтас мәтінді және «мәтіндердің күрделі қиылысуын құрайтын күрделі құрылымды мәтін» ретінде қарастырады. Ғалымның пайымдауынша, бұл кеңістікте әртүрлі мәтіндер, тілдік жүйелер, аударылатын және аударылмайтын мағыналық қабаттар өзара байланысып, күрделі құрылым түзеді. Осындаң көпқабатты байланыстар шындықты мәдени кодтар арқылы ұйымдастырып, мәдениеттің семиотикалық табиғатын айқындайды, сонымен бірге адамзат тәжірибесінің таңбалық түрде сақталуы мен берілу тететіктерін теориялық тұрғыдан ғылыми негізде түсіндіруге мүмкіндік береді [88]. Демек, әлемнің тілдік кеңістігі де, тілдік бейнесі кіретін де мәдениет семиотикасында тілдік кеңістік әлемнің тілдік бейнесі біріктіруші ұғым, оның бір бөлігі объективтік формасы ретінде семиосфераның жиынтық бөлігін құрап, мәдениет саласына енеді, сөйтіп, «тіл-мәдениет» қатынасын қалыптастырады.

«Қоғам, Табиғат, Адам» сияқты күрделі макро жүйелердің даму заңдылықтарын тануға мүмкіндіктер ашатын заманауи кеңістіктегі жаңа пәнаралық зерттеу бағыты – синергетика. Құбылыстардың күрделі құрылымын түзу мен даму синергетика тұрғысынан қарау даму заңдылықтарын реттеуші, тұтастырушы синергетикалық бағыттағы зерттеулер өріс алуда. Оның ішінде жаратылыстану және гуманитарлық ғылымдарды жақындастыру үрдісіне орай, синергетиканың бірқатар идеялары мен әдістерін қазіргі тіл біліміндегі қолданысы дамуда. Оған негіз болатын – тіл құрылымының ашықтығы дамуының бірсызықтық еместігі және динамикалық сипаты [90].

Осы тұрғыдан қарастырғанда лингвосинергетикалық жүйелік зерттеулер тек жүйелілік заңдылықтарды ғана емес, сондай-ақ осы жүйені тудырушы ақыл-ой әрекетін модельдеу үрдістеріне де назар аударады [3, 231].

Шын мәнінде, тіл үйренуге жүйелі тәсілді енгізудің алғышарттары И.А. Бодуэн де Куртенэ, А. А. Потебни, Ф. Ф. Фортунатовтың еңбектерінен басталады да, 20 ғасырда Ю.Д. Апресян, Н. Д. Арутюнова, О. В. Александрова, М. М. Бахтин, В. В. Виноградов, Л. С. Выготский, Е. С. Кубрякова, А. А. Леонтьев, Л. В. Щерба т.с.с. ғалымдардың тілге синергетикалық көзқарас коммуникативті жүйе ретінде ұсынылатын тілдің функционалды коммуникативті теориясымен байланысты жұмыстарында жалғасын тапты [91]. Атап айтқанда, лингвосинергетиканың әрі қарай дамуы тілді коммуникация субъектілерінің санасымен және тілдің жалпы жүйесімен өзара байланысты өзін-өзі ұйымдастыратын жүйе ретінде қарастырады [31, 136]. Бұл жүйенің коммуникативтік қызметі тілдің семантикалық жүйесіне сай ақпаратты қабылдап, және оларды қоршаған ортаға тарату арқылы жүзеге асырып, өз кезегінде тілдің семантикалық жүйесінде реттеуді атқарады. Бұл жүйелердің өзара әрекеттесу әсері функционалдық өзгерістерді туғызып, соның нәтижесінде семантикалық өрістің қалыпты тепе-теңдік күйінен ауытқулары. Осы саладағы зерттеулерге орай, тіл жүйесінің коммуникативті мақсатына сай қолайлы болады [92]. Лингвистикалық синергетика тұрғысынан адамның санасында объективті

шындықтың субъективті бейнесін қалыптастыратын тіл жүйелерінің компоненттері үнемі қозғалыста болып, өзара ықпал етеді.

Әдетте жүйелік әдістеме статистикалық жүйелерді зерттеуде қолданылатыны белгілі. Бірақ өзара байланысы даму үдерісінің функционалдық сипаты зерттеуде жүйелердің динамикасын зерттеу оны лингвистикалық синергетика тұжырымдамалары негізінде одан әрі дамытуды қажет етеді.

Осымен байланысты ғылымның көптеген салаларындағы жаңаша бағыттардың қарқынды дамуына байланысты тың идеялар лингвосинергетика дүниені танудың түбегейлі жаңа тәсілі ретіндегі саласын қалыптастыруда [93]. Сондықтан қазіргі тіл біліміндегі гуманистік бағдар мен интеграциялық болмысты зерттеу бағыты тілдік жүйені зерттеудің синергетикалық үрдістерін іргелі тұжырымдармен сабақтастырып жалғастыруда. Жаңа парадигма тіл дамуына сай үрдістер арасындағы шектеулер жойып, өз бойындағы әлеуетін және өзін-өзі ұйымдастыру тетіктерін де ескеріп, онтологиялық сипатын да сақтайды.

Демек, лингвистикалық синергетика тіл жүйесі туралы қалыптасқан және іргелі білімнің үзінділерін біріктіріп қана қоймайды, жалпыға белгілі тілдік бірліктерді зерттеуді тіл біліміндегі соңғы жетістіктермен, жалғастыруын О.И.Исмаилова лингвистикалық синергетиканың ерекшелігі ретінде анықтап, дүниені тану мен қабылдауды түбегейлі әртүрлі заманауи тәсілдермен толықтырады. Лингвосинергетика тұжырымдамаларының негізінде іс-әрекет құрылымындағы адамның танымдық және тәжірибелік қызметі, жаңаша бағаланады. Нақты айтқанда, зерттеуші дүниеден тыс тұлға түрінде көрінбейді, ол өзі зерттеп отырған шындықтың өзгермейтін заңдылықтарын ғана ашып қоймай, осы білімнің негізінде ол барлық уақыттағы шындықты сонымен байланысты дамытып анықтайды [94].

Адам әлемді сезім мүшелері арқылы қабылдап таниды және соның нәтижесінде жасалған мәлімдемелер туындаған бейнелер қалыптасқан белгілер арқылы психикалық жүйе дүние туралы тұжырым жасайды. Оларды санасынан өткізіп, қабылдау нәтижелерін адам оларды қоғамдастықтың басқа мүшелеріне тасымалдайды. Себебі тіл ойды білдіру және оны адамнан адамға жеткізу тәсілі ретіндегі қызметі ойлаумен тығыз байланысты.

Тіл мен ойлаудың арақатынасы, сондай-ақ олардың мәдениетпен және шындықпен өзара қарым-қатынасы тіл білімі мен философияның мәңгілік күрделі мәселесі болып табылады. Бірақ сөз шындықтың мәнін емес, ол туралы адамның көзқарасын бейнелейді. Сондықтан бұл көзқарасты қалыптастыруда қай тілде берілгенімен сөйлеушіге осы тақырып туралы түсінікпен байланысты. Соның негізінде көзқарасты кейбір негізгі белгілердің жалпы деңгейі абстракциясы, нақты белгілерден алшақтау болуы мүмкін. Осымен байланысты нақты дүниенің бейнесі мен тұжырымдама, оның тілдік бейнесі арасындағы қашықтық халықтар арасында әртүрлі. Сондықтан тілдің өзін-өзі дамытушы жүйе ретіндегі феноменін зерттеуші С.К.Гураль мұны тарихтың, географияның, климаттың, нанымдардың, дәстүрлердің, осы халықтардың өмір сүру ерекшеліктерінің және сәйкесінше олардың әлеуметтік санасының дамуындағы

айырмашылықтарымен байланыстырады: «Біздің санамыз қоғамдық сананың әр түрлі формаларына (өмір салты, әдет-ғұрыптар, дәстүрлер және т.б., яғни «мәдениет» сөзімен оның кең этнографиялық мағынасында анықталғанның бәріне), сондай-ақ жеке ерекшеліктерге (белгілі бір адамға тән әлемді нақты қабылдау) байланысты болғандықтан, шындықтың когнитивті моделі деп айтуға болады. Бұл оның көшірмесі немесе таза көрінісі де емес, адамның, шындықтың, тілдің, әлеуметтік-мәдени құндылықтардың және ойлау мен коммуникацияның стереотиптерінің өзара әрекеттесуінде құрылған күрделі жүйе» [95].

Осыған орай, адам болмысының жан дүниесі мен ой-санасын бейнелейтін сөз құдіретінің мәні қазіргі тіл біліміндегі адамтанымдық білімдердің арқауына айналып отырғаны белгілі. Осымен байланысты табиғатпен астас өмір кешкен көшпенді мәдениеттің өкілдері ретіндегі ата-бабаларымыздың күнделікті өміріндегі сөз қызметінің тәрбиелік, қоғамдық-әлеуметтік т.б. мәніне қазақ тіл білімінде ерекше назар аударылуда.

Қазақ тіл білімінде қалыптасқан антропоөзектік парадигма аясында қазақ сөзінің синергиясын зерттеуші Ж.Манкеева былайша сипаттайды: Адамның қиялына қанат бітірген, ой-өрісі мен ақынжанды танымына өзек болған қазақ сөзінің сонымен қатар «тәртіпке салу», «жұбату», «демеу беру» және тәрбиелік, құқықтық, бәтуалық, ұйымдастырушылық-басшылық, реттеушілік т.б. қоғамдық-әлеуметтік қызметтерінің де маңызды болғаны мәлім. Оны ата-бабаларымыздың рухани-мәдени құндылықтарымызбен тамырлас айшықты сөз кестесінде сөзді «өнер» деп таныған дүниетанымдық пайымдауларынан көре аламыз: Өнер алды – қызыл тіл; сөз тапқанға қолқа жоқ; сөз сүйектен өтеді, таяқ еттен өтеді; сөзі түйеден түскендей, сөздің майын тамызады, ақтық сөз, аталы сөз, босалқа сөз, бір ауыз сөз, жел сөз, жылы сөз т.б. Бұл – тіл иесінің дүниені тану барысындағы бағалауыштық-бағдарлы түсініктемесіне орай санасында құрылымдалған этномазмұн қалыптастырған «ғаламның тілдік бейнесі» [5, 245].

Соған сәйкес ел басқарған тұлғалар мен көсемдер, билер мен шешендердің дәстүрлі қазақ қоғамындағы, ел өміріндегі алуан түрлі күрделі істердің күрмеуін сөз құдіреті арқылы қалай шешкенін дәйектейтін тарихи-мәдени мұралардағы сөз нұсқаларының қуаты мен әлеуетін кешенді зерделеу ғалымның пікірінше, қазақ сөзін қазақ тұрмысы мен тарихи-мәдени болмысынан тыс қарауға болмайтынын көрсетеді.

Сөздің қазақ этномәдениетіндегі қызметі туралы тұжырымдардың негізінде тілдік санадағы рухани-әлеуметтік стереотиптер мен когнитивтік жүйелер арқылы берілетін қуаттың сөз мәніне енуі жатыр. Себебі тіл арқылы мәдениетті игеру үдерісі тіл иесінің рухын қалыптастырады, оның тұлғалық болмысын рухани және жаңа қуатпен толықтырады.

Осы тұрғыдан тілдің қызметін жасампаздық қуат көзі ретінде зерттеу үрдісі В. фон Гумбольдтің «ішкі форма» ұғымы мен тілдегі адам рухы қалыптасуы туралы лингвофилософиялық ілімінен басталатыны белгілі [96].

Қазіргі тіл білімінде дамып келе жатқан лингвосинергетика тұрғысынан В. фон Гумбольдт зерттеулерінде қолданылатын «рух» ұғымын адамға не табиғатқа қатысты сыртқы тылсым күш деп емес, тіл иесінің ия табиғаттың өз ішіндегі

күштері мен санасының бір-бірімен тығыз байланысты даму көрінісі деп түсінуге болады. Соның нәтижесінде белгілі бір жүйе даму барысында жаңа сападағы күйге ену үшін ол түрлі кездейсоқ тербелістердің (флуктация) нәтижесінде тұрақтылығын жоғалтып, хаос туады, бірақ ол жүйедегі тілдің өзін-өзі дамытушы, реттеуші қабілеті құрылымдарды ретке келтіріп, іштей ұйымдасқан жүйесін құрады.

Соған сәйкес В. фон Гумбольдттің «тіл – адам рухын бейнелеудің тәсілі, ал сөз қызметі – рух қызметін көрсетудің түрі» деп, тілді үнемі жаңғырып отыратын рухтың көрінісі ретінде қарастыратын лингвофилософиялық қағидасының, А.А.Потебняның, қазақ тіл біліміндегі Қ.Жұбановтың, А.Байтұрсынұлының, Ә.Қайдардың, Р.Сыздықтың т.б. ғалымдардың заманауи лингвистикада тіл – адам (тіл иесі) контекстіндегі зерттеу үрдісіне ұласқан еңбектеріндегі жалғастығы қазіргі тіл білімінде антропөзектік парадигманың өзегі іспетті.

Соның аясында қарастырылып, тыңдаушыны, я мәтін оқушыны рухтандыратын сөздің қуатын өрнектеп, оны айшықты сипаттайтын сөздің ерекше кеңістігі, сөз әлеуетінің коммуникативтік жаңа, тың деңгейі, тілдік тұлғаның шығармашылық әлемі жан-жақты ашылатын нысан – көркем мәтін, өлең-сөз өрісі.

Антропөзектік парадигма қағидасына сай осы тұрғыдан жүргізілетін тілдік тұлғаның тіліне жасалған дискурстық талдаулар мәтін тілін коммуникативтік кешенді мәтіндік зерттеулер қызметіне сай іштей ұйымдасқан, қозғаушы күш пен ашықтық тән жүйе екенін көрсететін поэтикалық шығармашылық – өте нәзік құбылыс, үнемі қозғалыста динамикалық сипатта дамитын күрделі жүйе. Осыған орай поэтикалық тілдің коммуникативті жүйесінің тек бір бағытта ғана жүрмейтіні синергетикалық аспектінің «бифуркация» деп анықталатын үдерісінің нәтижесінде сөз мәні жаңа сапада күшейіп, тілдің коммуникативтік әлеуетін одан әрі жетілдіріп, дами түсуіне, сайып келгенде ақын тілінің дискурстық қызметіндегі авторлық жаңаша қолданыстар, окказионализмдер, метафоралар, перифраздардың тууына ықпал етеді.

Сөз дамуының осылайша бір бағытта емес қозғалысы сөздің амбивалентті сипатына сай ақын қолданысында тіл жүйесінің қалыптасқан шегінен шығып кетуі, сөз иесінің тілдік қабілеті мен коммуникативтік құзіретін айғақтап, жеке тұлғалық дискурсын түзеді.

Осы тұрғыдан қарағанда синергиялық дамудың бифуркация нүктесіне жеткізетін күштің бірі – коммуниканттардың (автор ~ оқырман) ойы мен әрекетіне ықпал етіп, ақынның жеке дискурсын туғызуға ықпал ететін сыртқы (экстралингвистикалық) фактор әсері. Мысалы, зерттеуші Г.Сабирова Ж.Нәжімеденовтің қолданысындағы қазақтың дәстүрлі тұрмысында қолданылатын бұйым атауы ретіндегі «тұлып» этнолексемасының коннотациялық мәнін оның қоғамдық-әлеуметтік даму үдерісін сипаттайды: «Қызыл бұзау арам қатты, Терісін сыпырып ап әжем желге кептіріп: Қолдан бұзау жасап қойды қайтадан теріге әлгі шөп шығып» [97]. Бұл жерде әуелі тұлыптың қазақ тұрмысына сай жасаған технологиясын түсіндіреді. Яғни ол

бұйым бұзауы өліп қалған сиырды алдарқатып, емшегін идіру үшін қолданылады. Тұлыптың қазақ тұрмысындағы бұл қызметімен етене таныс.

Ақын әрі қарай тұлып сөзінің мәнін адамды тануға ауыстырып, коннотациялық мән туғызады: «Жұбау тапты ел тұлыптарға мөңіреп, бауырынан бала кеткен талай жан; шүкір айтып әр күн сайын он рет». Яғни амалдың жоқтығынан» баласынан айырылған елдің де сиыр сияқты тұлыпқа «мөңірейтінін» тұлыпты «алданатын қара» жұбату деп қарайтынын бейнелейді.

Бұл жердегі ақын қолданысындағы тұлып сөзі мәнінің трансформациясы бар үмітін алдау, жұбатуға жеңдірген елдің көкейіндегі сезімін суреттеп, дәстүрлі тұрмыстағы этномазмұнмен астасқан авторлық метафора сөз синергиясын күшейтеді.

Демек, ақын тұлғасы мен тілдік санадағы түйсіктің тұтасып, әрекеттесуі арқылы өлеңнің терең құрылымдарының өзін-өзі ұйымдастыруы нәтижесінде жаңа мағынаның тууы синергиялық үдерістің нәтижесі. Шын мәнінде, сөздің әлеуетіндегі көркемдік мәнді дамытатын сол тілдің өзіндік болмысы мен төл мәдениетін терең игерген қаламгердің тілінде қалыптасқан өзіндік сөзжасам жүйесі мен сөзқолданыс жүйесі тығыз байланыста айшықтап, осы сияқты зерттеулерде поэзия тілінің синергиясы айқындалмақ.

Поэзиядағы «дүниенің бейнесін» мәтіндік, дискурстық кеңістікте ашу үрдісі қазіргі қарым-қатынас теориясының әлеуметтік сипатына тереңірек үңілуді қажет етеді. Бұл арадағы методологиялық негіз жаратылыстанушы ғалымдардың сан алуан ашық, динамикалық жүйесімен үйлеседі: бұл ұстаным өз кезегінен бір-бірімен тығыз байланысты үдерістердің ішкі тұтас дамуын анықтайтын синергетикаға қатысты іргелі ұғымдармен үндеседі. Мысалы, «зат алмасу» үдерісі – тірі жүйе дамуының маңызды белгісінің бірі. Яғни жүйенің динамикалық тепе-теңдігі оның өзін қоршаған ортамен тұрақты зат, қуат, ақпаратпен алмасуын таратып тұруы арқылы сақталады.

Сондықтан синергетик-ғалымдардың тұжырымына сай табиғаттағы түрлі тектердің күрделі құрылымдық жүйеде коэволюциялық қағидаға сай ұйымдастырылуы синергетика парадигмасында эволюция, коэволюция (бейімделіп даму), өзін-өзі ұйымдастыру, күрделі жүйе, хаос, тұрақсыздық, айнымалы сипат, ашықтық, біркелкі емес т.б. ұғымдармен сипатталып, өзектеледі.

Синергетиканың лингвистикадағы бір ерекшелігі тілдің әлеуметтік қызметіне сай тілді тұтынушы әрекеті арқылы өзін-өзі ұйымдастыра алуында. Ал, бұл тілдің тек коммуникативтік тұрғыдан ғана емес, әлеуметтік, мәдени, тарихи т.б. қызметін де қамтиды.

Қазақтың басынан кешкен қиын сәттері мен сан алуан қоғамдық-әлеуметтік жағдаяттар тұсында қазақ сөзінің қуаты қалай қызмет еткенін көрсететін талай поэзиялық үлгілердің бар екені белгілі, мысалы, Махамбеттің:

«Шабуын таппай кетілдім,
Мен бір шарға ұстаған қара балта едім,
Қайраса тағы жетілдім...»
сөзі тектес экспрессивті қолданыстарынан көреміз.

Махамбеттің жоғарыда көрсетілген өлең жолдарындағы сөз-символдардың тегеурінді күшінің көркемдік күшке ұласуын көркемделген әрбір сөзге жаңа қоғамдық-әлеуметтік, саяси мазмұн артылып, салмағын көтеруі арқылы тыңдаушыға ықпал етуші қозғаушы күшке ие болуынан көреміз.

Сөздің тылсым күшін сезінетін айрықша зерде иесінің қолданысындағы қазақ әлемінің көркем бейнесін беретін сөз құдіретін күшейтіп көрсететін синергиялық құрал – қайталама әдісі.

Мысалы, Ж.Нәжімеденовтің өлеңіндегі 19-рет қайталанған «қоңыр» сөзі қолданысының поэтикалық мәнін күшейтуші лингвосинергетикалық құралды сипаттап көрейік. Жалпы алғанда, қазақ болмысын бейнелеуде түр-түстің лингвомәдениеттанымдық мәні қазіргі лингвистикада жан-жақты ашылған.

Бұл өлеңде қоңыр сөзі түстің мағынасын емес, дәстүрлі танымымызға сәйкес тілдік санада қалыптасқан ата-бабамыздың мінез-құлқын сипаттауғақызмет еткен ақын дискурсын көреміз:

Қоңыр шешем қоңыр кешті жамылып,
көзін сулап, қалып еді қамығып.
Қоңыр жолға түсіп едім мен өстіп –
қоңырқай ой маза берер емес түк.
Қоңырайып жатыр алда жол әлі –
кеудем кейде қоңыр күйге толады.
Қоңыр әнмен қазақ бесік тербетіп,
өргізіпті-ау қоңыр-қоңыр баланы.
Қоңыр күпі, қоңыр дала, қоңыр үн...
қоңыр күймен өтіп жатыр өмірім.
Қоңыр күзде қоңыр шаруа-күйбеңмен
қоңсы қонған қоңыр қызға үйленгем.
Қоңыр-қоңыр күй тыңдап ем жасымда –
шешем қалды қоңыр төбе басында.
Қоянжонға қоңыр ымырт түскенде
қоңырайып отырамын үстелге... [98, б.144].

Қазақ тіліндегі түр-түс атауларының когнитивтік семантикасын зерттеу нысаны етіп алған Н.Аитованың анықтауынша, «бұл арада қазақ дүниетанымына сай «қоңыр» түсінің когнитивтік семантикасына сәйкес тілдік санадағы концептуалдану үрдісі қоңыр сөзінің тура мағынасын әлсіретіп, оның көркем сөз ретіндегі мәдени-әлеуметтік мәнін өзектеген». Демек, аталмыш көріктеу құралы ретіндегі қайталама арқылы сөздің коммуникативтік әлеуеті символдық дәрежеге дейін көтеріліп, күшейген [99].

Мұндағы қоңыр сөзі жиілігі жоғары сөз, поэтиалық мәтіннің аттаркторы болып есептеледі. Бұл сөз мәтінді өзара ұйымдастырып, басқа бейнелі элементтерді өзіне тартатын орталық мағыналық өріс.

«Қоңыр» түрлі контекстерде әртүрлі мағыналық реңдерді беріп тұр.

Қоңыр шеше – қарапайым, жүрегі жұмсақ ана.

Қоңыр жол – мұнда өмірдің соқпағы.

Қоңырқай ой – ойлы терең толғанысты білдіреді, көңілдің нәзік күйі.

Қоңыр ән – рухани тыныштық сыйлайтын табиғи үнмен айтылатын әуен.

Қоңыр күпі – қарапайым халық киетін киім, қарапайым тұрмыс сипаттайды.

Ақын қолданысындағы «қоңыр» сөзі мәтінге гармония береді, бейнелерді шашыратпай, белгілі бір жүйелік өріске тоғыстырады. Бұл элементтерді өзара әрекеттесуі, өзін-өзі ұйымдастыруы, олардың бір-бірін толықтырып, жаңа сапалық деңгейге көтерілуін көрсетеді.

Былайша айтқанда, әрбір жол сайын қоңыр сөзінің қайталамасы арқылы поэтикалық мәтіннің идеясы мен оқырманның арасындағы (мәтін ~ оқырман) адресат сабақтастықта коммуникативтік сипат критерийлері түсінігін тұтастырып, өлеңді қабылдау барысындағы эмоционалды-экспрессивті шығармашылық белсенділікті күшейтуге қызмет етеді. Поэтикалық мәтіндерде қайталамалар әуенділік қасиетін күшейтіп, оның синергиялық сипатын айшықтай түседі. Мысалы, Мұқағали Мақатаевтың төмендегі өлеңінде «жасыл» сөзінің қайталануы, өлеңге қандай ерекше реңк беретіні көрінеді.

Бәрі жасыл:
Жер-жасыл, аспан-жасыл,
Жасыл бұлт, жағалай кеп асқарға асыл.
Жабырқап жартастардан қашқанда сүр,
Жасыл маң, ағыта гөр тастарға сыр.

Бәрі жасыл:
Жасыл қыр, жасыл белес,
Жабырқау жартас қана жасыл емес.
Әжім-әжім тастардың беттерінде
Тұрақтамай кезіп жүр жасыл елес.

Жасыл емес тас қана дара тұрған,
Сұрынан суықтықтың зәрі атылған!
Тас қаншама мәңгілік болғанымен,
Өнуге емес, өлуге жаратылған.

Күн көзінен күмістей шашылған нұр,
Жасыл орман, жасыл көл, жасылдан қыр,
Жасыл кілем жаба сал, жасыл көктем,
Жабырқаулы жартасты жасылдандыр [78, 215].

Ақынның бұл өлеңінде «жасыл» сөзі 16-рет қайталанып отыр. Мұндағы «жасыл» сөзінің қайталамасы оқырманға мәтінді жеңіл, әрі тез ұғынықты қабылдануына септігін тигізіп, тиімді қолданысын, көркемдік аясын, стильдік қызметін кеңейте түскен. Поэтикалық мәтіндегі қайталамалар ырғаққа, әуенге қызмет етіп, сөздің қабылдау барысындағы коммуникативтік қуатын, синергиясын айшықтайтын синергетикалық сипатын күшейте түседі. Сондай-ақ ақын қолданысындағы «жасыл тау», «жасыл жаннат бақ», «жасыл бүр», «жасыл бел», «жасыл мекен», «жасыл алқап», «жасыл майса», «жасыл тал» тіркестері

түспен қоса, жартас, тас сөздерінің «жас», жаңадан көктеп келе жатқаны, «кәрі», «суық» мәндерін шендесіп, авторлық бейне туғызып тұр.

«Жасыл» сөзі бұл мәтіннің орталық ұйытқысы. Ол аспан, жер, бұлт, қыр, белес сияқты бейнелерді өзіне тартып, аттрактор қызметін атқарып сипатталып, ал «тас» бейнесі жүйедегі диссипация, яғни ол өлі тіршілікті тоқырауды бейнелейді.

Жұмекен Нәжімеденов «Сұр түс» өлеңінде сұр сөзінің қолданысын сан құбылтып өлеңнің оқырманға ықпалын, әсерін күшейту үшін өте тиімді қайталанады:

Темір қақпа, темір төсек – сұр бәрі
ертеңді-кеш сұстанып кеп тұрғаны!
Сұп-сұр ұшқын төгіп қалды сұр жанар,
сұр жұдырық түйіледі ұрғалы.
Сұрғылт бұйрық, сұр айыптау, сұр сүңгі
шың етіп сұр сәуле алдында бір сынды.
Сұрғылт сұрақ, сұрқай жазалаушылар...
сұрқай ой жеп сұрғылт тұтқын күрсінді.
Сұр күзетші, сұр мылтығы сіресіп
өрттен қалған қазық құсап тұр өсіп,
Сұп-суық боп құйылады сұрғылт жел
сақыр етіп ашылғанда сұр есік.
Сұр есіктің мың тұтқыны – бір төбе,
мына есіктің бір тұтқыны – бір төбе.
Еден де сұр, қабырға сұр, сұр төбе,
сұр шыңдарды сұрқай бұлттар бүркеген [98, 91].

Шумақтағы сұр, сұрғылт сөзінің 19 рет қайталануы автордың көркемтанымдық идеясымен біртұтастық құрып, ішкі байланыстағы синергиялық желі түзеді.

Бұл өлең жолдарында «сұр» сөзі аттрактор ретінде өлеңнің барлық бейнелерін өзіне тартып, жүйенің мазмұнын жинақтайды.

Сонымен қатар «сұр» сөзі түрлі контексте әртүрлі реңді бере отырып, флуктуация қызметін атқарады.

Сұр қақпа, сұр төсек, сұр есік – суық, қатал кеңістік.

Сұр жанар, сұр жұдырық – мұздай көзқарас, қатігездік.

Сұр бұйрық, сұр айыптау, сұр сұрақ – биліктегі зорлық.

Сұр күзетші, сұр мылтық – қатаң бақылау.

Сұрғылт тұтқын күрсінді – адамның ішкі жан күйзелісін сипаттап тұр.

Көріп отырғанымыздай, бір ғана «сұр» сөзі орталық аттрактор ретінде бірнеше мағыналық өрістерді қалыптастырады. Әрбір тармақ поэтикалық мәтінді жаңа қырынан аша отырып, барлығын сұр аттракторына тоғысып, осы арқылы өлең жүйелі, үйлесімді синергетикалық тұтастыққа ие болады.

Автордың тілдік тұлғасымен, өзіндік тілінде айшықты қолданылған қайталамалардың прагматикалық, коммуникативтік интенциясын жүзеге асыруға мүмкіншілік беретін сөз синергиясының қызметі.

Шындықты бейнелеудің көркемдік әлеміндегі сөз – «заттың тура таңбасы емес, жеке суреткер тұлғаның (ақын, жазушы, жырау т.б.), ия ұлттық ұжымның дүниені қалай тануы» деген тұжырымдама қазіргі адамтанымдық лингвистика аясындағы когнитивтік, психолингвистикалық, социолингвистикалық т.б. зерттеулер, тілдік тұлғаға, дискурсқа қатысты теориялар арқылы дәлелденуде. Ал адамның архетиптік санасындағы тілдің шығармашылық үдерісінің жалғастығының тілдің коммуникативтік дамуының жаңа деңгейіне ұласуы синергиялық байланыспен сипатталады.

Тіл иесінің ерекше тұлғасына сәйкес қалыпты санадан тыс қалыптасқан «ғаламның тілдік бейнесін» жасаудың өзегін анықтау мүмкіншілігімен қазіргі тіл білімінде қалыптасушы лингвосинергетика саласының болашағы бағаланады.

Соған сәйкес поэтикалық мәтіндерде қолданылған сөздің көркемдік қуат тетігін ашу үшін тілдік сананың тереңде жатқан мәнін ашуға қатысты ізденістер «бейсаналық» (З.Фрейд), «ұжымдық бейсаналылықтың архетиптері» (К.Юнг) және т.б. бүтін ретінде қарастыратын ұғымдардың өзін-өзі реттеуші және жалғастық пен ашықтыққа негізделген синергетикалық жүйесіне сүйенеді.

Демек, адамның рухани дүниесіне сай бейнелеуіштік қабілетінің дамуы мен оның тілде бекітіліп таңбалануына ықпал ететін тіл мен рухтың сабақтастығы адамның сөйлеу қызметімен тығыз байланысты, сондықтан, В.фон Гумбольдт тілді ойды құратын тұтас бүтін ретінде қарастыратын тілді әрекет («энергия») деп санаған тұжырымына сүйеніп, тілдің бойындағы адамның рухани қызметін күшейтетін қуат лингвосинергетиканың зерттеу нысаны бола алады.

Мысалы,

Тілден алмас жоғалса, сөзбен қанжар,

Бұл тірліктен бір күнде безер едім [100, 33].

деген өлең жолдарындағы М.Мақатаевтың семсер, қанжар деген сөздердің қолданысындағы объективті шындықтағы қару ретіндегі мағынасына қосымша өзінің ішкі әлемінде қайта өңдеп, субъективті шындығына сай дискурсын жасаған. Соның барысында тілдік тұлға ретінде ақынның өз таным-түсінігі мен білім деңгейі, қалыптасқан ортасы мен өмірлік тәжірибесіне орай қалыптасқан «ғаламның тілдік бейне» көрінісі өзінше дамып, шығармашылық тілінің коммуникативтік сапасын күшейте түскені көрінеді.

Осымен байланысты көркем сөздің терең мазмұнының астарындағы сан қырлы коммуникативтік әлеуетті ашуда академик Р.Сыздық атап көрсеткендей, «тілдің өзін емес, оның мүмкіншілігін көрсететін» көріктеу құралдар жүйесінің қалай көмектесетінін анықтау» яғни оны бейнелейтін лингвосинергетикалық маркерлерді зерттеудің маңызы зор [101]. Р.Сыздықтың лингвостилистикалық тұжырымдары көркем мәтіндегі сөз таңдау, сөз құбылту, сөз үйлестіру, сөз үндестіру, автор образын ұлттық тіл мәдениетімен сабақтастыра танып, эстетикалық қызметін ғылыми тұрғыдан бағалауға мүмкіндік береді [102].

Бұл арада сөздің коммуникативтік қызметін лингвосинергетикалық тұрғыдан түсіндіріп, диссипаттық желі құратын, біріншіден, қаламгердің көркемдік әлемін дамытатын оны архетиптік санаға жалғастырған өзіндік ойлау//пайымдау жүйесі. Екіншіден, соның нәтижесінде ұлттық мәдени

танымына сай құрылған өзіндік сөзқолданыс әлемімен өзіндік дискурсы тілдік жүйенің жасампаздығына орай даму барысында семантикалық қозғалыстың хаосын туғызып, тұрақсыз күйдің қалыптасуымен тығыз байланысты. Д.С.Чернавсикй синергияның мұндай үдерісін түсіндірме сөздіктердегі көпмағыналылық құбылыс мен белгілі бір дискурстағы тілдік бірліктердің коннотаттық қолданысы негізінде түсіндіреді [7, 78].

Осыған орай өлең-сөздің көркемдік әлемінің қозғаушы күшін сипаттайтын, көркем сөздің кестесін құратын символдар, метафоралар, фразеологизмдер т.б. көріктеу құралдары синергиялық жүйеде әрі қарай дамитын ашық жүйе ретінде танылып, суреткердің шығармашылық қолданысындағы тіл қызметіне сәйкес сөз әлеуетін қалай игергенін, кеңейткенін айқындайды.

Абай Құнанбаевтың «Қыс» туралы өлеңіндегі басты аттрактор «қыс». Өлеңде ол «Ақ киімді, денелі, ақсақалды» деген метафоралық сипаттаулар арқылы адам кейпінде бейнеленіп тұр.

Аттрактордың айналасына қар, аяз, боран, қырау, үскірік сияқты сөздер тоғысып, өлеңнің жүйелі өрісін қалыптастырады. Өлең жолдарында қыс әртүрлі реңде құбылады.

Шидем мен тон қабаттап киген малшы
Бет қарауға шыдамай теріс айналды.
Қар тепкенге қажымас қайран жылқы
Титығы құруына аз-ақ қалды.

Бұл өлең жолдарынан аттрактордың түрлі мағыналық флуктуациясын көруге болады. Яғни малшының қиналуы, малдың қажуы бейнеленіп тұр. Сондай-ақ мәтіннің мұндай әртүрлі тармақтары бифуркация қызметін атқарады. Бұл қыс өлеңіндегі бейнелердің жүйеленіп, синергетикалық ұйымдасуын, хаостық сипаттағы түрлі құбылыстардың бәрін қыс аттракторы бір өріске жинап, жаңа сапа, поэтикалық тұтастық тудырады [103].

А.Құнанбаев, М.Жұмабаев, Ж.Нәжімеденов, М.Мақатаев сынды жоғары қабілетті тілдік тұлғалардың көркем сөз шығармашылық қызметінде дамыған сөз әлеуетінің синергиялық қуатын тану лингвопоэтикалық зерттеулерде айрықша антрополингвистикалық құзіретке ие болады. Атап айтқанда, поэтикалық қолданыстағы сөздің жасампаздық, шығармашылық және уәжділік сипаты оның мазмұнындағы антропоөзектілік болмысты аша түседі. Демек, бұл тектес талдаулардың лингвосинергетикалық өзегін «автор-бейнесі» мен тілдік тұлғаның интенционалды әлемі анықтайды. Сайып келгенде, поэзия тілін антропоөзектік бағытта талдаған жұмыстар көркемсөздің функционалды-динамикалық мазмұнының тілдік тұлға болмысына сай құрылымдалатынын көрсетеді.

Бүгінгі жаһандану үрдісіне бет бұрған заманда ұлтымыздың рухани құндылықтарын биіктеткен тұлғаларымыздың асыл мұрасына үңілу, оның танымдық, тағылымдық мәнін зерделеу – заман тудырып отырған қажеттілік. Осы тұрғыдан, ата-бабаларымыздың мәдени-әдеби мұраларындағы рухтандырушы, ұлттұтастырушылық қуаты күшті көркем сөз өрнектері – баға жетпес мирас.

Демек, поэтикалық дискурста бейнеленген әр халықтың басынан кешкен тарихы, бүкіл рухани, мәдени байлығы, төл болмысы, дүниетанымы, өмір тіршілігіне, күнделікті тұрмысына қажет бұйымдары, әдет-ғұрпы, салт-санасы, талғамы, т.б. оның тілдегі тікелей таңбасы емес, оның біздің санамызда тілдік шығармашылық үдеріс нәтижесінде туған бейнесі, яғни «ғаламның тілдік бейнесі».

Сол арқылы қазақ мәдениетінің салт-дәстүрі, таным-болмысы туралы ақпарат беріп, ұлтжандылыққа, туған жерін, ана тілін сүюге, төл мұраны қабылдап, жаңғыртуға ықпал етуді көздеген коммуникативтік-прагматикалық мүддесін жүзеге асыру қаламгердің интенциясын көрсетуде сөздің коммуникативтік қызметін кеңейткен тіл жүйесі дамуының синергетикалық байланысты қатысты диссипацияның хаостық сипаты көріктеу құралдары арқылы жаңару құбылысын туғызатын поэтикалық дискурс түзеді.

Поэтикалық мәтінде синергетикалық сипатты айқын танытатын көркемдеуіш құралдардың бірі – метафора. Метафораға «Тіл білімі сөздігінде» мынадай анықтама берілген: «Метафора – троптың бір түрі, сәйкестік, ұқсастық және т.б. негізінде сөздер мен сөз орамдарының ауыспалы мағынада қолданылыс табуы». Ал метафоралану үдерісі: «ауыспалы мағынаның пайда болуы мен оның экспрессивті қасиеттерінің күшеюі нәтижесінде сөздің мағыналық аумағының кеңеюі» деп анықталған [104]. Демек, метафора – поэтикалық мәтіндегі сөздердің әсерлілігін, бейнелілігін, яғни сөздің көркемдік қуатын, мәнерлілігін ашатын көркемдегіш құрал.

Атап айтқанда, Дж. Лакофф пен М.Джонсон «Тілдің когнитивтік құрылымдар жүйесіндегі даму заңдылықтарын зерттеу бағыты метафоралану үдерісін лингвосинергетикалық зерттеумен байланыстырады [105].

Сондықтан, метафора сияқты тілдің көріктеу құралдарының қолданысындағы сөздің ықпалдылық және экспрессивтілік күшін анықтауда синергияның қағидалары мен тәсілдерінің тиімділігі байқалады. Соның нәтижесінде мәтіннің оқылып, қабылдау барысындағы коммуникативтік қызметіне сөз мағынасының бағалауыштық, бейтараптылық, түсініктемелік және синергиялық белгі анықталады. Мысалы, синергетикалық тұрғыдан ерекше бағалауыштық сипатқа ие ерекше құралдың бірі – «экспрессивті метафоралар». Мысалы, синергетик-ғалым Г.Москальчук мәтіннің синергиялық сипатын бейнелейтін мынадай тәсілдердің негізінде мәтіннің құрылымының өзін синергетикалық үдеріс ретінде қарастырған 1) мәтіннің құрылымын тәртіпке түсіріп, іштей ұйымдастыратын бөлшектері мен үдерістерінің жүйелі түрде қайталануы; 2) үдерістер мен қарқынды сценарийлерді тәжірибе негізінде туғызу; 3) әртүрлі мәтіннің талдауы – мәтін бейнесінің жаңа модельдері [23].

Бұл модельдердің мазмұнында жинақталған когнитивтік, коммуникативтік, эмотивтік ақпарат арқылы оның бағалауыштық белгісімен сипатталады. Мәтіннің бағалауыштық мәні көбінесе зерттеушінің когнитивтік әрекеті мен ішкі әлеміне сай түсіндіріліп, айқын және қарсы мағыналық байланыстар арқылы талданып ашылады. Соның негізінде автор сөзінің мәтін кеңістігіне тарайтын күші мен қозғалысының диссипациясы арқылы туындаған астарлы мағыналары

мәнмәтіндік талдау арқылы оқушыға түсіндіріліп, жеткізеді. Ауызша айтылған мәтінде сөздің бағалауыштық белгісі қосымша құралдардың (ырғақ, интонация, акцент қою т.б.) ықпалымен күшейе түседі.

Мәтін бойындағы үдерістік жалғастық пен ашықтық сипаттың өзектелуі мәтіннің астарлы мәнін туғызады. Астарлы өлшемді дәйектейтін мәтінаралық байланыстар арқылы оқуырманның санасы басқа прецеденттік мәтіндермен ассоциативтік байланыстарға жалғастып, кей сәттерде диалогтік қатынасқа баруы мәтіннің синергиялық қабілетін күшейтуді көздейді. Бір-бірімен байланысқан өзара әрекеттің дамуын бейнелейтін мәтіндегі сөздің мағынасы астарланады, жаңаша дамиды. Демек, автор мен оқырманның, сөйлеуші мен тыңдаушының т.б. арасындағы коммуникативтік діттеменің жүзеге асуы екі жақтың вербалды құралдарды қолдануы арқылы емес, соны жалғастыратын, үйлестіретін, реттейтін, астарлы ақпаратты бейнелейтін синергетикалық жүйе негізінде атқарылады.

Ж. Ермекова «Мағжан Жұмабаевтың тілдік тұлғасы» атты кандидаттық диссертациясында Мағжанның поэзиясындағы мынадай метафоралық қолданыстарды көрсетеді: «өмір – шірік шөп», «махаббат – бір тікенек, Махаббат – бір тәтті у», арыстанмын, жолбарыспын, күнмін, теңізбін, жалынмын т.б. бұл экспрессивті метафоралар оқырманға әсер берудің эстетикалық өлшемін сипаттап, ақынның санасында сақталған мәдени-таным білімінің синергиялық көрінісін жалғастырып, синергиясы, коннотациясы Қараңыз: жанның қанаты, батыр жан, жан жүрек т.б. [106].

М.Жұмабаев сынды жоғары қабілетті тілдік тұлғаның эстетикалық тұрғыдан көркем сөз шығармашылық қызметіндегі сөз әлеуетінің синергиялық қуатын тану лингвопоэтикалық зерттеулерде айрықша антрополингвистикалық құзіретке ие болып, атап айтқанда, поэтикалық қолданыстағы сөздің жасампаздық, шығармашылық және уәжділік сипаты оның мазмұнындағы антропоөзектілік болмысты аша түседі.

Қазіргі таңда антрополингвистикалық зерттеулердің даму өрісі синергетиканы жаңа пәнаралық әдіс-тәсілдердің қатарында қарастыруда. Осымен байланысты лингвистика ғылымы әрдайым өз нысаны ретіндегі тілдік жүйені зерттеуді ұйымдастыру үшін жаңа әдістер іздеу үстінде болатыны белгілі. Бұл әдістің қолданыс аясының кеңеюіне орай, метафораның т.б. көріктеуіш тәсілдердің теориялық синергиясы, поэтикалық мәтіндердің күш-қуаты, тілдің диахрониядағы дамуының жаңа қырларын ашу қолға алынуда.

Соның барысында динамикалық сипаттағы тілді синергетикалық бағытта зерттеу оны өзін-өзі реттеуші сызықтық емес (нелинейный), динамикалық жүйе ретінде анықталуда. Бұл әдіс жаңа пәнаралық бағыт арқылы тілдің жаңа қырларын ашуға, синергетика принциптеріне сүйене отырып, тілдің өзін-өзі реттеуші тетіктерін зерттеуге жол ашады.

Мысалы Мұқағали ақынның «Мұздама, жылы жүрегім» деген өлеңін синергетикалық формула негізінде талдаудың үлгісін былайша көрініс табады:

Дәрменсіз, ойсыз шарқ ұрып,

Қалғанша қатып қайғыға.

Дариям бітіп, тартылып,
Кіргенше өлім қойнына.

Мұздама, жылы жүрегім,
Сөнгенше сәулең біржола.
Өлімнің салып жүгенін
Болғанша табыт қу мола! [78, 10].

Жоғарыда берілген өлең 8 жолдан тұрады, 6 маркер қолданылған: қайғыға қату, дариям бітіп, тартылып, кіргенше өлім қойнына, жылы жүрегім, өлімнің салып жүгенін, табыт қу мола болу. Жол саны – 8. Мәтіннің синергетикалық коэффиценті – 0,75.

Немесе

Жете алмайсың, сен неге асығасың?
Соққы көріп сен жиі басыласың.
Сезгендейсің... ол тұман маған бірақ
Сен менен не құпия жасырасың?

Сотқар жүрек, соқтықпа әрнемге!
Әбігерге түскенмен, ол келе ме?
Қайғының малынсаң да уына сен,
Қайрылып қамқоршы жан нәр бере ме?

Жүрегім неге... соңша көрсеқызар?
Сезе қалса, селт етіп көңіл бұзар.
Құмарлығы неге оның басылмайды?
Бір жапырақ ет жүрек неге ынтызар? [78, 71].

Ақынның «Жүрегім неге...» өлеңінен алынған шумақта 4 маркер бар: сотқар жүрек, қайғының уы, жүрегім көрсеқызар, бір жапырақ ет жүрек. Жол саны – 8. Мұндағы синергетикалық коэффиценттің мәні – 0,5. Демек, бұл өлеңнің жоғарыдағы өлеңге қарағанда синергетикалылығы төмен деуге болады.

Сонымен бірге поэтикалық мәтіннің синергетикалық деңгейін талдау барысында лексиканың синтагматикалық байланысына, грамматикалық категориялардың ерекше қолданысына, интертекстуалдылыққа дискурсивтілікке, лексикалануға т.б. мән беріледі.

Қорытындылай келе, поэтикалық мәтін бұл бақылауға келетін, ашық, тұрақсыз, бейсызықтық сипаттағы, өзін-өзі ұйымдастыратын әрі бір мезгілде статикалық және динамикалық күйде қызмет ететін күрделі тілдік жүйе кендігі айқындалды. Мұндай жүйе үнемі қозғалыста болып, ішкі және сыртқы факторлардың әсерімен өзгеріп, жаңа мағыналық құрылымдардың қалыптасуына негіз болады.

Бірінші тарау бойынша қорытынды

Бірінші тарауда диссертациялық зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалып, лингвосинергетиканың қазіргі тіл біліміндегі орны мен ғылыми әлеуеті кешенді түрде қарастырылды. Бұл тарауда синергетика ілімінің жаратылыстану ғылымдары аясында қалыптасу тарихы мен оның гуманитарлық ғылымдарға, соның ішінде тіл біліміне трансформациялану үдерісі талданды. Нәтижесінде синергетиканың тілдік құбылыстарды статикалық емес, динамикалық тұрғыдан тануға мүмкіндік беретіні дәлелденді.

Тарауда лингвосинергетика тілді өзін-өзі ұйымдастыратын ашық, бейсызық және динамикалық жүйе ретінде қарастыратын жаңа ғылыми бағыт екені негізделді. Бұл көзқарас тілдің дамуын ішкі құрылымдық заңдылықтармен ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік, мәдени когнитивтік және психиологиялық факторлармен бірлікте түсіндіруге жол ашады. Сонымен қатар тарауда лингвосинергетиканың негізгі категориялық аппаратына теориялық негізін қалыптастырды.

Осылайша, бірінші тарау зерттеудің жалпы концептуалдық іргетасын қалап, кейінгі тарауларда жүзеге асырылатын лингвосинергетикалық талдаулардың әдіснамалық бағытын айқындады. Лингвосинергетиканың теориялық тұжырымдары поэтикалық мәтінді зерттеуде тиімді әрі нәтижелі құрал екені дәлелденіп, қазақ поэзиясын жаңа ғылыми парадигма тұрғысынан тануға мүмкіндік беретін алғышарттар жасалды.

2 ӨЛЕҢСӨЗ – ЛИНГВОСИНЕРГЕТИКАЛЫҚ ЖҮЙЕНІҢ ӨЗЕГІ

2.1 Поэтикалық дискурстың синергиялығын танудың ғылыми-әдістемелік жүйесі

«Дискурс» термині XX ғасырдың 60-70 жылдарында гуманитарлық ғылымдар саласында кеңінен тарай бастады. Дискурс теориясының және оның талдау тәжірибесінің пайда болып дамуы батыс елдері лингвистикасында өріс алған өзекті үрдістермен байланысты. Атап айтқанда олар мыналар еді: сөйлеуге әлеуметтік әрекет ретінде қарау. Соған байланысты сөйлеу прагматикасын зерттеу (сөйлеу актілері теориясын), сөйлеу тіліндегі қолданыспен, оның субъективтік жағына, мәтіндерді оқып, мәнін түсінуге байланысты жаңа ұстанымдар мен гуманитарлық зерттеулерді тұтастыратын жалпы үрдістерге назар аудару.

Осымен байланысты қазіргі таңдағы лингвистикада мәтінішілік бірліктерді талдау жүйелі зерттеулерді шегінен тыс жүргізу үрдісі байқалады. Себебі мәтін өзінен тыс қолданылған мәндерді өз бойына сіңіріп, ал ол мәндер мәтін беретін ақпараттың барлық деңгейінде ықпал етеді. Соның нәтижесінде жаңа құрылымдар мәтіннің тура мәнінен ерекшеленетін қосымша мән анықталған жерде дискурс туады. Сондықтан мәтінге қатысты дискурс туралы сенімді көзқарас оны күрделі коммуникативті құбылыс ретінде қарастырады. Себебі оның құрамына мәтіннен басқа тілдік тұлғаны қоршаған дүниемен байланыстыратын экстралингвистикалық фактор да кіреді. Олай болса, поэтикалық шығарма дегеніміз автордың дүниені қалай сезінуі мен түсінуі.

Сонымен, талдауға түсетін поэтикалық мәтін – тұйықталмаған, тұрақсыз, бір сызық бойында дамымайтын, бірақ өзін-өзі ұйымдастыра алатын тілдік жүйе. Оған иерархиялық құрылым тән және ол статикалық та, динамикалық та күйде бола алады. Поэтикалық мәтінде тұрақсыз тізбегінің бір нүктесі семантикалық флуктацияға ұшырап, ол нүкте басқа мәтіндердегі тұрақсыз нүктелермен мәтінішілік байланысқа түсуі мүмкін. Соның нәтижесінде ол тұрақсыз нүкте жаңа мәнмәтіндік мәндерді қабылдап, поэтикалық мәтіннің өзін-өзі ұйымдастыруын жүзеге асырады.

XX ғасырдың екінші жартысында лингвистер сөйлеу қарым-қатынасының оқиғалы жағына, коммуникация актілерінің үдерістік аспектілеріне қызығушылықтары артты. «Дискурс» термині XX ғасырдың 70 жылдары ғылыми парадигмада қалыптасты. 1974 жылы Эмиль Бенвенист алғаш рет discours (сөйлеу (речь), сөйлеушіге байланған) және recit (сөйлеу (речь), сөйлеушіге тәуелсіз) қарама-қарсы қоя отырып, осы ұғымды енгізді, сол арқылы сөйлеу мәтінінен сөйлеу актісіне, тілді қолдану әрекетін зерттеу нысандарына айналдыра отырып, сондай-ақ тіл мен сөйлеуші арасындағы қарым-қатынасты орнатуға лингвистиканың назарын аударуға тырысты. Э.Бенвенисттің пайымдауынша, дәл осы қатынастар сөйлеудің тілдік ерекшеліктерін анықтауда шешуші рөл атқарады [107].

Т. ван Дейктің көзқарасы бойынша, қарастырылып отырған жағдайдан абстракцияланған кез келген мәтінді түсіну мүмкін емес болғандықтан дискурс «біртұтас мәтін экстралингвистикалық факторлармен бірге» қарастырылуы қажет [108].

Осы тектес пікірді Н.Д. Арутюнова да айтады: дискурс – это «текст, взятый в событийном аспекте», «речь, погруженная в жизнь» [109].

Зерттеушілердің пікірінше, дискурс терминін, мысалы көне мәтіндерге қатысты қолдану орынсыз, өйткені олардың байланысын тікелей қалпына келтіру мүмкін емес. Сонымен, бұл жағдайда дискурс – мәтіннің жанды сөйлеуде жүзеге асуы ретінде түсіндіріледі.

Е.С.Кубрякованың пікірінше, дискурс ұғымы бүгінде – сөйлеу мен сөйлеу әрекеті туралы білімді міндетті құрамдас компонент ретінде қамтитын, тармақталған білім құрылымы болып табылады. Автор, сондай-ақ, сөйлеу әрекетін оның туындау барысындағы әлеуметтік, мәдени және тұлғалық прагматикалық шарттармен байланысты барлық аспектілерінде қарастырудың қажеттігін атап өтеді. Сонымен қатар, сөйлеу әрекетінің жүзеге асуы барысында және таңдалған тілдік құралдар арқылы жаңа «шындық» қалыптасады. Бұл – шындық сөйлеушінің интенциясын білдіретін, өзге коммуникативтік акт қатысушыларына белгілі бір әсер ететін, әрі мәтін түрінде объективтендірілетін менталдық құрылым – «ерекше әлемнің» («особый мир») көрінісі мен туындау көзі болып табылады [110].

Осылайша, зерттеушілер дискурстың тілдік әлем бейнесін қалыптастырудағы маңызды рөлін атап өтеді және дискурсты ұйымдастыруда кеңістік факторға ерекше мән береді. Осыған байланысты аталған категорияны нақтылап, тереңірек қарастыру қажеттігі туындайды.

Қазіргі таңда лингвистикалық парадигмада тілді зерттеу нысаны ретінде қарастырудың жаңа көзқарасы қалыптасып келеді. Шындықты қабылдаудың синергетикалық тұжырымдамасы аясында көптеген ғалымдар тілді өзін-өзі ұйымдастыратын үдеріс, ашық, бейсызық, диссипативті жүйе ретінде зерттеуде. Ю.А.Даниловтың пікірінше, тілге қатысты синергетикалық тәсіл дәстүрлі лингвистикада күрделі саналатын бірқатар мәселелерді мазмұндық және сандық деңгейде зерттеуге қолдануға болады. Мысалы, тілдік қабылдау мәселесі – бұл үдерістің күрделілік деңгейін және мәтінді қабылдайтын адамның сөздік қорының байлығын қамтиды; сондай-ақ тілдегі хаостық күйлердің мағына тудыру процестеріндегі рөлін және басқа да көптеген құбылыстарды талдауға мүмкіндік береді [111].

Лингвосинергетика тұрғысынан дискурсты өзін-өзі ұйымдастыратын жүйе ретінде түсіндіріп, дискурсты лингвосинергетикалық тұрғыда қарастырған алғашқылардың бірі. Осымен байланысты «дискурс синергетикасы» ұғымын ғалым былайша сипаттайды: «дискурсты тудыратын барлық факторлардың өзара әрекеттесу үдерісі, оның нәтижесінде «энергиялардың тоғысуы мен өзара ықпалы» жүзеге асады, бұл дискурсивтік кеңістік онтологиялық және функционалдық «өзін-өзі ұйымдастыруына» бағытталып, оның мағыналық құрамдас бөліктері дистрибуциясын (таралымын) анықтайды.

Н.Ф.Алефиренконың пікірінше, «тек мәдениетке терең бойлаған, белгілі бір дискурстық кеңістік ретінде көрінетін мәтін ғана – бейнелі кернеу, поэтикалық қуат пен экспрессиядан тұратын энергия көзі бола алады; осы энергия өрісінде бейнелі номинация белгілері пайда болады» [112].

Поэтикалық туынды автордың мақсатын (интенциясын), өмірбаянын, дүниетанымын білдіретіндіктен, мәтін мен тұлғаны сәйкестендіріп, бірігіп әрекет етіп бифуркация аймағына айналады. Соның нәтижесінде ол тілден тыс құбылысты бейнелейтін жаңа мәндердің іштей ұйымдастырылуын жүзеге асырады.

Осы бағытты зерттеуші ғалымдар көркем дискурсты жасайтын жай тіл тұтынушы емес, ол сол тілді жақсы игерген, дүниені танитын және басқа тіл тұтынушылармен қарым-қатынас жасайтын концептуалды жүйенің өкілі деп қарайды [113].

Психоаналитик-ғалым К.Юнгтің де жасампаз, суреткерді жеке индивидтің болмысынан жоғары санап, ұжымдық сана деңгейінде анықтауы жоғарыдағы тұжырыммен үндеседі [114].

Жаңа мағыналардың пайда болу тетіктерін М.Мақатаевтың «Махаббат» келесі лирикалық өлең үлгісі арқылы қарастырайық:

Құмартасың жете алмай
Қайғырасың сағынып.
Қыл көпірден өте алмай
Қиыласың табынып.

Жүрегіңді бос етіп,
Жүдеп жүріп сүйерсің.
Өзіңе өзің қас етіп,
Өз отыңа күйерсің.

Өзіңе бал, басқаға у,
Сезімдіге ең қымбат:
Қайғы, сүю, құмарту –
Ең бірінші махаббат [78, 51].

Өлеңдегі жол саны – 12. Маркерлер саны – 9. Стандартты емес тіркестер – 6 (Құмартасың жете алмай, Қыл көпірден өте алмай, Қиыласың табынып, Өзіңе өзің қас етіп, Өз отыңа күйерсің, Өзіңе бал, басқаға у). Дискурсивті элементтер – 3; (Жүрегіңді бос етіп, Жүдеп жүріп сүйерсің, Қайғы, сүю, құмарту – Ең бірінші махаббат); Ка = 0,75. Бұл өлеңдегі синергетикалық коэффициент жоғары деңгейде, демек ол поэтикалық мәтіннің ішкі жүйелік үйлесімділігі мен құрылымдық ұйымдасуы өзара үйлескен, ішкі динамикасы күшті, оқырманға ықпал ету әлеуеті жоғары поэтикалық мәтін дегенді білдіреді. Мұндағы аттрактор – махаббат. Осы аттрактор аясында флуктуациялық ауытқулар байқалады. Мысалы: Құмартасың жете алмай, қыл көпірден өте алмай, қиыласың табынып сияқты флуктуациялар ішкі теңгерімнің бұзылып, уақытша тұрақсыздық күйге түскенін көрсетеді.

Флуктуация шегіне жеткен тұста мәтінде бифуркациялық күй пайда болады. «Өз отыңа күйерсің, өзіңе бал, басқаға у» бұл жолдар мағынаның екі бағытта таралуын білдіреді. Бір жағынан «бал» болса, екінші жағынан «у» ләззәт пен қасірет сияқты екі семантикалық бағытқа бөлінуі, бифуркацияның көрінісі.

Поэтикалық мәтіндердің синергиялық деңгейі көбінесе дискурстық және мәтінішілік (интертекстуалдық) сипат арқылы күшейе түседі. Мысалы М.Мақатаевтың «Әке аманаты» деген өлеңіне талдау жасайық:

Аттанарда алыс жолға,
Тапсырды әкем аманатын.
Серт етіп мен де алдым қолға,
Әкемнің берген асыл затын.

Сұстандырған суық лебі,
Соғыс жылы, қыстың кезі.
Әкемнің сонда аймалап мені,
Аманат еткен мынау ед сөзі:

Тыңда, балам! Тыңда, күнім!
Болуға жара қолқанат.
Кәрі апаң, сәби інің –
Барлығы саған аманат!

Мен де сенің он жасыңда,
Атадан жетім қалғанмын.
Аса ақылды болмасам да,
Аманатын алғанмын!

Санамда сіңіп сақталып,
Әкенің сөзі өлмеген.
Болғанша қашан ақталып.
Тұратын бел боп көлденең.

Талпын өмір шыңына,
Жетіп те, мүмкін, қаларсың!
Анаңның ауыр мұңына,
Сергіткіш себеп боларсың!

Сен – жас буын, жаңа тал,
Гүлің де өсіп шашырар.
Сарылып оқып білім ал,
Сөнгенше сәулең асырар, –

Деп жан әкем аттанып,
Кетті қайта айналмай.

Тек сол сөзі жатталып,
Жүрегімде қалғандай [78, 18].

М.Мақатаев бұл өлең жолдарында «аманат» сөзі 4 рет қайталанып тұр. «Аманат» сөзі қазақ халқы үшін өте мағыналы, қасиетті сөз. Өлеңдегі «Барлығы саған аманат!» тіркесі – халық дүниетанымындағы аттракторды поэтикалық мәтінге енгізе отырып, дәстүрлі мәдени код арқылы оның синергетикалық қуатын күшейтіп тұр.

Әкенің балаға аманаты соғыс жағдайында беріліп, тарихи контекст өлеңге жаңа мазмұн беріп, бифуркация жасап тұр. Мұнда аманат ұғымы соғыс жылдарындағы жағдайға байланысты ұрпақ жалғастығы мен әке өсиетінің жалғасуы сияқты жаңа тармақтарға бөлінген.

«Сарылып оқып білім ал» – бұл өлең жолы жаңа дәуірлік үндеу. Ақын білімнің қай кезде де болсын маңызды екенін дәріптейді.

Бұл өлеңнің интертекстуалдылық сипаты – өлеңнің басты аттракторы «аманат» ұғымы арқылы бейнеленіп тұр. Автор дәстүрлі мәдени кодты өлеңсөзінде қолдана отырып, халықтың таным мен жеке адамның тағдырын сабақтастырады. Өлеңде аманат ұғымының флуктуациясы байқалады, яғни мұнда аманат сөзі отбасылық-әлеуметтік міндет деңгейінде жаңа қырынан ашылады. Сондай-ақ мәтінде бифуркация жүзеге асырылады, яғни соғыс кезіндегі жағдай «аманат» ұғымына жаңа мазмұн береді. Ол тек атадан балаға жеткен өсиет емес, ұрпақтың өмірлік бағдарын көрсетіп, жаңа мазмұндық үн тоғысады.

Поэзия тілін зерттеуде ескеретін жайт: поэзия белгілі бір мәдениеттің, қоғамның, дәстүрдің ішінде өмір сүреді. Сондықтан мәтіннің әртүрлі интерпретациясы және соған сәйкес мәндерінің тууы этникалық және лингвомәдени ерекшеліктерімен анықталуы мүмкін. Этникалық бірегейлендіру үдерісінде тарихи, мәдени, экономикалық, табиғи себептер маңызды. Соның нәтижесінде қалыптасқан этникалық қауымдастықтың дүниетанымы жалпы мәдени қорды құрайтын миф-аңыздардан, символдардан, киелі ұғымдар мен стереотиптерден қалыптасады. Бұл жағдайды көрнекті орыс ойшылы Н.А.Бердяев былайша тұжырымдайды: «Национальный человек – больше, а не меньше, чем просто человек, в нем есть родовые черты индивидуально-национальные» [115].

Мысалы, Мағжан Жұмабаевтың «Әже» өлеңін алатын болсақ:

Сығырайған көзі көрінбей
Томар-томар былшықтан,
Отырса, бойы аспайды
Қолындағы ұршықтан.
Алдындағы көженің
Көрінбес беті қылшықтан.
Көжесін татпай әженің,
Жан болмайды құр шыққан.
Көжесін қойшы, кеңесін
Тыңдамай үйден кім шыққан?!

Сендер де тыңда, тентектер,
Тыйылып біраз шолжақтан.
Ертегі айтса, ұршығын
Ұмытып әжең кетеді.
Жерде жатқан жүнді алып,
Қайта-қайта түтеді.
Су сепкендей сап болып,
Тоқтайды сонда жөтелі.
Былшықтан көзі жылтырап,
Ту арқаңнан өтеді.
Ал кіріссе ертекке,
Басы қалт-қалт етеді:
«Ертек-ертек, ерте екен...» –
Аузы балп-балп етеді.
«Ерте, ерте, ерте екен...
Тыңда енді ал, шырақ!
...Сұр мергенде болыпты
Сүліктей бедеу бір сұр ат...»
Қоя қойды Кенжетай
Жылаған жаңа нан сұрап.
Тыңдап отыр тентектер
Алма беті албырап,
Ауыздары аңқиып,
Сілекейі салбырап.
Қалғып бірақ барады
Кенжетай тентек маужырап [116, 175].

Ақынның поэтикалық мәтінінде қазақ халқының дәстүрлі тұрмыс-тіршілігі, отбасылық мәдениеті әдемі бейнеленген. Мұндағы «әже» – қазақ мәдениетіндегі даналықтың, өнегенің отбасындағы тәрбиелік қарым-қатынастың символы. Оның қолындағы иіріп отырған ұршығы, жүнді түтуі еңбекқорлықтың бір сипаты.

Көжесін қойшы, кеңесін / Тыңдамай үйден кім шыққан?! деген өлең жолдары қазақ қоғамындағы үлкенді тыңдау, батасын алудың маңызды екенін аңғартады. Өлеңде қазақ мәдениетіндегі ертегі айту дәстүрі бейнеленген. Бұл ұлттық мәдение кодтың поэзияда көркем түрде сақталуын көрсетеді. Мұндағы әже бейнесі, ертегі айту дәстүрлі аттрактор қызметін атқарып тұр. «Ертегі айтса, ұршығын ұмытып әжең кетеді» деген жолдағы ұршық сөзі флуктуация, өйткені жүйе бір сәтке тұрақсыз күйге өтеді. Ал көженің ақыл- кеңеске ауысуы, оның бифуркациясын көрсетеді, яғни бір ғана элемент көженің бірнеше бағытқа таралуы. Мұнда ол тек ас емес, сонымен бірге әженің даналығын да жеткізіп тұр.

Сол сияқты М. Мақатаевтың немесе М. Жұмабаевтың шығармашылығында шынайы, күнделікті тұрмыстың, өмірдегі көрінісі жай қосымша бейне емес, ол қосымша мәннің я сол шындықтың жаңаша қабылдаудың ақын танымына сай аясы.

Сонымен, автордың белгілі бір мәдениет ішінде жазған мәтіні, оның сөзін, эмоциясын, дағдысын т.б. жаңғыртуы мәтін мен социум жүйесін сабақтастырады. Осымен байланысты поэтикалық мәтіндердің дамуын түсіндіруде көрнекті ғалым, философ-әдебиеттанушы М. Бахтиннің іліміндегі «үлкен уақыт» ұғымы маңызды. Оның негізгі мәні – кез келген өнер туындысының қазіргі заманда өмір сүріп, болашақта жаңа мәнмен кеңеюі оның өткен заманмен үндесуінде [117]. Поэтикалық үдерісте туған жаңа мәннің синергиялық тетігін табуда көрнекті ойшыл М.М. Бахтиннің тұжырымы ғылыми тұрғыдан методологиялық негіз бола алады.

Басқаша айтқанда, поэтикалық шығармалардағы жаңа мәндердің автор мен оқушы арасындағы қарым-қатынас негізінде айқындалуы оқушының автор замандастары білмейтін мәдениет, тарих, заман туралы аялық білімді игергенімен байланысты. Бұл жағдай поэтикалық шығармадағы олардың бейнеленуінің диссипаттық сипат негізінде туған жаңа мәннің өзін-өзі ұйымдастыруына ықпал етеді. Сонымен, тілдік өріс пен тілден тыс шындықтың байланысын белгілейтін поэтикалық мәтінге дискурстық талдау жасау мәтіннің жаңа мәндік деңгейінің дамуын түсіндіре алады.

Осы тектес зерттеулерге сүйенген қазіргі заман лингвистикасының парадигмасында зерттеу нысаны ретіндегі шындықты тіл арқылы қабылдаудың синергетикалық тұжырымдамасын ескере отырып, көптеген ғалымдар тілді өзін-өзі ұйымдастыратын үдеріс, бір сызықтық емес диссипативті жүйе ретінде зерттейді. Мысалы, Р.Г. Пиотровскийдің айтуынша, синергетика үшін тұрақтылық немесе тұрақсыздық, «флуктуация», яғни, жүйе оған сыртқы әсер еткенде пайда болатын тербелістер күйіндегі «дамып келе жатқан жүйе» ұғымдары және олардың ішінде «тәртіп өлшемдері» деп аталатын бір немесе кіші топ басқа өлшемдерді бағындыруы мүмкін «жүйенің басқару өлшемдері» бастапқы болып табылады [24, б, 15-16]. Атап өтерлік жайт: тілді зерттеуде қолданылатын лингвосинергетикалық зерттеудің әдістері мен нәтижелерін жаратылыстану ғылым салаларынан алынып, пәнаралық білім саласын қалыптастырады. Соның нәтижесінде тілдегі дамушы үдерістерді түсіндіруде синергетика идеялары қазірде өнімділігін дәлелдеп, жаңа бағыттағы лингвосинергетика аясында кеңінен қолданылады. Тіл күрделі даму үстіндегі жүйе ретінде сыртқы ортамен және басқа ақпараттық жүйелермен үнемі өзара әрекеттестікте болатындықтан онда ішкі және сыртқы үдерістердің салдарынан ауытқулар пайда болып отырады. Коммуникативті әрекетке қатысушылардың санасы, әлеуметтік және басқа да әртүрлі факторлардың нәтижесінде де тіл тұрақтылық пен өзгеріс күйлері алмасуымен, тілде ұйымшылдық пен энтропия, тәртіп пен ретсіздік туғызады. Р.Келердің пікірінше, тілдік ішкі жүйелердің ішкі үйлесімділігі жүйені тұрақтылық күйіне және қоршаған ортаға барынша бейімделуге «түрлендіретін» және тілдік ортаның барлық талаптарына сәйкес келетін жеке құрылымдарды сақтайтын өзін-өзі ұйымдастыру тетігінің әсерінен сақталады [60].

Лингвосинергетика саласын дамытушы ғалымдардың дәлелдеуінің негізінде тілдің дамуы синергетикалық қағидаларға сәйкес және тіл

синергетикалық жүйелерге тән қасиеттерді тасымалдаушы. Атап айтқанда, В.А. Пищальникова лингвосинергетикалық тәсіл сызықтық еместігін шексіз әлеуметтік психофизиологиялық және психофизикалық факторлардың әсерінен өзгеру және осы салаларға кері әсер ету қабілеті ретінде түсіндіреді [61, 72]. Ал, Домброван тілдің ашықтығын оның басқа жүйелермен, мысалы, ноосферамен, қоғаммен, мәдени құндылықтар жүйелерімен, басқа тілдік жүйелермен және т.б. өзара әрекеттесуімен байланыстырады [63, 68]. Ғылыми-техникалық энциклопедиялық сөздікте: «лингвосинергетиканың маңызды міндеттері – тілдегі эволюциялық процестерді зерттеу және мағыналарды өндіру процесінде ретсіздіктің шығармашылық рөлін түсіну. Жүйенің күйі «физикалық жүйенің құрылымындағы кездейсоқтықтың немес тәртіпсіздіктің көрсеткіші» ретінде анықталатын энтропия (грек. ауысу, түрлендіру) деңгейімен сипатталады» деп анықталады. Тілге қатысты «энтропия» ұғымы тілдің белгілі бір аспектісінің белгісіздік деңгейі болып табылады [38, 16-17].

Егер тіл жүйесінің энтропиясы белгілі бір деңгейден жоғары көтерілмесе, тіл өзіндік қозғалыс заңдарына сәйкес дамиды. Ал, сыртқы әсерлерден жүйенің энтропиясының шегі жоғарыласа, жүйенің тепе-теңдік күйінің бұзылуы тұрақтылық пен тәртіптің бұзылуына, яғни ретсіздікке әкеледі. Бұл жағдай ретсіздік жүйені үйлестіруге ықпал етіп, «ауытқу» жүйесін ең реттелген күйлерге – аттракторларға бағыттайтын басқару өлшемдерін іске қосады [63, 68]. Осымен байланысты бифуркация нүктелерінің қозғалысы нәтижесінде тіл жүйесінің ұйымдастырылуы жаңа деңгейге көтеріледі. Тілдік жүйе де пайда болған жаңа тілдік құбылыстар, белгілер мен қасиеттер бифуркация нүктесі пайда болғанда жаңа тәртіп өлшемдері қалыптасып, сипатталған жағдайларда қалыпты тілдік заңдылықтар күшін жоғалтады және ғалымдардың пікірінше, ол өзгерістер кездейсоқтық факторының әсерінен болады.

Автордың субъективті, жеке авторлық жүйесі негізінде құрылған көркем дискурста негізінен тілдің семантикалық мәнін толықтыратын оқырманның назарын аудару үшін тілдік құралдарды ерекше қолдану, сөйтіп, тілдік нормадан «ауытқу» мәтіннің ерекше маңызды семантикалық компоненттеріне назар аудару бейнелі құралдарды қолдануының арқасында қалыптасады. Демек, көркем дискурстағы бейнелі құралдар арқылы автор өзіне қолжетімді барлық тілдік құралдарды пайдаланса, ал оқырман мәтіннің автордың «саналы жоспарлаудың» нәтижесі екенін түсініп, соның нәтижесінде туған жаңа мағыналарды түсіндіруге дайын болады.

Осы тұрғыдан ақындардың өлеңдеріне жасалған лингвосинергетикалық талдау қалыптасқан «постклассикалық емес» деп аталатын жаңа ғылыми парадигма аясында жүргізуге болады. Егер классикалық ғылым негізінде жабық жүйелердегі үдерістер зерттелсе, қазіргі ғылымның басты бағыты – оны ғылыми үдеріс барысындағы ғана емес, сонымен қатар даму үстіндегі ашық, өздігінен іштей дамитын жүйелер әлемінде тану. Постклассикалық емес дәуірдің ғалымы «күрделілік», «жүйелілік», «дербестік», «мақсаттылық», «турашылдық», «ашықтық» сияқты маңызды ұғымдармен әрекет етеді. Соның нәтижесінде өзін-өзі дамытатын жүйелер өзін-өзі реттейтін жүйелерге қарағанда жүйелік

тұтастықтың одан да күрделі түрін білдіретіні байқалады. Олай болса, постклассикалық емес ғылымның зерттеу нысаны деп өзін-өзі реттеудің дамушы жүйенің тұрақты күйі ретіндегі бір түрінен екінші түріне ауысудағы даму үдерісі. Осылайша, жүйені дамыту барысында ұйымның жаңа мағыналарды қамтитын деңгейлері қалыптасып, бұрын қалыптасқан деңгейлерге кері әсер етеді. Соның негізінде жүйе басқа тұтастыққа ие болады. Ал, зерттеуші мүмкін болатын күйлерінің өрісін әрдайым өзгертіп отыратын танымдық іс-әрекет үстіндегі жүйеге қосылады.

Осы бағыттағы зерттеулер үдерісі қазіргі тіл білімінде тілді зерттеудің жаңа аспектісі синергетикалық парадигма өрісінің кеңеюі ғалымдардың назарын синергетикалық әдісіне аударуда.

Тілде өзін-өзі ұйымдастыру үдерістерімен байланысты лингвосинергетика бағытының қалыптасуына «айқындылық, көрнекілік (эвиденциальность)» туралы айтуға болады» ұғымдардың мәнін атап көрсетеді [68, 360-361]. Себебі, дискурстық кеңістікті синергетикалық талдау негізінде айқындалған лингвосинергетикалық аспект ғалымның пікірінше мағына туындату, коммуникативтік үдерістерді ұйымдастыру, сондай-ақ тілді үйрету методикасы туралы жаңа білім алуға мүмкіндік береді.

Осыған орай, лингвосинергетика тұрғысынан мәтіннің семантикалық өрісін ішкі үрдістердің энергиясы есебінен және сырттан әсер ететін энергия ағыны арқылы дамитын динамикалық жүйе, яғни өзін-өзі ұйымдастыратын синергетикалық жүйе ретінде анықтауға болады. Дегенмен синергетикалық жүйе үшін міндетті белгілер мен қағидаларға қатысты ғалымдардың әртүрлі пікірлері байқалады. Атап айтқанда, И.А.Герман лингвосинергетиканың екі негізгі қағидасын: жүйенің ашықтығы және оның сызықтық еместігі деп тұжырымдаса, [42, 9], В.Г.Буданов синергетикалық жүйенің жеті негізгі қағидасын бөліп көрсетеді: гомеостатикалық, иерархиялық, сызықтық емес, тұрақсыздық, оқшауланбау (ашықтық) динамикалық иерархизм және байқау [11]. Ал, Н.С.Олизько (Семиотико-синергетическая интерпретация особенностей реализации категорий интертекстуальности и интердискурсивности в постмодернистском художественном дискурсе» 2009, «Синергетические механизмы реализации интердискурсивных отношений» 2010, «Синергетические принципы организации художественного дискурса постмодернизма» 2009), Л.В. Бронник (Самоорганизация концепта в дискурсе: кейс-стади) көркем дискурстың синергетикалық ұйымдасу ерекшеліктері қарастырылады. Аталған зерттеулер негізінде барлық теорияларға ортақ біртұтас қағидаларды ажыратуға болады: сызықтық емес (кез келген құбылыс эволюция үдерісі, қозғалыс үдерісі ретінде түсіндіріледі), тұрақсыздық (жүйенің қасиеттері дамуы барысында міндетті түрде өзгеріп отырады), ашықтық (жүйенің қоршаған ортамен ақпарат алмасу қабілеті), бағыныштылық (жүйенің «өзін-өзі қарапайымдату» қағидаты, яғни оның динамикалық сипаттамасын аздаған тәртіп параметрлеріне дейін қысқарту), оқшаулық (нелокальность) жүйе элементтері арасындағы өзара әрекет ақпараттың шексіз жылдамдықпен берілуі ретінде қабылданады [118-121].

Лингвопоэтикалық зерттеулерде мәтіннің көркемдік параметрлерін интуитивті түсіну, яғни мәтінді қабылдау және оны түсіндіру үшін «күрделілігін, жеңілдігін, қиындығын» анықтау маңызды екені белгілі.

Лингвистикада дәлелдегендей, тілдік жүйеде, соның ішінде әсіресе поэтикалық тіл жүйесінде анықталатын тәртіп параметрлері төмендегідей: грамматикалық категориялардың нормативтілігі, лексемалардың жүйелік (сөздік) мағыналары, сөзжасам модельдерінің стандарттылығы, синтагмалық байланыстар. Осы тұжырымдамаға сай қалыптасақан ережені былайша тарқатуға болады: «егер тәртіп параметрлері тұрақты болса, «еркіндік дәрежесі аса төмен» күйінде болса, онда жүйе де тұрақты күйде болады. Егер тәртіп параметрлері жүйені басқаруды тоқтатса, онда нәтиже екі түрлі болуы мүмкін: 1) жүйе сапалы түрде өзгермейді, өзгерістерге бейімделеді; 2) ол «көптеген еркіндік дәрежелерімен» күйге өтеді, яғни жүйенің сапалы өзгеруі орын алады. Тілде тәртіп параметрлерінің өзгеруі стандарттылық бейнормативтілікке «айналады». Мұндай өзгерістер әсіресе поэзияда белсенді түрде көрініс табады» [122].

Ғалым көптеген поэтикалық мәтіндерді талдау негізінде эмпирикалық түрде поэтикалық мәтіннің тәртіп параметрлерін өзгерту арқылы қалыптасқан синергетикасының грамматикалық және мәтіндік маркерлерін көрсетеді: 1) лексемалардың стандартты емес синтагматикалық байланыстары; 2) грамматикалық категориялардың нақты көрінісі мен дизайны; 3) мағыналы (сөздің фонетикалық көрінісі) таңбаланғанға (лексикалық мағынаға) әсері; 4) интертекстуалдылық; 5) дискурсивтілік; 6) лексикаландыру. Мәтіннің синергетикасы / бейсинергетикасы контекстегі грамматикалық және мәтіндік маркерлердің санымен және сапасымен анықталады. Мәтіннің синергетикалық мағынасы – лексемалардың сөздік мағынасынан туындамайтын терең, трансцендентті мағына [77, 55].

Осыған сәйкес мәтіннің синергетикалылығы және синергетикалық еместігі мәнмәтіндегі мәтіндік маркерлердің кездесу санымен және сапасымен қалай анықталатынын, мысалы, М.Мақатаевтың «Бұлт» өлеңінің негізінде көрсетуге болады:

Көнбеске көнген көк аспан,
Меңіреу, тілсіз жатты сұлқ.
Керуендей адасқан,
Келеді жылжып бір топ бұлт.

Дауылдың құлы – қошқыл бұлт,
Көмескі торға байланып.
Бойында күші... етпей былқ,
Барады алыс айдалып.

Бұлтты кенет буды ашу,
Бірақ дауыл сапырды.
Көк бетін кернеп у мен шу,

Найзағай оғы атылды.

Өксіді бұлт еңіреп,
Бұлтты айдаушы тынды жел.
Қайғылы жасын төгіп ед,
Қарық болды қара жер.

Кенет дауыл сап етті,
Қайта түсіп қалпына.
Бұлтты алыс әкетті,
Қаратпай қайта артына [78, 8].

Жоғарыда берілген өлең 20 жолдан тұрады, 13 маркер қолданылады. Олар: көнбеске көнген көк аспан, меңіреу, тілсіз жатты сұлқ, керуендей адасқан, дауылдың құлы – қошқыл бұлт, көмескі торға байланып, барады алыс айдалып, бұлтты кенет буды ашу, дауыл сапырды, көк бетін кернеп у мен шу, найзағай оғы атылды, өксіді бұлт еңіреп, ұлтты айдаушы тынды жел, дауыл сап етті. Жол саны – 20. Мәтіннің синергетикалық коэффиценті – 0,65.

Мұндағы аттрактор – бұлт. Ол мәтінде түрлі флуктуацияларға ұшырайды. Оған найзағай, дауыл, у-шу сияқты флуктуациялар тартылады. Синергия нәтижесінде табиғат бейнесі арқылы адам жанының күйзелісі сипатталып, поэтикалық тұтастық жасайды.

Өлеңде тұрақсыздық (Керуендей адасқан/келеді жылжып бір топ бұлт), одан эмоцияға ауысады (өксіді бұлт еңіреп), қауіпті күшкен айналады (найзағай оты атылды). Соңында бәрі басылып, тыныштық орнайды (кенет дауыл сап етті) яғни бір элемент әр сәтте жаңа реңк алып, әртүрлі мағынаға ауысып, бірнеше бағытқа тармақталады. Бұл – өлеңсөздегі бифуркацияның көрінісі.

Ж.Нәжімеденовтың «Тоя ма екен бұл дүниеде сырға адам» атты өлеңіне синергетикалық талдау жасайық:

Тоя ма екен бұл дүниеде сырға адам,
Адам сырды адамдардан ұрлаған.
Шіркін тұрмыс үйретпекші барлығын,
Үйретпекші баяғы сол бір надан.

Тағдыр – қыңыр, арты өкініш, алды үміт,
Кетер ақыр баланы үміт шал қылып.
Тірлік өзі заңын жасар, сол үшін
Үйрету де, үйрену де – мәңгілік!

Адам, адам, неткен ұлы жүрегің! –
Осы ғана бұл өмірде білерім.
Жаным менің жамап алды жүз «ауру»,
Табамын деп білместіктің бір емін –

Міне, барым. Өз қырсығым, өз бағым:

Өмір болып, өлең болып қоздадым.
Жалғыз-ақ тек осын-ау бір «білемге»
«Мен де»... деген қоса алмадым сөзді әзір.

Білем, білем, білем деген маған жат,
Барлық «білем» «білмеймінге» қамалмақ.
Жұмыр жерді шырқ үйірер бәрі бір
Жұдырықтай басымен-ақ адамзат.

Жаратты ғой бұл табиғат жан қылып,
Өткеніме өкінбеймін санды ұрып.
Күннен күнге жаңарды өмір, сол үшін
Үйрету де, үйрену де – мәңгілік! [98].

Өлең 24 жолдан тұрады, 10 маркер қолданылады. Мәтіннің синергетикалық коэффициенті 0,41. Мұнда тағдыр – қыңыр, жаным менің жамап алды жүз ауру, өмір болып, өлең болып қоздадым, жұмыр жерді шырқ үйірер, барлық «білем» «білмеймінге» қамалмақ метафоралар тілдік жүйеде жаңа мағыналық өріс туғызатын құбылыс.

«Тағдыр – қыңыр» метафорасы өмірдің тұрақсыздығын сипаттап, флуктуация қызметін атқарып тұр.

«Үйрету де, үйрену де – мәңгілік» бұл аттрактор. Өйткені бұл жүйені тұрақтылыққа әкеледі.

«Жаным менің жамап алды жүз ауру» бұл диссипация. Мұнда ішкі қайғыдан күйреу, энергияның сарқылуы көрініс табады.

«Барлық «білем» «білмеймінге» қамалмақ – бұл бифуркация. «Білім» мен «білмеймін» арасында таңдау сәті сипатталады.

«Күннен күнге жаңарды өмір» бұл өмірдің үздіксіз өзгеруін сипаттап, флуктуация қызметін көрсетеді.

М.Жұмабаевтың «Өмір» атты өлеңіне талдау жасайтын болсақ:

Адамға берген Тәңірі өзі аз өмір,
Бұйрығы: «Жаса дағы, жерге көміл!»
Бірде мұз, бірде жалын, бірде дауыл,
Құбылған өмір – сынап, бейне көңіл.

Жайнаған жаз көреді адам алдын,
Өткен күн – көңілсіз күз желді, салқын.
Қуаныш қайғыменен қатар жүрмек,
Болмайды толық минут жүзі жарқын.

Іңгәлап, аузын ашып, жылап түсер,
Төменге биік таудан құлап түсер.
Денесін дал-дұл қылар қия тастар,
Шұқырға сол жылаумен сұлап түсер.

Дуа етер – сорлы адамды әуре етер,
Көз ашып-жұмғаныңша жоқ боп кетер.
Қылғанша әуре-сарсаң сорлы құлды,
Тәңірі ием, жаратпасаң, онда нетер?! [116, 139].

М.Жұмабаевтың «Өмір» атты өлеңі 20 жолдан, 8 маркерден тұрады. Синергетикалық коэффициенті 0,30.

Бұл поэтикалық мәтінде аттрактор «өмір» сөзі мағыналық өрістің орталығына айналады. Оған мұз, жалын, дауыл, сынап, күз, қуаныш, қайғы, жылау, Тәңір сияқты флуктуациялар тартылып, мәтіннің көпқырлы мағыналарын түрлендіріп, динамикаға алып келеді. Өлең «өмір» аттракторы арқылы философиялық, психологиялық, діни сияқты бифуркациялық тармақталулар жүзеге асып, жаңа мәндік қырларға ие болады. Мұндағы тұтастықтың ерекшелігі хаостық сипаттағы бейнелердің (табиғат құбылыстары, эмоциялар) өзара әрекеттесіп, реттелген жүйеге айналуында.

Біздің ойымызша, поэтикалық мәтіндерге қолданған Е.Ю.Муратованың пікірінше, зерттеу барысында синергетикалық тәсілі поэтикалық мәтіндегі терең құбылыстардың тетігін жаңаша қарауға жол ашады. Лингвопоэтиканы зерттеушілердің еңбектерінде бірқатар мәтінді қабылдау және түсіндіру үшін оның «күрделілігі, жеңілділігі, қиындығы» маңызды мәселелердің бірі болғаны туралы жоғарыда атап көрсеттік. Сондықтан синергетикалық талдау арқылы осындай мәселелерді шешуге мүмкіндік бере алатын маркер ұғымы синергетикалық теорияда берілетін шығармашылық сананың (автордың) өзгеден оқшау өзіндік қолданыстарын бейнелеп, синергетика теориясының басты ұғымдары қатарындағы тәртіптік және бақылау параметрлеріне қатысты айқындалады [76, 53-58].

2.2 Көркем мәтіндегі поэтикалық тілдің лингвосинергетикалық маркерлерін анықтау

Синергетика – күрделі жүйелердің өзін-өзі ұйымдастырудың заңдылықтарын зерттейтін пәнаралық жаңа парадигма. Ол физика, биология, математика, тіл білімі сияқты түрлі ғылымдарда әртүрлі құбылыстардың ішкі үйлесімін түсіндіруде қолданылып, әмбебап әдіснамаға айналды. Осы саладағы зерттеулердің негізінде поэтикалық дискурстың синергиясын ашуға тікелей қатысы бар синергетиканың негізгі ұғымдарына ашық жүйе, бейсызық, өзін-өзі ұйымдастырушылық, диссипация, флуктуация, бифуркация, фракталь, аттрактор т.б. жатады. Олардың әрқайсысы поэтикалық мәтінді талдауда ерекше қызмет атқырады. Мәселен, аттракторлар мәтіннің мағыналық тұрақты тіректері, флуктуациялар мағыналық ауытқулар, мәтіннің өзгермелі сипаты, ал бифуркациялар мәтіннің жаңа мағыналық деңгейге өтуін қамтамасыз етеді.

Осы тарауда синергетиканың негізгі ұғымдарына сипаттама беріліп, олардың поэтикалық мәтінді талдаудағы орны айқындалады. Көркем мәтіннің ішкі ұйымдасуын жаңа қырынан тануға мүмкіндік береді.

Н.С. Олизьконың пікірінше, синергетиканың негізін жекелеген ғылыми теорияларға ортақ қағидаттар мен жалпы ғылыми теориялардың қағидаттары құрайды. Жекелеген теориялар өз салаларының ерекшеліктеріне байланысты айырмашылықтарға ие болғанымен, барлық теорияларға ортақ қағидаттарды бөліп көрсетуге болады:

1. Бейсызықтық (кез келген құбылыс даму және қозғалыс үдерісі) ретінде қарастырылады.

2. Тұрақсыздық – жүйе дамыған сайын оның қасиеттері міндетті түрде өзгереді.

3. Ашықтық – жүйенің сыртқы ортамен ақпарат алмаса алу қабілеті.

4. Бағынушылық – жүйенің өзін-өзі қарапайымдату қағидаты, яғни оның күрделі динамикасын аз ғана тәртіп параметрлерімен сипаттауға келтіру.

5. Локалдылық болмауы – бұл қағида тек жансыз жүйелерге тән және алыс қашықтықта әсер ету ұғымын білдіреді, яғни жүйе элементтері арасында шексіз жылдамдықпен ақпарат берілуі сияқты әрекеттесу орын алады [118, 194].

Бұл қағидалар поэтикалық мәтінді де өзін-өзі ұйымдастыратын, мағыналық энергиясы үздіксіз қозғалыста болатын, ашық күрделі жүйе ретінде талдауға мүмкіндік береді.

Мысалы: Мұқағали Мақатаевтың «Өмірге ерте құлаш сермегенмен» өлең ашық жүйе ретінде талдасақ:

Өмірге ерте құлаш сермегенмен,
Өзімшіл жас жүректі тербегенмен.
Өсиетсіз, сүйеусіз, самарқау жас,
Өте алмассың өткелсіз көлденеңнен.

Сен бір жан тұрмыстың зор торындағы,
Соқпағың көп жүрсең де жолыңдағы.
Сенетін, сескендірер құралың сол –
Сенімді тәтті үмітің қолыңдағы.

Мүмкін, сен өтерсің де соқпақтардан,
Ұшарсың, шығарсың да темір тордан.
Қарғыс айтып тұрмысқа қашқанменен,
Пана болар жасырып қайсы қорған?

Алданба, ерке жаным, бұл тұрмысқа!
Өмірдің ең қызығы білімді ұста!
Сабыр ет! Сабыр, сабыр бір азырақ!
Асқақтама, көңілім, аспанға ұшпа! [78, 41].

Бұл өлеңді ашық жүйе деп қарастыруға болады, өйткені оның мағынасы бір ғана деңгейде қалып қоймайды. Өлең автордың өмірлік тәжірибесін де, жастардың психиологиялық күйін де, қазақ қоғамындағы тәрбиелік ойларды да, оқырманның жеке қабылдауын да өзіне қосып алады. Өлеңнің алғашқы шумағында жас адамның өмірге ерте ұмтылуы, үлкен мақсат қоюы, бірақ оған

дайындықсыз баруы айтылады. «Өмірге ерте құлаш сермегенмен...» жас адамның бойындағы албырттықты, асығыстықты көрсетеді. Өлең жас өмірдің өткелдері, сынақтары, өмірлік қолдаудың қажеттілігі сияқты әлеуметтін мәселелерді көтеру арқылы қоғамдық-әлеуметтік жүйемен байланысады. «Сенетін, сескендірер құралың сол – Сенімді тәтті үмітің қолыңдағы» деген жолдарда үміт аттрактор рөлін атқарады, ол өлеңнің мағыналық энергиясын өзіне тартып, бүкіл мәтіннің динамикасын анықтайды. Аттрактордың болуы – лингвосинергетикалық жүйелерге тән қасиет.

«Мүмкін, сен өтерсің де соқпақтардан, Ұшарсың, шығарсың да темір тордан» бұл шумақ жолдары жас адамның өміріндегі тұрақсыздық, күмән, мүмкіндіктердің ашылуы сияқты флуктуациялық үдерістерді көрсетеді. Бұл жүйенің уақытша тұрақсыз күйге өтіп, жаңа сапаға (бифуркация) өтуге жақын екенін көрсетеді. Синергетикада дәл осындай тұрақсыздық жаңа жүйелік сапаның тууына себеп болады.

Соңғы төртінші шумақтағы «Өмірдің ең қызығы білімді ұста» деген жол өмірлік бағдар ретінде мәтіннің негізгі аттракторына айналады. Бұл аттрактор барлық мағыналық флуктуацияны тұрақтандырып, жүйені жаңа деңгейдегі тепе-теңдік жағдайына алып келеді. Өлеңнің ашық жүйе екені әр адамның әртүрлі қабылдауы, бірі өмірлік өсиет, бірі жастық шақтың қателіктерін көреді. Яғни өлеңнің мағынасы оқырманға қарай өзгереді. Әрбір оқырманның қабылдауы арқылы жаңа мағына алып отырады. Сондықтан өлең – сыртқы дүниемен байланыста болатын, мағынасы өзгеріп тұратын ашық жүйе.

Мысалы: М.Мақатаев «Бір ой» өлеңі.

Аңсадым, амалым не, сәулем, сені,
Жүдетіп жасырын ой жанды жеді.
Қайнаған қасіретке ем алайын,
Жарқ етші көз алдымнан келсе жөні.

Ойнар едім, күлер ем, ойда бірақ:
"Ұмытам ба сәулемді?", – деген сұрақ
Кенеттен арам ойды ыдыратып,
Мені алып адалдыққа кетер жырақ.

Ақталып, айрылғанда ойдан бөтен,
Тапқандай түзу жолды, адал мекен.
Сол кезде көз алдыма елестейді,
Бейнесі алыстағы адал некем [78, 51].

Бұл өлеңде адамның ішкі сезімдері бір өзгеріп, бір толқып, бір тынышталып тұратын күрделі күйі суреттеледі. Өзін-өзі реттеу синергетикада жүйенің ішкі тепе-теңдігін сыртқы немесе ішкі әсерлердің ықпалынан қайта қалпына келтіру қасиеті ретінде қарастырылады. Алғашқы шумақтағы «Жүдетіп жасырын ой жанды желі» деген жол өлеңнің ішкі жүйесінде тұрақсыздық пайда болғанын көрсетеді. Бұл флуктуациялық күй. «Ақталып, айрылғанда ойдан бөтен,

Тапқандай түзу жолды, адал мекен» бұл жолдар жаңа жүйе «адал жол», «түзу бағыт» қалыптастырғанын білдіреді. Яғни өлеңнің ішкі жүйесі хаостық күйден жоғары деңгейдегі тәртіп пен үйлесімге өздігінен өтеді. Бұл синергетикадағы өзін-өзі ұйымдастыру.

Фракталь. Қоршаған әлемді бейнелейтін тілдік жүйенің даму барысында туындайтын мағыналардың ретсіздігі мен шашыраңқылығын адамдардың дұрыс қабылдауы үшін жалпы мағыналық бірегейлікке тұтастыратын – фракталдар. Фракталдар кейбір элементтердің өзара ұқсастық қасиеттеріне ие нысандар болғандықтан, семантикалық фракталдар ретінде тілдегі мағыналық инварианттың айналасына мағынасы ұқсас мағыналарды топтастырады. Демек, фракталдардың тілдегі негізгі қызметі – бір фразаның ұқсас мағыналарын белгілі бір тұтастықта ұстау [122, 62].

Жалпы «фрактал» («fractus») термині латын тілінде «сындыру», «үзіп алу» деген мағынаға ие. Соның негізінде Б.Мандельброт 1975 ж. ретсіз орналасқан, бірақ бір-біріне ұқсайтын құрылымдарға қатысты «фрактал» терминін енгізіп, оны әртүрлі бөліктерден тұрғанмен белгілі бір мәнде тұтасатын құрылым» деп анықтаған [123]. Бара-бара «фрактал» термині пәнаралық сипатқа ие болып, бір-біріне ұқсас күрделі құрылымды жүйелерді бейнелеуде қолданылатын болды.

Қазіргі таңда тілші-ғалымдар фрактал ұғымын күрделі тілдік құбылыстарды түсіндіру және жаңғырту үшін қолдана бастады.

Соның ішінде қазіргі постмодернистік бағыттағы көркем дискурстың құрылымындағы мәтінаралық (интертекстуалдылық) құбылысқа синергетикалық талдау жасаған ғалым Н.С.Олизьконың зерттеулері ерекше назар аударады. Ғалымның пікірінше, біртектес нысандардың құрылымы ұқсас болғанмен, бірдей болмайды. Осы қасиетіне орай Н.С.Олизько лингвистикада құрылымдық ұқсастық пен айырмашылықтың қарама-қайшылығының қатар өмір сүруі кейінгі жіктеушілік үдерісінде пайдаланылады. Осыған сүйеніп, ғалым «лингвистикадағы фрактал дегеніміз, бөліктерге (үзіктерге) ыдырап, бірақ соның әрқайсысы тұтас форманың кішірейген көшірмесі іспетті қайталанатын модель» деп түсіндіреді [124].

Фрактал ұғымының синергетикалық мәнін біздің ойымызша, мына пікір аша түседі: «Различие – это то, благодаря чему движение означивания оказывается возможным лишь тогда, когда каждый элемент, именуемый «наличным» и являющийся на сцене настоящего, соотносится с чем-то иным, нежели он сам, хранит в себе отголосок, порождённый звучанием прошлого элемента, и в то же время разрушается вибрацией собственного отношения к элементу будущего; этот след в равной мере относится и к так называемому будущему, и к так называемому прошлому; он образует так называемое настоящее в силу отношения к тому, чем он сам не является» [125].

Дегенмен, көрсетілген фрактал теориясы тұрғысынан кейбір зерттеушілер поэтикалық мәтінді оның шектілігі, статикалық күйі және таралуының аттракторға ұмтылуымен байланысты фракталға жатқызбайды. Бірақ семантикалық тұрғыдан мәтіннің өз құрылымының бөліктерін қайталанатынын, мәнмәтіндік мағынасын жоққа шығармайды.

Жалпы, «фрактал ұғымының ғылым мен өнерде тұтас пен бөлшектің қатынасы ретінде маңызды. Осымен байланысты синергетик-ғалым А.В.Волошинов өнерді түсінудегі синергетикалық парадигмада қарау үстінде фрактал құбылысына ерекше мән беріп, «семантикалық фрактал» деген термин енгізеді. Атап айтқанда: «...Шын өнердің соңғы шегі (сызығы) болмайды, сол сияқты фракталдарға да дәл шекара тән емес» деп санайды [126].

С.Н. Плотникова өз мақаласында дискурстың фракталдық табиғатын жаңа лингвистикалық ұғым ретінде қарастырады. Автор фракталдылық теориясының жалпығылыми негіздерін талдап, оның философия, логика, семиотика және лингвистика салаларындағы қолданылу ерекшеліктеріне тоқталады. Ғалым дискурс фракталдылығын когнитивті құрылымдардың негізінде ұйымдасуы ретінде сипаттайды. Осыған байланысты дискурстық кеңістік өзін-өзі қайталайтын әрі динамикалық түрде дамып отыратын құрылым ретінде танылады [30, 126-135].

Сонымен, семантикалық фракталдар тілдегі мағыналық инвариантты айналасына мағынасы ұқсас мағыналарды топтастырады. Бұл фракталдардың тілдегі негізгі қызметі – бір фразаның ұқсас мағыналарын белгілі бір тұтастықта ұстау. Мысалы: Мұқағали Мақатаевтың «Беторамал» өлеңі бойынша фракталдық талдауы:

Жабырқаймын жанымнан арылғанда
Қымбатсың, беторамал, жанымнан да.
Адал қол сені тіккен маған арнап
Сол үшін тазарақсың арымнан да.

Бетінде кестелеген гүл жапырақ,
Аяулы алтыннан да қымбаттырақ.
Қорғаймын, қызғанамын сені, орамал,
Етіндей жүрегімнің бір жапырақ.


Кестелі төртбұрышты болатындай,
Досым менен сырласым болатындай.
Жел тисе, нәзік гүлі бетіндегі,
Қалтырап жүрегіммен соғатындай.

Аңызбенен айта алмай сыр амалды,
Сылтаулап сені көп жан сұраған-ды.
Мұң, арманын бетіңе сыйдыра алмай,
Ерке жанды талай қыз жылаған-ды.

Аяулысын алам деп еске немен,
Сүюін шын дәлелдеп кестеменен.
Сүйгенінің ұмытпас айғағы етіп,
Тек саған ой-қиялын дестелеген.

Орамал, сен көңілдің кір, жаманын
Кетіріп, бетін жаптың у жараның.
Медеу еткен көңіліме гүліңді мен
Қуартпай көз жасыммен суғарамын [78, 96].

Бұл өлеңдегі басты фрактал – «беторамал». Бұл сөз тұтас мәтіннің семантикалық орталығын құрай отырып, поэтикалық жүйедегі барлық өрістерді өзіне тартып, оларды бір ортақ құрылымға біріктіретін аттрактор рөлін атқарады. Төмендегі суреттен «Беторамал» фракталының моделін көруімізге болады:



Сурет 1 – «Беторамал» фракталы

Мұнда сызбадағы әрбір тармақ орамал бейнесінің фракталдық жүйесі болып табылады. Фрактал теориясы бойынша, күрделі жүйеде негізгі бейне әр шумақта өзін қайталап тұрғандай көрінгенімен, шын мәнінде ол әрбір контексте жаңа мағыналық реңк алып, көпқабатты семантикалық жүйе түзеді. Міне, бұл – фракталдық модель.

Беторамал – өлеңдегі барлық семантикалық өрістердің тоғысатын орталығы. Ақын үшін орамал адал сезімнің, жүрек жылуының, нәзіктіктің, сырдың, мұңның, ем мен жұбатудың жинақталған поэтикалық символы. Сызбада орамалдың негізгі төрт мағыналық тармағы берілген. Әрбір тармақ өлеңнің мазмұнын көпқабатты етеді. 1-ші тармақ – «тазалық». Мысалы, «Сол үшін тазарақсың арымнан да» мұнда орамал фракталі тазалықтың белгісі. 2-ші – «жүрек» тармағы. «Етіндей жүрегімнің бір жапырақ», мұнда орамал жүрекке, жүрек орамалға айналып өлеңнің әсерін күшейте түседі. 3-ші «гүл» тармағы. «Бетінде кестеленген гүл жапырақ» бұл фракталдық түрленудың мысалы. 4-ші «мұң» тармағы. «Мұң, арманын бетіңе сыйдыра алмай, Ерке жанды талай қыз жылаған-ды» мұнда жан жарасы орамал арқылы көрініс табады. Поэтикалық мәтінді фракталдық тәсілмен талдау өлеңдегі мағына түзілімдерін терең түсінуге, ақынның ішкі әлемін көпқабатты семантикалық өріс арқылы айқындауға мүмкіндік береді.

Флуктуация. Тіпті ең болмашы флуктуациялар (кездейсоқ тербелістер) мәтін құрылымының бірізді дамуын өзгертіп, оның мағыналық тұтастығына әсер етуі мүмкін. Г.Г.Москальчук бұл үдерістердің адам тарапынан әлсіз бақыланатынын атап өтеді. Өздігінен туындайтын флуктуациялар көркем шығарма мазмұнының қайшылықта болуына, авторлық ұстаным мен идеяның

түсініксіз болуына (мағыналық аттрактордың жоғалуы), мәтіннің байланыстылығының бұзылуына және т.б. алып келуі мүмкін. Мұның бәрі мәтіннің хаостық күйге түсуіне себеп болады [23]. Демек, флуктуация өлеңнің мағыналық реңктерінің түрленуін, мәтіндегі динамиканың күшеюін және лирикалық ой-сезімнің үнемі қозғалыста болуын қамтамасыз етеді. Мысалы, М.Мақатаевтың «Жамылып сағыныштың сал шекпенін» өлеңін талдар болсақ:

Жамылып сағыныштың сал шекпенін,
Сарғайып сенің үшін зар шеккемін.
Зарықтыр, о, тәңірім, жалықтырма!
Мәңгілік ғашықпын мен, ант еткемін!

Көзіме көрінбесең, көрінбе сен,
Күнім боп тұра бергін көгімде сен.
Өлді деп ойлай бергін сонда мені,
Бұлт болып шуағыңды тұтып алып,
Нөсер боп селдетіп мен төгілмесем.

Көкке емес, жерге сонда құлайды арман,
Сел болып ағар, мүмкін, лайланған.
Сен сол кез кезбе бұлтқа бір қарап қой,
Сол – менмін көктің жүзін шыр айналған.

Білем саған жете алман, ғарыштасың,
Белгілі мәңгілікке табыспасым.
Дерт те емес, күйік те емес, жар да емессің,
Сен маған сағыныш боп жабысқасың.

Қайтсем екен сені ұстап қалу үшін?!
Сен маған шексіз дала сағымысың.
Мен өтермін, өтермін, өтермін мен,
Мәңгілік сен қаласың, сағынышым!!! [78, 69].

Флуктуация өлеңде лирикалық кейіпкердің көңіл күйі бір қалыптан ауытқып, толқып, құбылып тұрғанын білдіреді. Бұл өлеңде дәл сондай құбылыстар өте айқын.

«Жамылып сағыныштың сал шекпенін, Сарғайып сенің үшін зар шеккемін» мұнда сағыныш, сарғаю, зар – бәрі бір-біріне қосылып, күшті эмоциялық толқу тудырып тұр. Бұл флуктуацияның басталуы.

«Көзіме көрінбесең, көрінбе сен, Күнім боп тұра бергін көгімде сен» бұл жолдарда сезімдер екі жаққа тербеледі. Көрінбесең – көрінбе және күнім боп тұра бер екі түрлі эмоцияның қатар келуі – жүйенің тұрақсыздығы, яғни флуктуация.

«Бұлт болып шуағыңды тұтып алып, Нөсер боп селдетіп мен төгілмесем» мұнда эмоция бір сәт өзгеріп, құбылып, күшейіп тұрғаны –флуктуацияның айқын белгісі.

«Білем саған жете алман, ғарыштасың...» Мұнда үміт пен күдік арасында тербеліс бар. Бұл тербеліс те флуктуацияны күшейтіп тұр.

Бұл өлеңде флуктуация сағыныш сезімін үнемі өзгеріп, бірде күшейіп, бірде әлсіреп, бірде нөсерге, бірде бұлтқа айналғандай құбылып тұруы арқылы берілген. Ақынның көңіл күйі тұрақты емес: үміт пен күдік, жарық пен қараңғылық, жақындау мен алыстау арасында тербеліп тұрады. Міне, осы құбылыс – өлеңдегі флуктуацияның негізгі қызметі.

Диссипаттылық. Тілдің қолданыс барысындағы жоғарыда көрсетілген ашықтық сипаты оны қоршаған ортамен ықпалдасуымен, атап айтқанда, тілдің даму үстіндегі ауыспалы, кері ықпал етуші құбылыстар арқылы жүзеге асатын эволюциялық сипатымен анықталады. Бұл байланыстан тыс ешқандай талдау тіл жүйесінің өз ішіндегі ғана қатынастар арқылы түсіндіре алмайды. Тіл қызметі барысында жаңа сөздермен, кірме сөздермен, балама атаулармен т.б. толығу арқылы сөздің бойына күш шашырап, тарайды. Синергетикалық қозғалысқа қатысты оны ғалымдар «диссипация» деп атайды.

Диссипатты құрылым жүйенің ішкі даму барысында өздігінен туындайды. И.Пригожин мен И.Стенгерстің «Порядок из хаоса» кітабында диссипатты құрылымның пайда болу үдерісі былайша түсіндіріледі: «Жүйе тепе-теңдік күйде болған кезде оның элементтері бір-біріне тәуелсіз әрекет етеді. Егер бұл жүйе қоршаған ортаның әсерінен тепе-теңсіз күйге түссе, жағдай өзгереді. Олардың арасында корреляция, когерентті өзара әрекеттің нәтижесінде диссипативті құрылым пайда болады. Осы диссипатты құрылымның элементтерінің «бірге әрекеттесу» немесе когерентті қасиеттері өзін-өзі ұйымдастыру үдерістерінің феномені болып табылады» [73, 14].

Демек, жүйе тепе-теңдік күйде болған кезде лексемалар бір-біріне тәуелсіз әрекет етсе, жаңа мағыналар туындамайды. Поэтикалық мәтінде ерекше көрініс табатын – диссипатты құрылымның туындауы. Тілдік бірліктердің когерентті өзара әрекеттесуі нәтижесінде жаңа мағына туындайды. Бұл, ең алдымен, лексемалардың синтагматикалық байланысы деңгейінде көрінеді.

Мысалы, М.Мақатаевтың «Соңғы сағатта» өлеңінде: «Қысылармын қиналып, демім бітіп, Тіл күрмелер ақырғы сөзге келмей» – бұл диссипаттылықтың ең нақты тілдік көрінісі. «Иненің де көзіндей сәуле бермей» бұл метафора – энергияның төмендеуі, яғни жүйенің шашырауы толық диссипация.

Бифуркация. «Ол тілдік жүйенің даму үдерісінде құрамындағы бірліктердің әртүрлі мағыналардың туындатуын жүзеге асырады. Бифуркация «жүйелер қозғалып, тармақтарға бөлініп жатқан траекторияда, ерекше нүктелерде көрініс табады. Барлық тармақтар бірдей болуы мүмкін, бірақ олардың біреуі жүзеге асады» [73, 16]. Демек, бифуркация – өлеңде ақынның жан дүниесінде бір сәтте пайда болатын күрт өзгеріс, яғни бұрынғы тыныш күйдің бұзылып, адамның жаңа ойға, сезімге, жаңа халге өтуі. Бұл өлеңдегі шешуші бұрылыс. Мысалы: М.Мақатаевтың «Соңғы сағатта» өлеңіндегі бифуркациялық сәттер:

«Көз жұмып мәңгі ұйқыға кетерімді» осы өлең жолында ішкі дүниесі «тіршілік» күйінен «ажалмен бетпе-бет келу» күйіне ауысады.

«Қия алмай тіршілікті жатқанда өлмей» бұл бифуркацияның ең айқын көрінісі. Ішкі дүниенің жаңа күйге көшуі.

«Бас изермін, ең соңғы иек қағып...» адамның соңғы іштей мойындауы, соңғы шешімі. Бұл жүйенің толық өзгерген күйі.

Бұл өлеңде бифуркация адамның өмір мен өлім арасындағы шешуші сәтке келгенін, оның жан дүниесінің бір сәтте түбегейлі өзгеріп, басқа күйге өткенін білдіреді.

Аттрактор. Тілдік тұлғалардың сөздік құрамды байытуына ықпал ететін сыртқы, тілден тыс маңызды қуат синергетикалық парадигмада «аттрактор» деп анықталып, өлшем ретінде тілдің ілгері дамуына кепіл бола алады. Соның негізінде сөздің семантикалық, грамматикалық, құрылымы кеңіп, метафора, метонимия т.б. танымдық көркем құралдардың қалыптасып, іске асып жатқанын тек көркем мәтіндер ғана емес, мемлекеттік тіл қызметінің аясында күшейген тілдің коммуникативтік әлеуеті айшықты көрінетін БАҚ пен көсемсөз тіліндегі жаңғырған этнолексика, прецеденттік атаулар т.б. да көрсетеді.

Ж.Нәжімеденовтың «Өмір» атты өлеңінің синергетикалық коэффициентін табу үшін алдымен синергетикалық маркерлерді анықтап аламыз. Мысалы:

Өмір, өмір, өмір деген – бір ғажайып бәйтерек,
Бәйтерекке түн де керек, күн де керек, ай керек.
Сол теректі паналаған балапансың сары ауыз,
Сол теректе өткен тірлік – әрі шындық, әрі аңыз.
Сол Теректің күн жағында – көктеменің шуағы,
Сол теректің көлеңкесі – қарлы боран қояды,
Сол теректің бір басына екі тағдыр ұялап,
Екі тағдыр – мәңгі-бақи адалдық пен қиянат.

Өмір, өмір, өмір деген – толып жатқан көк теңіз,
Мөлдір теңіз ылайланар – күл әкеліп төкпеңіз!
Тулайды ол, шулайды ол долы кеуде қара көк,
Аспан ғана қылды иелік сол теңізге жаға боп.
Сол теңізде аушылық қып адамдық пен пенделік,
Сол теңізден алып жатыр несібесін тең бөліп.
Ал, егерде ұрлық етсең бір басыңды қайғылап,
Көп ұзамай көрінесің: қайық – қара, айдын – ақ.
Сол теңізге келем мен де ақылымды сүңгітіп,
Сүңгимен де қайта шығам, қайта шығам су жұтып.

Өмір, өмір өмір деген – жолаушы ғой шаналы,
Өтер әлі-ақ үлпек қарда ізі ғана қалады.
Күндер өтер, айлар өтер, өшер әлгі із жуылып,
Сонда шындап қарайсың ғой өткеніңе үңіліп.

Өмір, өмір, біздің өмір, біздің өмір – керемет!
Өмір, өмір маған қайғы, маған шаттық бере кет.

Әкел, өмір, бәрін әкел!

Тойсын мына көз, көңіл,

Бәрі – бақыт, қасың күліп, дос жылаудан өзгенің! [98, 35].

Поэтикалық мәтінде аттрактор маркерлері (мағыналық орталық): өмір, бәйтерек, теңіз. Флуктуациялық маркерлер: Сол Теректің күн жағында – көктеменің шуағы, Сол теректің көлеңкесі – қарлы боран қояды, Мөлдір теңіз ылайланар – күл әкеліп төкпеңіз!, Сол теңізде аушылық қып адамдық пен пенделік, Бәрі – бақыт, қасың күліп, дос жылаудан өзгенің!. Метафоралық маркерлер: Өмір – ғажайып бәйтерек, өмір – толып жатқан көк теңіз, өмір – жолаушы, өмір – керемет, тірлік – шындық, тірлік – аңыз, тағдыр – адалдық, тағдыр – қиянат. Бифуркациялық маркерлер: Сол теректің бір басына екі тағдыр ұялап, Екі тағдыр – мәңгі-бақи адалдық пен қиянат, Өтер әлі-ақ үлпек қарда ізі ғана қалады, Күндер өтер, айлар өтер, өшер әлгі із жуылып. Диссипация: Әкел, өмір, бәрін әкел! Тойсын мына көз, көңіл.

Аттрактор – поэтикалық мәтіндегі мағыналық орталық. Ол поэтикалық құрылымның негізгі мағына өзегін ұстап тұрады, барлық тілдік элементтер оған тартылады. Аттракторлық қасиетке сөздер екінші қатардағы бейнелі сөздерді өз мағынасына тарту арқылы жүйенің ішкі тұтастығын қамтамасыз етеді. Мысалы:

Өмір, өмір, өмір деген – бір ғажайып бәйтерек,

Өмір, өмір, өмір деген – толып жатқан көк теңіз,

Өмір, өмір өмір деген – жолаушы ғой шаналы.

Мұнда өмір – басты аттрактор. Ол мәтіннің барлық мазмұнын, ой құрылымын өзіне бағындырады. Сонымен қатар бәйтерек, теңіз, шаналы жолаушы сияқты метафоралар – қосалқы аттракторлар, олар өмір ұғымының түрлі қырын поэтикалық модельдермен бейнелейді.

Флуктуация – бұл жүйедегі мағыналық немесе эмоциялық тербеліс. Поэтикалық мәтіндерде флуктуация поэтикалық жүйенің ішкі динамикасын сипаттайды, яғни мәтін құрылымындағы тұрақтылықтың уақытша бұзылуына, тұрақсыздыққа әкеледі. Мысалы:

Сол Теректің күн жағында – көктеменің шуағы,

Сол теректің көлеңкесі – қарлы боран қояды.

Бұл жолдарда шуақ пен боран арасындағы қарама-қарсылық – поэтикалық кеңістіктегі флуктуациялық ауытқу. Поэтикалық мәтіндегі эмоциялық күй ауыса отырып, оқырманды ой динамикасына тартады.

Бифуркация – жүйенің бұрынғы күйден, жаңа күйге ауысуы, шешуші сәті. Лингвосинергетикалық тұрғыда бұл ұғым поэтикалық мәтіндегі мағыналық шешім сәттерін, оқиғалық немесе эмоциялық бұрылыстарды ары қарай таңдау нүктесін сипаттайды. Мысалы:

Сол теректің бір басына екі тағдыр ұялап,

Екі тағдыр – мәңгі-бақи адалдық пен қиянат.

Бұл өлең жолдарында ақын өмірді бифуркациялық жүйе ретінде сипаттап, адам тағыдыры адалдық пен қиянаттың арасында тұрғанын бейнелейді. Бұл – поэтикалық мәтіндегі мағыналық шешуші бұрылыс (бифуркациялық) сәті.


Диссипация – жүйедегі жинақталған энергияның сыртқа шығуы немесе ыдырауы арқылы қайта тепе-теңдікке келу үдерісі. Поэтикалық мәтінде бұл құбылыс эмоционалдық немесе мағыналық шарықтауынан кейін жүйенің тыныштыққа бәсеңдеуімен сипатталады, яғни өлеңнің ішкі тыныштығы қалпына келеді. Мысалы:

Әкел, өмір, бәрін әкел!

Тойсын мына көз, көңіл.

Бұл өлең жолдарында көріп отырғанымыздай поэтикалық жүйе өзінің шарықтау шегіне жетіп, ішкі эмоциялық энергия толықтай сыртқа шығады.

Ж.Нәжімеденовтың поэзиясындағы өмір моделінің лингвосинергетикалық сызбасы:



Сурет 2 – Ж.Нәжімеденовтың поэзиясындағы *өмір* лингвосинергетикалық моделі

Модельдің өзегі – **өмір** ұғымы. Ол поэтикалық мәтіндегі барлық мағыналық бейнелік сипаттарды өзіне тартып тұратын аттрактор қызметін атқарады. Барлық мазмұндық құрылым осы сөзге шоғырланады.

Көріп отырғанымыздай, өмір үш негізгі бейне арқылы модельденеді. Олар: өмір – бәйтерек, өмір – теңіз, өмір – жолаушы. Әр метафорадан мағыналық тармақтар (адалдық-қиянат, мөлдірлік-лай, адамдық-пенделік, қуаныш-қайғы, із-жоғалу, күн-түн) флуктуация мен бифуркацияны білдіреді.

Бұл құрылым өлеңдегі бейсызықтық пен көпқырлылықты көрсетеді. Өлеңде мағына бір бағытта ғана емес, ауысып, түрленіп отырады. Бір сөз немесе образ

бірнеше түрлі қырдан ашылады. Бұл поэзияны күрделі терең, синергетикалық құбылыс етеді.

Көрсетілген синергетикалық тәсілдердің бәрі де мәтіннің ашықтығын бейнелеуге қызмет етеді, сөзді құбылтады. Сол арқылы коммуниканттың санасына ықпал етеді, біркелкілікті өзгертеді. Соның ішінде тілдің онтологиялық өзегіндегі байланыстарды танымдық тұрғыдан сабақтастыратын когнитивтік метафоралар автор интенциясын күшейтіп, жаңа ассоциялармен байытады.

2.3 Метафоралану үдерісінің синергетикалық тұрғыдан қалыптасқан модельдері

Классикалық ғылымда метафоралық зерттеулер негізінен риторика, стилистика және әдебиеттанудың әдіснамалық тәжірибелерінде дамыған көзқарастарға сәйкес жүргізіліп, зерттеушілер метафораның экспрессивті, эмоционалды-бағалау және номинативті аспектілеріне ерекше назар аударады. Соған сәйкес жасалған қалыпты тұжырымдамада ең алдымен метафораның эстетикалық аспектілері, сондай-ақ оның адресатқа эмоционалды әсер ету және оның санасында белгілі бір бейнелер жасау қабілеті қарастырылды.

Ал, көрнекті мәдениеттанушы ғалым Д.С. Лихачевтің анықтамасында әлем туралы тұжырымдама – бұл адамның жеке тәжірибесінің объективі шындықты субъективті түрде көрсететін «жалпылама ойлау бірлігі» [127]. Статикалық құрылым емес, адамның жеке өмірлік тәжірибесінен туындаған көптеген мағыналардың әрекеттесу үдерісінің нәтижесінде ғалым ұсынған тұжырымдаманың гетерогенді және тұрақсыз құрылымы сапалы әртүрлі мағыналарды, мағыналық реңктерді, сайып келгенде, белгілі бір дискурстық кеңістікті туғызады, тұжырымдаманың өзара әрекеттесетін, қатаң иерархияны құрмайды, құрамдас бөліктері «тәртіп» және «ретсіздік» сияқты постклассикалық ғылым тұрғысынан сипатталады.

Осымен байланысты қалыптасқан метафора теориясының бастауында тұрғандар − американдық когнитивті лингвистика мектебінің өкілдері. Осы бағыттағы іргелі зерттеулердің ішінде Дж. Лакофф пен М. Джонсон «Біз өмір сүретін метафоралар», М. Блэк «Метафора», Э. Маккормак «Метафораның когнитивті теориясы», А. Ричардс «Риторика философиясы», М. Минский «Білімді бейнелеуге арналған кадрлар», Ж. Фоконье және М. Тернер «Психикалық кеңістіктер», «Тұжырымдамалық интеграция» және т. б. атап өтуге болады. Бірақ метафораға когнитивті көзқарастың қалыптасуының алғышарттары ертеректе пайда болғанын ғалымдардың метафораның гносеологиялық және мағына тудырушы әлеуетке ие екенін және адамның ойлауы метафоралық екеніне назар аударған еңбектерінен көруге болады. Мысалы: Д. Вико, Ф. Ницше, М. Осборн ойлаудың метафоралық сипатына назар аударған. Арутюнованың көрсетуінше, Ф. Ницшенің метафораның сыртқы эстетикасының артында белгілі бір ойлау әдісін көріп, адам сөзсіз және бейсаналық түрде метафораға жүгінетінін, шындықты тұжырымдайтынын, сөйтіп, өзінің ерекше әлем бейнесін жасайды деп санайды [128].

Көптеген когнитивист ғалымдар мысалы, Е.С. Кубрякова метафора құбылысын антропоморфтық ұғымдармен байланыстырып, осылайша метафора жаңа білім мен ұғымдарды қалыптастыратынын, бұл тұрғыдан ол «білімді тіл түрінде көрсету тәсілі» болатынын көрсетеді. Осыған орай, шындықты тану және тұжырымдау барысында адам абстрактілі, бақыланбайтын ұғымдарды қарапайым, нақты бақыланатын ұғымдармен мысалы, эмоцияларды отпен, саясат саласын ойынмен және т. б. салыстырады [129].

Жалпы метафораға когнитивті көзқарастың ғылыми әдістемесі американдық когнитивті лингвистика мектебінің өкілдері Дж. Лакофф пен М. Джонсонның іргелі еңбектерінде негізделген. Олар өздерінің 1980 жылы жарық көрген “Metaphors we Live by” («Біз өмір сүретін метафоралар») танымал еңбегінде, метафораға «біздің күнделікті өмірімізге еніп, тек тілде ғана емес, ойлауда да көрінетін» шындықты тұжырымдау құралы ретінде қарайды [104, 17]. Зерттеушілердің пікірінше, адамның тұжырымдамалық жүйесі адамның тікелей физикалық тәжірибесінен алынған негізгі тұжырымдамалардың шағын жиынтығына негізделген. Ғалымдардың тұжырымы бойынша негізгі ұғымдар физикалық және онтологиялық категорияларды, кеңістіктік қатынастарды, белгілі бір әрекеттер мен тәжірибелерді қамтиды. Керісінше, абстрактілі ұғымдарды білдіретін өзге ұғымдар адамның физикалық тәжірибесінен туындамайды, бірақ олардың метафоралық тұжырымдамасы нәтижесінде қалыптасады Сол сияқты тұжырымдамалық метафора теориясының дамуына елеулі үлес қосқан Н.Д. Арутюнова, А.Н. Баранов, Э.В. Будаев, Ю.Н. Караулов, Е.С. Кубрякова, А.С. Самигуллина, В.Н. Телия, А.П. Чудинов т.б. көптеген ресейлік зерттеушілер әлемнің антропоцентристік бейнесін жасаудағы метафораны шындықты тұжырымдау тәсілі ретінде қарастырады. Когнитивті метафораға арналған еңбегінде В.Н. Телия метафораны туралы стилистикалық құралы ретінде емес, оның танымдық қабілеттеріне сай оның жаңа ұғымдарды қалыптастырудағы рөлін атап көрсетеді. Зерттеуші «метафораны (кез келген басқа троптар сияқты) – сана қабылдаған шындық лингвистикалық түрде жүзеге асырылатын ассоциациялар желісін қоздыратын аллегория» деп бағалайды [129].

Осыған байланысты, орыс және ағылшын тілді санадағы метафоралану үдерісін ресейлі лингвистикада салыстырмалы зерттеуге арналған атап айтқанда, американдық, еуропалық және ресейлік саяси дискурсивті тәжірибелердегі тұжырымдамалық метафораларды және орыс және ағылшын тілді санадағы метафоралану үдерісінің белгілі бір ұқсастықтардың болуын көрсететін Э.В. Будаев, Ю.Н. Караулов, А.П. Чудиновтың еңбектері бар [130].

Бұл тұжырымдар метафораны шындықты тұжырымдаудың негізгі, әмбебап тәсілдерінің бірі және әртүрлі ұлттар өкілдерінің жалпы ойлауы тұрғысынанда қарап, қазіргі ғылыми парадигмаға сай метафораға түбегейлі жаңа көзқарас ұсынады. Нақты айтқанда, зерттеушілер метафораның дискурстың белгілі бір түрлеріне ғана сәйкес келетін сөйлеу бейнесі мен экспрессивтілігін құрудың стилистикалық құралы ретіндегі қызметін алшақтап, когнитивті тұрғыдан

метафораның гносеологиялық және когнитивті-семантикалық әлеуетіне назар аударады.

Бұл үрдіс лингвосинергетика бағытын «ұлт пен тіл», «ұлт пен мәдениет» сабақтастығында, яғни тілді тіл иесінің болмысымен тұтастықта тану сөз құдіретінің когнитивтік тетігін, антропоөзекті уәжділігін танытумен ұштасады.

Осымен байланысты К.С.Алдашева зерттеу еңбегінде: «Тілді синергетиканың әдіснамалық платформасында талдау – тіл жүйесінің дамуын, оның негізгі сатыларын, фазалық кеңістігін, флуктуация, бифуркация аймақтарын және басқа да ерекшеліктерін анықтау үшін тиімді. Кез келген табиғи тіл ашық, дамитын, күрделі жүйе болғандықтан, синергетика тілдің құрылымын, қызметін жаңа қағидалар негізінде зерттеуге мүмкіндік береді. Нақтырақ айтқанда, тіл синергетикасы немесе лингвосинергетика – тіл жүйесіндегі динамикалық үдерістерді өзгеше бағалаудың, табиғатты өзге де күрделі жүйелерге ортақ әмбебап заңдылықтарға сәйкес тілді зерделеудің жаңа әдіснамасы» [48, б.47].

Бұл қазіргі тіл білімінде дамып келе жатқан лингвосинергетиканың «Тілдің өзін-өзі ұйымдастырушылық және өзін-өзі реттеушілік тетігін зерттеуге арналған ілім» деген тұжырымдамасына жалғасып, қазақ тіл білімінде де оның өрістенуіне жол ашады. Осыған орай, ғалым пікірін тарқатып, оған кеңірек және тереңірек назар аударсақ, жалпы, жер бетіндегі әрбір этностың бір-біріне ұқсамайтын мәдениеті мен өзіне тән ерекшеліктері болатыны – тарихи заңдылық. Мұндай құбылыс тіл арқылы сол тілдік ұжымдағы ортаның қарым-қатынасынан, олардың сөйлеу мәдениеті мен өмір сүру дағдысынан, тектік құрылымының коммуникативтік ерекшеліктерінен анық байқалып, ұлттық ерекшеліктер сол кезеңге тән қоғамдық сананың тілінде жақсы сақталады да, сол этностың рухани, мәдени құндылықтарының негізін көрсететін қазақ тіл білімінде іргелі зерттеулерде дәйектеліп, дәлелденген. Сондықтан қазіргі тіл ғылымында тіл бойындағы халықтың, ұлттың рухы бейнеленген этноменталды өмірін, дүниетанымдық сипатын қарастыратын антропоцентрлік бағыттағы зерттеулер өз нәтижесін беріп келеді. Себебі тіл адамдардың іс-әрекетінен тыс дамымайды. Тілдік ұжымды, жеке адамды тілі арқылы тану оның шаруашылық, рухани-мәдени өмірінен т.б. толық ақпарат алуға болады. Соның тілдік көрінісін антропоөзектік парадигма аясында қарап тіл қызметін статикалық күйде емес, динамикалық сөз үдерісінде оның синергиялық жүйесінде кешенді сипатта талданады.

Демек, тілдің тірегі – сөз, ал сөз – халқымыздың өткен тұрмыс-тіршілігінің, танымының, елдігі мен ерлігінің әрі куәсі, әрі дереккөзі. Тілдің сол байлығын коммуникативті даму үстінде айшықты танытатын – көркем шығарма. Бұл арада тіл тек байлығын танытып қана қоймай, сонымен қатар іштей тілді жетілдіретін, байланыстыратын қуатын, дамытатын негізгі арналардың бірі ретінде көркем мәтін ұлт тілінің құдіреті мен оның бүкіл болмысын, танымын танытуға қызмет етеді.

Қазақ тіл білімінде өткен ғасырдың 50-ші жылдарынан бастап М. Балақаев, М. Әуезов, Қ. Жұмалиев, Б. Манасбаев, Е. Жанпейісов, Қ. Өміралиев т.б.

ғалымдардың еңбектерінен көркем әдебиет тілін зерттеудің теориялық негізі қаланып, оның мазмұны, зерттеудің әдіс-тәсілдері айқындалғаны белгілі. Құрылымдық жүйеге сүйеніп, жекелеген ақын-жазушылардың тілдік ерекшеліктерін сараптау, көркем шығарма тілін зерттеудің мәселелерін қарастырған қазақ көркем әдебиет стилистикасы қазіргі таңда жаңа ғылым саласы антропоөзектік бағытқа сәйкес жаңа сапалық деңгейге көтеріліп, жетіліп, даму үстінде.

Қазақ тіл білімінде соңғы жылдары ақын-жазушылардың шығармашылық табиғаты «тілдік тұлға» мәселесімен тығыз байланыста қарастыруға жалғастырды. Мәселен, Р. Сыздықтың «Абай шығармаларының тілі», Е. Жанпейісовтің «М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясының тілі» (1989 жыл) атты зерттеулерінде шығарма тілінің құрылымдық жүйесіне сүйене отырып зерделеген белгілі бір суреткер тілінің жалпы сипаты мен шығармашылық ерекшелігі, көріктеу амал-тәсілдерін шебер қолданудың тілдік көріністері, стильдік қолданыс ерекшеліктері. Осылайша дәстүрлі лингвистика негізінде одан әрі дами түскен қазіргі тіл білімінің антропоөзектік бағыты басты назарды сол шығарманы жазушының танымдық болмысына аударады. Осы бағытқа сәйкес Г. Мұратова, Ф. Қожахметова, Г.Сабирова, Ж.Ермекова (Мұратова, Абайдың тілдік тұлғасы: дискурстық талдау мен концептуалды жүйесі, 2009), (Қожахметова, Т.Ізтілеуов тілдік тұлғасының дискурстық сипаты, 2004), (Имашева, М.Дулатұлы шығармаларындағы ғаламның тілдік бейнесі, 2007), (Сабирова, Көркем тілді адамтану парадигмасы тұрғысынан зерттеу (Ж.Нәжімеденов өлеңдері негізінде), 2010), (Ермекова, Мағжан Жұмабаевтың тілдік тұлғасы, 2010) т.б. зерттеулері қазіргі таңда рухани сананың жаңғыру, төл мәдениетімізді тану, әсіресе шығармашылық көркем тілі арқылы үлес қосқан қаламгерлердің туындыларын, олардың тілдік тұлғасына сай ашу, көркемдік сапасын анықтау, талдау, таразылау, бүгінгі күннің сұранысына сай сайып келгенде, ұлт болмысын ашуға өзіндік үлес қосады.

Бұл үрдіс тілдік тұлғаның қасиетін оның мәтінде көрініс тапқан таным әлемін көрсететін дискурс мәселесін өзектейтінін Н.Арутюнованың анықтамасынан айқын көруге болады: «Дискурс – оқиға аспектісінде алынған мәтін; мақсатты әлеуметтік іс-әрекет ретінде қарастырылатын сөз; адамдардың өзара іс-қимылдарына және олардың санасының тетіктеріне қатысатын компонент; экстралингвистикалық факторлармен жиынтықтағы жүйелі байланыстырушы мәтін... Дискурс – мәтінге қарағанда дискурс нақты өмірмен байланысын тікелей қалпына келтірілмейтін ежелгі және басқа мәтіндерге қатысты қолданылмайды» [109, 136-137].

Осындай анықтамаларға сай дискурс кеңістіктігін динамикасындағы өзін-өзі ұйымдастыру принциптерін ашуға және бақылауға лингвосинергетиканың синергетикалық тәсілін қолдану мүмкіндік беретіні айқындалады.

Себебі шығарманың көркемдігі, ең алдымен, тіл көркемдігімен өлшенеді. Ал тіл көркемдігін күшейтіп, коммуникативтік әрекетін дамытатын дәлдік, ықшамдылық, бейнелілік, нақтылық т.б. белгілері арқылы ақын-жазушылар көркем бейне жасау барысында, бейнелі сөздерді өзіне тән өзгеше мәнері бар

көркемдегіш құралдарды өз қабілетіне сай ұшқырлықпен жұмсайды. Соның негізінде сөз мағыналарының түрлі реңдерге, түрлі мағыналарға ауысып қолданыла алу қабілеті жүйесінде құрылымдалған тіл табиғатының шығармашылық сипатымен, соған сай тілдік тұлға шығармашылығында жаңа өрісімен тұтасуы – көркем шығарма тіл байлығын танытумен ғана шектелмей, оны жетілдіретін, сөздің құдіретін айшықтап көрсететін – негізгі арналардың бірі. Демек, жалпыхалықтық әдеби тіл үлгілерін өз шығармашылығы арқылы жетілдіретін де көркем сөз иелері ретінде танылған тілдік тұлғалар. Осындай көркем сөздің шебері, сөз құдіреті арқылы қазақ поэзиясының шоқтығын биік көтерген ақын – Мұқағали Мақатаев. Әр қаламгердің болмысы мен тұлғасынан туындайтын өзіне ғана тән стилі, сөз саптамы, ой-танымы болатыны белгілі. М.Мақатаевтың феномені оның өлең жолдарындағы өзіндік көркем әлемінде. Осы тұрғыдан қолданылған авторлық метафоралар, теңеулер, қайталамалар т.б. көріктеуіш құралдар М.Мақатаев дискурсына сай қалыптасып, ақын тұлғасын жан-жақты сипаттайды.

Мысалы, көркем мәтіндерде қолданылған қайталамалар бір сөз немесе сөз тіркесін сөйлем ішінде не жеке сөйлем ретінде қайталап беру арқылы өзіне оқырман назарын бірден аударып, қабылдау барысындағы сөз синергиясын күшейтеді.

Мысалы: Жұлдыз қандай, жұлдыз қандай тұп-тұнық,

Жер мен Аспан.

...Жанып-сөнген, жанып-сөнген жұлдыздар жұлдыздар,

Іңірдегі стадион секілді.

Тілдік жүйеде белгілі қалыптасқан фразеологиялық тіркесті қайталап қолдана білу де ерекше синергетикалық күшке ие болып, асқан шеберлікті айқындайтынын Мұқағалидың «Соқпақ» өлеңінен көруге болады:

Жалғыз аяқ соқпақ әкеп,

Жалғыз аяқ соқпақ жолға салды шытырман.

Қайталамалардың көркемдік қызметі туралы проф. Б. Шалабайдың мына пікірін лингвосинергетикалық талдаумен ұштастыруға болады: «Синтаксистік қайталаулар лексикалық қайталаулармен, лексикалық қайталаулар дыбыстық құрылым-жүйесін жасайды. Бұл әсіресе, ерекше сезімдік тебіреніспен баяндалатын тұстарда, кейіпкерінің ішкі жан-дүниесін ашатын баяндауда айрықша рөл атқарып тұрады» [131].

Таныс өлке, таныс аймақ, таныс маң.

Анау жерде құрбылармен алысқам,

Анау жерде құрбы жанмен табысқам.

Алба-жұлба ақша бұлттар жарысқан,

Таулар әне, ұйықтап кеткен данышпан,

Жолдар анау, шұбатылып шаңы ұшқан,

Таныс өлке, таныс аймақ, таныс маң.

Айналайын!

Атамекен,

Ақ мекен!

Қандай қазақ іздеп сені тапты екен?!
Туған өлке тәтті екен ғой,
Тәтті екен! [78, 309].

М.Мақатаевтың бұл жырынан туған жеріне деген махаббатын, шын көңілімен шынайы суреттеуде қайталамаларды қалай ұтымды қолданғанын көруімізге болады. Мысалы «таныс», «тәтті екен» сөзін шумақта қайталап беруі, поэтикалық мәтіннің бейнелілігін, суреттілігін дәл көрсетумен бірге, ырғаққа, әуенге қызмет етіп, сөздің қуатын, синергиясын айшықтап тұр.

Сондай-ақ «ақ» сөзін ақын әртүрлі мағынада өте жиі қолданады. Өлеңнің ішінде бірнеше рет қайталанып отырады, оған қоса жаңаша бояу мен реңкте береді. Осымен байланысты ақынның поэтикалық мәтіндерінде «ақ» сөзінің тура және ауыспалы мағынада сөз тіркестерінде кездесетінін анықтау үшін Қазақ тілінің корпустық базасының іздеу жүйесіне сүйене отырып, мынадай тіркестерді анықтадық: ақ қар, ақ табан, ақ ішу, ақ самай, ақ таяқ, ақ тіл, ақ қанат, ақ гүл, ақ жалын, ақ айдын, ақ шағала, ақ кимешек, ақ жан, ақ отау, ақ мүсін, ақ төс, ақ ерке, ақ аспан, ақ сәуле, ақ төсек, ақ қайың, ақ Есіл, ақ жыр, ақ жаулық, ақ құс, ақ семсер т.б.

Бұл тіркестер ұлттық дүниетанымның терең семантикалық қабаттары мен символдық мәндерін сақтаған күрделі лингвосинергетикалық құрылым болып табылады. Синергетика тұрғысынан алғанда, «ақ» сөзі поэзияда тек түс атауы емес, поэтикалық кеңістіктің мағыналық өзегіне айналып, өлеңнің жалпы эмоциялық және эстетикалық құрылымын реттейтін энергетикалық орталық қызметін атқарады. «Ақ» сөзімен келген тіркестердің мағынасы тұрақты емес, олар контекске қарай өзгеріп, кеңейіп, тербеліп отырады. Мысалы:

Ағажан, ажыратшы ақ-қараны,
Жетімек ем, өмірдің ақ табаны.
Арыздасып қалайын атыңды бұр,
Артымда сорлы бауыр қап барады [78, 233].

Бұл өлең жолдарындағы «өмірдің ақ табаны» тіркесі жетімдікті, тағдырдың қаталдығын сипаттап тұр. Бұл өте қуатты поэтикалық-синергетикалық бейне.

Сөздің бойындағы бояуы, оның мән-мағынасы, көріктеу қызметі қаламгердің оларды жұмсау шеберлігі арқылы танылады. Көркем шығармалар арқылы қаламгердің шындық өмірді бейнелеу қабілетіне, шеберлігіне қарай баяндалып, суреттеліп отырған ортаның, кейіпкердің мәдениеті, тұрмыс-тіршілігі, танымдық ерекшелігі, рухани болмысы анықталады. Әрбір көркем шығарма – жеке автордың туындысы, сондықтан көркем шығарма авторы шығармада суреттелетін оқиғаның мазмұнын, болған орнын және ондағы кейіпкерлердің мінез-құлқын шынайы түрде суреттеу үшін ұлттық тілдің барлық мүмкіндіктерін талғам-талапқа сай пайдаланатыны сөзсіз.

Синергетикалық сипат айқын көрініс табатын көріктеуіш құралдардың бірі – метафора. Шығарманың көркемдік, авторлық өзіндік бітім-болмысын айқындауда тілдік құралдың әрқайсысының орны ерекше. Кез келген тілдік құрал орынсыз қолданылмайды. Ондағы фразеологизмдер, лексемалар,

метафоралар, метонимиялар т.б. көркемдік идеяға қызмет ететін ақын әлемін танытады.

Мысалы, танымдық тұрғыдан метафоралану – бұл екі затты немесе құбылысты ұқсатып салыстыру негізінде, олардың белгі-қасиеттерінің ассоциациялануы нәтижесінде сөздің ауыспалы мағынада жұмсалуы, сана мен тілдің тығыз байланысын, дүние туралы ойлаудың тілдік бейнеленуін көрсететін ерекше құбылыс. Оның мәні екі затты немесе құбылысты ұқсатып салыстыруда ғана емес, соның негізінде дүниені, қоршаған ортаны қаламгердің өзінше танып-білуде. Сондықтан метафора – ойлау мен танымның, шығармашылық үдеріс, ұзақ уақыттың нәтижесі ретінде әрдайым ауыспалы мағынада келіп, ойды дәл жеткізу, көркем де әсерлі бейне тудыру, тың мазмұн үстеу ерекшелігіне байланысты кеңінен қызмет етеді.

Қазақ тіл білімінде метафораны проблемасын алғаш арнайы зерттеген ғалым Б. Хасанов: «Сөз туғызудың басқа тәсілдерінен метафораның негізгі айырмашылығы сөз мағынасын ғана жаңартып, сырт тұлғасына фонетикалық, морфологиялық өзгеріс енгізбейтіндігінде. Тіліміздің сөздік құрамын байытудағы метафораның орнын анықтауда бұл айырмашылықтарды әрдайым есте сақтау керек» [132].

Зерттеушілер метафораның индивидуалдық және дәстүрлі болып екіге бөлінетіндігін көрсетеді: индивидуалдық метафора – өмірдің кейбір жайларына берілген субъективті баға, өзіндік тұжырым, ал дәстүрлі метафора – сол тілде сөйлейтін халықтың тіршілігі мен тұрмыс-күйіне, өмір сүрген ортасына, дүниетанымына тікелей байланысты. Авторы белгісіз дәстүрлі метафоралардың – мағынасы көпшілікке түсінікті, жиі қолданысқа түсетін, қалыптасқан бейнелі метафоралар болғандықтан мақал-мәтелдер сияқты халық қазынасы ретінде сөз айшығы ретінде тілде тұрақты және кеңінен қолданылады. Бірақ бірте-бірте дәстүрлі метафоралардың бейнелілік қасиеті солғындап, күңгірттенеді. Олар – поэтикалық метафоралар тәрізді негізінен көркем әдебиетте қолданылады» [133].

Сонымен, метафора зат, құбылыс, оның белгілерінің танымда байланысуы арқылы жасалып, ойдың дамуына мүмкіндік береді. Ол – заттардың кез келген адам байқамайтын қасиеттерін тануға мүмкіндік береді. Көркем мәтіннің мағыналық тереңдігін арттырып, оның эстетикалық әсерін күшейтеді.

Мәселен, М.Мақатаевтың тілдік тұлғасын танытатын ерекшелік ретіндегі оның тіліндегі әртүрлі сипаттағы ұлттық мәдениетпен, дәстүр көрінісі бейнесімен астасып жатқан авторлық метафоралардың молдығы ақын шығармашылығындағы қазақ сөзінің синергиясын айшықтай түседі. Өлең сөздерінде шындықтың көркем суретін әсірелеп жеткізу де метафора құбылысын өте тиімді және шебер пайдалана білуі оның көркемдік әлеміндегі сөз құдіретін тануында.

Сондықтан көрнекті сөз зергері М.Мақатаевтың мәтіндеріндегі сөзқолданысының көркемдік әлеуетін көрсететін метафоралар, авторлық, окказионал метафоралық қолданыстар қазақ тілінің ұлттық корпусынан өзіндік орын алуы тиіс. Мысалы:

Көңілдегі ой көмейге кептелді де,
Түрмесіне кеудемнің қайтарылды.

Лингвосинергетикалық тұрғыдан бұл метафорадағы кеуде сөзі аттрактор, оған тартылған түрме сөзі флуктуация (тербеліс) тудырып, екі ықтимал таңдау пайда болады: сыртқа шығу не іште қалу. Метафорада таңдау жасалады да, ой қамауға қайтарылуға қарай тармақталады. Бұл бифуркациялық сәт. Бұл поэтикалық мәтінде ішкі еркіндік пен сыртқы қысым арасындағы қақтығысты көрсетеді.

Немесе:

Берме маған жауыздықтың семсерін,
Мейірім бер, мұңайғанда жасың сүртем мен сенің.

Жауыздықтың семсері метафорасы зұлымдықтың күшінің бейнесін сипаттайды. Мұндағы семсер аттрактор, оған жауыздық тартылып, жаңа реңк береді. Бұл өлең жолдарында таңдау сәті, яғни бифуркация бар. Не күш қолдану не мейірім арқылы жан дүниені тыныштандыру. Өлеңсөздегі метафоралар тек көркемдік тәсіл ғана емес, күрделі жүйелі құрылымдардың көрінісі болып табылады.

Мұндағы «түрме кеудесі, жауыздықтың семсері» деген метафоралық тәсіл арқылы жасалғаны сөз тіркестері сөз синергиясын айшықтайтын метафоралар жүйесі автордың жеке қолданыстағы метафоралар белгілі бір ақынның туындысында өмір сүреді, әр автордың өзіндік ерекшелігін көрсетеді, ақынның сөзін күшейте түседі.

М.Мақатаевтың «Жар есіне» өлеңіндегі метафоралардың лингвосинергетикалық сипатын талдар болсақ:

Қиял – күш, ашу – батыр, ақыл – шабан,
Аймалап адал жүрек төнген саған.
Төрт бұрышын төңіректің шарласам да,
Сендей жар жанға жайлы қайдан табам?

Жас жүрек өз жұбайын таппады ма?
Адамдық ардан тайып аттады ма?
Қосылған қуанышты қос жүректің,
Сағаты бірге соғып жатпады ма?

Сенсің – күн: тек мен үшін нұрын шашқан,
Сенсің – сусын: көкірек шөлін басқан.
Сенсің – бақыт: менімен душарласқан,
Сенсің – жар: жүрегімнің сырын ашқан.

Мүмкін, ертең айырылар күндер болар,
Махаббатты жүрегім дертке толар.
Ұштасарға дәрмен жоқ, екі жүрек
Бірін бірі шырылдап сырттан шолар.

«Жарым қайда қалды?» – деп аңсармын мен,
Бір секунд кетпессің көңілімнен.
Түсте көріп түріңді жалт еткізіп,
Махаббатың дертіне болармын жем.

Сарғайарсың сен дағы мені ойласаң,
Ойламасаң, атымды ұмытарсың,
Мүмкін, сүйіп көңілің басқа бір жан,
Маған деген жүректі суытарсың.

Бірақ олай етпессің, адалым ең,
Жүрегің – от, дария – ақылың кең.
Аузынан тірі болсам ажал шіркін,
Табармын жер мен көкті алса да сең.

Сағынарсың сәулем деп, жүрегім деп,
Зарығарсың махаббат уытын жеп,
Шын махаббат иесі болсаң егер,
Ет жүрегің елжіреп өртенер тек.

Осы бетін дәптердің сонда сен аш!
Қара көзден бұршақтай төгілсін жас!
Таза шыққан жүректен өлеңімді,
«Алтыным!» – деп, аймалап бауырыңа бас! [78, 15].

Синергетикалық тұрғыдан алғанда, өлеңдегі «қиял – күш», ашу – батыр, ақыл – шабан, қос жүректің сағаты, сен – күн, сен – сусын, сен – бақыт, сен – жар, махаббатты жүрегі дертке толу, махаббаттың дерті, жүректі суыту, жүрек – от, ақыл – дария, махаббат уытын жеу» метафоралық жүйе бір-бірінен оқшау тұрған бейнелер емес, керісінше поэтикалық кеңістікте өзара байланысқан, бір-бірін толықтыратын, мағыналық энергияны тасымалдап тұратын синергетикалық құрылымдардың жиынтығы болып табылады. Бұл метафоралар жүйесінің тетігін аттрактор-флуктуация-бифуркация-фрактал сатылары арқылы сипаттауға болады.


Өлеңдегі алғашқы мағыналық тартылыс орталығын аттракторлар құрайды. Басты аттракторлар – «жүрек» және «махаббат». Бұл екі ұғым барлық метафоралардың мағыналық өрісін өзіне жинайды. «Жүрек – от», «жүрегі дертке толу», «жүректі суыту» сияқты тіркестерде жүрек жай анатомиялық мүше ретінде емес, адамның ішкі сезімі мен энергиясын білдіретін ерекше рухани орталық ретінде суреттеледі. Ал махаббат аттракторы «махаббаттың дерті», «махаббат уытын жеу», «сен – бақыт», «сен – күн», «сен – сусын» сынды метафораларды өзіне магнитше тартып, өлең ішіндегі эмоциялық желіні қалыптастырады. Аттрактор – поэтикалық жүйені ұйымдастыратын негізгі мағыналық ядро.

Аттрактордан кейінгі кезең – флуктуация, яғни жүйенің тұрақты күйден ауытқуы, сезімдік толқуы. «Қиял – күш», ашу – батыр, ақыл – шабан» метафоралары адамның ішкі дүниесіндегі динамикалық өзгерістерді, психологиялық тепе-теңдіктің бұзылуын көрсетеді. Қиялдың күшеюі, ашудың батыр кейпіне енуі, ақылдың шабан сипат алуы ішкі хаостың поэтикалық үлгісі. Флуктуацияның шегіне жеткен кезде мағына бифуркация кезеңіне өтеді. Бұл мағынаның бірнеше бағытқа таралу сәті. «Сен – күн, сен – сусын, сен – бақыт, сен – жар» метафоралары бір ғана «сен» сөзінің бірнеше тармаққа бөлініп, әрқайсысы өз мағыналық арнасын құра бастайтынын дәлеледейді. Сен – күн болғанда жарық, жылу, тіршілік мәні; сен – сусын болғанда – эмоциялық тұрақтылық пен өмір мәні; сен – жар болғанда рухани серік ретінде сипатталады. Бұл тармақталу бифуркациялық нүктелердің поэтикалық көрінісі болып саналады. Сол сияқты «жүрек – от» метафорасы да құмарлық, жану, қуат, күйіну сияқты бірнеше семантикалық жауаптар тудырып, жаңа мағыналар әлемін ашып барады.

Соңғы кезең – фракталдық өріс. Бұл аттракторлардан шыққан мағыналық тармақтардың өлең бойында қайталанып, бір-бірін бейнелік жағынан толықтырып, үйлесімді жасайтын сәті. «Жүрек» мағыналық орталық болып, одан төрт шағын фрактал тарайды. Әр тармақ жүректің эмоциялық күйінің әртүрлі көрінісі төмендегі суреттен көруге болады:



Сурет 3 – Жүрек фракталының сызбасы



Сурет 4 – Махаббат фракталының сызбасы.

Мұнда махаббат фракталы 5 түрлі бейнеде көрініс табады. Тармақтар көп болғанымен, барлығы махаббаттың бір негізгі мәнін сақтайды.

М.Мақатаев өлеңіндегі метафоралар поэтикалық мәтіннің өзін-өзі ұйымдастыратын синергетикалық жүйесі болып табылады. Олар аттракторларға бағытталып, флуктуациялық толқулардан өтіп, бифуркация арқылы жаңа мағыналық тармақтар туғызады, ал соңында фракталдық өріс түзеді. Метафора адамның ішкі жан дүниесінде туған сезімнің хаосынан жаңа тәртіп жасайды. Сезім → сөзге, сөз → бейнеге, бейне → поэтикалық мағынаға айналып, бір үлкен жүйе қалыптастырады. Сондықтан метафора − поэзиядағы ең күшті, ең энергиялы элемент.

Осы сипатта бағаланатын Мұқағалидың рухани және тілдік әлемін, көркем сөз әлеуетін тереңінде жатқан кең арнасымен байланыстырып жасақтайтын жаңа бағыттағы зерттеулер үрдісіне сәйкес жаңаша зерделеп, оның мән-маңызын ашу, суреткердің тілдік тұлғасының феноменін, синергиялық болмысын терең ашуға үлес қоса алады.

Халықтық діл қайнарларынан терең сусындап, әлемдік ақыл-ой аңсарларын жан-жақты жіті зерделеу арқылы даралық биігіне көтерілген қаламгердің тілі – ұлттық мәдениетімізді айшықтайтын ерекше құбылыс.

Сондықтан антропоөзектік парадигма аясында *тілдік тұлға* тұрғысынан қазақ тілінің танымдық мәнін, сөз қолданысының көркем прагматикалық, коммуникативтік әлеуетін, дискурстық кеңістігін ерекше бейнелейтін М.Мақатаевтың шығармаларын, оның өлеңсөздерінің кестелі тілін лингвосинергетика аясында зерттеудің өзектілігі айқындалып отыр. Бұл тілдің мүмкіндігінің тілдік тұлғалық ерекшелігін, өзіндік сипатының, суреткерлік рухының құрылымдалу заңдылығын түсіндіруге септігін тигізетін тілдік зерттеу бағытының бірі болып табылады.

Құрылымдық жүйе әр тілдік тұлғаның өзіндік тіл қолданысын, сөз жасау тәсіліндегі шеберлігін, стильдік ерекшелігі ретінде анықтаумен шектелу оның рухани-танымдық болмысын ашпайды. Адамтанымдық тұрғыдан ақын тілін тану арқылы қазақ тілінің сөз әлеуетін қолдану өрісінің кеңдігін, көркем сөйлеу мүмкіндігінің әртүрлі жолдарын анықтай түсіп, сайып келгенде ұлт тілінің мүмкіндігін таныта түсетіні анық. Осыған байланысты тілдік қолданысы ерекше кең, әсіресе, ұлт болмысына қатысты сөздік қоры мол ақындардың «тіл әлемін» оның көркем танымдық әлемін, тұлғалық болмысын зерттеудің де тиімділігі түсінікті болмақ. Бұл жағдай кез келген шығарманың өзіндік тілдік ерекшелігін дәстүрлі тіл білімі шеңберінде ғана зерттемей, заманауи тіл біліміндегі жаңа интеграциялық бағыт аясында зерттеуге ыждағаттылық сипат беретін қолданбалы, сандық зерттеулер қаламгердің көркемдік әлеміндегі тілдік бейнесін тануға ғылыми негіз болады. Шын мәнінде оның тілдік қолданысын, табиғатын, сандық көрсеткіштер арқылы да дәлелдей түсуге болатыны сөзсіз.

Осында заманауи жаңа бағыттардың аясында біртуар дарынды тұлғалардың тілін зерттеудің құндылығы қазіргі тіл біліміндегі тіл арқылы ұлт болмысын тану бағдарымен дәйектелуінде. Сондықтан корпустық лингвистика кеңістігінде, аталған бағыттың мүмкіндіктерін қолдана отырып, ақын шеберлігін, тілін т.б. өлеңдерінің күш-қуатын, синергиясын, көркемдік әлеуетін ашу ең алдымен

оның тілдік тұлғалық болмысын бейнелейтін «тілдік тұлғалық» рухын сөз қуаты танытады.

Олай болса, көркем мәтіндегі (өлеңсөздегі) коммуникативтік бағытта нақты ақпаратты бойына жинақтаған, әрі өзгеге жеткізіп отырып, белгілі бір уақыт пен кеңістік турасында мәлімет беретін, жеке тұлғаның рухани әлемін ашуға ықпал ететін тілдік бірліктер сөз құдіретін күшейтінін лингвосинергиялық көз болып табылады.

Поэзиялық шығармашылықты сөз кестесін құру, сөз әлеуетін тиімді қолдану даралығы, ұлт болмысының тілдік бейнесіндегі сөз құдіретін поэтикалық мәтіндерінде ерекше қолдануы қазақ сөзінің синергиясын ашып, ақын жырлары көркемдік қуатының өзгешелігін таныта алады. Осы тұрғыдан бағаланатын поэтикалық мәтіндеріндегі синергиялық желі қазақтың халық ретіндегі мінез-құлқы мен қабілет-қарымын, дүниетанымын, бітім-болмысын, тұрмыс тіршілігін, қазақ даласындағы бейнесін айқындап көрсетеді.

Осы тұрғыдан ақын поэтикасында көріктеу құралдары ретінде қолданған тілдік бірліктер, қайталамалар, метафоралар т.б. – ақын сөзінің синергиялық қуатын дәйектейтін тілдік әлем.

Екінші бойынша қорытынды

Екінші тарауда поэтикалық мәтіннің лингвосинергетикалық табиғаты нақты мәтіндік деңгейде қарастырылып, өлеңсөздің өзін-өзі ұйымдастыратын динамикалық жүйе ретіндегі ерекшеліктері айқындалды. Тарау барысында поэтикалық мәтін дискурстық кеңістікте мағынаның қозғалысы мен түрленуін жүзеге асыратын күрделі құрылым ретінде сипатталды. Бұл ретте мәтіннің ашықтығы, бейсызық дамуы және тұрақсыз күйден жаңа сапалық деңгейге өту қабілеті басты назарда болды.

Тарауда поэтикалық мәтіндегі линвосинергетикалық маркерлердің табиғаты мен қызметі жан-жақты талданды. Аттракторлар мәтіннің мағыналық өзегін құрап, поэтикалық жүйенің тұтастығын қамтамасыз етсе, флуктуациялар мағыналық және эмоциялық ауытқуларды білдіретіні анықталды. Ал бифуркация сәттері поэтикалық мәтінде шешуші мағыналық бұрылыс жасап, мәтінді жаңа семантикалық деңгейге көтеретін негізгі тетік ретінде сипатталды. Диссипация мен фракталдық құрылымдар поэтикалық мағынаның таралуы мен ткөпқабаттылық сипатын көрсететін маңызды белгілер ретінде негізделді.

Сонымен қатар бұл тарауда поэтикалық мәтіндегі көріктеуіш құралдың бірі метафораның синергетикалық қызметі анықталды. Аталған тілдік бірліктер поэтикалық жүйеде тек стилистикалық тәсіл ретінде ғана емес, мағыналық энергияны тасымалдаушы, ұйымдастырушы күш ретінде әрекет ететіні дәлелденді. Өлеңсөөздің мағыналық күрделілігі мен қабылдау барысындағы көпқабаттылығы синергетикалық тұрғыдан түсіндірілді.

Екінші тараудың нәтижелері поэтикалық мәтінді талдауда лингвосинергетикалық тәсілдің тиімділігін айқын көрсетті. Бұл тарау көркем мәтінді зерттеудің дәстүрлі әдістерін толықтырып қана қоймай, поэтикалық

мағынаның қалыптасу және даму тетіктерін жңа ғылыми деңгейде түсіндіруге мүмкіндік беретінін дәлелдеді. Осылайша, үшінші тарауда жүзеге асатын ақындық поэтикалық жүйелерді нақты талдауға берік негіз қалады.

3 ПОЭТИКАЛЫҚ МӘТІННІҢ СИНЕРГЕТИКАЛЫҚ МОДЕЛІ: АТТРАКТОРЛАР МЕН ФЛУКТУАЦИЯЛАР, БИФУРКАЦИЯЛАР

3.1 М.Мақатаевтың поэтикалық мәтіндеріндегі синергетикалық маркерлер

Тілдің ішкі динамикасын, даму заңдылықтарын зерттеуге бағытталған тілді статикалық құрылым емес, өзін-өзі ұйымдастыратын жүйе ретінде қарастыратын қазіргі тіл білімінің антропоөзектік парадигмасы аясында лингвосинергетикалық зерттеулердің ауқымды нысаны – мәтін.

Мәтін – семиотикалық жүйе ретінде – семантикалық өзін-өзі ұйымдастыру қасиетіне ие, яғни мәтін семантикалық тұрғыда өзін-өзі қайта өндіретін жүйе.

Ғалым Б. Момынова өзінің зерттеу еңбегінде: «Қай жанрда жазылғанына қарамастан, кез келген көркем мәтіннің өзінің ішкі өмірі бар. Оның ішінде поэзиялық шығармалардың ішкі дүниесі, мәтінішілік тіршілігі прозаға қарағанда динкамикалық және динамикасы көп реттерде өлеңнің алғашқы жолдарынан байқалады. Өлеңнің динамикасы өлеңнің креативтілігін оқырманның бірден тануына ықпал етеді» деп пайымдайды [134]. Демек, поэтикалық мәтінді статикалық құрылым ретінде емес, мағынасы үздіксіз қозғалыста болып, дамып отыратын динамикалық жүйе ретінде қарастырудың қажеттілігін негіздейді.

Лингвосинергетиканың тілдің бейсызық, динамикалық табиғатын қарастыратыны белгілі, тілдік жүйедегі тұрақсыздық пен тепе-теңдік арасындағы қатынасты зерттеу маңызды. Осымен байланысты поэтикалық мәтіндегі оқиғалар тізбегінің әрбір тұрақсыздық нүктесінде дамушы жүйенің барлық тармақталған бағыттары бір нүктеге жинақталатын нүкте «аттрактор» ұғымы анықталады.

Аттрактор – жүйенің түрлі бастапқы шарттарымен айқындалатын барлық «траекторияларының» салыстырмалы түрде тұрақты, тепе-тең күй аймағы; яғни «тартылыс жиыны» деп аталатын құбылыс. Жалпылама мағынада бұл – жүйе эволюциясының мақсаты [70, 25]. Әр түрлі аттракторлар – ашық әрі тепе-теңсіз жүйедегі тәртіпке келтірілген жеке аймақтар іспетті жүйенің эволюциясының ықтимал жолдарын тарылтады [135].

Ғалым Е.В. Пономаренконың пайымдауынша: «Тәртіп өлшемдеріне бағынатын жүйе элементтері өз әрекетінде реттелген аймаққа/нүктеге – аттракторға ұмтылып, «тіршілік ету» үдерісінде сол аймаққа орныгуға оның қызмет ету шарттарына бейімделуге тырысады. Өйткені аттрактор, бүкіл жүйенің және оның жекелеген элементтерінің өмір сүруінің мақсаты, олар үшін ең қолайлы әрі қалаулы өмір сүру тәртібі болып табылады» [4, 68]. Яғни, аттрактордың жүйе дамуының негізгі нысанасы әрі тұрақтандырушы орталығы екенін көрсетеді.

Аттрактор – бұл мәтіннің тұрақсыздық нүктесінің барлық мүмкін мағыналарын қамтитын семантикалық ішкі жиын. Тұрақсыздық нүктесін талдау барысында осы нүктені айқындайтын семантикалық өріс ашылады. Соның

нәтижесінде, зерттеліп отырған әрбір тұрақсыздық нүктесіне қатысты мағыналардың әртүрлілігіне қол жеткізуге болады [56, 180].

«Аттрактор – направление поиска смысла и приписывание выражению определенного смыслового содержания. Аттрактор выявляется в «переходе от анализа стабильного значения слова к рассмотрению изменчивого содержания высказывания» [136]. Демек, аттрактор поэтикалық мағынаны бағыттайтын негізгі фактор болып табылады.

Мысалы, М.Мақатаев «Мұздама, жылы жүрегім» өлеңі:

Дәрменсіз, ойсыз шарқ ұрып, / Қалғанша қатып қайғыға. / Дариям бітіп, тартылып, / Кіргенше өлім қойнына. / Мұздама, жылы жүрегім, / Сөнгенше сәулең біржола. / Өлімнің салып жүгенін /Болғанша табыт қу мола! [78, 10].

Бұл өлең жолдарында «өмір» аттракторы мен «өлім» аттракторы кездеседі. Ал «Дәрменсіз, ойсыз шарқ ұрып...» жолдарында сезімнің әлсіреуі байқалады, ал ол флуктуацияға (жүйенің ауытқуына) әкеледі. Мұздама, жылы жүрегім... деген жолы аттрактордың бастапқы бағыты өмірлік жылуды сақтау. Алайда өлеңнің келесі шумағында жүйе өлім аттракторына қарай тартылады: Дариям бітіп, тартылып, / Кіргенше өлім қойнына. Осылайша, аттрактордың бағыты өмір фракталынан өлім фракталына ауысады. Сөнгенше сәулең біржола... мұнда жүйе шешуші сәтке бифуркация нүктесіне өтеді. Поэтикалық жүйе екі бағыттың бірін таңдайды, яғни сәуле сөнсе өлім фракталына, сәуле сөнбесе өмір фракталына, жаңа деңгейге өтеді.

Поэтикалық мәтіндерде аттракторлар көркем ойдың тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Поэзияны энергия ағыны ретінде қарастырғанда, аттракторлар сол энергияның ұйымдастырушы күші қызметін атқарады. Олар: хаосты реттейді, мағыналық ауытқуларды тұрақтандырады, оқырман қабылдауын бағыттайды, мәтіннің тұтастығын және реттілігін қамтамасыз етеді. Аттрактор болмаса поэтикалық мәтіндегі мағыналық тұрақтылық шашыраңқы болар еді. М.Мақатаев «Жас жүрек» өлеңін талдар болсақ, поэтикалық мәтіндегі синергетикалық маркерлердің жүйелі түрде ұйымдасқанын байқауға болады. Мысалы:

Өмір деп, тіршілік деп, келешек деп,
Соғады әлсін-әлі қатты үлпілдеп.
Жаралып жас жүректің толқынынан,
Еседі бетті аймалап нәзік леп.

Жас жүрек, асықпағын, жиі соқпа,
Өмірдің тайғағында тұрғам жоқ па?
Аңдаусыз аяғымды түртіп қалып,
Лаулаған өрт жалыны түсірме отқа.

Жас жүрек, бақыт іздеп ұлы өмірден,
Тіршілік түрткісіне көне білген.
Аяулы жас өмірдің ең қымбатты,

Алтынды ұмытылмас сағаты – сен!

Жас жүрек, сөйле сен де, тілің шықты,
Жас талап сенің құпия сырыңды ұқты.
Тұр, қане, төсегіңнен, сәби жүрек,
Тұр енді бетің басқан шымылдықты! [78, 33].

Мұқағали Мақатаевтың бұл өлеңінде «жас жүрек» тіркесі жастықтың, өмірдің жалындаған күйінің аттракторы ретінде әрекет етеді. «Жас жүрек» тек физиологиялық орган емес, ол өмірлік қуаттың, арманның символы десек те болады. Ол жүйені қозғалысқа келтіретін бастапқы энергия көзі. Өлеңнің алғашқы шумағында:

Өмір деп, тіршілік деп, келешек деп,
Соғады әлсін-әлі қатты үлпілдеп.

Мұнда «жас жүрек» өмірге құштарлықтың, келешекке деген ұмтылыстың аттракторы. Ол поэтикалық мағыналарды өзіне тартып, ішкі қозғалыстың бағытын белгілейді. Аттрактор статикалық емес ол үнемі қозғалыста, өзгерісте. Екінші шумақта ақын жүректі сабырға шақырады:

Жас жүрек, асықпағын, жиі соқпа...

Бұл өлең жолында аттрактор флуктуациялық ауытқуға ұшырайды. Ақын оны тежеп, үйлесімділік орнатуға тырысады. Соңғы шумақтарда аттрактор жаңа сапаға өтеді:

Жас жүрек, сөйле сен де, тілің шықты,
Жас талап сенің құпия сырыңды ұқты.
Тұр, қане, төсегіңнен, сәби жүрек,
Тұр енді бетің басқан шымылдықты!

Бұл шумақта аттрактор сәби жүрек күйінен оянып, белсенді жүрекке айналады. Бұл бифуркациялық ауысу, яғни жүйенің жаңа мағыналық күйге өтуі. Өлеңдегі жас жүрек аттракторы жеке поэтикалық бірлік емес, өмірлік энергияның метафоралық моделі, поэзиядағы ішкі синергияның өзегі болып табылады. М.Мақатаев «Күзгі таң» өлеңін талдар болсақ:

Сары түн, айлы аспан, суық ызғар,
Шық тұрған жер бетінде дымқыл сыз бар.
Суық соққан самалдан сәл сескеніп,
Тоңазып, тітіркеніп денең мұздар.

Түріліп түн көрпесі қойнын ашқан,
Әлемді маужыратып ұйқы басқан.
Күздің сары түнінің суығы өтіп,
Мыңқ етпей маңтөбеттер құты қашқан.

Тым-тырыс. Жұлдыз бенен тек көкте ай,
Олар да телміруден жалыққандай.
Тұрсаң егер күзетте міндетті боп,

Дер едің: "Мына түннің ұзағын-ай!"

Кезім ед Нарынқолға баратұғын,
Тәтті ұйқыдан амалсыз жаңа тұрдым.
Сескеніп күзгі түннің суығынан,
Телміре күтіп тұр ем таң атуын.

Шығыс жақтан бозалаң беріп ірең,
Баяу ғана түріліп қара кілем.
Сімірлеп, бірте-бірте көтеріліп,
Айнала боп барады ала күрең.

Ақ басты кәрия тау жатты сұлап,
Ақ басын таң лебі өтті сылап.
Аймалап ала күрең болмап еді,
Күңірене бастады ұйқысырап.

Оянды ұйқысынан құмарлана,
Шырылдап емшек іздеп сәби бала.
Емізіп нәрестесін төсіне ала,
Оянды ұйқысынан мейірімді ана.

Күн күлді, ай ұялып бетін басты,
Жымыңдасып жұлдыздар тұра қашты.
«Шашуым міне, менің бүгінге!» – деп,
Күн сұлу жарқ еткізіп нұрын шашты [78, 35].

М.Мақатаевтың «Күзгі таң» өлеңі табиғат құбылыстары арқылы хаостан тәртіпке, қараңғылықтан жарыққа, өлімнен өмірге өту үдерісін сипаттайды.

Суық, сыз, түн, ызғар – флуктуациялар, олар хаостың тілдік көрінісі. Осы шумақтағы сескеніп, тоңазып, тітіркеніп сияқты етістіктер поэтикалық жүйенің флуктуация құбылысына алып келеді. Олар өлеңдегі қимыл мен энергияның бағытын анықтайды. Синергетикалық тұрғыдан бұл етістіктер жүйенің қозғалыс алдындағы флуктуациялық күйін көрсетеді. Мұндай күй хаостан тәртіпке өтудің өтпелі фаза, яғни жүйе қозғалысқа дайындық жағдайында тұр. Олар поэтикалық кеңістіктегі қозғалыстың әлі басталмағанын, бірақ ішкі серпіннің оянып келе жатқанын көрсетеді. Бұл флуктуацияның өлең құрылымындағы нақты көрінісі және бифуркацияға дайындайтын синергетикалық элементтер болып табылады.


Бұл өлеңнің 4-5 шумақтарында бифуркациялық күй байқалады. Мысалы: «түріліп», «көтеріліп», «оянып», «күліп», «жарқ еткізіп» сияқты етістіктер жүйедегі энергияның артуын, қозғалыстың басталуын, жаңа мағыналық құрылымның түзілуін білдіреді. Бұлар поэтикалық мәтіннің өзін-өзі ұйымдастыруының көрінісі. Таңның атуы, жарықтың пайда болуы синергетикалық тұрғыдан – бифуркация нүктесі, яғни жүйе тұрақсыз күйден жаңа сапаға өтетін сәті. Сонымен өлең құрылымында етістіктердің жүйелі

ауысуы флуктуациядан бифуркацияға өтудің нақты поэтикалық моделі болып табылады. Осылайша, етістіктердің динамикасы мәтіннің уақыттық және кеңістік қозғалысын қамтамасыз етіп, поэтикалық жүйенің синергетикалық тұтастығын қалыптастырады.

Өлеңнің соңғы шумақтарында поэтикалық жүйе флуктуациялық және бифуркациялық толқулардан кейін тұрақты жаңа сапаға өтеді. Бұл аттрактор фазасы, яғни жүйе барлық хаостық ауытқулардан өтіп, ішкі тепе-теңдік пен үйлесім күйіне жететін кезең. Мысалы, келесі шумақта жүйенің энергетикалық тепе-теңдігі мен үйлесімі айқын байқалады:

Күн күлді, ай ұялып бетін басты,
Жымыңдасып жұлдыздар тұра қашты.
«Шашуым міне, менің бүгінге!» – деп,
Күн сұлу жарқ еткізіп нұрын шашты.

Бұл жолдарда поэтикалық кеңістік жарықпен қозғалыстың шегіне жетіп, барлық элементтер (күн, ай, жұлдыз, табиғат) ортақ ырғаққа бағынады. Күннің «күлуі», «нұр шашуы» жүйенің толық өзін-өзі ұйымдастырған, ретке келген күйінің символдық көрінісі. Мұнда энергия тұрақсыз емес, керісінше үйлесімді айналымда жүр. Аттрактор – синергетикалық жүйенің тұрақты мағына өзегі. Бұл өлеңдегі «күн» сөзі аттрактор, бұл жүйенің жаңа энергетикалық тұрақталған реттілігін білдіреді. Бұл тілдің жоғары деңгейдегі ұйымдасуы, яғни семантикалық және грамматикалық құрылымдардың толық бірлігі. Бұл өлеңнің синергетикалық моделін төмендегі сызбадан көруге болады:



Сурет 5 – М.Мақатаевтың «Күзгі таң» өлеңінің синергетикалық моделі

Бұл модель өлеңнің ішкі поэтикалық энергиясының эволюциясын көрсетеді: флуктуация – хаостың тілдік көрінісі, жүйе оянып жатыр; бифуркация – қозғалыс пен серпіліс кезеңі, жүйе жаңа сапаға өтеді; аттрактор – үйлесім мен тұрақтылық кезеңі, жүйе мағыналық тепе-теңдікке жетеді.

«Күзгі таң» өлеңі лингвосинергетикалық тұрғыдан энергияның туу, таралу, және үйлесім табу үдерісін поэтикалық формада бейнелеген шығарма. Мұнда хаос (түн) пен тәртіп (күн), суық (өлімсіреу) пен жылу (өмір) арасындағы тепе-теңдік тілдің синергетикалық заңдылығын көрсетеді. Мұндай динамика лингвосинергетикалық тұрғыдан поэзияның өзін-өзі ұйымдастыратын жүйе екенін дәлелдейді.

М.Мақатаевтың «Өмір» өлеңінде өмір үздіксіз қозғалыстағы, бағыты болжаусыз, қуанышы мен қасіреті қатар жүретін, әр адамды өз тартысына тартатын күрделі әрі бейсызық жүйе ретінде сипатталады. Мысалы:

Өмір, сені ешкім жетіп алмаған,
Сен бір жүйрік кең жиһанды шарлаған.
Кеудесінде шыбыны бар жанды зат,
Тек сен үшін тіршілік деп зарлаған.

Ала жүрген бақыт пенен сорың бар,
Соқпағы көп сорға лайық жолың бар.
Пайдаланар жарты сағат болса да,
Бақыттыға жан рахат орын бар.

Шіркін өмір, қымбатсың-ау дегенмен,
Алданыш боп біраз күнге келгенмен.
Айналсоқтап кете алмайды еш пенде,
Жапа шегіп, қасірет уын жегенмен.

Біреуде ерте, біреуде жай тынбақсың,
Жарты минут жасасаң да қымбатсың.
Жақсы-жаман өз өмірін өткізбей,
Арпалыспай тіршілікпен кім жатсын [78, 42].

Бұл өлеңде «өмір» сөзі адамның барша әрекетін өзіне тартатын аттрактор. «Сен бір жүйрік кең жиһанды шарлаған, Кеудесінеде шыбыны бар жанды зат, Шіркін өмір, қымбатсың-ау дегенмен, Алданыш боп біраз күнге келгенмен» деген өлең жолдары флуктуация қызметін атқарып тұр. Өмірге деген көзқарастың құбылып тұруы, яғни психологиялық, эмоциялық тұрақсыздық көрініс тапқан. Ақын бірде өмірге сүйсінеді, бірде оны ауыр сынақ ретінде сипаттайды.

«Ала жүрген бақыт пенен сорың бар, Соқпағы көп сорға лайық жолың бар» бұл жолдар бифуркациялық жағдайды білдіреді: өмір жолында адамның алдыңғы таңдауына, бағытына қарай бірнеше мүмкін нәтиже бар. Яғни, адам таңдау жасағанда, оның өмірінде жаңа бұрылыс басталуы мүмкін. Бұл поэтикалық жолдарда өмірдің күрделілігі мен тармақталуы көркем түрде бейнеленген.

«Жапа шегіп, қасірет уын жегенмен, Айналсоқтап кете алмайды еш пенде...» мұнда адам өміріндегі шаршау, таусылу, үміттің сөніп бара жатқаны диссипацияның көрінісі.

Бұл өлеңде Мұқағали өмірдің қандай күрделі, бағалы әрі өткінші екенін терең сезіммен жеткізеді. Ақын үшін өмір бір жағынан қуаныш пен бақыт әкелетін жарық дүние, екінші жағынан ауырлық пен сынаққа толы жол. Өмірдің әр сәті қымбат, сондықтан адам оның әр минутын бағалауы керек деген ой айтылады. Өлеңде адамның ішкі сезімі, арпалысы, үміті мен күмәні толқын

сияқты бірде күшейіп, бірде бәсеңдеп тұрады – бұл флуктуация. Кей тұстарда өмір жолының қиындығы мен таңдау сәттері көрінеді – бұл флуктуация. Кей тұстарда өмір жолының қиындығы мен таңдау сәттері көрінеді – бұл бифуркация. Ақынның өмірге деген тұрақты махаббаты мен мағына іздеуі аттракторға жатады.

Ақынның синергетикалық маркерлерін айқындау үшін мына «Жүрегім» атты өлеңін аламыз. Мысалы:

Кейде суық, кейде жылы,
Кейде тәтті ләззәт тілі.
Кейде бейне көңіл нұры,
Кейде махаббат өнген гүлі.

Сұрғылт дүние теңізінен,
Сұстана қорқып жиренген.
Тақуа тіршілік негізінен,
Өшпейтін өнер үйренген.

Жүрегім менің жүйткіп жүзген,
Долы мұхит кемесі.
Шабыт туып шаттық жүзден,
Келешек өмір елесі.

Жүрегім менің – дәл соққан
Уақыты өмірдің,
Талабыма нұр жаққан
Қуанышы көңілдің.

Жүрегім менің – жанған от,
Жылуы бітпей сөнбейтін.
Жүрегім менің – ұшқан оқ
Тастауға қағып көнбейтін.

Кейде мұңлы, кейде шат,
Жүрегім менің қат-қабат.
Аяулысы сол жүректің –
Ләззәтті махаббат [78, 9].

Бірінші шумақта ақын ішкі жүйенің тұрақсыздығын көрсетеді. Кейде суық, кейде жылы, Кейде тәтті ләззәт тілі. Кейде бейне көңіл нұры, Кейде махаббат өнген гүлі. Бұл жолдарда «кейде» сөзінің қайталануы мағыналық флуктуацияның маркері. Жүрек бәр сәтте мұңды, бір сәтте қуанышты, яғни тұрақсыз энергия жүйесі.

Тақуа тіршілік негізінен, Өшпейтін өнер үйренген мұнда флуктуациядан кейінгі аттрактор бейнеледі. Жүйенің тұрақтылық нүктесі ретінде «өнер» аттракторы хаостық күйзелістерді бір мағыналық арнаға біріктіреді.

Жүрегім менің жүйткіп жүзген, Долы мұхит кемесі. Шабыт туып шаттық жүзден, Келешек өмір елесі бұл өлең жолдарында жүрек бифуркацияға өтеді. «Долы мұхит кемесі» жүйенің тұрақсыз, бірақ қозғалыстағы күйін бейнелеп, «Шабыт туып шаттық жүзден» жүйенің жаңа сапаға өтуі, флуктуациядан реттелуге айналуын көруге болады.

Жүрегім менің – ұшқан оқ / Тастауға қағып көнбейтін жолдары өлеңнің бифуркация нүктесі болып табылады. «Жүрек – ұшқан оқ» метафорасы жүректің тыныш күйден қозғалыс пен еркіндікке өтетін сәтін көрсетеді.

Мұқағалидың бұл «Жүрегім» өлеңі адам рухының ішкі энергиясын бейнелейтін поэтикалық синергия моделі. Мұнда:

- Кейде суық, кейде жылы сияқты қарама-қарсылықтар жүйедегі флуктуациялық тербелістер;
- «Өнер», «шабыт», «махаббат» аттракторлары, хаоасты реттеп мағыналық реттілік орнатады;
- «От», «оқ» сөздері бифуркациялық серпіліс, энергияның жаңа сапаға өтуін көрсетеді.

Өлең құрылымындағы қарама-қарсылықтардың өзара әрекеттесуі жүйе тұрақсыздықтан тұрақтылыққа, флуктуациядан аттракторға өтеді. Осының нәтижесінде өлеңнің хаостан үйлесімге өтуін, өзін-өзі ұйымдастыру алатын жүйе екендігін көрсетеді [137].

М.Мақатаевтың келесі талдауға алынатын өлеңі «Досыма» деп аталады. Лингвосинергетикалық тұрғыдан бұл өлең жүйенің флуктуация (рухани күйзеліс) → бифуркация (өткенді еске алу) → аттрактор (достық) арқылы көрініс табады.

Мысалы: Қамығып көңіл сарғайды, Аласұра бір жүрек. Өмір әлде алдайды, Көз жетпейді, кім білед!... Бірінші шумақтағы күй хаос пен тұрақсыздық. «Қамығып», «сарғайды», «аласұра», «кім білед» сияқты сөздер флуктуациялық маркерлер, яғни жүректегі энергияның қозғалысын, тұрақсыз күйін білдіреді. Мағыналық тұрғыдан: «қамығу» – өткеннің ізін аңсау, «Өмір әлде алдайды» – сенім мен күмән арасындағы тепе-теңсіздік.

Сонау бір бала шағымда, Қол ұстасып өскен ем. Өмірдің рахат таңын да, Сенімен бірге кешкен ем. Өлеңнің екінші шумағында жүйе мағыналық орталыққа – достық естелігіне (аттракторға) бет алады.

«Бала шағым», «қол ұстасып», «рахат таң», «сенімен бірге» жүйенің тұрақтылық белгілері.

Сұрапыл соғыс бірақта, Амалсыздан айырды. Ауыр жағдай шыдатпай, Дос жүрегін қайырды. Бифуркация сәті – достықтың бұзылуы. «Соғыс», «айырды», «ауыр», «шыдатпай» – хаостың шарықтау шегі. Жүйе бұрынғы тұрақтылықтан (балалықтағы достық) айырылып, қозғалыстың жаңа бағытына өтуі, себебі флуктуация арқылы жүйе жаңа сапаға көшеді.

Соғыс бітті. Жаңарды өмір, Жүректің кірі жуылды. Алып-ұшып достық көңіл, Табысар күн туылды. Мұнда жүйенің хаостан реттілікке ауысу үдерісі жүріп жатыр.

Қайда менің тату досым, көріселік, бермен келші! Ізгі достық сыры болсын, Арманыңды айта берші!.. Бұл шумақта «достық» аттракторына қайта оралып, тұрақтылық орнайды.

Мысалы М.Мақатаевтың «Шыбық» өлеңінде кездесетін аттракторлар мен флуктацияларды талдайтын болсақ:

Қорғансыз, жалғыз жас шыбық,
Желменен баяу иіліп.
Аязға қыста тұншығып,
Ыстыққа жазда күйініп.

Рахымсыз, тілсіз табиғат,
Семдірмек болад шыбықты.
Бақытсыз, жүдеу нәзік зат,
Қауіпті жерге шығыпты.

Тамыры тасқа таңылып,
Нәрсіз, сусыз шөлдеген.
Әлсіз бүрін жамылып,
Солқылдайд соққан желменен.

Аллаң берген денеңде,
Аяулы жалғыз аманат.
Тамырың мықты тереңде,
Тапжылтпас сені ешбір зат.

Аязды, ыссы сағымның,
Бойыңа уы жұға алмас.
Тәкаппар, долы дауылдың,
Екпіні сені жыға алмас.

Қорғансыз, жалғыз жас шыбық,
Өсерсің келіп қалпыңа!
Беймаза күннен тыншығып,
Шашарсың бүршік артыңа!

Жападан жалғыз жас шыбық,
Басына дауыл төкті зәр.
Бойынан тұнық жас шығып,
Тамырына алды нәр! [78, 48].

Бұл өлең шумақтарындағы аттракторлар: жас шыбық, тамыр, аманат, бүршік. Бұл өлеңдегі негізгі аттрактор жас шыбық ол әлсіздік, нәзіктік, үміттің символы ретінде қолданылып отыр. Мұндағы флуктуациялар: аяз, жел, дауыл, у. Төмендегі кестеден көруімізге болады. (Кесте 1).

Кесте 1 – М.Мақатаевтың «Шыбық» өлеңі

Сөз, сөз тіркесі	мағынасы	Синергетикалық категориялар	Мысалы
Қорғансыз, жалғыз жас **шыбық**	Мәтіннің өзегі.	аттрактор	Қорғансыз, жалғыз жас шыбық, Желменен баяу иіліп (М.Мақатаев «Жас шыбық»)
Желменен баяу иіліп	Сыртқы әсерге бейімделу	Флуктуация	Қорғансыз, жалғыз жас шыбық, Желменен баяу иіліп (М.Мақатаев «Жас шыбық»)
Аязға тұншығу, ыстыққа күйіну	Қысым, күйзеліс	Диссипация	Аязға қыста тұншығып, Ыстыққа жазда күйініп. (М.Мақатаев «Жас шыбық»)
рахымсыз табиғат	Қатал орта	флуктуация	Рахымсыз, тілсіз табиғат, Семдірмек болад шыбықты. (М.Мақатаев «Жас шыбық»)
тамырдың тасқа таңылуы	Тұйықталу, кедергі	Диссипация	Тамыры тасқа таңылып, Нәрсіз, сусыз шөлдеген. (М.Мақатаев «Жас шыбық»)
Нәрсіз, сусыз шөлдеген.	Тіршіліктің әлсіреуі.	флуктуация	Тамыры тасқа таңылып, Нәрсіз, сусыз шөлдеген. (М.Мақатаев «Жас шыбық»)
бүрін жамылу	Қорғану.	флуктуация	Әлсіз бүрін жамылып, Солқылдайд соққан желменен. (М.Мақатаев «Жас шыбық»)
Алланың аманаты		аттрактор	Аллаң берген денеңде, Аяулы жалғыз аманат. (М.Мақатаев «Жас шыбық»)
уы жұға алмау	Жамандық әсер етпес.	флуктуация	Аязды, ыссы сағымның, Бойыңа уы жұға алмас. (М.Мақатаев «Жас шыбық»)
Тәкаппар, долы дауыл	Табиғи күш	флуктуация	(М.Мақатаев «Жас шыбық»)
дауыл төкті зәр	Жойқын дауыл.	бифуркаци	(М.Мақатаев «Жас шыбық»)
Бойынан тұнық жас шығып, Тамырына алды нәр	Өмір сүруге ұмтылды.	бифуркация	(М.Мақатаев «Жас шыбық»)

Кестеден көріп отырғанымыздай, берілген мысалдар мәтіннің лингвосинергетикалық табиғатын ашуға мүмкіндік береді. Мұндағы синергетикалық маркерлер ішкі рухани қозғалысты, тұрақсыздық пен тұрақтылықтың, әлсіреу мен жаңғырудың динамикасын көрсететін тұтас жүйе

ретінде қарастырылады. Бұл мәтіндегі негізгі аттрактор *«жас шыбық».* Ол барлық мағыналық, эмоциялық ағындарды өзіне тартатын орталық. Ол арқылы ақын адамның немесе табиғаттың әлсіздіктен күшке жету жолын сипаттайды.

Одан кейінгі жолдарда «желменен баяу иіліп», «аязға қыста тұншығып, ыстыққа жазда күйініп» сияқты тіркестер жүйедегі флуктуация маркерлері, яғни сыртқы орта әсерінен туатын тұрақсыздықты білдіреді. Маусымдық қарама-қарсылық, суық пен ыстық, жел мен дауыл сынды құбылыстар табиғаттағы себептерді ғана емес, адамның өміріндегі сынақтарды да меңзейді. Бұл жерде «шыбық» сыртқы күштер әсеріне ұшыраған жүйе.

«Рахымсыз, тілсіз табиғат семдірмек болды шыбықты», «тамыры тасқа таңылып, нәрсіз, сусыз шөлдеген» жолдарында жүйенің әлсіреу фазасы айқын көрінеді. Мұнда флуктуациялар күшейіп, жүйе құлау қаупіне тіреледі. Алайда бұдан кейін жаңа мағыналық күштер пайда болады: «Аллаң берген денеңде, аяулы жалғыз аманат» деген шумақтағы «аманат» ұғымы мәтіннің семантикалық орталығына айналып, әлсіздікке қарсы рухани тірек қызметін атқарады. Бұл жүйенің қайта тұрақтануға бет алған кезеңі.

«Басына дауыл төкті зәр» жолы мәтіндегі бифуркация нүктесіне сәйкес келеді. Бұл – жүйенің ең қауіпті, шешуші сәті. Өмір немесе құлдырау, әлсіреу немесе қайта туу жолының бірін таңдайтын кезең. Өлеңнің соңғы жолындағы «Бойынан тұнық жас шығып, тамырына алды нәр!» мәтіннің синергетикалық тұрғыдан шарықтау нүктесі. Бұл жерде жүйе толық тұрақтанып, жаңа сапаға өтеді. «Жас шыбық» бейнесі мәтіннің негізгі аттракторы болып, адам тағдыры мен өмірлік күрестің символына айналады. Осы арқылы поэзиялық мәтін тірі жүйе ретінде өзін-өзі ұйымдастырып, жаңа мағына, жаңа сапа тудырады.

М.Мақатаевтың «Қиялым» өлеңіне лингвосинергетикалық талдау жасалып, поэтикалық мәтіндегі синергетикалық маркерлер жүйесі айқындалады. Мысалы:

Меңіреу түн қалғытады қойнына ала,
Мелшиіп мен отырмын жалғыз ғана.
Құпия жүрегіммен сырласамын,
Ойланып келешекке құмарлана.

Отыр ем сан алуан ойға қалып,
Қылышын қиялымның қылға жанып.
Кенеттен қиял құсы жүрегімнен
Самғады әлдеқайда қанат қағып.

Шарықтап кетті самғап кең жиһанға,
Қарсы алып сәлем берді нұрлы таңға.
Сыр әкелер өмірден тек өзіме,
Сездірмей менен бөлек тірі жанға.

Тек бағынған өмірдің анығына,
Жүректің жыр қайнатқан жалынына.

Ұшады, ұшады ол, желпінеді,
Қуаныш, сәби жүрек зарын ұға.

Қиялым зор бақытқа талпындырған,
Қиялым келешекке құлаш ұрған.
Ойлансам қалам алып, қағаз ашып,
«Кел! Кел!» – деп, жетектеуге даяр тұрған.

Қиялым жүрегімнің ішегін шерткен,
Қиялым құтқарушы ауыр дерттен.
Сәулесін зор үміттің жылтыратып,
Көңілдің кірін жуып, мұзын еріткен.

Қиялым, қақшы қанат, ұшшы самғап,
Өмірдің ең асылын алшы таңдап!
Қиялым! Жоқ нәрсеге әуес етіп,
Жүдетіп жас жүректі кетпеші алдап! [78, 32].

Бұл өлеңде синергетикалық категориялар бойынша талдайтын болсақ: қиял сөзі өлеңде 8 рет қайталанып фракталдық қызмет атқара отырып, семантикалық орталық құрып тұрған аттрактор болып табылады. Ақынның қиял сөзін қайталауы, мәтіннің мазмұнын шоғырландырып, оқырманның назарын тұрақтандырады.

Флуктуациялар: меңіреу түн қалғытады, мелшиіп отырмын жалғыз ғана бұл өлең жолдарында ақынның ішкі күйзелісін, жалғыздығын көрсетсе, қиялым жоқ нәрсеге әуес етіп, жүдетіп жас жүректі кетпеші алдап мұнда сенім мен күмән арасындағы тұрақсыздықты, ауытқуды меңзеп тұр.

Кенеттен қиял құсы жүрегімнен самғады, қиялым зор бақытқа талпындырған, қиялым келешекке құлаш ұрған деген өлең жолдарындағы шабыттың пайда болуын, жүйенің үміт пен шабытқа үйлескенін, яғни бифуркация нүктесін көрсетеді.

Қылышын қиялымның қылға жанып стандартты емес тіркес, қиял мен ойдың өткірлігін әсерлі бейнелеп отыр.

М.Мақатаевтың «Қиялым» өлеңіндегі синергетикалық маркерлерді кестеден көруге болады. (Кесте 2).

Кесте – 2 М.Мақатаевтың «Қиялым» өлеңі

№	Мысалы	Синергетикалық маркер түрі	Түсіндірме	Маркердің поэтикалық қызметі
1	2	3	4	5
1	қиял	аттрактор	шабыт	идея қозғаушысы, мәтінді ұйымдастырушы
2	Меңіреу түн қалғытады	флуктуация	Ішкі оймен сырласу, тұрақсыздық.	Кеңістік сипаты


2 - кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
3	Мелшиіп отырмын жалғыз ғана	флуктуация	Жалғыздық, ішкі күйзеліс.	Ішкі жүйенің тұрақсыздығы.
4	Қиял құсы жүрегімнен самғады	бифуркация	Шабыттану.	Жүйенің жаңа күйге ауысуы.
5	Жүректің қайнатқан жалынына	флуктуация	Жүректен шыққан сезімнің қуаты.	Жүйенің ішкі серпілісі.
6	қиялым зор бақытқа талпындырған	бифуркация	Шабыттың кенеттен пайда болуы.	Жүйенің жаңа күйге ауысуы.
7	қиялым келешекке құлаш ұрған	бифуркация	Сенімнің пайда болуы.	Жүйенің өзгеруі.
8	Қиялым жүрегімнің ішегін шерткен	флуктуация	Жүректегі сезімді сыртқа шығару.	Жүйе ішінде тербеліс туғызып тұр.
9	Қиялым құтқарушы ауыр дерттен	аттрактор	Жүрекке тыныштық орнату.	Жүйе тұрақталып, бифуркацияға ауысады.
10	Көңілдің кірін жуып, мұзын еріткен	диссипация	Рухани жеңілдеу.	Жүйенің эмоциялық күйден өтуі.
11	Жүдетіп жас жүректі кетпеші алдап	флуктуация	Тұрақсыздық.	Жүйе ішіндегі арпалыс.

М.Мақатаев поэзиясы адам мен табиғаттың, өмір мен өлімнің арасындағы терең байланыстарды ашып көрсететін ерекше поэтикалық әлем. Мұқағалидің әр сөзі сезім мен ойдың, жанның тербелісін жеткізеді.

М.Мақатаев өлеңдеріндегі синергетикалық категориялар – аттрактор, флуктуация және бифуркация поэтикалық мәтіннің ішкі ұйымдасу заңдылықтарын айқындауда маңызды көрсеткіштер ретінде қарастырылады. Зерттеу барысында аталған категориялардың сандық арақатынасы анықталып, олардың мәтін құрылымындағы қызметі талданды. Нәтижелерге сәйкес флуктуациялар ең жоғары жиілікпен көрінеді, бұл ақын поэзиясында субъектінің эмоциялық күйі, ой ағымы мен сезімдік толқыныстарының үнемі өзгеріс үстінде болатынын дәлелдейді. Аталған тұрақсыздық кездейсоқ сипатта емес, белгілі бір мағыналық өзекке – аттракторға бағытталып, мәтіндегі негізгі идеялық-мазмұндық желіні ұйымдастырады. Аттракторлар шығарманың семантикалық тұтастығын қамтамасыз етеді. Ал бифуркациялық сәттер салыстырмалы түрде сирек кездескенімен, олар мәтіннің құрылымдық және мағыналық дамуына сапалық өзгеріс енгізіп, жаңа мағыналардың тууына негіз болады. Осылайша, аталған сандық көрсеткіштер Мұқағали Мақатаев поэзиясының жоғары

динамикалық, көпқабатты және синергетикалық тұрғыдан ұйымдасқан күрделі жүйе екенін айқын көрсетеді. (Сурет 6).



Сурет 6 - М.Мақатаев өлеңдеріндегі лингвосинергетикалық маркерлердің сандық арақатынасы

Ақынның өлеңдері қазақ сөзінің рухани энергиясын дәлелдейтін, тек көркемдің шеберліктің үлгісі емес, лингвосинергетикалық жүйенің толыққанды поэтикалық моделі бола алады. Онда тілдік бірліктердің өзара ықпалдасуы арқылы мағына тереңдеп, эмоциялық-экспрессивтік әсер күшейеді, нәтижесінде көпқабатты семантикалық құрылым қалыптасады және поэтикалық дискурстың ішкі динамикасы айқын көрінеді.

3.2 М.Мақатаевтың жиілік сөздігі негізінде лингвосинергетикалық талдау жасау

Қазақ поэзиясының ақиық ақыны Мұқағали Мақатаевтың лингвосинергетикалық маркерлер жүйесін талдау үшін оның өлеңдерінің жиілігін жасауды жөн көрдік. Ақын өлеңдерінің тілін жиілік тұрғыда зерттеу оның көркемдік жүйесіндегі тұрақты мағыналық өзектерді, яғни аттракторларды және лексикалық өрісін айқындаудың тиімді жолы. Алдымен М.Мақатаев шығармаларының толық жинағының 1 томы бойынша жиілік сөздігі жасалды [78].

Жиілік сөздікте сөздердің кездесу жиілігі арқылы ақын өлеңдерінің синергетикалық сипатын ашуға мүмкіндік береді. Мұқағали поэзиясында жиі қолданылатын сөздер – оның рухани әлемінің, көркем ойының өзегін құрайды.

Осы зерттеу жұмысы Мұқағали поэзиясының жиілік сөздігін талдау арқылы ақынның тілдік тұлғасының құрылымдық-семантикалық моделін жасауға

бағытталады. Талдау барысында жиі кездесетін сөздердің мағыналық өрісі, олардың поэтикалық мәтінде атқаратын қызметі, мағыналық динамикасы анықталады. Бұл, бір жағынан, ақынның сөздік қоры мен стильдік ерекшелігін нақты деректермен дәлелдеуге, екінші жағынан оның синергетикалық табиғатын жүйелі түрде сипаттауға мүмкіндік береді.

М.Мақатаевтың жиілік сөздігінде ең жиі кездесетін зат есімдерді мына кестеден көруге болады. (Кесте 3).

Кесте 3 – М.Мақатаевтың «Қиялым» өлеңі

№	Сөз	Кездесу жиілігі
1	2	3
1.	өмір/зт	341
2.	күн/зт	314
3.	жүрек/зт	236
4.	жер/зт	206
5.	жан/зт	197
6.	адам/зт	168
7.	тау/зт	161
8.	дос/зт	152
9.	көңіл/зт	152
10.	бала/зт	135
11.	ел/зт	119
12.	ой/зт	111
13.	түн/зт	110
14.	жол/зт	109
15.	ана/зт	107
16.	аспан/зт	98
17.	арман/зт	97
18.	ұл/зт	93
19.	бас/зт	94
20.	қол/зт	90
21.	дала/зт	89
22.	бет/зт	84
23.	гүл/зт	82
24.	ән/зт	81
25.	үн/зт	76
26.	сыр/зт	72
27.	сәби/зт	69
28.	қайғы/зт	68
29.	қарт/зт	68
30.	таң/зт	67
31.	жел/зт	66

3 - кестенің жалғасы

1	2	3
32.	бақыт/зт	64
33.	соғыс/зт	64
34.	сөз/зт	64
35.	тас/зт	63
36.	махаббат/зт	63
37.	дүние/зт	59
38.	үміт/зт	59
39.	сәуле/зт	58
40.	халық/зт	58
41.	қанат/зт	57
42.	жыр/зт	56
43.	кеуде/зт	54
44.	отан/зт	54
45.	от/зт	54
46.	аға/зт	53
47.	көктем/зт	53
48.	бұлт/зт	51
49.	қыз/зт	50
50.	жыл/зт	49

Кестеден көріп отырғанымыздай өмір (341), күн (314), жүрек (236), жер (206), жан (197), адам (168), тау (161), дос (152), көңіл (152), бала (135) сөздері ең жиі кездесетін он сөздің қатарында тұр.

Мұндағы өмір сөзі 341 рет кездеседі. Бұл жиілік ақынның поэтикалық жүйесіндегі ең тұрақты мағыналық өзекті, яғни аттрактор қызметін атқарады.

Ақынның: «Пай, пай, өмір! / Өтесің-ау бір күні. / Тыясың-ау қуанышты, күлкіні. / Өмір деген – бір жарқ еткен найзайғай, / Өмір деген – көк аспанның күркірі. / Пай, пай, өмір, / Өтесің-ау бір күні!» деген өлең жолдарында өмір ұғымы флуктуация мен диссипацияның тоғысында тұрады. (Пай, пай, өмір! өлеңі). Мұнда өмірдің жарқ еткен сәттік табиғаты бейнеленіп, жүйенің энергиясы жоғарғы дәрежеге жетеді де, кейін тынышталып, өшу фазасына өтеді. Бұл – синергетикалық жүйенің табиғи айналымы: туылу → өрлеу → сөну → қайта жаңару. Өмір – найзағай, өмір – көк аспанның күркірі сияқты метафоралар өмірдің қысқалығын, өткіншілігін көрсетеді. Найзағай мен аспан күркірі флуктуация, олар тұрақтылықты бұзып, жаңа қозғалыс тудырады. Мұқағали осы арқылы өмірдің динамикалық, үнемі өзгерістегі жүйе екенін айқындайды.

Ақынның «Мына дүние әділдіктен жаралған» деген өлеңіндегі «өмір – әділдіктің тұрағы» деген метафорасы арқылы ақын өмірді жай тіршілік емес, тәртіп пен үйлесім орнаған жүйе ретінде көрсетеді. Мұндағы өмір сөзі аттрактор. Синергетикалық тұрғыдан алғанда, аттрактор – бұл жүйенің тұрақтылығын қамтамасыз ететін, барлық мағыналарды өзіне тартатын орталық күш. Мұнда

өмір әлемнің үйлесімін сақтайтын тұрақтандырушы аттрактор. Ақын бұл арқылы адам мен қоғам өмірінің мәнін хаостық күйден үйлесім мен әділдікке қарай бағыттайды.

Ақынның поэтикалық мәтіндерінде тәтті өмір, бақытты өмір, оқушылық өмір, ұлы өмір, белгісіз өмір, бір күндік өмір, арман өмір, тәкіппар өмір, сұм өмір, ит өмір, қарт өмір, ескі өмір, жаңа өмір, азап өмір, егіз өмір, дархан өмір, мың өмір, мәңгілік өмір, азапты өмір, арманды өмір, өр өмір, күйкі өмір, ғаламат өмір, сұсты өмір, болашақ өмір, кезбе өмір, өлапат ит өмір, жастық өмір, өткен өмір, қысқа өмір, зор өмір, беймаза өмір, уыз өмір сияқты тіркестер барлығы «өмір» аттракторының мағыналық өрісін құрайтын тілдік бірліктер. Бұлар «өмір» аттракторының төңірегінде шоғырланған синергетикалық мағыналық элементтері. Ол түрлі эпитттер арқылы өзгеріп, түрленіп, бірақ мағынасын жоғалтпайды. Тәтті өмір, бақытты өмір, азапты өмір, ит өмір, беймаза өмір, жаңа өмір, мәңгілік өмір бұлар флуктуация, яғни өмірдің энергиясы үнемі өзгеріп, бір күйден екінші күйге ауысып тұратынын көрсетеді. Бұл сөздердің синергетикасы мағыналардың үздіксіз қозғалысында. Мұндай тіркестер поэзияда кездейсоқ емес, олар өлеңге эмоция, ырғақ және мағыналық тереңдік береді. Ақын өмірдің тұрақсыздығын суреттеу арқылы адамның ішкі әлеміндегі қозғалысты, толқуды жеткізеді.

Мұқағалидың жиілік сөздігінде «жүрек» (236) сөзінің жиі кездесетінін байқадық. Ол ақынның поэзиясында тек анатомиялық орган ретінде емес, адамның бүкіл рухани, психологиялық, моральдық әлемінің символы ретінде көрінеді. Жүрек аттракторы өзіне көптеген мағыналық, образдық және эмоциялық тіркестерді тартады. Мәселен, еңбек сүйгіш жүрек, екі жүрек, жас жүрек, сәби жүрек, сорлы жүрек, шер жүрек, жылы жүрек, ғазиз жүрек, сотқар жүрек, ет жүрек, шерлі жүрек, шер жүрек, айбынды жүрек, дариға жүрек, қос жүрек, құдай-жүрек, жалын жүрек, құпия жүрек сияқты тіркестер кездеседі. Бұл тіркестердің барлығы бірігіп, жүрек аттракторының поэтикалық өрісін жасайды. Ол аттрактор ретінде мәтінге философиялық, эмоциялық мағыналарды тоғыстырады. Аталған тіркестердің әрқайсысы лингвосинергетикалық тұрғыдан белгілі бір күйді білдіреді: жүрек кейде тұрақтылыққа (аттракторға), кейде толқуға, тұрақсыздыққа (флуктуация), кейде шешуші күйге (бифуркация). Осы арқылы жүрек сөзі Мұқағали поэзиясында динамикалық, өзін-өзі ұйымдастыратын жүйе ретінде көрінеді. Поэзияда ең көпқабатты, ең тұрақты синергетикалық маркерге айналады. Мысалы:

Өмірімді ойланумен өткізермін,
Амал не, жүрек гүлі қалса семіп! (М.Мақатаев «Өзім үшін»).

«Жүрек гүлі» тіркесі ақынның поэтикалық жүйесінде адамның ішкі әлемін біріктіретін, реттейтін қызмет атқарады. Сонымен қатар, бұл тіркес синергетикалық тұрғыда флуктуациялық сипатқа ие. Бұл тұрақсыздық пен көңіл-күй ауытқуын көрсететін метафоралық динамика. «Жүрек гүлі қалса семіп» бұл бифуркациялық сәт, яғни адамның ішкі жан дүниесінің күйреу не қайта жандану алдындағы шешуші нүктесі. Жүрек арқылы ақын тек жеке сезімді емес, бүкіл адамдық болмысты, рухани әлемнің күрделі синергетикалық жүйесін көрсетеді.

Мұқағали Мақатаев жүрек бейнесін психоэмоциялық кеңістікте дамытса, оның философиялық түптамыры Абай Құнанбайұлының мұрасынан бастау алады.

Поэтикалық мәтіндерде жүрек сөзі адамгершіліктің рухани өзегі ретінде сипатталады. Бұл Абай шығармасында ең жиі кездесетін орталық ұғым – аттрактор. Сондай-ақ флуктуация, жүрек әртүрлі күйде сипатталады. Жүрек жақсылықтан жамандыққа сияқты ізгілік пен зұлымдықтың шешуші таңдау нүктесі болғандықтан бифуркация бола алады. «Жүрек» сөзі адамның эмоционалдық және моральдық әлемін білдіретін аттрактор ретінде де көрінеді.

Үш-ақ нәрсе – адамның қасиеті:

Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек.

Бұл өлең шумағында «жүрек» сөзінің «ақыл» және «қайрат» ұғымдарымен байланыста қолданылады. Мұнда Абай адамның тек ақыл мен қайратпен ғана емес, жүректің жылуы арқылы толығатынын көрсетеді.

Абай шығармаларында сорлы жүрек, ит жүрек, жау жүрек, жалын жүрек, үрпейген жүрек, шын жүрек, арыстан жүрек, жылы жүрек, ет жүрек, ызалы жүрек, ынталы жүрек, ақылды жүрек, асыл жүрек, асау жүрек, ауру жүрек, жаралы жүрек, ғаділетті жүрек, жас жүрек, сұм жүрек бұл тіркестер жүректің түрлі күйін көрсетеді. Мысалы: асау жүрек, жалын жүрек деген тіркестер құштарлықты, жас жүрек, ынталы жүрек ұмытылысты, ызалы жүрек, жаралы жүрек күйзелістерді бейнелейді. Бұл сөз тіркестері жүрек сөзінің синергиялық желісін түзеді [138].

Абай шығармашылығындағы синергетика мәселесіне арналған мақалада: «Синергетикасыз мәтін әлемін зерделейтін ресми гуманитарлық ғылым назар аудармау принципі негізінде көне принципті, оның ішінде бағзы мифтік ұғымдарды жүрдім-бардым сөз еткен шақта көп нәрсе назардан тыс қалады. Сол себепті Абайдың мифопоэтикасын бір ғана әдебиеттанудың қазығына байлап қоюға болмайды. Оны жыланның ескі терісінен арылғаны сияқты әдебиеттануды жартылыстану ғылымымен байланыстағы жаңаша зерделеулермен алмастырған орынды» – деп, атап көрсетіледі [139].

Олай болса, көркем мәтіндегі (өлеңсөздегі) коммуникативтік бағытта нақты ақпаратты бойына жинақтаған әрі өзгеге жеткізіп отырып, белгілі бір уақыт пен кеңістік турасында мәлімет беретін, жеке тұлғаның рухани әлемін ашуға ықпал ететін тілдік бірліктер сөз құдіретін күшейтетін лингвосинергиялық көз болып табылады.

Абай Құнанбайұлы мен Мұқағали Маақатаев шығармашылығында жүрек ұғымы қазақ поэзиясындағы ең көпқабатты, әмбебап концептілердің бірі ретінде айқындалады. Жүрекке қатысты тіркестердің барлығы бірігіп, жүрек аттракторының поэтикалық өрісін жасайды. Ол аттрактор ретінде мәтінге философиялық, эмоциялық мағыналарды тоғыстырады. Жүрек аттракторы поэтикалық мәтінді ұйымдастыратын, мағыналық тұтастықты қамтамасыз ететін негізгі лингвосинергетикалық тірек ретінде көрініс табады.

Мұқағали өлеңдерінің жиілік сөздігінде «адам» сөзі 168 рет кездеседі. Бұл ақынның дүниетанымының адамға бағытталған сипатын көрсетеді.

Лингвосинергетика тұрғысынан «адам» сөзі ақын поэтикасындағы негізгі аттрактор болып саналады. Ақынның «Өзім үшін» өлеңін синергетикалық тұрғыдан қарастырғанда, «адам» ұғымы тек биологиялық жаратылыс ретінде емес, рухани жауапкершілікке ие, қабілетті тұтас жүйе ретінде танылады. Мысалы:

Адам боп дүниеде жаратылдым,
Мылқау емен надан боп қалатұғын.
Талабым зор, жүректе шырағым бар,
Өмірден өз үлесін алатұғын.

Біреу айтад: «Ардақты боламын», – деп,
Әр адамның өзінше мақсаты көп.
Әрине өмір шіркін кім шығарын,
Дамылсыз миды қажып ойланам тек.

«Адам боп дүниеде жаратылдым» деген жолда ақын адам болуды жай дүниеге келу емес, үлкен жауапкершілік пен міндет деп түсінеді. «Адам» ұғымы поэтикалық жүйенің негізгі аттракторы қызметін атқарады. Ол бүкіл мағыналық қозғалысты өзіне тартып, өлеңнің семантикалық өрісін ұйымдастырады. Бұл жерде адам сөзі тек атау ретінде емес, поэтикалық жүйені тәртіпке келтіретін өзек ретінде жұмсалады. Ақынның адамды «жауапкершілік иесі», «таңдау жасаушы» ретінде тануы, бұл жүйенің хаостан тәртіпке өту фазасын көрсетеді. Яғни, ішкі флуктуациялар (күмән, ізденіс, күйзеліс) арқылы тұрақтылыққа ұмтылады. «Адам» аттракторы бұл жолдарда поэтикалық энергияның тірек нүктесіне айналады.

Ақынның жиілігінде көңіл сөзі 152 рет кездеседі. Синергетика тұрғысынан көңіл поэтикалық жүйедегі мағыналық аттрактор, яғни барлық сезім, ой, эмоциялық толқындар шоғырланатын орталық. Мысалы «Көңілім» өлеңін талдайық:

Көңілде-дауыл,
Көңілде оттар жанады.
Қуаныш-қайғы бірісін бірі жабады.
Жүрегім сонда жадырап, сергіп қалады,
Дауыл мен оттан рақат, дамыл табады.
Достарым көп-ақ.
Өзімсіп кейде сатады.
Жұбатып бірі, жылатып бірі жатады.
Жүрегім сонда неліктен шиыршық атады?!
Қалайды-ау, сірә, қуаныш әлде... қапаны...

Қуаныш, бақыт, өкініш, қайғы – бәрі де ой,
Көтере берем: көңілім – жердің шары ғой.
О, дарқан көңілім! өмірімнің тозбас сәні ғой! [78, 39].

Берілген өлеңде «көңіл» сөзі тіпті тұтас жүйенің өзегіне айналған. Өлеңнің алғашқы жолында: Көңілде – дауыл, Көңілде оттар жанады деп берілуі, көңілдің

тұрақты емес, динамикалық жүйе екенін көрсетеді. Бұл жерде дауыл мен от жүйедегі флуктуациялар. Олар көңілдің ішкі жүйесіндегі тұрақсыздықты, үнемі қозғалыстағы энергияны танытады.

Қуаныш-қайғы бірісін бірі жабады.
Жүрегім сонда жадырап, сергіп қалады,
Дауыл мен оттан рақат, дамыл табады.

деп берілген жолдарда көңіл сөзінің ішкі қарама-қайшылығын көрініс табады, яғни қуаныш пен қайғы флуктуациялар. Бұл синергетикалық жүйеге тән қасиет, жүйе тұрақты бір де күйде емес, арасында тербеліп тұрады. Көңіл сөзі тұрақсыздықтан тұрақтылыққа, хаостан реттілікке өтіп, тұрақты аттракторлық деңгейге өту жолын сипаттайды.

Көтере берем: көңілім – жердің шары ғой. / О, дарқан көңілім! өмірімнің тозбас сәні ғой! – деп түйіндейді. Мұнда көңіл жаңа сапада көрініс табады. Ол бүкіл әлемді көтеріп тұрған ғарыштық өлшемге теңеледі. Бастапқы хаос күйден кейін жаңа мағына, метафора, жаңа деңгейдегі тұтастық пайда болады.

Мұқағалидың қолданысындағы «көңіл» аттракторы оның поэтикалық әлемін ұйымдастыратын күрделі синергетикалық желісін құрайды. Көңіл нұры, достық көңіл, қаралы көңіл, көңілім – көктем, беймаза көңіл, көңіл – гүл, көңіл бұлбұлы, қам көңіл, ойран-асыр көңіл, сап көңіл, көр көңіл, шат көңіл, дарқан көңіл, көңіл – жердің шары, тұнық көңіл сияқты тіркестер бұл сөздің мағыналық өрісінің қаншалықты кең екенін көрсетіп синергетикалық маркерлер жүйесін құрайды.

Мұқағали поэтикалық мәтіндерінде табиғат элементтерінің жиі кездесетінін көруге болады: Мысалы: күн (314), жер (206), тау (161), аспан (98), дала (89), жел (66), бұлт (51). Табиғат бейнелері тек сыртқы көрініс ретінде ғана емес, өлеңнің ішкі мазмұнын, эмоциялық реңкін айқындайды.

«Жер» сөзі (206) жоғары жиілікпен кездескен негізгі аттракторлардың бірі. Мысалы:

Жаратқан,
Жанымды алсаң,
Алшы менің.
Бір түйір жерге түскен тамшың едім.
Мұқағали жоғалса қайтер дейсің,
Артымда қалсын жерім,
Қалсын елім.

Мұқағали үшін жер сөзі ең терең, ең маңызды мәнге ие. Ақын жерді адамның өмірімен тікелей байланысты үлкен ұғым ретінде қолданады, өзін табиғаттан ажырамайтын, соның бір бөлшегі ретінде көрсетеді. «Артымда қалсын жерім, қалсын елім» деп елі мен жерінің амандығын, оның мәңгілігін жоғары орынға қояды. Яғни жер сөзі поэтикалық жүйені ұстап тұратын мағыналық өзек.

Абай шығармаларының жиілік сөздігінде де жер сөзі ең жиі кездесетін аттракторлардың бірі. Абай шығармаларында жер сөзі 187 рет қайталанады.

«Туғанда дүние есігін ашады өлең, Өлеңмен жер қойнына кірер денең» бұл өлеңде көріп отырғанымыздай жер қойнына кірер денең деп адамның өмірінің ақырғы сәтін бейнелеп, туу мен өлу шешуші екі құбылыс, жер осы екеуінің соңғы нүктесін, яғни бифуркацияны көрсетіп тұр. Жер сөзі бұл өлең жолдарында уақыт пен дәуренді сипаттайды [138].

Тау сөзі ақынның поэзиясында ең жиі кездесетін сөздердің бірі. Тау сөзі 161 рет қайталанады. Жиілік сөздікте оның өте жоғары көрсеткішпен кездесуі «тау» сөзінің ақынның поэтикалық әлемінің энергетикалық орталығы екенін дәлелдейді. Мысалы: «Аққайың әні» поэмасынан алынған үзіндіден:

...Күз бопты, асқарды бұлт тұмшалады,
Жел келіп жез қияққа мұң шағады.
Қатулы қабағына қаһар бұққан,
Қарт тауға қара нөсер мұң салады.

Қара бұлт қаралы ару түнереді,
Қарағай қара аспанға тіреледі.
Қаптай кеп қарбаласта қара қарға,
Қарайды қара тауға түнегелі.

Қара тау қара күзді ұнатпайды,
Қарайды, қамқор болып жұбатпайды.
Қарманып, қалжыраған қара құс кеп
Қайыңның бұтағына шуақтайды [78, 176].

Мұндағы қарт тау, қара тау тіркестері өте терең поэтикалық образ. Мұнда тау өмірді көп көрген қарияға ұқсайды. Бұлар поэтикалық жүйедегі басты аттрактор қызметін атқарады. Яғни барлық мағыналық, эмоционалдық күй тау бейнесі арқылы суреттеледі. Күз, қара бұлт, жел, қара қарға, нөсер жүйедегі флуктуациялар олар тау жүйесіне сырттан әсер ететін хаос. Ал құстың шуаққа ұмтылысы жаңа мағынаның туындауы. Түпкі жүйе былай дамиды: хаос → флуктуация → бифуркация.

Ақынның өлеңдерінде тау сөзі ұлылықтың, даралықтың белгісі ретінде жұмсалатынын А.Қазанбаева «Мұқағали Мақатаев лирикасының лексика-грамматикалық ерекшеліктері» атты зерттеу еңбегінде: «Заттық ұғымды беретін тау сөзін контекст ішінде әр қырынан көрсетеді. Сыртқы тұлғасы тек атауыштық қызметтегі сөз сияқты, бірақ өлеңде зат ретінде емес, үлкен бейне ретінде көрінеді. Тау – тарих, шежіре ұғымында, адамзаттың барлық тыныс-тіршілігінің куәсі. Тау – үлкен, биік, заңғар деген мағынаға сәйкес келеді, осылардың бәрі адамға да байланысты айтылады» деген тұжырымы арқылы дәлелдей түседі [140].

Поэтикалық мәтінде сын есімдер ерекше қызмет атқарады. Олар заттың тек сыртқы белгісін көрсетіп қана қоймай, ақынның көңіл-күйін, сезімін, ішкі толғанысын жеткізетін маңызды құралға айналады. Сын есімдер поэтикалық мәтінге эмоционалдық реңк беріп, өлеңнің әсерін күшейтеді.

Ақынның лирикасында зат есімдермен бірге қолданылып, оларды нақтылайтын тілдік бірліктердің қатарында сын есімдер ерекше орын алады. Ол өзінің лирикалық шығармаларында ойын барынша әсерлі жеткізу, поэтикалық тілді жоғары деңгейге көтері мақсатында сын есімдердің мүмкіндіктерін кеңінен қолданады. Мұқағалидың поэтикалық тіліндегі ең жиі қолданылатын сын есімдердің қатарына жас (121), жалғыз (85), қара (85), көп (68), көк (57), ақ (61), жасыл (44), жаңа (44), шын (41), қос (34) жатады.

Ақын шығармаларының жиілік сөздігі бойынша ең жиі қолданылған сын есімдердің бірі – «жас» (121 рет). Ақынның поэтикалық мәтіндерінде жас сөзі өмірдің жаңаруын, қозғалысын, үмітін білдіретін көпқырлы бейнеге айналған. «Жас» сын есімі Мұқағалида өмірдің бастау күйін ашады. Жастық ақын үшін үміттің, алға ұмтылудың, оттай жалындаудың кезеңі. «Жас жүрек», «жас өмір» сияқты тіркестер өлеңдерде жиі кездеседі. Бұл тіркестер арқылы ақын өмірдің жаңарып отыратын, үздіксіз дамитын динамикасын көрсетеді. Мысалы:

Ауыр арман желі гулеп, азынап,
Ақ қағазға арыз болып жазылад.
Қайғыланып, қапаменен қан жұтқан,
Жас жүректің сырын ұққын азырақ.

Мұндағы жас жүрек тіркесі жоғары энергиялы аттрактор, яғни өлеңді біріктіретін негізгі мағыналық өзек. Шумақтағы ауыр арман, қайғы, қапа сөздері «жас жүректі» тербеп тұрған флуктуациялар.

Лингвосинергетика тұрғысынан сын есімдер поэтикалық жүйедегі энергияны реттейтін, мағыналық толқындарды қалыптастыратын, әрі мәтіндегі қозғалысты жүзеге асыратын флуктуациялық элементтер болып саналады. Олар зат есімдермен әрекеттесе отырып, мәтін ішіндегі мағыналық өрісті кеңейтіп, көркемдік жүйенің өзін-өзі ұйымдастыру үдерісіне ықпал етеді.

Осылайша, Мұқағали поэтикалық мәтіндерінде сын есімдер жай сипаттаушы сөздер емес, көркемдік жүйенің тұтастығын ұстап тұратын негізгі синергетикалық құралдар. Олар ақын тілінің көркемдік қуатын арттырып, мағыналық тереңдігін қамтамасыз етеді.

Поэтикалық мәтіндерде етістіктер флуктуациялық үдерістердіңң негізгі тілдік көрсеткіштерінің бірі болып табылады. Олар флуктуацияны тудырып, бифуркациялық сәттерді белгілейді. Мысалы:

Шытынса көңіл жабығып,
Қаламға ғана табынып.
Болмашы сәби шабыттан,
Күй шерткен болам зарығып.

Осы өлең жолдарындағы етістіктердің поэтикалық дискурстағы лингвосинергетикалық ерекшеліктерін талдайтын болсақ: Шытынса көңіл жабығып мұнда шартты рай мен көсемше тұлғалы етістіктің қатар қолданысы ішкі көңіл-күйдің өзгерісін көрсетіп тұр. Бұл эмоциялық флуктуация маркері болып табылады.

Қаламға ғана табынып мұндағы қаламға табыну – шабытқа бас ию мағынасында автордық өзіндік қолданыс ерекшелігін білдіріп тұр. Бұл мағыналық флуктация маркері.

Күй шерткен болам зарығып шерту, болу, зарығу үш етістіктен құрылған бифуркация нүктесі.

Мысалы: М.Мақатаевтың «Жалаң аяқ жар кешіп» атты өлеңін талдар болсақ:

Жалаң аяқ жар кешіп,
Қызыл аяқ қыр кешіп,
Қыр гүлімен бірге өсіп,
Қыр желімен бірге есіп,
Торғайлармен тілдесіп,
Торы тайға мінгесіп,
Тобын жазбай топ бала
Жүретін ек гулесіп.
Орман, таулы туған жер –
Ортақ бізге бір бесік [78, 262].

Мәтіннің орталық аттракторы – балалық шақ пен туған жердің бейнесі. Оны бейнелегенде етістіктер өмірдің қимыл-қарқынын жеткізеді. Мұндағы кешіп, өсіп, есіп, тілдесіп, мінгесіп, жүретін, гулесіп сияқты флуктуациялар аттракторға жаңа реңк қосып, мәтіннің динамикасын арттырады. Етістіктер біренеше семантиканы ашады, физикалық қозғалыс (кешіп, мінгесіп, жүретін), табиғатпен үндесіп (өсіп, тілдесіп, есіп), эмоциялық қарым-қатынас (гулесіп) осы тармақтар бірігіп, балалық шақтың тұтасқан кеңістігін жасап, бифуркация арқылы әрекеттің әр қырын ашады.

М.Мақатаев «Самұрыққа міндім бе» өлеңіндегі етістіктердің қолданысына тоқталар болсақ:

Самұрыққа міндім бе,
Самғадым ба көкпенен?
Сахарадан бұл күнде,
Үн естілмес "өк!" деген.
Барар жерге бір күнде,
Арып-ашпай дөп келем.
Апта жүріп, ай жүріп,
Аңызаққа ұрынбан.
Ат-тұрманнан айрылып,
Айдалада жығылман.
Әр ауылға қайрылып,
Сусын іздеп бұрылман.
Керуенім шұбалып,
Кең даланы кезбеймін,
Кең бұлақтан су алып,
Бақырға құрт езбеймін.
Ұшты. Болды. "ТУ" алып,

Қонғанымды сезбеймін [78, 348].

Өлең жолдарындағы етістіктер поэтикалық жүйенің қозғаушы күші ретінде қызмет етеді. Олар өлеңнің қозғалысын, динамикасын қамтамасыз етіп, мәтінді үнемі қозғалыста ұстайды. Мысалы: «міндім бе», самғадым ба», «барар жерге дөп келдім», «жүріп», «ұрынбан», «айырылып», «жығылман», «қайрылып», «бұрылман», «кезбеймін», «алып», «езбеймін», «ұшты», «қонғанымды сезбеймін» бұлардың бәрі қозғалысқа негізделген. Синергетикалық тұрғыдан бұл мәтінді динамикаға әкеледі. Етістіктер лингвосинергетикада өлеңді дамытушы, ұйымдастырушы және хаостық пен тәртіпттің тепе-теңдігін сақтаушы негізгі маркерлердің бірі болып табылады.

Мысалы, М.Мақатаевтың «Досым менің, барады мезгіл өтіп» өлеңіне лингвосинергетикалық талдау жасайтын болсақ:

Досым менің, барады мезгіл өтіп,
Мезгіл өтіп барады, тоқтамайды.
Ұры өмірді уақыт – жел күзетіп,
Ұстамақ боп бір сәтке ноқталайды.
Жылдар ағып барады, жылдар ағып,
Аударылып теңіздің арнасында.
Жылап-сықтап әнеки тұр балалық,
Біз теңізге секірген жар басында.
Шыдармын ба бақытты таба алғанша,
Барады өтіп несібем кенде менің,
Амал қанша, досым-ау, амал қанша,
Жақсы еді ғой өмірге келмегенім [78, 193].

Бұл өлеңде Ұры өмірді уақыт – жел күзетіп, Ұстамақ боп бір сәтке ноқталайды жолдарындағы ұры өмір, уақыт – жел, ноқталайды авторлық қолданыстар. Мұндағы ұры өмір нормаға қарсы семантикалық қолданыс, бифуркация нүктесі. Өмірдің құндылығы күрт өзгеріп, диссипацияға ұшырап, жаңа мағына пайда болған. Ұры өмірді уақыт – жел күзетіп деген жолдар өлең жолдары флуктуацияға ұшырап, яғни уақыттың жағымсыз бейнесін сипаттай отырып, жүйенің ауытқуын көрсетеді.

Жылап-сықтап әнеки тұр балалық, Біз теңізге секірген жар басында бұл өлең жолдарындағы секірген жар басында бейнелі тіркесте балалық пен есею арасындағы сәтті көрсетіп тұр. Мұндағы жүйенің өзгеруі бифуркациялық сәтті көрсетіп тұр.

Амал қанша, досым-ау, амал қанша, Жақсы еді ғой өмірге келмегенім мұндағы амал қанша деген тіркестің қайталануы эмоция тудырады. Жақсы еді ғой өмірге келмегенім мұндағы грамматикалық құрылымы бұзылғанмен ерекше эмоциялық мағына құрылған.

Осы өлеңдегі маркерлерді топтайтын болсақ:

Флуктациялық маркер: аударылып теңіз арнасында, жылап-сықтап әнеки тұр балалық.

Бифуркациялық маркер: Біз теңізге секірген жар басында.

Диссипациялық маркер: Жақсы еді ғой өмірге келмегенім.

Аттракторлар: дос, балалық, бақыт.

Поэтикалық мәтіндегі тілдік таңбалар өзін-өзі ұйымдастыратын, динамикалық жүйе. Поэтикалық мәтіннің түзілуінде аттракторлардың рөлі ерекше. Олар мәтінді тұтастыратын, оның мағыналық өзегін ұстап тұратын тұрақты тірек. Сонымен бірге поэтикалық мәтінде кездесетін флуктуациялар мәтінді динамикаға енгізіп, оқырманды жаңа мағыналық деңгейлерге бағыттайды. Олар аттракторларға тартылып, белгілі бір жүйелі тәртіпке бағынады. Көркем мәтіндегі ойдың күрделі тармақталу нүктелері, яғни бифуркация кезінде мәтін бір мағыналық арнадан екіншіге ауысып, жаңа семантикалық мағыналар тудырады. Осылайша поэтикалық мәтін үнемі қозғалыста, дамуда болатын ашық жүйе ретінде қарастырылады.

Синергетикалық тұрғыдан өлең – өзін-өзі ұйымдастырушы жүйе. Ақынның тілі сол жүйенің элементтерін қозғалысқа келтіреді. Кейде бұл жүйе тұрақтылық күйінде болады, кейде тұрақсыздыққа, яғни хаосқа ұшырайды. Дәл осындай тербелістердің нәтижесінде өлең ішінде жаңа мағына, жаңа сапа пайда болады. Әрбір сөз, әрбір бейне поэтикалық кеңістікте өз орнын тауып, бір-бірімен әрекеттесіп, белгілі бір тепе-теңдік пен үйлесім қалыптастырады.

3.3 М. Жұмбаевтың поэтикалық синергетикалық кеңістігі: аттрактор, флуктуация және бифуркация жүйесі

20 ғасырдың басында лингвстикалық ғылымның әр түрлі салаларын қамтитын белгілі бір құрылым қалыптастырылды, яғни «жүйе» ұғымы орнықты. Бүгінгі таңда басқа ғылыми салалардың даму қарқынына байланысты бұл терминнің мазмұнында елеулі өзгерістер байқалады [141]. Ірі жүйелердің өзін-өзі ұйымдастыру теориясы қазіргі ғылыми кеңістікке синергетика атауымен енді. Қазіргі таңда ол көптеген пәнаралық үлгілерді қамтитын ерекше танымал ғылыми бағытқа айналды. Синергетика жүйесі бүгінде ғылым салаларының көптеген қырларына ықпал етуде. Осыған байланысты аталмыш тәсілге ғалымдар мен зерттеушілердің айтарлықтай қызығушылық танытып отырғаны байқалады [142].

Қазіргі тіл білімінде синергетика қағидаларына негізінде талдау жүргізу жаңа ғылыми парадигма ретінде қалыптасып келеді. Тіл – үнемі өзгеріп, дамып тұратын тірі жүйе. Әрбір сөздің өзіндік қуаты мен ішкі рухы бар, сол арқылы ол адамның ойы мен сезіміне терең әсер етіп, санада ерекше із қалдырады. Поэтикалық мәтіннің табиғаты – тілдің бейнелеуші және әсер етуші мүмкіндіктерін барынша ашуында. Өлең тілі арқылы сөздің энергиясы күшейіп, ол адамның ішкі дүниесіне, рухани әлеміне ықпал етеді. Синергетикалық тұрғыдан аттракторлар, флуктуациялар, бифуркациялар, диссипация сияқты категориялар көрініс табады. Ақынның поэтикалық мәтініндегі ішкі қозғалысты, ойдың өзгерісін, эмоциялық динамиканы көруге мүмкіндік береді. Мысалы, қайталанатын сөздер (жүрек, өмір, өлім, үміт т.б.) поэтикалық мәтіндегі мағыналық аттракторлар болып табылады, ал олардың мағыналарының түрленуі флуктуациялық үдерістерді сипаттайды. Демек, синергетикалық әдіс поэзияны

жаңаша тануға, тілдің ішкі заңдылығын терең ұғынуға мүмкіндік беретін қазіргі заманғы ғылыми бағыт.

Қазақ поэзиясының көрнекті өкілдерінің бірі М.Жұмабаевтың поэтикалық мәтіндерін лингвосинергетикалық тұрғыдан зерттеудің бағдарын көрсетуге тырыстық.

М.Жұмабаев поэзиясының синергетикалық кеңістігін зерттеу барысында аттрактор, флуктуация және бифуркация ұғымдары маңызды теориялық негіздердің бірі ретінде қарастырылады. Осы бағыттағы зерттеулерде дискурстың динамикалық табиғаты мен мәтіндегі мағына қалыптасу тетіктері синергетикалық тұрғыдан түсіндіріледі. Мәселен, Орсоеваның «Способы достижения аттрактивности дискурса коммуникативного события» атты еңбегінде дискурстың аттрактивтілік қасиеті мен коммуникативтік ықпал ету механизмдері қарастырылып, мәтіндегі мағыналық ұйымдасу үдерістерінің динамикалық сипаты айқындалады [143].

Лингвистикадағы синергетикалық бағыттың қалыптасуы мен оның негізгі теориялық ұстанымдары В.Ю. Барбазюк еңбегінде сипатталып, тілдің өзін-өзі ұйымдастыратын күрделі жүйе ретіндегі табиғаты талданады (Барбазюк, 2010). Ал Н.А. Блазнова мәтін құрылымындағы нүктелік аттракторларды қарастырып, мәтіндегі тұрақты мағыналық құрылымдардың ұйымдасу заңдылықтарын анықтайды (Блазнова, 2002). Э.Т. Болдырева креативті аттрактор ұғымын мәтіннің құрылымдық компоненті ретінде сипаттап, мәтіндегі шығармашылық мағына түзілу үдерісін синергетикалық тұрғыдан түсіндіреді (Болдырева, 2007) [145-147].

Сонымен қатар Л.В. Бронник зерттеулерінде концептінің дискурстағы өзін-өзі ұйымдастыру ерекшеліктері мен концепт аттракторларының түрлері қарастырылады. Ғалым концептіні динамикалық құрылым ретінде сипаттап, мәтіндегі мағыналардың өзгеруі мен тұрақтану үдерістерін аттракторлық жүйе арқылы түсіндіреді (Бронник, 2010; 2011). Е.В. Демидова поэтикалық мағыналардың динамикасын контрадиктно-синергетикалық тәсіл негізінде модельдей отырып, поэтикалық мәтіндегі мағыналық қозғалыстың бейсызықтық сипатын көрсетеді (Демидова, 2017) [121, 148-149].

Осыған байланысты М.Жұмабаев поэзиясындағы поэтикалық синергетикалық кеңістікті аттрактор, флуктуация және бифуркация ұғымдары арқылы қарастыру ақын поэзиясындағы мағыналық динамиканы, эмоциялық ауысуларды және көркемдік жүйенің өзін-өзі ұйымдастыру ерекшеліктерін тереңірек түсіндіруге мүмкіндік береді.

1.3 тараушада сипатталған Е.Ю.Муратованың синергетикалық коэффициент формуласын қолдана отырып, М.Жұмабаевтың поэтикалық мәтінінің синергетикалық коэффициентінің мәнін анықтаймыз. Мысалы:

М.Жұмабаев «Сарғайдым» өлеңіне мынадай синергетикалық талдау жүргізілді:

Сарғайдым күннен күнге қуат кеміп,
Қалың ой – қара жылан жүректі еміп.
Ақырын бітіп барам жанған шамдай,

Көзіме ыстық жастар мөлт-мөлт келіп.
Апырм-ай, ауыр болды-ау күнді өткізу,
У жұтып, айдан ұзын түнді өткізу!
Қозғалып, сөйлеп, ойнап, тірі жатып,
Өлем деп жас өмірден күдер үзу.
Соғасың жиі-жиі, жүрек, неге?
Соққанмен жандана ма солған дене?
Сары су денені улайд тамырларда,
Тазарып, енді оны қан етем деме.
Қалмады көздің нұры, көрге айналдым,
Қараны – ақ, ақты – қара дерге айналдым.
Алмадай пісіп тұрған екі бетім
Қуарып, қаны қашып, күлге айналдым.
Жайылды бар денеме уы дерттің,
Мінекей, екі ай болды жалын жұттым.
Күндіз – Күн, түнде күміс Ай көрмеймін,
Дариға, жаным – азат, денем – тұтқын.
Барады күннен күнге азап асып,
Өлім тұр анадайда қойнын ашып,
«Қинала түссін әлі!» – дегендей-ақ,
Аяғын, күлімсіреп, санап басып.
Жасаған! Тез алатын ажал жоқ па?
Қинама, тез өлейін, ұшыр оққа.
Шыжылдап дене, шырқырап жан берейін,
Жалыны көкке шыққан түсір отқа! [116, 232].

Бұл өлеңде сарғайдым қуат кеміп, қалың ой – қара жылан, қалың ой жүректі еміп, ақырын бітіп барам жанған шамдай, у жұтып, солған дене, сары су денені улайд тамырларда, көрге айналдым, қуарып, қаны қашып, күлге айналдым, жайылды уы дерттің, жалын жұттым, жаным – азат, денем – тұтқын, өлім қойнын ашып 14 маркер бар. Мынадай формуламен анықтасақ: СК=А/N. 14 маркер/28 жол. Мәтіннің синергетикалық коэффициенті – 0,5.

Өлеңде қолданылған маркерлердің әрқайсысын талдау барысында олардың қай синергетикалық категорияға (аттрактор, флуктуация, бифуркация, диссипация) жататынын төмендегі кестеден көруге болады. (Кесте 4).

Кесте 4 – М.Мақатаевтың «Қиялым» өлеңі

сөздер	Мағынасы	Синергетикалық категория
1	2	3
Сарғайдым қуат кеміп	Рухани шаршау, өмір сүруге құштарлығы азаю.	флуктуация
Қалың ой – қара жылан	Адам жанын жегідей жеген ой.	флуктуация
қара жылан жүректі еміп	Адам жанын жегідей жеген ой.	флуктуация

4 – кестенің жалғасы

1	2	3
У жұтып	Қайғы-мұң жанына қатты бату.	флуктуация/ бифуркация
Солған дене	Өмірлік күші сарқылған.	диссипация
Сары су денені улайд тамырларда	Уайым-қайғыға түсу, сары уайымға салыну.	флуктуация
Көрге айналдым	Ажал аузында жату.	бифуркация
Күлге айналдым	Қан-сөлсіз сүлдері қалу.	бифуркация
Жалын жұттым	Ішкі сезімін жалындаған отқа теңеп тұр.	бифуркация флуктуация
Жайылды дерттің уы	Дерттің дендеуі.	флуктуация
жаным – азат	Ойының шексіздігін, рухани еркіндігін айтып тұр.	флуктуация
Денем – тұтқын	Рухани азаттығын көрсетіп тұр.	флуктуация
Өлім тұр анадайда қойнын ашып	Ажалдың жақындағанын сезу.	бифуркация
Ақырын бітіп барам жанған шамдай	Ажалы жақындағанын меңзеп тұр.	диссипация
Жүрек, өмір, өлім, жалын	Өлеңнің өзегін ұстайтын сөздер.	аттракторлар

Бұл өлең жолдарындағы сарғайдым қуат кеміп, қалың ой – қара жылан, қалың ой жүректі еміп, ақырын бітіп барам жанған шамдай, у жұтып, сары су денені улайд тамырларда, жайылды уы дерттің, жаным – азат, денем – тұтқын – флуктуациялар. Флуктуациялар ақынның жан дүниесіндегі тұрақсыздықты, күйзелісті көрсетеді. Мысалы: «қуат кеміп», «жүректі еміп», «жанған шамбай біту» деген тіркестер оқырманды ақынның ішкі әлеміне енгізіп, оның жан қиналысын нақты сезіндіреді. Поэтикалық мәтінге энергиялық қозғалыс, мағыналық динамика беріп тұр. Осы арқылы жүйенің хаостан реттілікке, жаңа сапаға өту үдерісін көрсетіп, жүйе ретінде өзін-өзі ұйымдастыру қабілетін иеленеді.

Поэтикалық мәтіннің жүйе ретіндегі тұрақсыздығы оның бейсызықтылығымен байланысты. Жүйе бейсызық деп есептеледі, егер ол ішкі флуктуацияларға, яғни әртүрлі мәдени контекстерден жаңа мағыналардың туындауына қабілетті болса, синергетикада флуктуациялар деп жүйенің белгілі бір орташа күйден кездейсоқ ауытқуы түсініледі [55].

Ақынның бұл өлеңінде солған дене, көрге айналдым, қуарып, қаны қашып, күлге айналдым, жалын жұттым, өлім қойнын ашып сияқты тіркестер өлеңдегі шешуші сәттерді, бифуркация нүктелерін көрсетеді. Олар арқылы ақын өмір мен өлімнің, жарық пен түнектің, үміт пен шарасыздықтың арасындағы халін сипаттап тұр.

М.Жұмабаевтың «...Ға», «Айға», «Зарлы сұлу», «Тілегім», «Осы күнгі ой», «Көңіл», «Тез барам», «Толған ай», «Туған жер», «Өлең», «Сүйгеніме», «Мені де өлім әлдиле», «Орамал» атты өлеңдеріне синергетикалық талдау жасалды. Ақынның тілінде кездесетін аттракторлар рухани тұрақтылықты сақтайтын, жүйені тәртіпке келтіретін мағыналық өзектер. «Жер, шөл, жол, дала, айдын, ай, шолпан, күн, сәуле, ерік, бақ, ана, көңіл, ұрпақ, жан, тіршілік, нәресте, балдырған, бала, қайың, әлди, ана» бұл аттракторлар өлең жүйесін ұстап тұратын тірек, өлеңге тыныс, тұрақтылық және мағына береді. «Жер, шөл, дала, жол, айдын» бұл сөздер өлеңде кеңістік пен өмір ортасын білдіреді. «Ай, шолпан, күн, сәуле» сияқты сөздер арқылы ақын қараңғылық пен күйзелістен кейінгі жарыққа шығудың сәттерін бейнелейді. «Тіршілік, нәресте, балдырған, бала, қайың» бұл өмірдің жалғасуын сипаттайды. Осы аттракторлардың бәрі бірігіп, өлеңде хаосқа қарсы тұрып, тұрақтылық пен тепе-теңдікті орнатады. Әр аттрактор өз өрісінде энергияның тұрақтылық фазасын қамтамасыз етеді. М.Жұмабаевтың аттракторларын төмендегі кестеден көруге болады. (Кесте 6).

Кесте 6 – М.Жұмабаевтың өлеңдеріндегі аттракторлар

Сөз	Синергетикалық категория	мысалы
1	2	3
жер	аттрактор	Қайырымсыз қара салқын жерді құшып. (М.Жұмабаев «...ҒА» 68 бет)
ерік	аттрактор	Айрылып алтын ерік, ар-намыстан (М.Жұмабаев «...ҒА» 68 бет)
жол	аттрактор	Ұмтылған ізгі жолда тілегіңе (М.Жұмабаев «...ҒА» 68 бет)
ай	аттрактор	Көремін мұңды, нұрлы толған Айды (М.Жұмабаев «Айға» 36 бет)
бақ-дәулет	аттрактор	Бақ-дәулет – алмағаны еш қалмады (М.Жұмабаев «Айға» 36 бет)
ана	аттрактор	Тас жүрек көзім нұры – анамды алып (М.Жұмабаев «Айға» 36 бет)
көңіл	аттрактор	Сұм көңілге разы емен мен, Тез жанад да, тез сөнед. (М.Жұмабаев «Көңіл» 38 бет)
қыран	аттрактор	Қыранымын сары сайран даланың, Қос қанатым – алтын Алтай, Оралым. (М.Жұмабаев «Тез барам» 61 бет)
ұрпақ	аттрактор	Тірілтейін алып атам аруағын, Тазартайын Сарыарқамның топырағын. (М.Жұмабаев «Тез барам» 61 бет)
шолпан, күн	аттрактор	Сенен басқа жерде маған қараңғы, Жарық болар Шолпан, Айым, сен – Күнім. (М.Жұмабаев «Туған жер» 47 бет)
сәуле	аттрактор	Күн болған көңілімде сенің сәулең, Болып ем өмірімше сорлы әурең. (М.Жұмабаев «Сүйгеніме» 26 бет)

6 – кестенің жалғасы

1	2	3
жан	аттрактор	Жанымның жаны, Тәнімнің қаны, Тіршілігім сенімен. (М.Жұмабаев «Өлең» 12 бет)
тіршілік	аттрактор	Өзгермес бір қалыпта кең тіршілік, Бірде шаттық, бірде мұң жетпегі жоқ. (М.Жұмабаев «Сүйгеніме» 26 бет)
жел	аттрактор	Қажыдым енді, күш бітті, Көңілсіз, салқын, күн бұлтты, Жел бұйығып тербелед, Әлдекімнің өлгенін, Оны қалай көмгенін Әңгіме ғып күңіренед. (М.Жұмабаев «Мені де өлім әлдиле» 78 бет)
шөл	аттрактор	Бетпақ шөлде жалғыз жол, Сол жолменен жалғыз жан (М.Жұмабаев «Мені де өлім әлдиле» 78 бет)
нәресте	аттрактор	Талпынған жаңа нәресте, Ақ қанатты періште, (М.Жұмабаев «Мені де өлім әлдиле» 78 бет)
періште	аттрактор	Талпынған жаңа нәресте, Ақ қанатты періште, (М.Жұмабаев «Мені де өлім әлдиле» 78 бет)
отау	аттрактор	Сол айдынның астында Бар екен алпыс ақ отау, Алтын уық, жібек бау. (М.Жұмабаев «Мені де өлім әлдиле» 78 бет)
уық, бау	аттрактор	Сол айдынның астында Бар екен алпыс ақ отау, Алтын уық, жібек бау. (М.Жұмабаев «Мені де өлім әлдиле» 78 бет)
балдырған	аттрактор	Балдырғанмен бастасып, Сұлумен қол ұстасып, (М.Жұмабаев «Мені де өлім әлдиле» 78 бет)
қайың	аттрактор	Сол жас қайың құлапты, Жанында жел жылапты, Балқиды жаным бұл күйге. (М.Жұмабаев «Мені де өлім әлдиле» 78 бет)
бала	аттрактор	Баланы сүйіп бір қанып, Жолаушымен мұңдас боп, (М.Жұмабаев «Мені де өлім әлдиле» 78 бет)
ақ бәтес	аттрактор	Сенсің қымбат керегім, Алақандай ақ бәтес. (М.Жұмабаев «Орамал» 71 бет)

Көріп отырғанымыздай, ақын поэзиясында ерекше орын алатын сөздер мен бейнелер бар. Олар өлеңдегі негізгі идеяны жинақтап, өзіне басқа мағыналарды тартып, бүкіл мәтіннің мазмұндық өзегіне айналады. Мұндай сөздер лингвосинергетикада аттракторлар деп аталады.

Алайда ақын шығармаларындағы барлық аттракторларды бірдей деңгейде қарастыру мәтіннің ішкі құрылыс мен мағыналық тереңдігін толық ашуға жеткіліксіз. Сондықтан оларды екі деңгейге бөліп қарастыру қажет: макроаттракторлар және микроаттракторлар.

Макроаттракторлар – ақынның көптеген өлеңдерінде тұрақты түрде қайталанып, оның дүниетанымын, көркемдік бағытын және поэтикалық жүйесін тұтастай ұйымдастыратын негізгі ұғымдар. Бұлар ақын шығармашылығында жиі кездесіп, әртүрлі мәтіндерде түрлене отырып, жалпы поэтикалық әлемнің тірек нүктесіне айналады. Мысалы, өмір, жер, жүрек, туған жер, өлім, махаббат сияқты ұғымдар макроаттракторлар ретінде танылады.

Ал микроаттракторлар – жекелеген өлеңнің немесе поэтикалық үзіндінің ішінде мағыналық орталыққа айналатын бейнелі бірліктер. Олар бір ғана шығарманың ішкі құрылымын, сезімдік және көркемдік жүйесін ұйымдастырады. Мысалы, Мағжан шығармаларында кездесетін «ақ отау», «ақ қанатты періште», «ақ бәтес» сияқты тіркестер белгілі бір мәтін шеңберінде ғана қызмет атқаратын микроаттракторлар болып табылады.

Аттракторларды макро және микро деңгейге бөлу ақын поэзиясындағы мағыналық жүйені тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Бұл жіктеу арқылы, бір жағынан, ақын шығармашылығындағы негізгі рухани-идеялық тіректер анықталса, екінші жағынан, әрбір шығарманың ішкі көркемдік құрылымы мен мағыналық ұйымдасуы нақты көрінеді. Осы тұрғыдан алғанда, макро және микроаттракторларға сүйенген талдау әдісі поэтикалық мәтінді жүйелі түрде сипаттаудың тиімді жолы болып табылады.

Лингвосинергетика тұрғысынан поэтикалық жүйені талдау тілдік бірліктердің мәтін ішіндегі динамикалық қозғалысын, қалай ұйымдасатынын айқындауға болады. Осы тұрғыдан алғанда, флуктуациялық жүйелер М.Жұмабаев поэзиясындағы ең маңызды категориялардың бірі болып табылады. Флуктация ұғымы синергетикада жүйенің ішкі тұрақтылығы бұзылып, энергияның бейберекет қозғалысқа түсуін білдіреді. Лингвосинергетикада бұл категория поэтикалық кеңістіктің тұрақты күйден тұрақсыздыққа өтуін бейнелейді. М.Жұмабаев шығармаларында флуктуациялық жүйелер ақынның дүниетанымын, рухани күйзелістерімен байланысты көрініс табады. Ақын поэзиясында көбіне ішкі күйзеліс, өмір мен өлім мәселесі, үміт пен түңілу, рухани шаршау, ұлт тағдырына алаңдаушылық сияқты тақырыптық өрістермен ұштасып жатады.

Флуктуацияның поэтикалық табиғаты поэтикалық мәтіндегі хаостардан айқын аңғарылады. Ол автор санасындағы рухани шиеленістен, тарихи-әлеуметтік күйзелістен, ішкі жан айқайынан туындайды. Мысалы, М.Жұмабаев «Шын сорлы» өлеңін талдар болсақ:

Күн суық, қатты аяз, шыдар емес,

Қар борап соққан желмен қылып егес.
Кедейлер үсіп-тоңып, дір қалтырар,
Жылы үйде байлар жатар, уайым жемес.
Түн болып, қара тонын киіп еді,
Қатты жел барлық күшін жиып еді.
Ақтарып астын үст қып, гулеп соғып,
Дөңдегі қарды ойға үйіп еді.
Дүрілдеп сұп-суық жел соққан шақта,
Қар борап, үй айнала тыққан шақта,
Шыдамай жан-жануар жел өтіне,
Бүкшиіп теріс қарап ыққан шақта,
Балтабай Оразкенді шаштан ұстап,
Нығарлап әр түкпірге сүйреп тастап,
Құт ұшырар естілген қатты дауыс:
«Анаң, енең!.. Шық үйден! Жолыңды тап!»
Бейшара Оразкеннің түсі қашқан,
Жылауға, қозғалуға есі адасқан.
«Аяғым ауыр, қой деймін!» – деп айтқанда,
Дүр қамшы ойнап кеткен қайран бастан.
Балтабай бір қолымен есік ашты,
Тепкен соң, сорлы Оразкен далаға асты.
«Кірме, өл далада, иттің баласы!» – деп,
Бекітіп, іште тұрып есік басты.
Оразкен екпінменен құлай кетті,
Есі ауып, жансыз болып, сұлай кетті.
Әдейі өшіккендей тасбауыр жел
Дүрілдеп, астын үст қып борай кетті.
Оразкен бас көтерді есін жиып,
Көз алды дулап кетті от боп күйіп.
Басынан сорғалаған қап-қара қан
Ағады үлбіреген бетке тиіп.
Дәрмен жоқ, көзі тұнып, тұр балбырап,
«Жасаған, жарылқа!» – деп, жәрдем сұрап.
Қар борап, дүрілдеп жел соққан шақта,
Кетеді сорлы Оразкен дір қалтырап [116, 10].

Алғашқы шумақта суық, аяз, боран, үсік сияқты сөздер арқылы флуктуация сыртқы әлемнің құбылыстарынан басталады.

Екінші шумақтағы «Түн болып, қара тонын киіп еді, Қатты жел барлық күшін жиіп еді, Ақтарып астын үст қып, гулеп соғып, Дөңдегі қарды ойға үйіп еді» бұл шумақта флуктуация шарықтайды, тұрақсыздық ең жоғарғы деңгейге жетеді. Яғни өлеңде флуктуация табиғаттың қатал құбылыстарынан басталады. Табиғаттағы осы өзгерістер адамдардың жағдайымен қабаттасып, эмоционалдық толқуды күшейтеді, кедейлердің тоңуы, жан-жануардың ықтауы, қорқыныш пен шарасыздықтың артуы бәрі жүйенің ішкі теңгерімінің бұзылғанын көрсетеді.


Оқиға өрбіген сайын флуктуация әлеуметтік және психологиялық деңгейге өтеді. Балтабайдың Оразкенді ұрып-соғуы, үйден қуып шығуы, айқайдың үдеуі өлеңдегі ішкі тұрақсыз күй. Табиғат пен адамның қаталдығы қатар күшейіп, бір-бірін тереңдетеді.

Мағжанның бұл өлеңі поэтикалық жүйе ретінде күрделі синергетикалық құрылым түзеді. Мәтіндегі табиғаттың құбылмалы күші боран, суық, жел өлеңнің бастапқы аттракторын, яғни жүйені қозғалысқа келтіретін энергетикалық өзегін қалыптастырады. Осы аттрактор шеңберінде әлеуметтік ортадағы тепе-теңдік бұзылып, оқиға кеңістігінде тұрақсыздық пен шиеленіс пайда болады.

Табиғаттағы дүлей күштің үдемелі сипаты мен адамдар арасындағы қатігездік бір-біріне қосылып, жүйеде жоғары деңгейлі флуктуациялар тудырып, поэтикалық кеңістіктің тербелмелі динамикасын күшейтеді.

Флуктуациялық қозғалыстар шарықтау нүктесіне жеткенде, өлең бифуркация сәтіне өтеді, Оразкеннің құлауы, есінен тануы, қанға боялуы жүйедегі қайтарымсыз өзгерісті білдіретін шешуші нүкте.

Өлең соңында кейіпкердің «Жасаған, жарылқа!» деуі жүйенің диссипациялық кезеңін көрсетеді. Осылайша өлең аттрактор → флуктуация → бифуркация → диссипация үлгісінде дамып, синергетикалық модельдің толық динамикасын көрсетеді. Мәтін табиғат пен адам тағдырының өзара әрекетінде пайда болған хаосты, тұрақсыздықты және жүйенің күйреуге қалай жететінін көркем тілмен дәлелдейді.



Сурет 7 - М.Жұмабаев өлеңдеріндегі лингвосинергетикалық маркерлердің сандық арақатынасы

Ұсынылған диаграммада М.Жұмабаевтың лингвосинергетикалық маркерлердің жиілік таралуы көрсетілген. Сандық нәтижелері флуктуация маркерлерінің басым екенін айқындайды, бұл ақын поэтикалық мәтіндерінің ішкі динамикасы жоғары, мағыналық тербелістерге бай жүйе екенін дәлелдейді. Аттракторлар негізгі мағыналық өзектердің қалыптасқанрын және олардың поэтикалық мәтіндегі ұйымдастырушы қызмет атқаратынын көрсетеді. Ал бифуркация маркерлерінің салыстырмалы түрде төмен көрсеткіші шешуші сәттердің жиі емес екенін, бірақ пайда болған кезде мағынасы өте терең әрі маңызды болатынын көрсетеді. Осылацша, М.Жұмабаев поэзиясының өзін-өзі ұйымдастыратын, ашық әрі динамикалық жүйе ретіндегі сипатын айқындайды.

Үшінші тарау бойынша қорытынды

Үшінші тарауда диссертациялық зерттеудің негізгі эмприкалық нәтижелері ұсынылып, М.Мақатаев пен М.Жұмабаев поэзиясындағы лингвосинергетикалық маркерлер жүйесі кешенді түрде талданды. Бұл тарауда поэтикалық мәтіннің синергетикалық моделі нақты мәтіндер негізінде сипатталып, аттрактор, флуктуация және бифуркация категорияларының поэтикалық дискурстағы қызметі айқындалды.

Талдау нәтижесінде М.Мақатаев поэтикалық мәтіндерінде «өмір», «жүрек», «көңіл», «жер», «адам» сияқты макроаттракторлардың тұрақты түрде қайталанып, ақынның поэтикалық жүйесін ұйымдастыратын негізгі мағыналық өзектер екені анықталды. Бұл аттракторлар флуктуациялық ауытқулар арқылы әртүрлі реңкке ие болып, поэтикалық мәтіндегі мағыналық динамиканы күшейтеді. Ақын поэзиясы жоғары деңгейде ұйымдасқан, эмоциялық және философиялық тереңдігі мол синергетикалық жүйе ретінде сипатталды.

М.Жұмабаев поэзиясына жасалған талдау оның поэтикалық мәтіндеріндегі синергергетикалық кеңістіктің күрделілігін көрсетті. Ақын шығармаларында символдық бейнелер мен философиялық ойлар флуктуациялық ауытқулар мен бифуркациялық шешуші сәттер арқылы дамып, мәтіннің бейсызық сипатын айқындайды. М.Жұмабаев поэзиясы мағыналық тұрақсыздық пен рухани ізденіс арқылы өзін-өзі ұйымдастыратын күрделі поэткиалық жүйе екені дәлелденді.

Үшінші тарау нәтижелері қазақ поэзиясындағы сөздің синергиялық болмысын ғылыми тұрғыдан негіздеп, лингвосинергетикалық тәсілдің практикалық қолданысын көрсетті. Ақын поэзиясындағы лингвосинергетикалық маркерлер жүйесін талдау көркем мәтіннің ішкі энергиясын, мағыналық қозғалысын және авторлық дүниетанымын терең тануға мүмкіндік берді. Осылайша, үшінші тарау диссертациялық зерттеудің негізгі ғылыми тұжырымдарын нақтылап, жұмыстың теориялық және практикалық маңызын айқындады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Лингвосинергетика – тілдің, поэтикалық мәтіннің және жалпы адамзаттық ойлау жүйесінің динамикалық, көпдеңгейлі, өзін-өзі ұйымдастыратын жүйе ретіндегі табиғатын түсіндіруге бағытталған заманауи ғылыми парадигма. Бұл бағыт XX ғасырдың екінші жартысынан бастап жаратылыстану, физика, математика, кибернетика секілді ғылымдарда қалыптасқан синергетика қағидаларына сүйеніп, қазіргі гуманитарлық зерттеулерге бейімделген жаңа пәнаралық әдіс ретінде дамып келеді. Осы зерттеу жұмысының барысында поэтикалық мәтінді, ақындық тілдік сананы, көркемдік образдарды және олардың семантикалық құрылымдарын синергетикалық жүйе ретінде қарастырудың теориялық негіздері мен қолданбалы мүмкіндіктері кеңінен ашылды.

Зерттеу барысында лингвосинергетика теориясының негізгі категориялары: аттрактор, флуктуация, бифуркация, диссипация, фрактал, ашық жүйе, бейсызықтық, тұрақсыздық, өзін-өзі ұйымдастыру поэтикалық мәтіннің ішкі табиғатын ашудың әмбебап құралдары ретінде қарастырылды. Поэзия тілінің табиғаты – бейнелік, динамикалық, құбылмалы, сезім мен ойдың тоғысуынан тұратын күрделі құрылым. Сондықтан синергетика поэзияның ішкі заңдылықтарын түсіндіруде ерекше тиімді модельдер береді.

Лингвосинергетика тұрғысынан жасалған бұл зерттеу қазақ поэзиясын жаңа ғылыми кеңістікте қарастыруға мүмкіндік берді. Поэтикалық мәтіндер өзін-өзі реттейтін, өзін-өзі ұйымдастыратын, өзгеріп, дамып, жаңа формалар тудырып отыратын күрделі синергетикалық жүйе екені дәлелденді. Бұл жүйенің тұрақты аттракторлары ұлттық ойлау жүйесінің символдық өзегі болып табылады. Ал флуктуациялар, бифуркациялар мен диссипациялық үдерістер поэтикалық мәтіннің және мазмұнның тұрақтылығын да, өзгермелілігін де қамтамасыз етеді.

Ақындарымыздың сөз кестесін құруы, сөз әлеуетін тиімді қолдану даралығы, ұлт болмысының тілдік бейнесіндегі сөз құдіретін поэтикалық мәтіндерінде ерекше қолдануы қазақ сөзінің синергиясын, ақындардың көркемдік қуатының өзгешелігін танытып отыр. Осы тұрғыдан бағаланатын поэтикалық мәтіндер қазақтың халық ретіндегі мінез-құлқы мен қабілет-қарымын, дүниетанымын, бітім-болмысын, тұрмыс тіршілігін, қазақ даласындағы бейнесін айқындап көрсетеді.

Демек, халық рухының қызметінің дамып жалғасуы ой түзіліміне, тілдің әсер етуі тілді жетілдіріп байыта түседі. Сондықтан әр халықтың өзіндік руханиятын тілден тыс қарауға болмайды. Осы тұрғыдан жүргізілетін кез келген тілдік тұлға тілі мен дискурстық талдаулар мәтін тілін коммуникативтік қызметіне іштей ұйымдасқан қозғаушы күш пен ашықтық тән екенін көрсетеді.

Осы тұрғыдан тілдің әлеуетін зерттеудің ғылыми-әдістемелік үрдісі жаңарып, кеңейіп қазіргі тіл білімінде зерттеудің жаңа аспектісі синергетикалық парадигма тұрғысынан зерттеуге бетбұрыс қалыптасуда, нақты айтқанда, мәтінді синергетикалық үдеріс ретінде қарастыра отырып, мәтіннің синергетикалық сипатын анықтау бүгінгі күнде өзекті мәселелердің біріне айналып отыр.

Синергетикалық парадигма күрделі поэтикалық мәтін тілін зерделеуді, зерттеу нысанның бұған дейін ашылмай қалған мәнін синергетиканың жалпы әмбебап заңдылықтарына бағына отырып саннан сапаға өткізе алады. Поэтикалық мәтіннің синергиялық сипатын білдіретін тілдік құралдарды зерттеу арқылы поэтикалық мәтінде кездесетін сөздің жаңа мағыналардың өздігінен пайда болу тетігін табуға мүмкіндік береді.

Лингвосинергетиканың аясында өлеңсөз дискурсының күрделі жүйесін зерделеу, поэтикалық дискурсты лингво-синергетикалық тәсілмен талдау арқылы тілдің терең құрылымдалғанда жатқан мәнін ашуға мүмкіндік бере алатынына көз жеткізуімізге болады. Синергетиканың ұғым-түсінік құрылымын лингвистикалық зерттеулер аясында қолдана отырып, тілде өзектелген құндылықтарды танып, жаңа қырынан тани түсуімізге, сайып келгенде, заманауи ұрпақтың қоғамдық рухани санасын жаңа сапалық деңгейге көтеруге жол ашады. Демек, поэтикалық тілде ерекше мазмұнға ие «рух» ұғымы – табиғатқа, адамға (тұлғаға) әсер ететін сырттан келетін тылсым күш емес, тіл иесінен (тұлғаның) жан дүниесінде тығыз байланысын үзбейтін ішкі қуаты мен ақыл-ойы, парасат дүниесі. Бірақ ол биологиялық тұрғыдан емес, рухани-әлеуметтік тұрғыдан дамып өзгеріп отырады. Сол дүниенің бейнелеуіштік қабілетінің тілде бекітіліп, таңбалануына ықпал ететін – ақындар тілінде айшықталып көрінетін – сөз синергиясы.

Сонымен көркем мәтін иесінің тілін коммуникативтік ашық жүйеде ұйымдастырып, тұтастыруға қызмет ететін көріктеу құралдары лингвосинергетикалық маркерлер ретінде бірсызықтық емес, ашықтық қағидасына сай анықталады.

Осымен байланысты синергиялықтың жарқын үлгілері когнитивті метафоралар, интермәтіндер, ассоциативтік байланыстар, диссипация, бифуркация, неофразеологиялану, қайталау т.с.с. үдерістер арқылы жаңа мәннің өзектелуін жүзеге асырады.

Соның нәтижесінде туған көркем мәтіндегі көріктеу құралдарының мазмұнын бейнелейтін – лингвосинергетикалық маркерлер. Жүргізілген зерттеулердің барысында көркем мәтіндегі лингвосинергетикалық маркерлерді анықтауға қатысты мынадай тұжырымдар ұсынылады:

–олардың мәнін когнитивтік, психолингвистикалық, лингвомәдени, социолингвистикалық зерттеулер контексінде ашу суреткердің танымымен байланысты парадигма аясында атқарылуы тиіс;

–автордың рухтандырушы, ықпал етуші синергиясын оқушының дұрыс қабылдап, әсерленуін бейнелейтін лингвосинергетикалық маркерлер *коммуникативтік ~ куммулятивтік ~ эстетикалық контексте* анықтау;

–көркем мәтінде синергиялық маркерлердің түзілуінің негізін ұлттық-мәдени ассоциация парадигмасында архетиптік уәждегі бейнелер мен коннотация т.б. этномәдени лексемаларды жаңғырту арқылы дәлелдеу.

Лингвосинергетикалық маркерлерді танымдық тұрғыдан, кешенді зерттеу барысында суреткердің шығармашылық тәжірибесінің жетіліп, жаңа білімге ие болу үшін тілдің жасампаздық қасиетін қазақ сөзінің әлеуетін дәлелдеу.

Қорыта айтқанда, поэтикалық мәтінді синергетика тұрғысынан талдаудың маңызы бірнеше бағытта көрінеді.

Біріншіден, бұл тәсіл өлеңдегі мағынаның қалай пайда болып, қалай өзгеретінін түсінуге көмектеседі. Әдеттегі талдаулар дайын мағынаны ғана табуға тырысса, синергетика мағынаның жасалу жолын, оның қозғалысын, өзгерісін зерттейді.

Екіншіден, өлеңдегі кейіпкердің ішкі жан дүниесін, психологиялық күйін тереңірек тануға мүмкіндік береді. Өлеңдегі сезімнің күшеюі, толқуы, ішкі қақтығыстар – бәрі қозғалыста жүреді. Синергетика осы өзгерістерді ғылыми тілмен түсіндіруге жағдай жасайды.

Үшіншіден, өлеңдегі бейнелер мен символдардың қалай дамитынын көрсетеді. Поэтикалық бейне бір орында тұрмайды – ол әр жол сайын өзгеріп, жаңа мағына тудырып отырады. Мұны флуктуация, бифуркация, фрактал секілді ұғымдармен түсіндіруге болады.

Төртіншіден, синергетикалық талдау қазақ поэзиясының ішкі рухын, ұлттық дүниетанымын тереңірек тануға көмектеседі. Қазақ сөзіне тән ерекше мағыналық энергияны көрсетуге мүмкіндік береді.

Бесіншіден, бұл тәсіл тіл білімінде жаңа ғылыми жол ашады. Синергетика дәстүрлі талдаудан өзгеше, өлеңдегі мағынаның қалай қозғалып, қалай ұйымдасатынын көрсететін жаңа модель ұсынады.

ПАЙДАЛАНҒАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Хакен Г. Синергетика. - М.: Мир, 1980. - 404 с.

2 Князева Е. Н. Интервью с профессором Г. Хакеном. // Вопросы философии. – 2000. – № 3 – С. 53-61.

3 Исмаилова О.И. Культурологические факторы, обусловливающие специфику создания языковой игры // Язык и мир изучаемого языка. - 2016. - №7. – С. 231-233.

4 Пономаренко Е.В. Системность функциональных связей в современном английском дискурсе: дис. ...док.филол.наук: 10.02.19 – М., 2004. - 447 с.

5 Манкеева Ж. Қазақ сөзінің синергиясы. – Алматы, Қазақ ұлттық университеті, 2021. – 272 б.

6 Хакен Г. Синергетика. Иерархии неустойчивостей в самоорганизующихся системах и устройствах. – М.: Мир, 1985. – 424 с.

7 Чернавский Д. С. Синергетика и информация. – М.: Едиториал УРСС, 2004. – 288 с.

8 Князева Е. Н., Курдюмов С. П. Синергетика и принципы коэволюции сложных систем // Проблемы общественного развития. – 1998. – № 3-4. – С. 3-6.

9 Комарова З. И. Методология, метод, методика и технология научных исследований в лингвистике: учебное пособие. – Екатеринбург: Изд-во УрФУ, 2012. – 818 с.

10 Чернавский Д. С. Методологические основы синергетики и ее применения // Методологические основы синергетики и ее социальные аппликации. Материалы научного семинара.– М.: Научный эксперт, 2010. - Вып. № 1. – 80 с.

11 Буданов В. Г. Методология синергетики в постнеклассической науке и в образовании. – М.: Издательство ЛКИ, 2008. – 240 с.

12 Мельников Г. П. Системный подход в лингвистике // Системные исследования. – М.: Наука, 1973. http://philologos.narod.ru/melnikov/systmet.htm 14.11.2024

13 Гураль С. К. Синергетика и лингвосинергетика // Вестник Томского государственного университета. – 2007. – № 302. – С. 7-9.

14 Дрожащих Н. В. Синергетические аспекты межкультурной коммуникации // Синергетическая лингвистика vs. лингвистическая синергетика: материалы междунар. науч.-практ. конф. – Пермь: ПГТУ, 2010. – С. 276-282.

15 Моисеева И. Ю. Синергетическая модель текстоообразования. дис. ...док.филол. наук: 10.02.19. – Оренбург, 2007. – 379 с.

16 Андрусенко Т.В. Системно-динамическая организация текстового пространства в синергетическом аспекте. дис. ...канд. филол. наук: 10.02.19. – Оренбург, 2010. – 167 с.

17 Иванов Д.А. Понятие «синергия» и «синергический эффект»: семантический и эволюционный аспекты //Российское предпринимательство. – 2016. – Т.17, №20. - С. 2583-2594.

18 Философический энциклопедический словарь. https://estestvoznanie.academic.ru/1122. 01.02.2026.

19 Манкеева Ж.А. Қазақ сөзінің синергиясы: монография. Толықт. 2-бас. – Алматы: Асыл ЖК, 2025. – 302 б.

20 Аршинов В. И., Свирский Я. И. Синергетическое движение в языке // Самоорганизация и наука: опыт философского осмысления. – М., 1994. http://spkurdyumov.ru/philosophy/sinergeticheskoe-dvizhenie-v-yazyke 21.01.2012

21 Налимов В.В. Вероятностная модель языка. О соотношении естественных и искусственных языков. - М.: «Наука», 1974. – 272 с.

22 Налимов В. В. В поисках иных смыслов. – М.: Прогресс, 1993. – 280 с.

23 Москальчук Г.Г. Структурная организация и самоорганизация текста: Монография. – Барнаул: Изд-во Алтайского гос. ун-та, 1998. – 240 с.

24 Пиотровский Р. Г. Лингвистическая синергетика: исходные положения, первые результаты, перспективы. – СПб.: Изд-во СПбГУ, 2006. – С. 15-16.

25 Бронник Л. В. Языковая динамика в дискурсе: когнитивно-синергетический подход: автореф. дис. ...док. филол.наук: 09.00.08. – М., 2012. – 42 с..

26 Хахалова С.А. Метафора как стимул к восприятию мира: модель фрактального древа. // Язык и межкультурная компетенция: Сб. статей по материалам международной научно-практической конференции. – Петрозаводск: изд. КПГУ, 2007. – С. 81-84.

27 Самигуллина А.С. Метафора в когнитивно-семиотическом освещении. Монография. – Уфа: РИЦ БашГУ, 2008. – 316 с.

28 Бакиев А.Г. Лингвосинергетическая интерпретация метафорики Т. Пратчетта (на материале произведений из Цикла «плоский мир»), к.ф.н., УФА, 2015. –205 с.

29 Базылев В.Н. Новая метафора языка: Семиотико-синергетический аспект: дис. ...док. филол. наук: 10.02.19. – М., 1999. – 419 с.

30 Плотникова С. Н. Фрактальность дискурса как новое лингвистическое понятие. // Вестник Иркутского государственного лингвистического университета, 2011. – №3 (15) – С. 126-135.

31 Muryasov R. Z., Samigullina A. S., Bakiev A. G. Metaphor through the lens of linguosynergetics (Exemplified by the concept “DEATH” in Terry 183 Pratchett’s discourse) // XLinguae, A European Scientific Language Journal. – SVO s.r.o. – 2018. – Vol. 11, Issue 3. – P. 136-145.

32 Войцехович В.Э. Фракталы и аттракторы социальной эволюции. http://11235813.org/IPB/index.php?act=attach&type=post&id=82 (дата обращения: 08.05.2014)

33 Белоусов К.И. Деятельностно-онтологическая концепция формообразования текста: автореф. дисс. ...док. филол. наук: 10.02.19. – Барнаул, 2006.

34 Корбут А.Ю. Текстосимметрика как раздел общей теории текста. автореф. дис. …док. филол. наук: 10.02.19. – Барнаул, 2005.

35 Москальчук Г. Г. Актуальные вопросы формообразования текста // Вестник Челябинского государственного университета. Сер. Филология и искусствоведение. – 2014. – Вып. 89, № 7 (336). – С. 47–50.

36 Москальчук Г. Г. Общенаучные понятия в исследованиях текста // Вестник Челябинского государственного университета. Сер. Филология и искусствоведение. – 2011. – Вып. 57, № 24 (239). – С. 92–94.

37 Кушнина Л.В. Взаимодействие языков и культур в переводческом пространстве: Гештальт-синергетический подход: дис. ...док. филол. наук: 10.02.19. – Челябинск, 2004. – 426 с.

38 Аматов А. М. К вопросу о самоорганизации языка и языковой эволюции // Лингвистические и методические аспекты преподавания иностранных языков: материалы межд. науч.-практ. конф. (г. Белгород, 26-27 ноября 2009 г.). – Белгород, 2009. – С. 16-17.

39 Мишанова Ю.В., Сопова И.В. Язык как самоорганизующаяся система // Филологические науки. Вопросы теории и практики. – в 2-х ч. - Тамбов: Грамота, 2015. – № 4 (46), Ч. I. - С. 118-120.

40 Старикова Д.Д. Лингвокогнитивный, лингвосинергетический и психолингвистический подходы к моделированию концепта "счастье" в дискурсе антиутопии. Автореф. дисс. ...канд. филол. наук. 10.02.19. - УФА, 2023.

41 Мышкина Н.Л. Внутренняя жизнь текста: механизмы, формы, характеристики. – Пермь: Изд-во Пермского университета, 1998. – 152 с

42 Герман И.А., Пищальникова, В.А. Введение в лингвосинергетику: Монография. – Барнаул: Издво Алт. ун-та, 1999. – №130. - 9 с.

43 Дрожащих Н.В. Введение в динамическую синергетику языка: монография. – Тюмень: Изд-во ТюмГУ, 2012. – 252 с.

44 Поснова Е.Н. Jсобенности исследования текста как объекта лингвосинергетики**. //** Modern Research of Social Problems. - 2015. - №3(47).

45 Алефиренко Н.Ф. Понятие синергетического пространства лингвокультуры // Вестник МГОУ. Серия: Русская филология. - М.: Изд. МГОУ, 2009. – №3 – С. 7-12.

46 Каиржанов К.А. Синергия языка: моногр: – Астана. КУЭФиМТ: ИПЦ, 2007. – 240 с.

47 Тымболова А.О., Ибраймова Л.Ә. Синергетика - лингвомәдени шиеленістерді шешуші құрал // Абай атындағы ҚазҰПУ-дың хабаршысы. Филология ғылымдары сериясы. – 2017. - № 4. – Б. 107-112.

48 Алдашева К.С. Тіл синергетикасы және лексикалық жаңалықтар: монография. – Алматы: ЖК «Жылдам полиграфия орталығы», 2022. – 248 б.

49 Серикова А.С., Рысалды Қ.Т. Лингвистикалық синергетиканың динамикалық және жүйелі принциптері. // Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ хабаршысы. Филология сериясы. – 2023. – Т.68, № 1.

50 Динаева Б.Б. Қазақ және түрік паремияларының лингвосинергиясы. // Tiltanym. - 2024. - №4 (96). – Б.25-39.

51 Малахова В.Л. Динамико-системные принципы синергетики в функциональной лингвистике. // Филологические науки в МГИМО. 2021. Том 7. №3 С. 28.

52 Хакен Г. Информация и самоорганизация. Макроскопический подход к сложным явлениям. – Москва: Мир, 1991. – 240 с.

53 Клячкина Н.Л. Самоорганизация и современная синергетика // Вестник Самарского государственного технического университета. – 2011. – С. 1–5.

54 Алефиренко Н.Ф. Поэтическая энергия слова. Синергетика языка, сознания и культуры. // Вестник РУДН, сер. Лингвистика, 2005, №7. С. 208-211.

55 Мышкина Н.Л. Лингводинамика текста: контрадиктно-синергетический подход. дисс.докт.филол.наук. – Пермь. 1999. – 428 стр.

56 Сергодеев И. В. Интертекстуальность как средство семантической самоорганизации поэтического текста (на материале произведений Дж. Моррисона). дисс.канд.наук. – Челябинск, 2016. С. 209.

57 Рузавин Г.И. Концепции современного естествознания: учеб. пособие. – Москва: Гардарики, 2006. – 303 с.

58 Хакен Г. Тайны природы. Синергетика: учение о взаимодействии. – Ижевск: ИКИ, 2003. – 320 с.

59 Мамонова Н.В. Фрактальная самоорганизация британского сказочного дискурса (на примере концепта «WELFARE») дисс.канд.филол.наук. – Челябинск. 2015.

60 Köhler R. Synergetic Linguistics // The Encyclopedia of Language and Linguistics /Ascher R. E. (Ed.). Vol. 8. – Oxford: Pergamon Press, 1994. – Pp. 4454-4455.

61 Пищальникова В.А. Речевая деятельность как синергетическая система (к постановке проблемы) // Известия Алтайского государственного университета. – 1997. – № 2. – С. 72–79.

62 Сметанина О. М. Синергетический подход как методологический инструмент в познании языковой образовательной культуры // Интеграция образования. – 2015. – № 2. – С. 132-139.

63 Домброван Т.И. Что дает синергетика науке о языке? // Jazyk a kultúra. – 2012. – № 5.

64 Храмченко Д.С. Тактическая реализация коммуникативной стратегии в условиях динамичного взаимодействия прагмасемантических подсистем коммуникантов (на материале англоязычного делового дискурса). // Вестник Ленинградского государственного университета им. А. С. Пушкина. 2013. – № 3. – Т.1. – С. 124–130.

65 Гирнык А.В. Синергетическая модель концепта «жизнь»: автореф.дис. … канд. филол. наук. – Тверь, 2011. – 19 с.

66 Алефиренко Н.Ф. Язык, познание и культура: когнитивно-семиологическая синергетика слова. – Волгоград: Перемена, 2006. – 228 с.

67 Фокина З.Т. «Парадигмальное значение синергетики: теоретические и практические аспекты» // Вестник МГСУ №4/2011. С. 423-427.

68 Юдин Б.Г. Методологические проблемы исследования самоорганизующихся систем // Проблемы методологии системного исследования. – М.: Мысль, 1970. – С. 360-361.

69 Буданов В.Г. Методологические принципы синергетики // Новое в синергетике / под ред. Г. Г. Малинецкого. – М.: Наука, 2006. – С. 312-322.

70 Князева Е.Н., Курдюмов С.П. Законы эволюции и самоорганизации сложных систем. – М.: Наука, 1994. – 238 с.

71 Тельнова Н.А. Основные принципы синергетики и их методологическое значение // Вестник Волгоградского государственного университета. Серия Философия. Социология и социальные технологии. – 2006. – Вып. 5. – С. 14-20.

72 Аршинов В.И. Синергетика как феномен постнеклассической науки. – М.: РАН Ин-т философии, 1999. – 203 с.

73 Пригожин И., Стенгерс И. Порядок из хаоса: Новый диалог человека с природой / Общ. ред. В. И. Аршинова, Ю. Л. Климонтовича и Ю. В. Сачкова. – М.: Прогресс, 1986. – 432 с.

74 Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: 10.02.02. филол.ғылым.док... .дисс. автореф. – Алматы, 2007. – 16 б.

75 Маслова В.А. Homo lingualis в культуре. – М., 2007. – 302 с.

76 Вежбицкая А. Понимание культур через посредство ключевых слов. – М., 2001.

77 Муратова Е.Ю. Синергетический анализ поэтического текста // Вестник РУДН. Серия Теория языка. Семиотика. Семантика. – 2012. - №2. – С. 52-58.

78 Мақатаев М. Шығармаларының толық жинағы: Көп томдық. 3-басылым. – Алматы: «Жалын», Өлеңдері мен дастандары. - 2013. – Т.І. – 320 б.

79 Манкеева Ж.А. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. – Алматы: Жібек жолы, 2008. – 356 б.

80 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. – Алматы, 2011. - 1486 б.

81 Қайдар Ә. Этнолингвистика // Білім және еңбек, 1985. - № 10. – Б.19-24.

82 Әзімжанова Г. Қазақ көркем проза мәтінінің прагматикалық әлеуеті. – Алматы, 2007. – 325 б.

83 Ермекова Ж.Б. Мағжан Жұмабаевтың тілдік тұлғасы: 10.02.02. филол. ғылым. канд. ... дисс. – Алматы, 2010. – 140 б.

84 Смағұлова Г.Н. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері. – Алматы: Ғылым, 1998. – 292 б.

85 Колшанский В.Г. Объективная КМ в познании и языке. – М., 1990. – 103 с.

86 Яковлева Е.С. О некоторых моделях пространства в русской языковой картине мира // Вопросы языкознания. 1993. - № 4. – С. 48-62.

87 Гаспаров Б.М. Язык, память, образ: Лингвистика языкового существования. – М., 1996. – 352 с.

88 Лотман Ю.М. Семиосфера. – СПб.: «Искусство–СПБ», 2000. – 704 с.

89 Лютикова В.Д. Языковая личность: идиолект и диалект: дисс. ...док. филол. наук: 10.02.01. – Екатеринбург, 2000. – 316 с.

90 Козловский Д.В. Дискурсивное пространство категории «эвиденциальность» в лингвосинергетическом аспекте: автореф.дисс. ...канд. филол.наук: 10.02.19. - Башкир. гос. ун-т. Саратов. - 2013.

91 Долгова С.Ю. Преемственность традиций и иноваций в российском образовании // Инновационные стратегии развития педагогического образования: сборник научных трудов Тринадцатой Международной очно-заочной научно-методический конференции: в 2 частях. - 2017. - С. 120-124.

92 Козловский Д.В. Картина мира как субъективный образ объективной реальности в сознании человека // Язык и мир изучаемого языка. - 2015. - №6 (6). С. 50.

93 Болдырев Н.Н. Языковые категории как формат знании // Вопросы когнитивной лингвистики, 2006. - №2. - 160 с.

94 Исмаилова О.И. Особенности лингвистической синергетики // Международный научный журнал «Синергия наук». - 2018. - № 25. − С. 881-884.

95 Гураль С.К. Язык как саморазвивающаяся система. – Томск: Том. ун-т баспасы, 2009. – 122 б.

96 Гумбольдт В. Язык и философия культуры. – М.: Наука. 1985. – 448 с.

97 Сабирова Г.Н. Көркем тілді адамтану парадигмасы тұрғысынан зерттеу (Ж.Нәжімеденов өлеңдерінің тілі негізінде): 10.02.02. филол. ғылым.канд... дисс.автореф. – Алматы, 2010.

98 Нәжімеденов Ж. Үш томдық шығармалар жинағы.– Алматы: Жазушы, 1996. – Т.1.

99 Аитова Н.Н. Қазақ тіліндегі түр-түс атауларының когнитивтік семантикасы: 10.02.02. филол. ғылым. канд... дисс. автореф. – Алматы, 2005.

100 Мақатаев М. Өмір-өзен: Өлеңдер мен толғаулар. – Алматы: «Жазушы», 1979. – 360 б.

101 Сыздық Р. Сөз құдіреті. – Алматы: Ел-шежіре, 2014. – 294 б.

102 Алдаш А., Сейдамат Ә., Мухамеджанова Г.Т. Академик Рәбиға Сыздықтың лингвостилистикалық тұжырымдамалары: қазақ сөзінің стильдік тезге түсуі // ҚазҰУ хабаршысы, Филология сериясы. №2 (198). 2025. – 4-18 бб.

103 Kozhakhmetova A., Mankeyeva Zh., Kairbaeva K., Seilkhan A. & Yergubekova Zh. The Linguosynergetic System of Markers in the Communicative Process of Literary Texts: The Example of Abai Qunanbaiulys Poetry. Xlinguae. - 18(2). – P. 28-41. DOI: 10.18355/XL.2025.18.02.03

104 Тіл білімі сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1998. – 554 б.

105 Лакофф Дж., Джонсон М. Метафоры, которыми мы живем // Теория метафоры. – М.: Прогресс, 1990. - 256 с.

106 Ермекова Ж.Б. Мағжан Жұмабаевтың тілдік тұлғасы: 10.02.02. филол.ғылым.канд... дисс.автореф. – Алматы, 2010. – 26 б.

107 Бенвенист Э. Общая лингвистика / Под ред. Ю. С. Степанова. – М.: Прогресс, 1974. – 448 с.

108 Дейк ван Т. А. Язык. Познание. Коммуникация. – М.: Прогресс, 1989. – 312 с.

109 Арутюнова Н. Д. Дискурс // Лингвистический энциклопедический словарь / Гл. ред. В. Н. Ярцева – М.: Сов. Энциклопедия, 1990. – С. 136-137.

110 Кубрякова Е. С. О термине «дискурс» и стоящей за ним структуре знания // Язык. Личность. Текст: сборник статей к 70-летию Т. М. Николаевой. – М.: Языки славянских культур, 2005. – С. 24-33.

111 Данилов Ю.А. Синергетический подход к изучению языка: возможности, ограничения и опасности // Философия науки. – М.: ИФ РАН, 1997. - Вып. 3. – С. 213-216.

112 Алефиренко Н.Ф. Дискурсивная синергетика «живого» слова // Язык. Текст. Дискурс: Научный альманах Ставропольского отделения РАЛК. Под ред. проф. Г. Н. Манаенко. – Краснодар: Изд-во СГПИ, 2008. - Вып. 6. – С. 20-26.

113 Павиленис Р.И. Проблема смысла: современный логико- философский анализ языка. – М.: Мысль, 1983. – 286 с.

114 Юнг К.Г. Архетип и символ – М.: Ренессанс, 1991. – 297 с.

115 Бердяев Н.А. Национальность и человечество // Судьба России. Кризис искусства. – М.: Наука, 2004. – С. 101-109.

116 Мағжан Жұмабаев (әдеби басылым). Өлеңдер, дастандар / Құраст. Сәндібек Жұбаниязов. – Алматы: Жазушы, 2013. – Т.1. – 376 б.

117 Бахтин М.М. Вопросы литературы и эстетики: исследования разных лет. – М.: Художественная литература, 1975. – 502 с.

118 Олизько Н.С. Семиотико-синергетическая интерпретация особенностей реализации категорий интертекстуальности и интердискурсивности в постмодернистском художественном дискурсе: дис. ...док.филол. наук: 10.02.19. – Челябинск, 2009. – 343 с.

119 Олизько Н.С. Синергетические механизмы реализации интердискурсивных отношений // Вопросы когнитивной лингвистики. - 2010. - №1 (022). – С. 66-73.

120 Олизько Н.С. Синергетические принципы организации художественного дискурса постмодернизма // Вестник Челябинского государственного университета.– 2009. – Вып. 30, № 10 (148). – С. 84-87.

121 Бронник, Л. В. Самоорганизация концепта в дискурсе: кейс-стади http://teoria-practica.ru/-1-2011/filologiya/bronnik.pdf 15.02.2026

122 Муратова Е. Ю. Языковые средства выражения аллотропичности русского поэтического текста. дис. ...док.филол. наук: 10.02.01. – Минск, 2014. – 371 с.

123 Мандельброт Б. Фрактальная геометрия природы / Пер. с англ. А.Р. Логунова. – М.: Институт компьютерных исследований, 2002. – 656 с.

124 Олизько Н.С. Интертекстуальность постмодернистского художественного дискурса (на материале творчества Дж. Барта). Попытка семиотико-синергетического анализа. Челяб. гос ун-т. – Челябинск: Энцикл., 2007. – 158 с.

125 Деррида Ж. Письмо и различие. пер. с фр. Д. Ю. Кралечкина. – М.: Академ. проект, 2000. – 495 с.

126 Волошинов А.В. Об эстетике фракталов и фрактальности искусства. // Синергетическая парадигма. Нелинейное мышление в науке и искусстве. – М.: Прогресс-Традиция, 2002. – С. 213-246.

127 Лихачев Д.С. Концептосфера русского языка // Известия РАН, СЛЯ. – 1993. – Т. 52, № 1. – С. 3-9.

128 Арутюнова Н.Д. Метафора и дискурс // Теория метафоры: Сб.; Общ. ред. Н.Д. Арутюновой и М.А. Журинской. – М.: Прогресс, 1990. – С. 5 – 32.

129 Кубрякова Е.С. Концептуальная метафора http://vocabulary.ru/dictionary/849/word/kognitivnajametafora 08.09.2023.

130 Телия В.Н. Метафоризация и ее роль в создании языковой картины мира // Роль человеческого фактора в языке: Язык и картина мира. – М.: Наука, 1988. – С. 173-204.

131 Будаев Э.В., Чудинов А.П. Зарубежная политическая метафорология: Монография. – Екатеринбург, 2008. – 248 с.

132 Шалабаев Б. Көркем проза тілін зерттеудің ғылыми-теориялық негіздері: филол. ғылым. докт. дисс. – Алматы, 1977. – 44 б.

133 Хасанов Б. Қазақ тілінде сөздердің метафоралы қолданылуы. – Алматы, 1966. – 205 б.

134 Бейсенбай А.Б. Ә. Кекілбаев шығармаларындағы окказионалдық қолданыстар: 10.02.02. филол. ғылым. канд. ... автореф. – Алматы, 2003. – 26 б.

135 Момынова Б. Көркем мәтін поэтикасы: лингвистикалық аспект. – Алматы: «Қазақ тілі» баспасы, 2023. – 192 б.

136 Герман И. А. Лингвосинергетика: моногр. – Барнаул: Изд-во Алт. акад. экономики и права, 2000. – 168 с.

137 Арутюнова Н. Д. Истоки, проблемы и категории прагматики. // Новое в зарубежной лингвистике. – М., 1985. Лингвистическая прагматика. – Вып. 16. - С. 3-42.

138 Қожахметова А.Қ., Манкеева Ж.А., Хабиева А.А. Поэтикалық дискурс лингвосинергетикасы // Tiltanym. – 2025. – №2 (98). – Б. 86–93. DOI: https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-2-86-93

139 Абай шығармалары тілінің лингвокогнитивті бейнесі / Құрастырушылар: А.Жаңабекова, А.Қожахметова, Г.Тлегенова, Е.Бесіров, А.Мурсал, Ғ.Аязбаев. – Алматы: ЖКАсыл, 2025. – 216 б.

140 Қалиакпар Д., Қуантайұлы Н., Төлепберген Б. Абай шығармашылығындағы синергетика // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2023. – №1 (127).

141 Қазанбаева А.М. Мақатаев лирикасының лексика-грамматикалық ерекшеліктері:. филол.ғылым.канд... дисс. – Алматы. 1999. – 155.

142 Dombrovan T. An introduction to linguistic synergetics. Cambridge Scholars Publishing. – 2018. - 142 p.

143 Zhurkova M. Synergy of Meaning in A Literary Text. European Proceedings of Social and Behavioural Sciences. - 2019. – 3748-3753

144 Орсоева А.А. Способы достижения аттрактивности дискурса коммуникативного события. дисс. канд.филол.наук: 10.02.19. – Иркутск, 2021.

145 Барбазюк В. Ю. Возникновение синергетической парадигмы в языкознании // Lingua mobilis. – 2010. – №6 (25). – С. 12-19.

146 Блазнова Н. А. Точечные аттракторы в структуре текста: автореф. дис. … канд. филол. наук: 10.02.01. – Кемерово, 2002. – 19 с.

147 Болдырева Э. Т. Креативный аттрактор как структурный компонент текста: дис. …канд. филол. наук: 10.02.19. – Оренбург, 2007. – 208 с.

148 Бронник, Л. В. Типы аттракторов концептов в дискурсе http://lib.mkgtu.ru/images/stories/journal-vmgtu/2010-04/018.pdf 18.02.2026

149 Демидова Е. В. Моделировапие динамики поэтических смыслов с позиций контрадиктно-синергетического подхода. К.ф.н. – Пермь. 2017. – 234 с.

ҚОСЫМША А

Кесте А.1 - Мұқағали Мақатаевтың поэтикалық мәтіндеріндегі лингвосинергетикалық маркерлер

синергетикалық маркер	мағынасы	Синергетикалық категория	мысалы
1	2	3	4
сапырып жыр қазанын	Өлең жазу.	флуктуация	Күмілжіп, күйің келмей тұр ма, жаным?.. Қояйын бір сапырып жыр қазанын. (М.Мақатаев «Жыр-ошақ»)
жыр		аттрактор	(М.Мақатаев «Жыр-ошақ»)
тау, қазақ (тарғыл тасты таулардың бір қазағын)		аттрактор	Біле ме жұрт, білмей ме, бимағлұм, Тарғыл тасты таулардың бір қазағын. (М.Мақатаев «Жыр-ошақ»)
ойым жерге сіңу	Ойын іште сақтау.	флуктуация	Бәрібір, сенсін мейлі, сенбесін көп, (Менің ойым менімен жерге сіңбек...) (М.Мақатаев «Жыр-ошақ»)
жыр-ошақтың өтемін отын үрлеп	Өлең жазу.	флуктуация	Жыр-ошақтың өтемін отын үрлеп, Қара өлеңі қазақтың сөнбесін деп. (М.Мақатаев «Жыр-ошақ»)
қара өлең		аттрактор	Жыр-ошақтың өтемін отын үрлеп, Қара өлеңі қазақтың сөнбесін деп. (М.Мақатаев «Жыр-ошақ»)
тіл		аттрактор	Батар, кетер келмеске күнім менің, Қалар бірақ киелі тілім менің. (М.Мақатаев «Жыр-ошақ»)
қасіретті шақтардан түңілу	Уайым, қайғы.	флуктуация	Қасіретті шақтардан түңілгенде, Қасиетті тілімнен түңілмедім. (М.Мақатаев «Жыр-ошақ»)
қасиетті тілімнен түңілмедім	Тілді қасиетті санап оны қорғау.	флуктуация	Қасіретті шақтардан түңілгенде, Қасиетті тілімнен түңілмедім. (М.Мақатаев «Жыр-ошақ»)
тау (таулар керуендей шұбалған)		аттрактор	Біздің таулар керуендей шұбалған, Күнді өздері батырған да шығарған. (М.Мақатаев «Біздің таулар керуендей шұбалған»)
күн		аттрактор	Біздің таулар керуендей шұбалған, Күнді өздері батырған да шығарған. (М.Мақатаев «Біздің таулар керуендей шұбалған»)
тұлғаларын тұңғиыққа суарған	Терең, түпсіз.	диссипация	Тұлғаларын тұңғиыққа суарған, Олар биік тұманнан да мұнардан. (М.Мақатаев «Біздің таулар керуендей шұбалған»)

А.1 – кестенің жалғасы

1	2	3	4
сенсең бөрік, сәлде шалған – атамдар		аттрактор	Сенсең бөрік, сәлде шалған – атамдар, Желкен бұлттар – желкілдеген сақалдар. (М.Мақатаев «Біздің таулар керуендей шұбалған»)
желкен бұлттар – желкілдеген сақалдар	Бұлттардың қозғалуы.	флуктуация	Сенсең бөрік, сәлде шалған – атамдар, Желкен бұлттар – желкілдеген сақалдар. (М.Мақатаев «Біздің таулар керуендей шұбалған»)
өркеш-өркеш маң-маң басқан атандар		аттрактор	Өркеш-өркеш маң-маң басқан атандар, Біздің таулар – аяқталмас сапарлар. (М.Мақатаев «Біздің таулар керуендей шұбалған»)
таулар – аяқталмас сапарлар	Шексіздік.	флуктуация	Өркеш-өркеш маң-маң басқан атандар, Біздің таулар – аяқталмас сапарлар. (М.Мақатаев «Біздің таулар керуендей шұбалған»)
көш бастаушы		аттрактор	Көшін тартып, көше-көше сабылып, Көш бастаушы бағытынан жаңылып (М.Мақатаев «Біздің таулар керуендей шұбалған»)
таулар – тоқтап қалған керуен		аттрактор	Біздің таулар – тоқтап қалған керуен, Сахараның сағымына аңырып (М.Мақатаев «Біздің таулар керуендей шұбалған»)
сахараның сағымына аңырып	Алдамшы елеске еліру.	флуктуация	Біздің таулар – тоқтап қалған керуен, Сахараның сағымына аңырып (М.Мақатаев «Біздің таулар керуендей шұбалған»)
көңіл		аттрактор	Көңіл қымбат алтыннан, Білмес оны қандай жан. (М.Мақатаев «Өкпе-наз»)
мен – бақытсыз бала құс	Әлсіз, қорғансыз.	флуктуация	Мен – бақытсыз бала құс, Қанаты отқа шарпылған! (М.Мақатаев «Өкпе-наз»)
қанаты отқа шарпылған	Қорғансыз.	диссипация	Мен – бақытсыз бала құс, Қанаты отқа шарпылған! (М.Мақатаев «Өкпе-наз»)

А.1 – кестенің жалғасы

1	2	3	4
ойым – өріс		аттрактор	Ойым – өріс, жүрегім – жаз, көңілім – көктем, Басым – бұлт қар жаудырып, нөсерлеткен. (М.Мақатаев «Өкпе-наз»)
жүрегім – жаз	Жылу, мейірім.	аттрактор	Ойым – өріс, жүрегім – жаз, көңілім – көктем, Басым – бұлт қар жаудырып, нөсерлеткен. (М.Мақатаев «Өкпе-наз»)
көңілім – көктем	Жаңару, үміт ояну.	аттрактор	Ойым – өріс, жүрегім – жаз, көңілім – көктем, Басым – бұлт қар жаудырып, нөсерлеткен. (М.Мақатаев «Өкпе-наз»)
басым – бұлт	Өзгермелі, бұлдыраған күй.	флуктуация	Ойым – өріс, жүрегім – жаз, көңілім – көктем, Басым – бұлт қар жаудырып, нөсерлеткен. (М.Мақатаев «Өкпе-наз»)
өмір – күрес		аттрактор	Деуші едің ғой, қалқажан: «Өмір – күрес, көңіл – гүл!» (М.Мақатаев «Өкпе-наз»)
көңіл – гүл		аттрактор	Деуші едің ғой, қалқажан: «Өмір – күрес, көңіл – гүл!» (М.Мақатаев «Өкпе-наз»)
қара өлең		аттрактор	Қазақтың қара өлеңі – құдіретім, Онда бір сұмдық сыр бар естілмеген. (М.Мақатаев «Қара өлең»)
жат жерді жастанғанда	Тосын тағдыр соққысында.	флуктуация	Жат жерді жастанғанда жазатайым, Қанымен жазды, мүмкін, ағатайым. (М.Мақатаев «Қара өлең»)
қанымен жазды	Жанын құрбан ету.	флуктуация	Жат жерді жастанғанда жазатайым, Қанымен жазды, мүмкін, ағатайым. (М.Мақатаев «Қара өлең»)
қара өлең қаза болса	Ұлттық поэзияның күйреуі.	бифуркация	Қара өлеңі қазақтың қаза болса, Қара көзден неге қан ағызбайын. (М.Мақатаев «Қара өлең»)
...күпі киген қазақтың қара өлеңін, шекпен жауып, өзіне қайтарамын...	Ұлттық болмысты қайта жаңғырту.	бифуркация	...Күпі киген қазақтың қара өлеңін, Шекпен жауып, өзіне қайтарамын... (М.Мақатаев «Қара өлең»)

А.1 – кестенің жалғасы

1	2	3	4
өмір	Мағыналық орталық.	аттрактор	Келдім, өмір, қойыныңды аш, енейін, Ашты-тәтті тамағыңнан өбейін. (М.Мақатаев «Өмірге серт»)
өмір, қойыныңды аш, енейін,	Өмірге еркін ену, қабылдау	флуктуация	Келдім, өмір, қойыныңды аш, енейін, Ашты-тәтті тамағыңнан өбейін. (М.Мақатаев «Өмірге серт»)
ашты-тәтті тамағыңнан өбейін	Өмірдің қиындығы мен ләззаты	флуктуация	Келдім, өмір, қойыныңды аш, енейін, Ашты-тәтті тамағыңнан өбейін. (М.Мақатаев «Өмірге серт»)
тартылмаған талабымды қуат қып	Сарқылмаған ішкі күш	аттрактор	Тартылмаған талабымды қуат қып, Соқпағыңмен мен де алысып көрейін. (М.Мақатаев «Өмірге серт»)
соқпағымен алысу	Өмірлік күрес.	флуктуация	Тартылмаған талабымды қуат қып, Соқпағыңмен мен де алысып көрейін. (М.Мақатаев «Өмірге серт»)
күнім қараң болса	Дағдарыс, сынақ	флуктуация	Көрген күнім егерде қараң болса, Оған менің жетпесе бойда күшім. (М.Мақатаев «Өмірге серт»)
қан орнына жүрекке қайғы түссе	Қайғыға бату.	флуктуация	Қан орнына жүрекке қайғы толса, Жас жанымды қиямын соның үшін! (М.Мақатаев «Өмірге серт»)
соңғы сәулем сөнгенше	Үміт үзбеу.	флуктуация	Бақыт іздеп соңғы сәулем сөнгенше, Азабыңмен аянбай-ақ алысам! (М.Мақатаев «Өмірге серт»)
жас жанымды қиямын	Шешімге келу.	бифуркация	Қан орнына жүрекке қайғы толса, Жас жанымды қиямын соның үшін! (М.Мақатаев «Өмірге серт»)
мәңгі дымқыл төсегіммен табысам	Соңғы тыныштық, өлім	бифуркация	Сенің түрткі күндеріңе көнгенше, Мәңгі дымқыл төсегіммен табысам! (М.Мақатаев «Өмірге серт»)
қайғыға қату	Мұң-қайғыға бату.	диссипация	Дәрменсіз, ойсыз шарқ ұрып, Қалғанша қатып қайғыға. (М.Мақатаев «Мұздама, жылы жүрегім»)
дариям бітіп, тартылып	Өмірден күдер үзу.	диссипация	Дариям бітіп, тартылып, Кіргенше өлім қойнына (М.Мақатаев «Мұздама, жылы жүрегім»)

А.1 – кестенің жалғасы

1	2	3	4
өлім қойны	Өлімнің жақындауы.	бифуркация	Дариям бітіп, тартылып, Кіргенше өлім қойнына (М.Мақатаев «Мұздама, жылы жүрегім»)
жылы жүрек	Ішкі жылуды сақтау.	флуктуация	Мұздама, жылы жүрегім, Сөнгенше сәулең біржола. (М.Мақатаев «Мұздама, жылы жүрегім»)
өлімнің салып жүгенін	Тағдырдың шектеуі.	бифуркация	Өлімнің салып жүгенін Болғанша табыт қу мола! (М.Мақатаев «Мұздама, жылы жүрегім»)
табыт, қу мола	Қайтымсыз, соңғы сапар.	бифуркация	Өлімнің салып жүгенін Болғанша табыт қу мола! (М.Мақатаев «Мұздама, жылы жүрегім»)
сотқар жүрек	Ақылға бағынбау.	флуктуация	Сотқар жүрек, соқтықпа әрнемге! Әбігерге түскенмен, ол келе ме? (М.Мақатаев «Жүрегім неге...»)
жүрегім көрсеқызар	Сезімге елігу.	флуктуация	Жүрегім неге... сонша көрсеқызар? Сезе қалса, селт етіп көңіл бұзар. (М.Мақатаев «Жүрегім неге...»)
бір жапырақ ет жүрек	Әлсіздік.	флуктуация	Құмарлығы неге оның басылмайды? Бір жапырақ ет жүрек неге ынтызар? (М.Мақатаев «Жүрегім неге...»)
қайғының уына малыну	Мұңға, уайымға бату.	флуктуация	Қайғының малынсаң да уына сен, Қайрылып қамқоршы жан нәр бере ме? (М.Мақатаев «Жүрегім неге...»)
жаным қиналу	Ішкі рухани ауырсыну	Флуктуация	Ауырмай жаным қиналды (М.Мақатаев «Ауырмай жаным қиналды»)
жүрек ауытқуы	Тепе-теңдіктің бұзылуы	Флуктуация	Ауытқып жүрек орнынан (М.Мақатаев «Ауырмай жаным қиналды»)
уайым қоршау	Эмоциялық қысым	Флуктуация	Уайым қоршап мені алды (М.Мақатаев «Ауырмай жаным қиналды»)
жігері жасу	Ішкі күштің әлсіреуі	Диссипация	Жігерім жасып болды нан (М.Мақатаев «Ауырмай жаным қиналды»)
өзіме жақпау	Өзін-өзі қабылдамау	Диссипация	Өзіме өзім жақпадым (М.Мақатаев «Ауырмай жаным қиналды»)
құмарым басылмау	Ішкі ұмтылыстың сақталуы	флуктуация	Басылмас менің құмарым (М.Мақатаев «Ауырмай жаным қиналды»)

А.1 – кестенің жалғасы

1	2	3	4
алысқан ой	Ішкі қақтығыс	Флуктуация	Алысқан көп ой көңілде (М.Мақатаев «Ауырмай жаным қиналды»)
жүректе – сәуле	Үміт, ішкі жарық	аттрактор	Жүректе – сәуле, ойда – шам, Шықпады іштен жарығы. (М.Мақатаев «Ауырмай жаным қиналды»)
ойда – шам	Үміт	аттрактор	Жүректе – сәуле, ойда – шам, Шықпады іштен жарығы. (М.Мақатаев «Ауырмай жаным қиналды»)
өмір, тіршілік, келешек	Болашаққа бағытталған өмірлік ұстаным	Аттрактор	Өмір деп, тіршілік деп, келешек деп (М.Мақатаев «Жас жүрек»)
жас жүрек толқыны	Сезімнің тұрақсыз күйі	Флуктуация	Жаралып жас жүректің толқынынан (М.Мақатаев «Жас жүрек»)
өмір тайғағы	Қауіпті, тұрақсыз орта	Бифуркация шегі	Өмірдің тайғағында тұрғам жоқ па? (М.Мақатаев «Жас жүрек»)
жүректің сөйлеуі	Ішкі сананың ояну	Бифуркация	Жас жүрек, сөйле сен де, тілің шықты (М.Мақатаев «Жас жүрек»)
сәби жүрек	Серпілу, ұмтылу.	аттрактор	Тұр, қане, төсегіңнен, сәби жүрек, Тұр енді бетің басқан шымылдықты! (М.Мақатаев «Жас жүрек»)
